

М.К. БАЙГІСІЕВ



**ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ
МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ**

«Экономикалық
әдебиеттер»
сериясы

М.К. БАЙГІСІЕВ

**ҰЛТТЫҚ
ЭКОНОМИКАНЫ
МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ**



Алматы
«Раритет»
2010

УДК 338.1(075)
ББК 65.9(5Қаз)я7
Б12

Қазақстан Республикасы
Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
021 «Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін шығару»
бағдарламасы

Байгісіев М.

Б12 Ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеу. — Алматы: Раритет, 2010. — 240 бет. — «Экономикалық әдебиеттер» сериясы.

ISBN 978–601–250–087–5

Рыноктық шаруашылықта экономиканы реттеу мемлекеттің ең маңызды қызметтерінің бірі болып табылады.

Басылымда ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеудің ғылыми-практикалық негіздері және ұйымдастыру мәселелері рыноктық экономика және мемлекеттік экономикаға араласуының заманауи талаптарына сай қарастырылады. Материалдық өндіріс салаларын, меншік қатынастарын, еңбек, қаржы рыноктарын, табиғатты пайдалану, инвестицияларды келтіру, аймақтық даму, сыртқы экономикалық байланыстарды мемлекеттік реттеу мәселелері жан-жақты саранталады.

УДК 338.1(075)
ББК 65.9(5Қаз)я7

© Байгісіев М., 2010
© «Раритет» БК, 2010

КІРІСПЕ

Транзиттік экономика жағдайындағы реформаларды ойдағыдай жүргізу үшін өндірістік салалардағы, әлеуметтік сферадағы, сондай-ақ аймақтардағы барлық әлеуметтік-экономикалық үдерістерді мемлекет тарапынан реттеу қажет. Рыноктық шаруашылық жағдайында экономиканы реттеу мемлекеттің ең маңызды қызметтерінің бірі болып табылады.

Мемлекеттік реттеу бүкіл қоғамның мүддесіне арналған экономикадағы іс-әрекеттердің қолданыстағы формаларының ұтымдылығын арттыру және жағымсыз үдерістерді шектеу үшін пайдаланылады. Ол шаруашылық және әлеуметтік сфералардың, аймақтардың түгелдей дерлік мүдделерін қамтиды да олардың дамуына аса зор әсер етеді.

Мемлекеттік реттеу негізін экономикалық үдерістерді реттеуші тікелей және жанама тетіктер мен әдістер құрайды. Мемлекет экономикалық іс-әрекеттердің әртүрлі аспектілерін бюджеттік, банктік жүйелер, мемлекеттік тапсырыстар және кедендік қызмет арқылы реттеп отырады. Реттеу ісінде жоспарлау, экономикалық болжау, бақылау және басқа да басқару функциялары кеңінен қолданылады.

Мемлекеттік реттеу экономикалық іс-әрекеттің ережелері мен тәртібін орнықтырады және осы ережелердің сақталуын қадағалайды. Сонымен бірге мемлекеттік реттеу бүкіл экономикалық құрылымдардың әрқайсысының дербес қызметін қамтамасыз етеді.

Экономиканы мемлекеттік реттеудің маңыздылығы, әсіресе қазіргі кезде еселеп артып отыр. Әлемдік экономиканың жаһандануы үдерісінде Қазақстан экономикасы бірқатар мәселелермен бетпе-бет келіп отырған жағдай бар. Қазақстан Республикасының 2003–2015 ж.ж. индустриалдық-инновациялық даму Стратегиясында көрсетілгендей оларға: экономиканың шикізаттық бағыты, әлемдік экономикаға интеграциялануы деңгейінің төмендігі ел ішіндегі салааралық және аймақаралық экономикалық интеграцияның әлсіздігі, ішкі рыноктағы тауарлар мен қызмет көрсетулерге тұтынушылық сұраныстың төмен дәрежесі, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдардың дамымауы, кәсіпорындардың техникалық және технологиялық тұрғыдан артта қалуы, ғылым мен өндіріс арасындағы шынайы байланыстың болмауы, ғылыми-зерттеу және тәжірибе-

конструкторлық жұмыстарға арналған қаржы тапшылығы, экономиканы жаһандану үдерісіне сәйкестендіре отырып сервистік-технологиялық экономикаға өту мәселелері жатады.

Стратегия ел ішінде ғылым және инновациялық қызметті ынталандыруға бағытталған белсенді мемлекеттік ғылыми және инновациялық саясат жүргізуді көздейді. Аталмыш мақсаттарға жету үшін қаржы рыногын дамыта түсу, сондай-ақ фискалдық, білім беру, монополияға қарсы, инфрақұрылымдық саясатты жетілдіру шаралары қолға алынады. Стандарттау саясаты шеңберінде экономика мен басқару салаларының түгелінде дерлік әлемдік стандарттарға өту көзделіп отыр.

Стратегияны ойдағыдай жүзеге асыру экономика құрылымында сапалық өзгерістерге қол жеткізуге көмектесетін болады да, адами, өндірістік және табиғи капиталдарды тиімді пайдалану негізінде оның тұрақты дамуының және Қазақстанды әлеуметтік өркендеудің жаңа деңгейіне жоғарылатудың кепілі болады.

Экономиканы мемлекеттік реттеудің әдістері мен механизмдерін жетілдіру бойынша жекелеген ұсыныстарды негіздеу үшін стратегияның тиісті бөлімдерінде импортты алмастыру және экспортқа бағдарланған саясатты жүзеге асыру бойынша шетелдік тәжірибе кеңінен қарастырылған. Сондықтан еліміздің бәсекеге қабілетті елділіктің (елу елдің) қатарынан орын алуы үшін қолға алынған шаралар өз жемісін береді деп сенімді түрде айтуға болады.

Жалпы, 2015 жылға қарай стратегияны ойдағыдай жүзеге асыру нәтижесінде ел экономикасы сервистік-технологиялық даму жолына дайын болуы тиіс.

Өтпелі кезең іс-тәжірибесі көрсеткендей экономикалық теорияда экономиканы мемлекеттік реттеу проблемасын қарастырудың негізінен үш тәсілі белгілі болып отыр. Олар: өркениетті-тарихи; мемлекеттік, яғни әлеуметтік экономикалық трансформация кезеңіндегі мемлекеттің өзіндік рөлін баса көрсету; конъюнктуралық-практикалық, яғни реттеудің нақты құралдарын іздестіру және тиімді қолдану.

Біз ұсынып отырған оқу құралында экономиканы мемлекеттік реттеудің ғылыми негіздері және ұйымдастыру мәселелері рыноктық экономика талаптарына сай қарастырылады. Меншік қатынастарын, материалдық-өндіріс салаларын, еңбек рыногын, қаржы рыногын, табиғатты пайдалану, инвестицияларды келтіру, өңірлік даму, сыртқы экономикалық байланыстарды мемлекеттік реттеу мәселелері жан-жақты қарастырылады.

Бұл оқу құралы экономикалық жоғары оқу орындары және факультеттерінің студенттері мен оқытушылары, сондай-ақ мемлекеттік басқару органдары қызметкерлері және кәсіпорындар мен мекемелердің экономикалық бөлімдері үшін пайдалы болады деп сенгіміз келеді.

I тарау

МЕМЛЕКЕТ ПЕН ЭКОНОМИКАНЫҢ ӨЗАРА ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ТАРИХИ СИПАТЫ

§1. Мемлекеттің экономикадағы рөлі туралы теориялар

Өзінің толық мәнінде экономиканы мемлекеттік реттеу орныққан саяси жүйенің ұлттық шаруашылыққа макроэкономикалық әсерін дарыту болып табылады. Мемлекеттің экономикадағы рөлі туралы, оның экономикаға әсерінің деңгейі туралы пайымдаулардың өзіндік ұзақ тарихы бар. Есте жоқ ерте замандарға, яғни капитализмге дейінгі кезеңдердегі мемлекеттің рөліне үңілмей-ақ, рыноктық экономика дамуы кезеңдеріндегі мемлекеттің рөлі мен функцияларындағы өзгерістерді күнтіптап алғанның өзі жеткілікті болар еді деп ойлаймыз.

Тарихи тұрғыдан мемлекеттің рыноктық экономикадағы рөлі туралы алғашқы концепциясы капитализм саяси экономиясы классиктерінің концепциясы болып табылады. Классикалық теория XVII ғасырда дүниеге келді және ол өзінің ортасына экономикалық ғылымның көптеген өкілдерін шоғырландырады. Олардың ішіндегі ең көрнектілері шотландық экономист және философ А.Смит және ағылшын экономисі Д. Рикардо. Мемлекеттің экономикадағы рөлі туралы ілімнің дамуына А. Смиттің «Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеу» (1776 ж.) еңбегі зор үлес қосты.

Бұл концепция бойынша рыноктық күштердің еркін әрекеті тепе-теңдікті механизм жасап шығарады. Классиктер рыноктық экономикадағы мемлекет рыноктық үдеріс жағдайындағы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, меншігін қорғауы тиіс және рынокқа қатысушылар арасында туындайтын дауларға төрелік айтуы қажет. Басқаша айтқанда, мемлекет жекелеген адам дербес атқара алмайтын немесе тиімді түрде жүзеге асыра алмайтын істерді атқаруы тиіс. Экономикалық мәні бойынша бұл концепция рыноктық экономиканың өзін-өзі реттеп, өзін-өзі ұйымдастырып отыруға хал-ахуалы әбден жететіндігін дәлелдеу болатын. Өндіріс тұтынуды арттыру үшін ұйымдастырылады, ал тұтынудың өсуі өндірісті ынталандырады деді классиктер.

конструкторлық жұмыстарға арналған қаржы тапшылығы, экономиканы жаһандану үдерісіне сәйкестендіре отырып сервистік-технологиялық экономикаға өту мәселелері жатады.

Стратегия ел ішінде ғылым және инновациялық қызметті ынталандыруға бағытталған белсенді мемлекеттік ғылыми және инновациялық саясат жүргізуді көздейді. Аталмыш мақсаттарға жету үшін қаржы рыногын дамыта түсу, сондай-ақ фискалдық, білім беру, монополияға қарсы, инфрақұрылымдық саясатты жетілдіру шаралары қолға алынады. Стандарттау саясаты шеңберінде экономика мен басқару салаларының түгелінде дерлік әлемдік стандарттарға өту көзделіп отыр.

Стратегияны ойдағыдай жүзеге асыру экономика құрылымында сапалық өзгерістерге қол жеткізуге көмектесетін болады да, адами, өндірістік және табиғи капиталдарды тиімді пайдалану негізінде оның тұрақты дамуының және Қазақстанды өлеуметтік өркендеудің жаңа деңгейіне жоғарылатудың кепілі болады.

Экономиканы мемлекеттік реттеудің әдістері мен механизмдерін жетілдіру бойынша жекелеген ұсыныстарды негіздеу үшін стратегияның тиісті бөлімдерінде импортты алмастыру және экспортқа бағдарланған саясатты жүзеге асыру бойынша шетелдік тәжірибе кеңінен қарастырылған. Сондықтан еліміздің бәсекеге қабілетті елуліктің (елу елдің) қатарынан орын алуы үшін қолға алынған шаралар өз жемісін береді деп сенімді түрде айтуға болады.

Жалпы, 2015 жылға қарай стратегияны ойдағыдай жүзеге асыру нәтижесінде ел экономикасы сервистік-технологиялық даму жолына дайын болуы тиіс.

Өтпелі кезең іс-тәжірибесі көрсеткендей экономикалық теорияда экономиканы мемлекеттік реттеу проблемасын қарастырудың негізінен үш тәсілі белгілі болып отыр. Олар: өркениетті-тарихи; мемлекеттік, яғни өлеуметтік экономикалық трансформация кезеңіндегі мемлекеттің өзіндік рөлін баса көрсету; конъюнктуралық-практикалық, яғни реттеудің нақты құралдарын іздестіру және тиімді қолдану.

Біз ұсынып отырған оқу құралында экономиканы мемлекеттік реттеудің ғылыми негіздері және ұйымдастыру мәселелері рыноктық экономика талаптарына сай қарастырылады. Меншік қатынастарын, материалдық-өндіріс салаларын, еңбек рыногын, қаржы рыногын, табиғатты пайдалану, инвестицияларды келтіру, өңірлік даму, сыртқы экономикалық байланыстарды мемлекеттік реттеу мәселелері жан-жақты қарастырылады.

Бұл оқу құралы экономикалық жоғары оқу орындары және факультеттерінің студенттері мен оқытушылары, сондай-ақ мемлекеттік басқару органдары қызметкерлері және кәсіпорындар мен мекемелердің экономикалық бөлімдері үшін пайдалы болады деп сенгіміз келеді.

I тарау

МЕМЛЕКЕТ ПЕН ЭКОНОМИКАНЫҢ ӨЗАРА ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ТАРИХИ СИПАТЫ

§1. Мемлекеттің экономикадағы рөлі туралы теориялар

Өзінің толық мәнінде экономиканы мемлекеттік реттеу орныққан саяси жүйенің ұлттық шаруашылыққа макроэкономикалық әсерін дарыту болып табылады. Мемлекеттің экономикадағы рөлі туралы, оның экономикаға әсерінің деңгейі туралы пайымдаулардың өзіндік ұзақ тарихы бар. Есте жоқ ерте замандарға, яғни капитализмге дейінгі кезеңдердегі мемлекеттің рөліне үңілмей-ақ, рыноктық экономика дамуы кезеңдеріндегі мемлекеттің рөлі мен функцияларындағы өзгерістерді құнттап алғанның өзі жеткілікті болар еді деп ойлаймыз.

Тарихи тұрғыдан мемлекеттің рыноктық экономикадағы рөлі туралы алғашқы концепциясы капитализм саяси экономиясы классиктерінің концепциясы болып табылады. Классикалық теория XVII ғасырда дүниеге келді және ол өзінің ортасына экономикалық ғылымның көптеген өкілдерін шоғырландырады. Олардың ішіндегі ең көрнектілері шотландық экономист және философ А.Смит және ағылшын экономисі Д. Рикардо. Мемлекеттің экономикадағы рөлі туралы ілімнің дамуына А. Смиттің «Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеу» (1776 ж.) еңбегі зор үлес қосты.

Бұл концепция бойынша рыноктық күштердің еркін әрекеті тепе-теңдікті механизм жасап шығарады. Классиктер рыноктық экономикадағы мемлекет рыноктық үдеріс жағдайындағы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, меншігін қорғауы тиіс және рынокқа қатысушылар арасында туындайтын дауларға төрелік айтуы қажет. Басқаша айтқанда, мемлекет жекелеген адам дербес атқара алмайтын немесе тиімді түрде жүзеге асыра алмайтын істерді атқаруы тиіс. Экономикалық мәні бойынша бұл концепция рыноктық экономиканың өзін-өзі реттеп, өзін-өзі ұйымдастырып отыруға хал-ахуалы әбден жететіндігін дәлелдеу болатын. Өндіріс тұтыруды арттыру үшін ұйымдастырылады, ал тұтындың өсуі өндірісті ынталандырады деді классиктер.

Бұл себепті-салдарлы өзара байланысты жүзеге асыру билік құрылымдарының тауар өндірушілердің шаруашылық қызметіне араласуынсыз-ақ мүмкін болады. А. Смиттің пікірі бойынша өндірушілердің жеке экономикалық мүдделеріне үмтылысы және рыноктағы бәсекелестік жағдайы рыноктық экономика дамуының басты механизмі болып табылады, және мұның өзі әрбір тауар өндірушінің және бүкіл қоғамның байлығын арттыруға әкеледі. Рынокқа қатысушылардың жиынтық әрекеті тепе-теңдік бағаларды орнықтырады және әрбір сатып алушы осы бағаларға бағынады, ал бағалардың өздері болса жекелеген адамдардың жиынтық әсері шеңберінен шыға алмайды. Экономиканың осындай табиғи қызметін А. Смит «рыноктың көрінбейтін қолы» қағидасы деп атады.

Капитализм дамуының ерте сатыларында мемлекеттің экономикаға араласуы негізінен екі қызметпен шектеледі деген пайымдаулар басымдық танытты. Олар: жеке меншік құқықтарын заңнамалық тұрғыдан қорғау және экономикалық таңдау еркіндігін қауіпсіздендіру. Мемлекеттің экономикалық рөлі аталған бастапқы құқықтарды жүзеге асыру болып табылады. Осыған байланысты XVIII–XIX ғ.ғ. экономикалық әдебиеттерде «laisser-faire» (іс-әрекет еркіндігі) + констебль тезистері, яғни мемлекет – бұл «жеке меншіктің түнгі күзетшісі» деген ұстаным кеңінен тараған болатын.

Классикалық мектептің тағы бір өкілі Жан Батист Сэй өзін-өзі реттеу механизмін көрсету үшін келесі идеяны алға тартты. Тауар және қызмет көрсетулер өндірісі үдерісінің өзі өндірілген тауарлар құнына тең табыс жасайды. Бұл өндірістің өзі жасалған игіліктер мен қызмет көрсетулерді сатып алуға қажетті табысты автоматты түрде қамтамасыз етеді деген сөз. «Ұсыныс өзіне сәйкес сұранысты туындатады» дейтін Сэй заңы мәртебесін алған тұжырымның мәні осындай.

Қоғамдық тепе-теңдіктер пайыздық қойылым, баға, жалақы, бәсеке тәрізді рыноктық механизмдермен реттеледі. Жоғары немесе төмен жылжу арқылы бұл механизмдер рыноктық субъектілердің тиісті әрекетін қадағалап отырады және экономиканы теңдестірілген даму мен толық жұмыспен қамту жолымен жетелейді. Еңбек рыногындағы бәсеке мәжбүрлі жұмыссыздыққа қарсылық білдіреді.

Классикалық мектептің тағы бір өкілі Д.С. Милль өзінің еңбектерінде «laisser-faire» жалпы практикалық қағидасы болуы тиіс және одан кез келген ауытқу, ақылдан озған бірдеңе болмаса, зиянның нағыз өзі болып табылады» деп жазған еді.

Классиктердің идеясы, атап айтқанда, Сэйдің өндіріс өзіне жеткілікті сұранысты өзі туындатады деген идеясы ғасыр бойы

экономикалық теориядағы ақиқаттың дәл өзі деп саналып келді. Белгілі американдық ғалым-экономист Дж. Гэлбрейттің айтуынша XX ғасырдың 30-жылдарына дейін адамдардың Сэй теориясын қабылдауы немесе қабылдамауы экономисті ақымақтан ажыратудың негізгі белгісі болып келген. Мемлекетті «түнгі күзетші» ретінде тану XVIII–XX ғ. басы кезеңдеріндегі капитализмнің туындауы мен еркін кәсіпкерліктің дамуы заманына тура келген еді. Ол кезеңнің әлеуметтік-экономикалық негізін өндіріс ресурстарына шағын меншік пен экономикалық байланыстардың еркін бәсекелі рынок арқылы жүзеге асырылуы сипаттаған болатын. Мұндай жағдайларда рынок шын мәнінде реттеуші қызметтерді ойдағыдай атқарып келді, сондықтан мемлекеттің рөлі рыноктың гүлденуіне ешкімнің де, еш нәрсенің де кесірін тигізбеуді қадағалаумен шектелгені тарихи шындық болатын.

Англиядағы 1825 жылғы экономикалық дағдарыстан бастап әрбір 10–12 жылда көптеген елдерде қайталанып отырған экономикалық дағдарыстар өзін-өзі реттейтін рыноктық механизмдердің кейбір жағдайларда «істен шығып қалуын» көрсетті. Еңбек өнімділігінің жедел артуы, сондай-ақ экономикалық өсу қарқынының серпінділігі салдарынан Құн заңы сұраныс пен ұсынысты еркін реттеуші рөлін атқара алмайтын жағдайға душар болды. XIX ғасырдың екінші жартысында ұлттық өндірістер орасан зор масштабтарға жетті. XIX ғасырдың соңы ғылыми-техникалық прогресс қарқынының жеделдеуі және жаңа салалардың туындауы әсері қоғамдық еңбек бөлінісінің тереңдей түсуіне әкелді. Жеке меншік капиталдар қызметін қалыпты ұйымдастыруды қамтамасыз ету үшін үйлестіру және дағдарыстық реттеу қажеттілігі туындады.

1929–33 ж.ж. әлемдік дағдарыс және «Ұлы күйзеліс» мемлекеттің рыноктық экономикадағы рөлі туралы классикалық теорияны қайта қарауды талап етті.

Практиканың талаптарына жауап ретінде ағылшын экономисі және қоғам қайраткері Дж. М. Кейнс мемлекеттің рыноктық экономикаға араласуының объективті қажеттілігі туралы жан-жақты негізделген теорияны талдап жасады. Дж. Кейнс негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер арасындағы өзара байланыс бар екендігін дәлелдеп, оларды мемлекеттік шешімдер арқылы жүзеге асыру жөнінде практикалық шараларды қолға алды. Осылайша Дж. Кейнс макроэкономикалық немесе ұлттық шаруашылықтың, мемлекеттік қызмет өрісінің теориялық негіздерін қалады. Дж. Кейнс теориясының негізгі нәтижесі – капитализм өзін-өзі реттейтін жүйе емес, онда тепе-теңдіктің ішкі механизмдері жоқ деген тұжырым, сондықтан да Дж. Кейнс

капиталистік экономиканы мемлекеттік реттеу теориясының негізін қалаушы болып есептеледі. Оның теориясы және экономиканы мемлекеттік-монополистік реттеу бағдарламасы өзінің басты еңбегі «Жұмыспен қамту пайыз және ақшаның жалпы теориясы» (1936 ж.) еңбегінде баяндалған. Өзінің зерттеулерінде Дж. Кейнс жинақталған көрсеткіштерді пайдаланады: жиынтық сұраныс, жиынтық ұсыныс, жиынтық инвестициялар т.с.с. Оның пайымдауларындағы бастапқы нүкте жиынтық сұраныс болып табылады. Дж. Кейнстің пікірінше мемлекеттің рынокқа әсері сұранысты ұлғайту мақсатындағы бюджеттік-қаржылық, кредиттік-ақшалай реттегіштерді қолдана отырып экономикалық конъюнктураны, циклдық тербеліс-ауытқуларды, экономиканың жоғары өсу қарқынын және жұмыспен қамту деңгейін қолдауды тұрақтандыруға бағыттауы тиіс.

Тұтынушылық талғауды сипаттау үшін Дж. Кейнс «тұтынуға шекті бейімділік» түсінігін енгізді. Инвестицияның өсімі және шығарылым (табыс) арасындағы тәуелділікті түсіндіру үшін ол мультипликатор (табыстың өсімімен осы өсімді мүмкін еткен инвестициялық сұраныстың арақатысы) түсінігін пайдаланды. Кейнстік теория құралдарын пайдалану соғыстан кейінгі кезеңде дамыған елдерде тұрақты экономикалық өсуді қамтамыз етті.

Дегенмен, өткен ғасырдың 70-жылдары ұдайы өндіріс жағдайы күрт нашарлап кетті. Стагфляция (күйзеліс жұмыссыздық және инфляцияның өсуімен бір уақытта орын алады) жағдайындағы ағылшын экономисі Филлипс ашқан тәуелділік бойынша жұмыссыздық және инфляция бір уақытта өсе алмайды (Филлипс қисығы). Дағдарыстан шығудың Кейнстік жолдары «инфляциялық серіппені (спиральді) одан әрі ширықтыра түседі». Аталған дағдарыстың өсерінен мемлекеттік реттеуде түбегейлі қайта құру орын алды да, реттеудің жаңа моделі қалыптасты.

Қазіргі кейнсиандық бір емес, бірнеше макроэкономикалық теориялардан құралып, макроэкономикалық саясаттың мақсаттары мен құралдарын таңдау мүмкіндіктері бар екендігін айғақтайды.

Неоклассикалық теорияның классикалық теориядан айырмашылығы — ол біртұтас концепция емес. Дегенмен, кейбір жалпы қағидалары классикалық теория қағидаларымен үндес болып келеді. Бұл теория бірнеше мектептердің өкілдерін біріктіреді. Неоклассикалық бағыт ағылшын, австриялық, американдық ғалым-экономистердің еңбектерінде көрініс тапты. Аталған бағыттағы толық және құнды мағлұматтарды ағылшын

экономисі А. Маршаллдың (Кембридж мектебі) еңбектерінен табуға болады.

Неоклассиктер еркін бәсеке және рыноктық механизм жағдайларындағы шаруашылық жүргізу заңдылықтарын қалыптастырды және бұл жүйенің экономикалық тепе-теңдік қағидаларын анықтады. Мұндағы басты идея рынокта жүріп жатқан үдерістерді анықтайтын сұраныс пен ұсыныстың өзара әрекеті болып табылады. Айталық, А.Маршалл өндірістік шығындар теориясы мен шекті пайдалылық туралы австриялық мектептің ұстанымдарын негізге ала отырып тепе-теңдікті баға концепциясын талдап жасады. Неоклассикалық теория бойынша бәсеке жағдайындағы бағалардың автоматты қозғалысы ұсыныс пен сұраныс және өндіріс пен тұтыну араларындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етеді. Сондықтан мемлекеттің қандай болмасын бағаны реттеуі тепе-теңдіктің бұзылуына әкеледі. Осылайша неоклассикалық теория мемлекеттің экономикалық болмысқа араласпауы принципін жариялайды.

Макрореттеудің монетарлық теориясы неоклассикалық теорияның бір тармағы болып есептеледі және белгілі бір дәрежеде кейінгі теорияға балама ретінде қарастырылады. Монетаристік бағыттың лидері Чикаго мектебін қалыптастырған американдық экономист – М. Фридмен. Бұл теорияның негізгі ұстанымы: рыноктық жүйе өзін-өзі реттеуге қабілетті, ол өзін-өзі тепе-теңдік жағдайында ұстай алады, оның беріктік деңгейі жоғары, сондықтан реттеуді қажетсізбенбейді. Олардың пікірінше ешқандай үкімет рыноктан ақылды емес. Экономиканы нақты және ақша секторларына бөле отырып монетаристер негізгі зерттеулер мен практикалық ұсыныстарды ақша секторына арнайды. Мемлекет, дейді олар, ақша секторын нақты секторға қатысты «бейтараптандыруы» қажет. Нәтижесінде қажетті ақша санымен қамтамасыз етілген рынокқа қолайлы қызмет жағдайы жасалады. Ақша массасын көбейтуді жүйелі түрде, біртіндеп жүргізу керек, оның ұлғаюы циклдық тербелістерден тәуелсіз жылына 3–5%-дан артпауы тиіс. Бұл ұстаным М. Фридменнің «ақша ережесі» деген атауға ие болды.

Сонымен, монетаристер жұмыспен қамту және экономиканы тұрақтандыру үшін ақша-кредит әдістерін қолдануды жақтайды. Олардың пайымдауынша ақша экономиканың дамуын анықтайтын басты құрал болып табылады және басты назар инфляцияға қарсы күреске аударылуы тиіс. Мемлекеттік реттеу ақша массасын бақылаумен шектелуі қажет. Бұған ұлттық банктің кредиттік құралдары арқылы қол жеткізуге болады. Ақша ұсынысының өзгерістері баға динамикасы мен ұлттық табысқа тікелей сәйкес болуы керек.

Мемлекет пен экономиканың өзара қатынастарының марксистік моделінде мемлекеттің экономикалық қызметі өндіріс пен тұтынуды қоғамдық ұйымдастырудың тарихи формасының мазмұны ретінде қарастырылады және қоғамдық меншік экономикалық жүйелегі бірден-бір үстем сектор болып танылады. Бұл жүйенің негізі болып табылатын өндірістің құрал-жабдықтарына мемлекеттік меншік экономикалық үдерістерді бір орталықтан реттеу қажеттілігін ұйғарады. Аталған жүйенің артықшылығына, теория жүзінде болса да, ресурстарды тұрақты түрде бақылау және басқару арқылы толық жұмыспен қамтуға қол жеткізу жатады.

Маркстік модельдің басты белгілері:

- өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық (мемлекеттік) меншік;

- өндіріс және тұтыну арасындағы экономикалық байланыстар, салалар, өңірлер арасындағы пропорциялардың жоспарлы болуы. Қоғамдық болмыс сфераларының барлығы жоспарға бағынады;

- өндірілген өнім бағалары бір орталықтан, қатаң түрде белгіленеді, сондықтан сұраныс пен ұсыныс жағдайлары есепке алынбайды;

- бәсеке экономикалық күрестің антогонистік формасы ретінде социалистік жарыспен алмастырылады, ал ол болса ешқандай материалдық ынталандыру көздері қарастырылмағандықтан формалды әрекет ретінде қала береді.

Мұндай жағдайларда мемлекет «түгел қамтитын» рөл атқарады. Ол жоспар арқылы бүкіл экономикалық (және экономикалық емес те) үдерістерді реттеп отырады да, рынокты жаншып, оның құралдарына тек қана формалды, тіпті жағымсыз сипат беруге ұмтылады. Ал жоспар болса саяси мақсаттарға қызмет етуі тиіс. Сондықтан субъектілердің экономикалық талғауын реттеудің саяси механизмдері шаруашылық бастамашылығын жасанды түрде алмастырады.

Өмірдің өзі көрсеткеніндей мемлекет пен экономиканың өзара қатынастарын реттеудің марксистік моделі қолда бар шектеулі ресурстарды тиімді бөлу және пайдалану ісінде толық қабілетсіздігін танытты.

§2. Рыноктық жүйенің сипаты – аралас экономика

Экономиканы мемлекеттік реттеудің қажеттілігі туралы рыноктың «көрінбейтін қолы» теориясының авторы А. Смиттің өзі де айтқан болатын. Ол өзінің атақты «Адамдар байлығының

табиғаты және себептері туралы» еңбегінде былай деп жазды: «мемлекеттің мейлінше маңызды үш міндеті бар: әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету, әділ сот жүргізу және пайдалылығы үлкен қоғам үшін едәуір болғанымен жеке тұлғаның немесе шағын топ, шығындарының орнын ешқашан толтыра алмайтын, сондықтан жеке тұлғалар немесе шағын топтар үшін оларды құрап, ұстаудың пайдасы жоқ белгілі бір қоғамдық мекемелерді құрып және ұстау міндеттері».

Бүгінгі таңда әлемдегі дамыған елдердің қайсыбіреуінен де таза рыноктық қатынастарды іздеп, таба алмайсыз. Іс жүзінде ұлттық және әлемдік шаруашылықта аралас экономика қалыптасқан. Сондықтан бүгінгі, егер әңгіме рыноктық жүйе туралы өрбитін болса, мәселе аралас экономика жайында болып отыр деп айтуға толық қақымыз бар. Мұның өзі таза күйінде рыноктық критерийлер мен механизмдер әрекет етпейді және әрекет етуі мүмкін емес деген сөз, себебі кез келген ұлттық шаруашылық меншіктің көптүрлі формалары мен кәсіпкерліктің көпқырлы қызметтерінен құралады және рыноктық, корпоративтік, мемлекеттік, халықаралық тәрізді экономикалық реттеу түрлерінің аралас әрекетінен түзіледі. Мұндай жағдайда мемлекет осы жүйенің ажырамас бір бөлігі, сонымен бірге бүкіл жүйенің өміршеңдігі мен қызмет атқаруының кепілі ретінде көрінеді

Аралас экономика дегеніміз негізін рыноктық қатынастар және жеке кәсіпкерлік, сондай-ақ басқа да көптеген институттар (қаржы өнеркәсіп топтары, трансұлттық компаниялар т.б.) құрайтын экономикалық жүйе. Бұл жүйеде шаруашылықтың ең маңызды үдерістері мен өрістерін (сфералары) мемлекет реттейді (қорғаныс өнеркәсібі, энергетика т.б.).

Теория және практикада экономиканы мемлекеттік реттеудің бірқатар анықтамалары бар. Олар:

Экономиканы мемлекеттік реттеу рыноктық қатынастарды тиімді қалыптастыруды қамтамасыз ету мақсатындағы әлеуметтік экономикалық үдерістерге қажетті әдістер мен құралдарды қолдану негізінде мемлекеттің ел экономикасы болмысына қатысуы болып табылады.

Экономиканы мемлекеттік реттеу дегеніміз мемлекеттің экономикалық өсуді ынталандыру, инфляциялық үдерістерді әлсірету, халықты әлеуметтік қорғау мақсатындағы салықтар, кредиттер және басқа да тетіктер арқылы ұлттық шаруашылыққа макроэкономикалық әсер етуі.

Экономиканы мемлекеттік реттеу – бұл өкілетті мемлекеттік органдардың экономиканы тұрақтандыру және дамыту, сондай-ақ, әлеуметтік-экономикалық жүйені өзгермелі жағдайларға

бейімдеу мақсатында қолданатын заңнамалық, атқару және бақылау сипатындағы шаралар жүйесі.

Экономиканы мемлекеттік реттеудің мазмұны келесідей:

- рынок субъектілеріне зиян келтірмеуге бағытталған, сондықтан олардың құқықтары мен міндеттерін, өзара жауапкершілігін анықтау үшін қабылданған заңдардың жиынтығы;
- рынок субъектілерінің шаруашылық әрекетін қадағалауды қамтамасыз ететін ұйымдастыру-экономикалық құрылымдарды қалыптастыру;
- мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясаты негізінде жасалған механизмдерді анықтап, нәтижелі қолдану.

Экономиканы мемлекеттік реттеудің мәні әкімшілік ресурстарды шамадан тыс қолдану және таңдап алынған кәсіпорындар мен рынокқа қатысушыларды қолдауда емес, жеке бастамашылық пен меншіктің барлық формаларын қорғауда болса керек. Биліктің міндеті – рынок субъектілері қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік институттардың жұмысын жолға қою болып табылады.

Бүгінде Қазақстан Республикасындағы шаруашылық жүргізу қызметтері мемлекеттік, өңірлік және жергілікті биліктер арқылы жүзеге асуда. Сондықтан біртұтас экономикалық және құқықтық кеңістік қамтамасыз етілмеген жағдайда ұлттық бағдарламалар өміршеңдігінің болашағы беймәлім күйінде қала береді.

Билік құрылымдарының реттеуші рөлінің күшеюі уақыт белгісі болып табылады. Қазіргі қолда бар маңызды стратегиялық бағдарламаларды жүзеге асыру үшін елдегі әлеуметтік-экономикалық үдерістердің басқарылу деңгейін жоғарылата түсу оларды ойдағыдай атқарудың кепілі.

Экономиканы мемлекеттік реттеу қоғам дамуының объективті экономикалық заңдары негізінде жүзеге асады. Рыноктық қатынастар жағдайында бұл, ең алдымен, сұраныс және ұсыныс заңы, құн заңы т.б. Мемлекеттік реттеудің мақсаты рыноктық жүйе қызметінің құқықтық базасын қамтамасыз ету, өнімді өндірушілер, жеткізушілер және тұтынушылар арасында заңды және тиімді өзара қатынастарды орнықтыру болып табылады. Мемлекеттік реттеу өркениетті бизнес әрекетін қалыптастырудың негізгі құралы және халықтың әлеуметтік теңсіздігін салыстырмалы түзейтін жағдайларды орнықтыратын күш болып табылады.

Аралас экономиканы мемлекеттік реттеудің міндеттері мен мазмұнын рыноктық экономиканың мәні анықтайды. Қазіргі рыноктың негізгі міндеті – өндірістік және өндірістік емес тауарларға, қызмет көрсетулерге сұранысты қанағаттандырып, та-

уар тапшылығын жоюға бағытталған әрекеттерді қалыптастыру.

Рынокты декретпен енгізуге де, тоқтатуға да болмайды. Оның қалыптасуы белгілі бір өтпелі кезеңді талап ететін тарихи үдеріс. Бүгінде экономиканы мемлекеттік реттеу барлық елдерде, соның ішінде дамыған елдерде де жүзеге асырылып келеді. Мемлекеттің белсенді реттеуші рөлінсіз тиімді рыноктық экономика жасау мүмкін емес.

Дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткеніндей әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін рыноктық стихияның шексіз еркіндігіне беріп қою өте терең дағдарыстарға итермелейді. Әсіресе, мұндай жағдайларда рыноктық инфрақұрылым объектілері өлшеусіз жапа шегеді.

Экономиканы мемлекеттік реттеудің тиімді жүйесін жасау үшін бірқатар шараларды жүзеге асыру қажет. Олардың негізгілері мыналар:

- қаржы жүйесін сауықтыру, индикативтік әдістерге көшу, қаржылық тетіктерді пайдалану;

- бірден жойылуы мүмкін болмайтын шығынды және тиімділігі төмен кәсіпорындар үшін бейімделу және содан кейінгі даму жағдайларын жасау; оларды жеңілдіктер мен дотациялар көмегімен қолдап рынок жағдайына лайықтау қажет. Келесі кезеңі – мемлекет меншігінен алу және мемлекетке пайдалы шарттар негізінде жекешелендіру;

- елдің бүкіл шаруашылық кешенін қажетті құрылымдық өзгерістерге ұшырату арқылы жаңа техника мен технологияларды енгізіп, ресурс сақтау шараларын жүзеге асыру. Құрылымдық өзгерістерді әдетті әдістермен, яғни капиталдарды шашырату арқылы қажетті қорлануды жасау – бұл өте ұзақ және ауыр жол. Максатты бағдарланған жоспарлау және сараптаумен астақан тиімді реттеу, сондай-ақ құрылымдық өзгерістерді мемлекеттік тікелей және жанама әдістермен ынталандыру бұл үдерісті едәуір жеңілдетеді.

- белсенді әлеуметтік саясат жүргізу арқылы рынокқа өтудің халық үшін теріс салдарын жеңілдету, әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету, халықты жұмыспен қамту үшін кешенді шаралар жүйесін жүзеге асыру.

- айқын антимонополиялық саясат жүргізу, монополиялар қызметіне мемлекеттік бақылауды күшейту, ірі монополиялар меншігін акцияландыру кезінде ондағы мемлекеттің үлесін арттыру.

Реттеудің басты тетіктеріне құндық пропорциялар жатады. Олардың көмегімен экономика сфераларында даму және ұдайы өндіру пропорцияларын қалыптастыруға болады.

Бағалар, салықтар, солар бойынша жеңілдіктер, қаржылық ресурстарды бөліп беру, кредиттік қойылымдар, ренталық төлемдер, еңбекті төлеу, зейнетақы, жәрдемақы мөлшері – мұның барлығы өндірістердің, өңірлердің экономикалық мүдделеріне әсер ететін экономикалық тетіктердің жиынтығы болып табылады. Мемлекеттік реттеудің маңызды элементіне бағаларға бақылау орнату мәселесі жатады. Әрине, рыноктық экономика жағдайында барлық өнімдердің бағасына бақылау орнату мүмкін емес. Дегенмен, шикізат бағасына бақылау қажет, себебі ол бағалардың барлық тізбегінің қалыптасуына әсер етеді. Сондай-ақ әлеуметтік маңызы зор негізгі тауарлар бағасына да бақылау орнату қажетті іс-әрекеттердің қатарына кіреді.

Мемлекеттік реттеу жай ғана ұйымдастыру – басқару немесе экономикалық мәселе емес, ол әлеуметтік мәселе де болып табылады. Қазіргі кезеңнің, яғни экономикалық өсуді тұрақтандыру жағдайындағы реттеу рыноктың құндық құралдарын пайдалану қағидаларына негізделуі керек.

Өтпелі кезеңде тауар-ақша қатынастарын пайдаланудың мәні мынада:

1. Құндық категориялардың сандық параметрлерін жоспарлы түрде реттеуді қамтамасыз ету және оны тауар өндірісі заңдарының шарттарына сәйкестендіру қажет, яғни қоғамдық еңбек шығыны тепе-теңдігі базасындағы эквиваленттік заңына және оған қоғамдық қажеттіліктің шамасына сәйкестендіру абзал.

2. Өнімге қоғамдық қажеттілік шамасының әсері арқылы құндық параметрлердің мәнін өзгерте отырып, өндірушілер мен тұтынушылардың шаруашылық мүдделеріне мақсатты әсер ету қажет. Бұл арада құндық категорияларды құрылым және өндіріс пен тұтынуды реттеу құралдары ретінде пайдалану керек.

3. Тауар өндірушілерге құрылым және өндіріс көлемі, өнімді бөлу және өткізу туралы орталықтандыра орнықтырылған құндық параметрлер шектеріндегі шаруашылық шешім еркіндігін бере отырып, жалпы мемлекеттік жоспарлы көрсеткіштерді орындауға кәсіби ынталандыру.

4. Қоғамға қажетті өнім өндіруді тауар өндіруші үшін де пайдалы ету бағытында олардың түпкі мақсаттарының жақындасуына және бір жерден шығуына қол жеткізу.

Рыноктық шаруашылық жағдайындағы өндіргіш күштер дамуының жоғары деңгейі және осы деңгейдің объективті экономикалық заңдарға сәйкестігі – экономикаға мемлекеттің араласуы арқылы ғана қол жеткізуге болатын мәселе.

Сонымен, экономиканы мемлекеттік реттеу міндеттері келесідей:

- Экономиканы мемлекеттік реттеу өтпелі кезеңнің бастапқы сатысында – экономиканы ырықтандыру (либерализациялау) бағытындағы шараларды жүзеге асыру; екінші кезеңі – экономиканы тұрақтандыру бойынша шаралар жүйесін жүзеге асыру және қорытынды кезеңі – тиімділікті арттырып, тұрақты өсуді қамтамасыз ету.

- Экономиканы мемлекеттік реттеу мүдделердің тепе-теңдігіне жеткізуі тиіс, яғни бір жағынан ол экономикалық реформалардың тиімді барысын қамтамасыз етуі тиіс, екінші жағынан табыстар мен ресурстарды әділ бөлуге қол жеткізуі қажет.

- Рыноктық еркіндікті сақтай отырып табиғи, адам, қаржы ресурстарын ұтымды пайдалану арқылы бюджет түсімдерін көбейтуге, құрылымдық өзгерістерге, жалпы ұлттық экономиканың дамуына жол ашуы керек.

Реттеу арқылы әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасын, салалық, өңірлік, сондай-ақ мақсатты бағдарламаларды жасау, инвестициялық жобаларды, қысқа және ұзақ мерзімді болжамдарды түзу жұмыстары атқарылуы тиіс.

- Мемлекеттік реттеу негізінде өңірлердің қаржылық дербестігін, олардың даму деңгейлерінің біркелкілігін және табиғи-экономикалық жағдайы төмен аймақтарды жан-жақты қолдау жүзеге асырылуы қажет.

Рыноктық экономиканы құру жөніндегі әлемнің басқа елдерінің тәжірибесін қабылдай отырып, Қазақстан олардың моделдерін тікелей көшіріп ала алмайды, оның басты себебі әлемнің ешбір елі (ТМД елдерінен басқа) ұзақ уақыт бойы әкімшіл-әміршіл басқару шеңберінде болып көрген емес. Бұл бір. Бұдан басқа әрбір мемлекеттің өзіндік тарихы және ұлттық ерекшеліктері және өңірлік дамуының өртүрлі деңгейлері бар екендігін естен шығармау қажет. Сондықтан экономиканы реформалаудың алғашқы кезеңдерінде орын алған бұрынғы басқару жүйесін толығымен қирату едәуір экономикалық қиыншылықтар туғызып, өндірісті құлдыратып, салыстырмалы ұзақ дағдарысқа ұшыратқаны белгілі.

Экономиканы мемлекеттік реттеуде жоспарлы реттегіштер мен рыноктық реттегіштерді қатар қолдану тиімділігін бірқатар елдердің тәжірибесі көрсетіп отыр.

Жоспарлы реттегіштер дегеніміз нақты экономикалық қызметті қалыптастыру бойынша іс-әрекеттер жиынтығы. Рыноктық реттегіштер – ол көптеген өндірушілер мен тұтынушылардың өзара іс-әрекеті нәтижесінде қалыптасып, объективті түрде қызмет ететін реттегіштер болып табылады. Жоспарлы және рыноктық реттегіштерді бірін-бірі толықтыратын тетіктер деп қарастыру қажет.

Мемлекет қолданатын реттегіштер мен, тұрақтандырғыштарды тиімді пайдалану, әлеуметтік орнын толтыру әдістерін ікемді қолдану мемлекеттік реттеу тиімділігінің кепілі бола алады.

§3. Аралас экономикадағы мемлекеттің негізгі функциялары

Жоспарлы, аралас және өтпелі экономика жағдайларындағы мемлекеттің экономикаға араласу дәрежесі әрқилы болып келеді. Директивті жоспарлар, индикативті (нұсқаулық) жоспарлау, болжау, бағдарлау функциялары экономикалық жүйенің объективті қалыптасқан қажеттіліктері талабы үдесінен шыға білуі керек.

Өтпелі кезеңдердегі экономиканы мемлекеттік реттеу рөлінің күшейе түсуінің бірқатар объективті себептері бар. Әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей, дамудың күрделі кезеңдерінде, әсіресе қоғам мен экономиканың әлеуметтік-экономикалық, технологиялық жаңғыруы кезеңінде мемлекеттің белсенді ұйымдастырушылық әрекетінің қажеттілігі арта түседі.

Өтпелі кезеңдегі мемлекеттің рөлі аса зор мәнге ие болатындығын да дүниежүзілік практика көрсетіп отыр. Өтпелі кезеңнің қиыншылықтарын едәуір кеміту ісінде, егер мемлекет жаңа өміршең формалардың бастамашысы және тірегі бола білсе елеулі нәтижелерге жету ықтималдығы да жоғарылайды.

Қазақстанда рыноктық қатынастарға өту кезіндегі мемлекеттік функциялардың қысқаруы рыноктық ортаның өзін-өзі ұйымдастыруын қалыптастыру әрекеттерімен толықтырылмады. Ал мұның өзі рыноктық экономикасы бар елдердің практикасында бар жағдайға қарама-қайшы келді. Өтпелі кезең жағдайында қалыптаса бастаған еркін рынок мемлекеттің реттеуші ықпалынсыз монополизацияланған ел экономикасын әлеуметтік бағдарланған рыноктық экономикаға айналдыру ісінде көптеген қиыншылықтарға тап келді. Бір жағынан ескі өміршіл-әкімшіл, жоғарыдан төменге дейін жоспарға бағындырылған жүйе жойыла бастады да, орнына жаңа экономикалық жүйе келе бастады. Көпукладты экономика негіздері туындап, бәсекеге, сұраныс пен ұсынысқа бағдарланған экономиканың алғышарттары күнделікті өмірге ене бастады. Екінші жағынан, өтпелі кезеңде мемлекет шешуі тиіс басты проблемалар қараусыз қалып шиеленісті.

Соның салдарынан рыноктық реформалардың бастапқы кезеңінде бірқатар кемшіліктерге жол берілді, олар:

- Меншікті жекешелендіру көбінесе өз бизнесін тиімді атқаратын меншік иелерін тауып, қалыптастыра алмады;

- Меншікті иемденіп алған шектеулі адамдар тобы табыстарының шексіз өсуі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікке алып келді;
- Рыноктық жаңартулар мен жаңғыруларда әлеуметтік тұрғыдан едәуір кемшіліктер жіберілді.
- Кәсіпкерліктің мәні мен сипатында алыпсатарлық және қылмыстық әсерлер көптеп кездесті.

Біртұтас бәсекелік күрес ережелері талдап жасала қоймағандықтан мемлекеттің «ойын ережесін» қадағалау мүмкіндіктері шектеулі қалпында қалып, маңызды салаларға инвестиция тарту, орташа тапты қолдау мәселелері ұмыт қалды. Ұлттық экономиканы сауықтырып, жандандырудың құрылымдық өзгерістері сияқты маңызды шаралары қабылданбастан кешеуілдей берді.

Өтпелі кезең тәжірибесі көрсеткеніндей қандай болмасын дамудың қайсыбір дайын теориялық моделін таңдап алып, соның қағидаларын бұлжытпай орындау мақсатқа жетудің ең қолайлы жолы емес, керісінше, барынша нақты, сонымен бірге жеткілікті мөлшерде синтезделген конструкцияны пайдалану көздеген нәтижеге жетудің ең ықтимал бағыты болмақ. Белгілі теориялық мектептердің әрқайсысы өзінің идеялары мен қолданатын құралдары арқылы өзекті практикалық қажеттіліктердің біреуін ғана қарастырады. Мемлекеттің алдында бірқатар мәселелер мен міндеттердің үлкен шоғыры тұратындықтан экономиканы дамыту туралы және оны мемлекеттік реттеу жөніндегі түсінік-пайымдарды синтездеп, жергілікті болмысқа бейімделген даму моделін таңдаған дұрыс деп саналады.

Сонымен бірге, теорияда сыннан өткен, рыноктық экономика дамуының нақты кезеңін сипаттайтын жалпы ұсыныс-нұсқаулар баршылық. Айталық, тұрақтандыру мен өсудің алғышарттарын жасау қажеттілігі туындағанда институционализм идеяларын пайдаланған абзал (егер трансформациялық кезеңдегі мемлекеттің ерекше рөлін ескеретін болсақ). Өрлеу жағдайында интитуционализмді, тепе-теңдік элементтері бар неоклассикалық конструкцияларды, сондай-ақ монетаризмнің тиісті ұстанымдары негізіндегі экономикалық саясаттың комбинациясын қолдануға болады. Даму үстіндегі экономика үшін тұрлаулы даму теориясының идеялары мен қағидаларын қолданған тиімді болмақ. Мұның барлығы да ұлттық ерекшелік және елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайымен тығыз байланыста жүзеге асырылуы қажет.

Өзінің объективті мәні бойынша өтпелі кезең түп-түзу даңғыл жол емес, керісінше қарама-қайшылықтардың бірінен біріне өтудің жолы, өзінің нақты формаларын, әдістерін өзгерте асыру

механизмдерін тұрақты түрде өзгертіп отыратын үдеріс болып табылады.

Өтпелі кезеңнің бастапқы кезеңінде ТМД елдерінің барлығында дерлік басты реттеуші ретінде өзін-өзі реттейтін рыноқтық механизм болады деген қағида басымдыққа ие болды. Соған сәйкес негізгі күш мемлекеттің шаруашылық рөлін кемітуге, оны либерализациялау арқылы реттегіш қуатын әлсіретуге бағытталды. Мұндай саясат өз жемісін берді де. Мемлекеттің қатаң басқаруындағы орталықтандырылған экономика күйреді, өндірістік-экономикалық байланыстар үзілді, экономиканың көптеген салалары мен сфералары толықтай күйзеліске ұшырады.

Жаңа экономикалық қатынастарды қалыптастыру әрқашанда шығармашылық, креативтік үдеріс болып табылады, ол экономикалық дамудың сурақтарға негізделген жауаптарды қалайды. Сондықтан қоғамдық өзгерістер қисынын түсініп, зерттеу өте маңызды. Экономикалық және әлеуметтік үдерістерді реттеудің заманауи механизмдері мен құрылымын дер кезінде ұғынып, пайымдау ғана жемісті болмақ.

Қоғамдық меншікті нақты топтардың қолына беру (шетелдік фирмалар, жеке меншік кәсіпорындар т.с.с.) жаңа проблемаларды туындатты, соның ішінде әлсіз, әлжуаз реттелетін шаруашылыққа тән стихиялы әрекеттерді көлденең тартты; еңбек нәтижесімен байланысты емес ресурстар мен табыстарды ысырап етті, бастапқы ресурстар экспортының көбеюі және өңдеу (ұқсату) көлемдерінің қысқаруы өндіріс деңгейін күлдіратып жіберді. Ал, басты мәселе, өтпелі кезеңдегі қоғам құрылымының өзі экономикалық қатынастары мен мүдделері әралуан қайдағы бір жиынтық қоғамдастықтардан қалыптасты. Міне, осындай жағдайда қоғамдық және топтық мақсаттардың арасында қарама-қайшылықтар туындап, шиеленісе бастайды. Бұл қайшылықтарды шешу үшін қоғамда пайда болған көптүрлі мүдделерді жүзеге асыру формаларын іздеп, табу қажет болды. Әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей әлеуметтік жіктер мен топтардың шынайы мүдделерінің өндіргіш күштер деңгейімен байланысында ғана әлеуметтік-экономикалық даму модельдерін жасап, мемлекеттің экономикалық саясаты объектілерін анықтауға болады.

Әрбір топтық мүдде өзінің мақсатын тиісті өкілеттікпен қамтамасыздандырылған қайсыбір субъектіден табуы керек. Мұндай субъектінің күш-қуаты мен ресурстары бағытталатын нақты объектісі болуы тиіс. Сонда ғана топтық мүддені жүзеге асыру үшін кепілді мүмкіндіктер пайда болып, практикалық нәтижелерге жетуге болады. Меншіктің үш құрамдас бөлігі – иемде-

ну, пайдалану, билеу – нақты мүдделерді жүзеге асыру ісіне жауап беретін қоғамдық немесе басқа институттардың тиісті деңгейлеріне бекітіліп берілуі тиіс. Қазіргі кезде ҚР-да көзқарастар мен пікірталастардың кейбір қайшылықтарына қарамастан мәселелерді дәл осы бағытта шешуе ұмтылыс бар. Бір жағынан заң шығарушы биліктің өкілеттік сферасы анықталып бекітілуімен бірге әртүрлі демократиялық институттарға атқарушы биліктің өкілеттіктерінің едәуір бөлігі берілу үстінде. Бұл өкілеттіктер, тұтастай алғанда, заң шығармашылығы сипатын дәлелдеп, оларды қабылдау процедурасы да демократиялық мәнге ие болып отыр. Екінші жағынан, республикада рыноктық қатынастар үшін заң шығарушы база қалыптасқанына қарамастан, даму үстіндегі шаруашылық байланыстар мен қатынастар тек қана құқыққа (заңға) жүгініп отырған жоқ, сонымен бірге корпоративтік топтардың, мемлекеттік аппаратпен формалды емес байланыстарға арқа сүйеп отырғаны да бүгінгі күннің шындығы болып табылады.

Әлеуметтік-экономикалық даму сферасында мемлекеттік реттеудің объектісі ретінде меншіктің жана формаларын орайластыруды қалыптастыру үдерісі қарастырылады. Меншік қатынастарын жаңғыртумен қатар елде әртүрлі меншік иелерінің өзара әрекетінің институционалдық жүйесін құру үдерісі жүргені белгілі. Бұл жердегі өңгіме шаруашылық субъектілерінің әрекет ережесі, мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдарды (институттарды) орнықтыру негізінде рыноктық өзара әрекеттесу үдерісіне қосылған барлық сфералар мен субъектілердің қалыпты қызметін қамтамасыз етуде болып отыр.

Осы шақта мемлекеттің қызметі жалпыұлттық мақсаттар мен қажетті шектеулерді анықтау мәселелеріне қарай жұмылдырылуы тиіс. Ұлттық мақсаттарды, олардың басымдықтарын, оларға жетудің кезектілігі мен мерзімдерін белгілеу өте маңызды сипат алады. Себебі қоғамда бар әртүрлі мүдделер меншік иелерінің біріне мақсат ретінде көрінсе, екіншілеріне шектеу сияқты көрінуі әбден мүмкін. Қоғамдық мүдделерді келесідей топтастыруға болады: ұлттық, өңірлік, кәсіби, әлеуметтік топтардың мүдделері, сондай-ақ ұжымдық, отбасылық мүдделер. Бірақ қандай болса да, яғни барлық жағдайларда да мемлекет ұлттық мүдделердің кепілі және қорғаны болуы тиіс. Оның міндеттері рыноктың қалыпты қызмет етуіне жағдайлар жасау, қоғамдық мүдделер тепе-теңдігін сақтау, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету болып табылады.

Бүгінгі таңда әлеуметтік-экономикалық дамудың институционалдық негіздерін тереңдете түсу, олардың қаржылық қамтамасыз етілуін және тұрақтылығын орнықтыру міндеттері ал-

дың қатарға шығып отыр. Осыған байланысты қазіргі күннің өзекті мәселесі қоғамда жүріп жатқан реформаларды әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге жұмылдыру өзекті болып отыр. Сондықтан мемлекеттің рөлі әлеуметтік-экономикалық дамуда теріс үрдістердің етек алып кетуіне қарсы шараларды дер кезінде қабылдап, жүзеге асыруда болса керек.

«Қазақстан – 2030» даму стратегиясы бойынша – бұл әлемдік шаруашылық жүйесіне интеграцияланған, әлеуметтік бағдарланған рыноктық экономикасы бар құқықтық мемлекетті қалыптастыру болып табылады.

Ендеше, аралас экономика жағдайындағы мемлекеттің негізгі функцияларын атап өтейік:

- Экономикалық шешімдер қабылдау үшін құқықтық негіздер қалыптастырады, мемлекет жеке және мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың әрекетін, кәсіпкерлік қызметті реттейтін заңдарды талдап жасайды және қабылдайды; азаматтардың құқықтары мен міндеттерін анықтайды.

- Экономиканы тұрақтандырады; Үкімет бюджеттік-салықтық және кредиттік-ақшалай саясатты қолдану арқылы өндірістің құлдырауын тоқтатады, инфляцияны тежейді, жұмыссыздықты төмендетеді, баға деңгейі мен ұлттық валюта бағамын орнықтырады.

- Макроэкономикалық және құрылымдық тепе-теңдікті қолдайды; аталмыш тепе-теңдікті қамтамасыз ете алатындай рыноктық механизмді қалыптастырады.

- Даму стратегиясын талдап қабылдайды, қолайлы инвестициялық және кәсіпкерлік ахуалды қалыптастырады, сондай-ақ ұлттық стратегияны жүзеге асыру мақсаттары мен мұраттарын қамтамасыз етуді қосқандағы экономиканың қалыпты қызметі үшін қолайлы әлеуметтік жағдайлар жасайды.

- Ресурстарды үйлесімді бөледі, мемлекет жеке сектордың қызығушылығын туғызбайтын тауарлар мен қызмет көрсету түрлерін өндіруді ұйымдастырады. Ол ауыл шаруашылығын, байланысты, транспортты дамыту шараларын қарастырады, қорғанысқа, ғылымға қажетті шығындарды анықтайды, білім беру, денсаулық сақтау бағдарламаларын қалыптастырып, жүзеге асырады т.с.с.

- Әлеуметтік қорғау мен әлеуметтік кемшіліктерді қамтамасыз етеді, мемлекет минималды еңбекақыға, қарттыққа байланысты зейнетақыға, жұмыссыздық бойынша жәрдемақыға кепілдіктер береді.

- Шетелдегі ұлттық бизнесті қолдайды; мемлекет әлемдік шаруашылықта отандық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында ұлттық бизнес қызметін үйлестіреді.

- Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді; мемлекет тұрақсыздық қауіп-қатерлері мен факторларына қарсы шаралар қолданады.

- Елдің қорғаныс қабілетін қажетті деңгейде ұстайды.

Мемлекеттің жоғарыда аталған негізгі функцияларынан басқа нақты сфераларда, салаларда және өңірлерде атқаратын реттеуші функциялары да баршылық.

Бұрынырақ айтып кеткеніміздей, мемлекеттік реттеу функциялары мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының мақсаттарымен анықталады. Дамудың әрбір кезеңінің ерекшеліктеріне сәйкес қысқа мерзімді, орта мерзімді, ұзақ мерзімді мақсаттар айқындалады.

ҚР үкіметінің әлеуметтік-экономикалық саясатының ұзақ мерзімді мақсаты әрбір азаматтың өз мүмкіндіктерін пайдалануына, әлеуметтік теңсіздікті төмендетуге, Қазақстанның тәуелсіздігі мен мәдени құндылықтарын сақтауға, дүниежүзілік қоғамдастықтағы елдің экономикалық және саяси рөлін күшейтуге алғышарттар жасауға арналуы тиіс.

Мемлекеттің саяси мақсаттарына оның іс-әрекеті негізін құрайтын құндылықтар жүйесі сәйкес болуы керек. Біздің қоғамға қазақстандық дәстүрлерге сай жаңғыртылған құндылықтар жүйесі қажет. Сонымен бірге қазіргі жалпыадамзаттық құндылықтар – еркіндік, жауапкершілік, сенім, адам өмірі мен еңбегінің құндылықтарын асқақтату қағидаларына берік болу қажет деген болар едік.

Қоғамда азаматтар мен мемлекет, азаматтар мен бизнес, бизнес пен билік арасындағы өзара сенімділік нығайып, дамыған сайын мақсаттар бірыңғайлығы да арта түседі. Сонда ғана мемлекеттік реттеудің де түпкі мақсаты қоғамдық мақсаттарға толықтай сәйкестеніп, мүдделер үйлесімдігіне қол жеткізіледі.

§4. Мемлекеттік реттеудің объектілері мен субъектілері

Мемлекеттік реттеудің әдіснамалық негізін ұзақ мерзімді болжамдар мен әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламалары құрайды. Солардың ішінде мемлекеттік реттеудің объектісі болуы тиіс басым стратегиялық мәселелер баршылық. Олардың негізгілерін атап көрсетейік:

1. Экономиканы дамытудың жаңа концепциясы адам факторын алдыңғы қатарға шығарады. Адами әлеуетті қалыптастыру ұзақ мерзімді стратегия болып табылады. «Адами дамытуды қаржыландыру ұзақ мерзімді инвестициялардың ең тиімдісі

екендігін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Бұл стратегияны жүзеге асыру Қазақстанның демографиялық дамуымен тікелей байланысты. ҚР Президентінің 2015 жылға қарай Қазақстан халқының санын 20 миллион адамға жеткізу туралы бастамасы адам факторының ұлттық экономиканы дамытудың негізгі ұстанымдарының біріне айналғандығының айғағы болып табылады.

2. Экономикалық өсу – ол ғылыми-техникалық прогресс, инновациялар (жаңалықтар), өндірістің негізгі факторларының ғылыми сыйымдылығын арттыру. Дамыған елдердегі жаңа технологияларға енгізілген жаңалықтар үлесіне ішкі жиынтық өнім (І.Ж.Ө.) өсімінің 70-тен 85%-ға дейінгісі тиетін көрінеді. ХХІ ғасыр ғылым мен жоғары технологиялардың, қатан халықаралық технологиялық бәсекелестік ғасыры болмақ. Әлемдік рыноктағы ғылыми сыйымды өнімдегі өнеркәсібі дамыған жеті елдің үлесі 80–90% болып отыр және сол өнімдердің экспорты да өсіп өркендеген мемлекеттердің құзырында қалған жайы бар. Ал Қазақстанның ғылымды қажетсінетін өнімдегі үлесі жоққа тән. Еліміздің индустриялық инновациялық даму стратегиясына сәйкес, сондай-ақ өндірістік және шикізаттық базасы мен кәсіби деңгейі өсу үстіндегі кадрлардың болуын ескере отырып, әлемдік деңгейдегі, яғни бәсекеге қабілетті өнімдерді өндіру біз үшін де жақын болашақтың ісі болуы тиіс.

3. Өндіргіш күштерді орналастыру. Мұның өзі ұзақ мерзімге арналған мемлекеттік реттеуді қалайтын стратегиялық мәселелердің ең маңызды дегендерінің бірі болып табылады. Аумақтық-шаруашылық үдерістерді реттеудің маңызды құралына өңірлерді әлеуметтік-экономикалық дамытудың мақсаты бағдарламалары жатады. Өңірлерді (аймақтарды) дамыту бағдарламалары орталыққа проблемалық аумақтар мәселесіне арнайы жобалар жасауға көмектеседі де ағымдағы міндеттерді стратегиялық мақсаттар аясында қарастыруға мүмкіндік береді.

4. Экологиялық фактор-өңірлік және стратегиялық экономикалық шешімдер қабылдау үдерісінің маңыздыларының бірінен саналады. Әлемнің көптеген елдерінде экологиялық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздікпен қатар қойылып, стратегиялық мәнге ие болып отыр. Ресурстық әлеуетті тиімді пайдалану үшін экономикалық дамудың ресурс сақтаушы типіне көшу қажеттілігі туындайды. Қазақстанның қуатты ресурстық әлеуеті өсу үстіндегі экономиканы мейлінше тұрақтандырудың кепілі болып табылады. Экономикалық дамудың жаңа стратегиясы Қазақстанды дамушы мемлекеттер қатарынан дамыған мемлекеттер қатарына қосудың жасампаз жобасы екендігіне мемлекеттің қазіргі ұстанымдары мен шаралары кепіл бола алады.

Сонымен, экономиканы мемлекеттік реттеу объектілеріне ұлттық экономиканың тиімді қызметі үшін мемлекеттің бүкіл реттеуші іс-әрекеті бағытталған сфералар, салалар, өңірлер, әлеуметтік-экономикалық үдерістер жатады.

Мемлекет ықпалында болатын негізгі объектілер мыналар:

• Ұлттық шаруашылықтың салалық, өңірлік, ұдайы өндірістік және әлеуметтік құрылымдары;

• Экономикалық цикл;

• Жұмыспен қамту;

• Өмір сүру деңгейі;

• Білім беру және кадрларды даярлау;

• Ақша айналымы;

• Ғылыми-зерттеу жұмыстары және инвестициялар;

• Төлем балансы;

• Әлеуметтік сфера, еңбек қатынастары, халықты әлеуметтік қолдау механизмі;

• Қоршаған орта;

• Бағалар, антиинфляциялық үдерістер;

• Экономиканың мемлекеттік секторы;

• Қаржы ресурстары және бюджетаралық қатынастар;

• Мемлекетсіздендіру, жекешелендіру, демонополизациялау;

• Экономиканың әртүрлі салаларындағы меншік формалары;

• Сыртқы экономикалық іс-әрекеттер және т.б.

Қазақстанда рынокқа өту кезінде де, қазір де толыққанды, тиімді меншік иелерін қалыптастыру міндеті күн тәртібінен алынған емес, сондықтан меншік құрылымы, мемлекетсіздендіру, демонополизациялау сияқты мемлекеттік реттеу объектілері ешқашан да мемлекеттің жіті назарынан тыс қалмауы тиіс.

Биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот органдары экономиканы мемлекеттік реттеудің субъектілері болып табылады.

ҚР жағдайында бұл: қос палаталы Парламент, Үкімет, Қазақстан Республикасы Президенті, ҚР Конституциялық Кеңесі. Мемлекеттік реттеу субъектілеріне, сондай-ақ биліктің өңірлік органдары да жатады.

Аралас экономика жағдайында мемлекеттік реттеудің функциялары мен объектілерінің өзгерістерге ұшырауы жаңа субъектілердің туындауымен қатар жүреді. Қазіргі кезде дамыған елдердің ақпараттық қоғамға өтуіне байланысты ұлттық мемлекеттерден тәуелсіз, дербес трансұлттық капитал оқшауланып мемлекеттік реттеуде маңызды рөл атқара бастады. Трансұлттық корпорациялар әлемдік өнеркәсіп өнімдерінің жартысына дейінгісін өз бақылауында ұстайды. Бүгінгі таңда әлемдік шаруашылық жүйесінің негізін өздеріне едәуір билік функция-

ларын шоғырландырған 500-дей трансұлттық корпорациялар құрайды. Реттеу ұйымдарына сәйкес тұжырымдасак трансұлттық корпорациялардың ішкі құрылымдарында еркін рынок заңдары толықтай қолданылмайды, себебі оларда рыноктық емес корпорацияның стратегиясы анықтайтын ішкі бағалар белгіленеді.

Егер заманауи трансұлттық компаниялардың көлеміне сәйкес айтатын болсақ, онда әлемдік экономиканың бір бөлігі еркін рынок жағдайында қызмет атқаратын болса, екінші жартысы өзіндік сипаты бар трансұлттық корпорациялар стратегиясының аясында әрекет етеді деп айтуға өбден болады.

Ал бұл жолдың өзі конвергенциялық (өзара кіріккен, жақындасқан) экономикалық жүйеге жетелейтін бағыт болып табылады. Мұнда жоспарлы және рыноктық экономика араласқан шаруашылық жүргізу әдістері бастау алып жүзеге асады. Реттеу субъектілері қатарынан Халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік банк, Бүкіл дүниежүзілік сауда ұйымы т.с.с. орын алады. Аталмыш ұйымдар заемдар мен кредиттерді бере отырып өздеріне қолайлы шарттарды таңдау арқылы мемлекеттерге экономикалық, саяси ықпал жүргізеді.

Мемлекеттік реттеудің ұлттан тыс маңызды субъектісіне ортақ мақсат біріктірген ұлттық мемлекеттер қауымдастығы жатады. Олар өздерінің іс-әрекетінде реттеудің жалпыға бірдей, ортақ механизмдерін қолданады. Мысалы, қуатты интеграциялық жүйе негізіндегі Еуроодақ елдерінде бірыңғай валюта «еуро» пайдаланылады.

Жалпы, экономиканы мемлекеттік реттеудің тиімділігін екі жақты бағалауға болады. Бір жағынан мемлекетті ұлттық мүдделерді білдіруші, өлеуметтік-экономикалық үдерістерді реттеуші, рынок субъектілерінің қызметін үйлестіруді міндеттейтін заңдық актілерді қабылдаушы тұрғысынан бағалайтын болсақ; екінші жағынан – ірі меншік иесі, рынок субъектісі тұрғысынан бағалау орынды деп санауға болады.

Экономиканы мемлекеттік реттеудің Қазақстанға қатысты критерийі түпкі мәнінде халықтың әл-ауқатын жоғарылату дәрежесі арқылы бағаланатын өндіргіш күштердің дамуы болуы қажет. Бұл жалпылама критерийді, нақтылайтын болсақ, онда экономикалық өсу, экономиканың басқарылу деңгейі, еңбек өнімділігінің артуы, ресурстарды үнемдеу т.с.с. критерийлерді қарастырар едік. Соңғы уақыттардағы үрдістерге сәйкес осы аталған критерийлердің қатарына елдің экономикалық қауіпсіздігі мәселелерін де жатқызу керек.

Қазақстанда орын алып отырған экономиканы диверсификациялау жағдайында мемлекеттің реттеуші ықпалы арта түспек, себебі дамуы әлі де болса қиыншылықтарға тап болып отыр-

ған рынок өздігінен өндіріс мәселелерін, әсіресе, әлеуметтік сфера проблемаларын шешуге мүлдем қауқарсыздығын көрсетіп келеді. Бұл жағдайды реттеу бойынша мемлекеттік саясат қалыптасқан ситуацияға сәйкес жаңа әдістер арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Трансформациялық кезең аяқталып, Қазақстан тұрлаулы дамудың жаңа сатысына көтерілгенде ғана мемлекеттің экономикаға араласуы дамыған капиталистік елдердегідей индикативтік жоспарлауға, циклдық толқуларды (тербелістерді) бәсеңдетуге бағытталған функциялар және міндеттермен шектелуі тиіс.

Экономикаға теріс әсерлердің күшеюі кезінде оған мемлекеттің ықпалы да арта түседі. Елдің бірқалыпты дамуы және дағдарыстың жоқ кезінде мемлекеттің экономикаға әсері қысқара түсіп, рыноктың басқа да субъектілері тәрізді мемлекеттің әрекеті де ұзақ мерзімді бағдарламалар аясында жүзеге асады.

Ізденіс сұрақтары:

1. Аралас экономика түсінігі.
2. Экономиканы мемлекеттік реттеудің мәні және анықтамасы.
3. Экономиканы мемлекеттік реттеудің объективті қажеттілігі және мүмкіндіктері.
4. Мемлекеттік реттеудің негізгі элементтері.
5. Аралас экономикада мемлекет атқаратын функциялар.
6. Мемлекеттік реттеудің объектілері және субъектілері.

II тарау

ЭКОМИКАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

§1. Мемлекеттік реттеу формалары

Рынок жағдайындағы экономиканы мемлекеттік реттеу заңнамалық-атқарушы және бақылаушы сипатындағы шаралар жүйесінен құралады. Бұл шараларды әлеуметтік-экономикалық жүйені қалыптасқан жағдайларға бейімдеу мақсатында мемлекеттің өкілетті органдары жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасында экономикалық жүйені трансформациялау үдерісінде мемлекеттік реттеудің бірқатар формала-

рын бөліп көрсетуге болады. Жоспарлы экономикада директивтік жоспарлау басымдық танытса, рыноктық экономикаға өту кезінде мемлекеттік тапсырыстар, индикативтік жоспарлау, стратегиялық жоспарлау, бағдарламалар мен болжамдар жасау сияқты реттеу формалары алға шығып, басымдық танытады.

Енді осы аталған формаларды жекелеп қарастырайық.

Директивтік жоспарлау дегеніміз бұрынғы КСРО және басқа да социалистік елдерде ұзақ уақыт бойы қолданылып келген экономиканы реттеу формасы.

Директивтік жоспарлау кезінде елдің экономикалық және әлеуметтік дамуы жоспары заң ретінде қабылданып халық шаруашылығының барлық буындары үшін атқарылуы міндетті болады. Бұл уақытта мемлекеттің қызметі негізінен материалдық ағындар мен пропорцияларды жоспарлауға, материалдық ресурстарды бөлуге, өндіріс пен тұтынуды әкімшілік басқаруға бейімделеді. Директивтік жоспарда анықтаушы рөлді өзара байланыстырылған директивтік тапсырмаларды кәсіпорындар арасында бөлу (әдетте бес жылдық), оларды материалдық, еңбек және қаржы ресурстарымен жабдықтау және өткізу шаралары атқарады. Мемлекеттік жоспарлау комитеті дайындайтын жоспар көбінесе экономикалық емес, өндірістік-техникалық сипатта болады. Әдетте өндіріс көлемі және өнімді бөлу натуралдық көрсеткіштер (метр, тонна, бірліктер, т.с.с.) арқылы белгіленеді. Жоспардың өзі қолда бар өндірістік қуаттар негізінде жасалатындықтан жалпыэкономикалық көрсеткіштер жоспарды «әрлеуге» ғана қолданылады. Макроэкономикалық жоспарлау техникалық нормативтер және материалдық баланстар негізінде жүзеге асырылады да, құндық, қаржылық баланстар көмекші, қосымша рөл атқарады. Мұндай жоспарлау кезең сайын күрделене түсу үстіндегі экономиканың объективті таланттарына сәйкестігін жоғалта бастайды. Реттеудің осындай формасындағы экономика үнемі тапшылық экономикасы болып қала береді.

Мемлекеттік тапсырыстар жаппай директивтік жоспарлаудан шектеулі жоспарлауға көшуді енгізді және рыноктық жаңғыртулардың басталуы нәтижесінде шаруашылық өмірге қайта енді.

«Мемлекеттік тапсырыс» өткен ғасырдың 20-жылдары шетелдерде және кеңестік экономикада қолданылған болатын. Бұл ұғымның отандық практикада қайта жаңғыруы 1989–1990 ж.ж. тұстас келді. Мемлекеттік тапсырыстарды қалыптастыру тәртібі ережелерінде ол қоғамның бірінші кезектегі қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында кәсіпорындар жоспарына енгізілуі тиіс деп көрсетілді.

Әлемдік тәжірибеде мемлекеттік тапсырыстың мейлінше дамыған елі болып АҚШ есептеледі. Шаруашылық жүргізудің

осы формасы арқылы АҚШ-та өнеркәсіптің электрондық, аэрокосмостық, атомдық және т.б. салалары пайда болып, дами бастады.

Мемлекеттік тапсырыс-рыноктық экономиканы реттеудің маңызды құралдарының бірі. Мұнда мемлекет өнімдерге, жұмыстарға және қызмет көрсетулерге тікелей тапсырыс беруші ретінде көрінеді.

Мемлекеттік тапсырыстың отандық тауар өндірушілерді, сондай-ақ «өсу нүктелерін» қолдаудағы рөлі өте маңызды.

Мемлекеттік тапсырыстың негізгі мақсаттары:

• Мемлекеттік материалдық ресурстар резервін жасау және ұстап тұру;

• Елдің қорғаныс қабілеттілігі қауіпсіздігін қажетті деңгейде ұстау;

• Елдің халықаралық экономикалық міндеттемелерін орындау үшін экспорттық өнімдер жеткізуді қамтамасыз ету;

• Мемлекеттік мақсатты бағдарламаларды жүзеге асыру.

Мемлекеттік қажеттіліктерді қамтамасыз ету мақсатында тауар жеткізілімдерін ұйымдастыру үшін Қазақстан үкіметі мемлекеттік тапсырыс берушілер тізімін бекітеді.

Мемлекеттік тапсырыс берушінің негізгі функцияларының бірі өнім жеткізушілерді таңдау, яғни мемлекеттік тапсырысты жеткізушілер арасында орналастыру болып табылады. Ережелерге сәйкес мемлекеттік тапсырыс бәсекелік негізінде жүзеге асырылады. Ашық бәсекеде жеңіске жеткен өнімді (жұмысты, қызмет көрсетуді) жеткізушімен (атқарушымен) тапсырыс беруші мемлекеттік келісімшарт жасайды.

Мемлекеттік келісімшарт мемлекеттің қажеттіліктері үшін өнім жеткізуші мен мемлекеттік тапсырыс берушінің құқықтары мен міндеттерін анықтайтын негізгі құжат болып табылады. Мемлекеттік келісімшартта мыналар көрсетіледі:

• Өнім (жұмыс, қызмет көрсету) жеткізу көлемі, тізбесі және үлес салмағы;

• Өнім (жұмыс, қызмет көрсету) сапасына қойылатын талаптар;

• Өнімді жеткізу мерзімі;

• Тауар бағалары және оларды өзгерту шарттары;

• Жеткізушіге берілетін мемлекеттік келісімшартты атқару үшін қажетті қаржылық ресурстардың көлемі.

Индикативтік жоспарлау рыноктық экономиканы мемлекеттік реттеу формасы болып табылады. Директивтік жоспарлау жағдайында ел экономикасын дамыту жоспары заң күшіне еніп экономиканың барлық буындары үшін міндетті болса, индикативтік жоспарлауға ұлттық шаруашылық-дам-

уына бағдар, бағыт беру және соған жұмылдыру тән болып келеді. Бұл жағдайда жекелеген шаруашылық жүргізуші субъектілер жалпыұлттық мүдделерге сай жоспарлар мен жобаларды атқаруға ұсыныстар мен кепілдіктер алады.

Индикативтік жоспарлау – экономиканы басқарудың мемлекеттік және мемлекеттік емес шаруашылық жүргізуші субъектілерінің мүдделері мен іс-әрекетін үйлестіруші механизм болып табылады. Экономиканы мемлекеттік реттеудің аталмыш формасы әлеуметтік-экономикалық дамудың көрсеткіштер (индикаторлар) жүйесін талдап жасауға негізделіп, мемлекеттік реттеуді рыноктың өзін-өзі реттеу қызметімен ұштастырып, байланыстырады. Индикативтік жоспарлауда жалпыұлттық басымдықтар жүйесі анықталып, зерделенеді.

Индикативтік жоспарлаудың ерекшелігі жекеменшік сектор өніміне сұранысты ынталандыру немесе шектеу негізінде ықпал ету арқылы реттеуде көрінеді.

Әлеуметтік-экономикалық дамудың индикаторы ретінде экономиканың динамикасы, құрылымы және тиімділігі, қаржы, ақша айналымы, бағалы қағаздар мен тауар рыногы, бағалар қозғалысы, жұмыспен қамту, халықтың өмір сүру деңгейі т.с.с. көрсеткіштер пайдаланылады.

Стратегиялық жоспарлаудың мемлекеттік реттеу формасы ретіндегі мәні ұлттық экономика дамуының басты басымдықтарын сараптау негізінде таңдау болып табылады.

Таңдалған басымдықтарды жүзеге асыру жөніндегі жетекші рөлді мемлекеттің өзі атқарады. Стратегиялық жоспарлаудың көмегімен қоғамның алдағы даму бағыттары айқындалады.

«Қазақстан – 2030» даму стратегиясы бойынша ол, әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіне интеграцияланған, әлеуметтік бағдарланған рыноктық экономикасы бар құқықтық мемлекет қалыптастыру екендігі белгілі. Бұл стратегияның жетекші критерийі ағымдағы пайда көздері емес, тиімді стратегиялық даму мүмкіндіктерін толық пайдалану болып табылады.

Қазақстан Республикасының стратегиялық дамуын анықтайтын ең маңызды басымдықтардың қатарына мыналар жатады:

- Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- Ішкі саяси тұрақтылық және қоғамның нығаюы;
- Шетелдік инвестициялар мен ішкі жинақтар жоғары деңгейлі ашық рыноктық экономикаға негізделген экономикалық өсу;
- Қазақстан азаматтарының жоғары әлеуметтік деңгейін (денсаулық, білім беру және әл-ауқаттылық) қамтамасыз ету;
- Энергетикалық ресурстармен қамтамасыз ету деңгейін жоғарылату;

- Инфрақұрылымды, әсіресе көлік пен байланысты дамыту;
- Мемлекеттік органдар қызметінің кәсібилігін арттыру.

Бағдарламада елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының мақсатқа сай кешенді бағдар-бағыттары көрсетіледі. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді перспективасы келесі көрсеткіштерді қамтуы тиіс:

- Қазақстанның өткен кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық дамуы қорытындыларын сараптау;

- Қазақстанның орта мерзімді перспективада әлеуметтік-экономикалық дамуы бағдарламасының концепциясы;

- Макроэкономикалық саясат;

- Институционалдық жаңғыртулар;

- Инвестициялық және құрылымдық саясат;

- Аграрлық саясат;

- Экологиялық саясат;

- Әлеуметтік саясат;

- Өңірлік саясат;

- Сыртқы экономикалық саясат;

- Орта мерзімді кезеңге арналған мемлекеттік мақсатты бағдарламалар тізбесі, атқаруға қабылданған мақсатты бағдарламалардың негізгі міндеттері, атқарылу мерзімдері, бекітілген уақыты және мемлекеттік тапсырыс берушілер.

Мақсатты бағдарламаларды қолдану ресурстарды шоғырландыруды, түпкі нәтижелер мен қажеттіліктерге жетуді қамтамасыз етеді.

Бағдарлама ұдайы өндіріс үдерісіне әсер етудің салыстырмалы қатаң формасы болып табылады, сондықтан реттеудің бұл формасы мемлекеттік реттеудің басқа формалары қажетті нәтижелер бермеген жағдайларда қолданылады.

Қазақстандық жағдайларда өңірлік даму бағдарламаларын талдап жасау ерекше өзекті болып табылады. Сондықтан ҚР үкіметі өңірлік әкімдіктермен бірлесе отырып, келесі мәселелерді шешеді:

- Өңірлік дағдарыстық жағдайларды жою үшін нұсқаулық ұсыныстарды әзірлейді және ірі салааралық мәселелерді шешу жолдарын қарастырады;

- Аумақтық диспропорциялық қиыншылықтарды еңсеру және күйзелісті аймақтардың жағдайын жақсарту бойынша шаралар жүйесін белгілейді;

- Ұзақ мерзімді аумақтық әлеуметтік-экономикалық даму концепциясының бөлімдерін қалыптастырады, сондай-ақ өңіраралық мақсатты бағдарламалар әзірлейді.

Экономиканы мемлекеттік реттеудің маңызды формасы болжау болып табылады. Мемлекеттік болжау дегеніміз елдің

әлеуметтік-экономикалық дамуының қайсыбір бағыттары туралы ғылыми негізделген түсініктер жүйесі.

Әлеуметтік-экономикалық үдерістерді басқару ісінде болжамдардың рөлі өте маңызды. Мұның өзі едәуір қиыншылықтары бар мәселе және, әсіресе, қазіргі жағдайларға сәйкес күрделене түскен жайы бар. Бүгінгі таңда қоғамдық болмыстың барлық формалары және олардың өзара әрекеті шиеленісті болып отыр. Ғылымның, техниканың, әлеуметтік жағдайлардың, жалпы әлемдік шаруашылықтың өзара байланысы мен өзара тәуелділігі күшейе түсті. Сондықтан көптеген объективті және субъективті фактордың өзара әрекетін есепке ала отырып, шын мәнінде қоғамдық дамудың элементі ретіндегі болжаудың ғылымилығы мен шынайылығына қол жеткізу өзекті мәселеге айналды.

Болжаудың негізгі функциясы рыноктық экономика жағдайында басқару шешімдерін қабылдау үшін ғылыми алғышарттарды қалыптастыру болып табылады.

Сонда ғана болжаудың мақсаты әлеуметтік-экономикалық дамудың ғылыми алғышарттарын зерделеп жасау бағытындағы іс-әрекеттер жиынтығы болмақ. Соның ішінде: 1) экономикалық даму үрдістерін ғылыми сараптау; 2) қоғамдық ұдайы өндірістің болашақтағы дамуының нұсқаларын зерделеу; 3) қабылданатын шешімдердің ықтимал салдарын бағалау; 4) басқару шешімдерін қабылдау үшін әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық даму бағыттарын негіздеу.

Болжамдар ішкі және сыртқы саяси, экономикалық, табиғи т.б. факторлардың ықтимал әсерін ескеру үшін бірнеше нұсқаларда талдап, жасалынады. Олар макроэкономикалық дамудың сандық және сапалық көрсеткіштерін, экономикалық құрылымын, ғылыми-техникалық және инновациялық дамуды, сыртқы-экономикалық қызметті, өндіріс және тұтынудың динамикасын, өмір сүру деңгейі мен сапасын, экология жағдайын, әлеуметтік құрылымды, сондай-ақ білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау мәселелерін қамтиды.

Әлеуметтік-экономикалық болжаудың әдіснамалық және әдістемелік мәселелерін үкімет жүктеген ұйымдар мен ғылыми-зерттеу мекемелері талдап, жасап ұсынады.

§2. Экономиканы мемлекеттік реттеу әдістері

Мемлекеттің экономикалық үдерістерге әсері рыноктық өзін-өзі реттеуді мемлекеттік реттегіштермен үйлестіре қолдану арқылы жүзеге асады.

Экономиканы мемлекеттік реттеу барысында жалпы, жекеленген және арнайы әдістер қолданылады.

Жалпы әдістер қатарына, мұны реттеу әдіснамасы деуге де болады, таным әдістері, жүйелілік әдісі, қоғамдық ұдайы өндіріс теориясы т.б. кіреді.

Макроэкономикалық үдерістерді зерттеу әдіснамасы, әлеуметтік-экономикалық құбылыстардағы қайсыбір оқиғалардың дамуын болжау сандық және сапалық сараптау әдістеріне, сондай-ақ жүйеленген кешенді тәсілдерге негізделеді.

Әдіснаманы қолдану арқылы туындайтын қорытындылардың ғылыми негізділігінің қажетті алғышарты объективті экономикалық заңдарды және олардың өрекет ету механизмін терең түсінуде ғана емес, сонымен бірге олардың шынайылығын практика жүзінде тексеру болса керек.

Экономиканы мемлекеттік реттеудің жекелеген әдістеріне статистикалық, экономикалық-математикалық т.б. әдістер жа-тады.

Көптүрлі статистикалық әдістердің ішінде реттеу ісіне қолдануға қолайлы келесі әдістерді атап көрсетуге болады.

Олар:

- Экстраполяция әдісі;
- Экономикалық топтастыру әдісі;
- Индекстік әдіс;
- Бюджеттік әдіс.

Экстраполяция әдісі негізінен бастапқы болжамдарды, бағдарламаларды басты бағыттар жобасын талдап жасау кезінде қолдануға қолайлы. Бұл әдістің дәлдігі қолдану кезеңі кеміген сайын арта түседі.

Экономикалық топтастыру әдісі мемлекеттік реттеуде кеңінен пайдаланылады. Топтастыру әдісін қолдану нәтижесінде өзінің құрамы бойынша күрделі жиынтықтарды қайсыбір біртекті белгісі бойынша топтарға бөліп қарастыруға мүмкіндіктер туғызады. Сараптау, ең алдымен ортақ белгі бойынша топтастырылған құрылымдық, динамикалық және құрылымдық-динамикалық топтастыру көмегімен жүзеге асырылады. Айталық, халықтың өмір сүру деңгейін сипаттау үшін жан басына шаққандағы ақшалай табысы, жан басына шаққандағы күнкөріс минимумы, бір мың адамға шаққандағы аурухана төсектері т.б. алынады.

Бюджеттік әдіс мемлекеттік статистикалық органдар жүргізетін халықтың өмір сүру деңгейін статистикалық бақылау әдісі болып табылады. Зерттеу материалдары тұрғындарды материалдық әл-ауқаттылығы, тұтынуы, ақшалай шығындары бойынша негіздік рөлін атқарады. Олар өртүрлі құрамдағы от-

басылардың тұтыну шығындары құрылымын сипаттау үшін маңызды ақпарат көзі бола отырып, тұрғындарды қолда бар ресурстарының деңгейі бойынша жіктеуге мүмкіндік береді, сондай-ақ үй шаруашылығындағы тұтынушылық сұраныс динамикасы өзгерістерін анықтауға көмектеседі. Үй шаруашылығы бюджеттерін зерттеу материалдары тұтынушылық бағалар индексі, ұлттық табысты, халықтың нақты табыстарын есептеуде кеңінен қолданылады.

Экономиканы мемлекеттік реттеудің барлық формаларында ерекше рөл атқаратын арнайы әдістерге баланстық, мақсатты-бағдарламалы және нормативтік әдістер жатады.

Рыноктық қатынастарға өткен кездің өзінде де баланстық әдістер экономикалық дамудың, рыноктық тепе-теңдікке жетудің қажетті сапалық сипатының көрсеткіші болып қала береді. Балансталған экономика жағдайында жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныс негізгі өндірістік қорлар мен жұмысшы күші, материалдық-заттық және қаржылық ағындар арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізіледі.

Егер жоспарлы экономикада баланстық әдіс халық шаруашылығы пропорцияларын анықтаудың ең маңызды әдісі болса, рыноктық экономика субъектілеріне өндіріс, жеткізу, тұтыну шектері т.б. көрсеткіштер бойынша ешкім де тапсырма бермейді.

Дегенмен, қазіргі кезде де баланстық мәселелердің мазмұны өзгере қойған жоқ. Тек олардың механизмдері және нақты шешу әдістері ғана өзгерістерге ұшырады. Айталық, материалдық баланстардың функциялары өзгеріп, олар тауар рыногындағы тепе-теңдікті сараптау және болжау құралына айналды.

Ал еңбек ресурстары балансы болса жұмыссыздық және еңбек рыногын болжау құралы болып отырған жайы бар.

Бүгінгі жағдайларда салааралық баланстардың мәліметтері экономиканың салалық құрылымы туралы болжамдарды талдап жасауға көмектесетіндігі айшықтала түсуде.

Бұл баланстар, мысалы, экономиканың қуат көздерінің немесе қуат көздеріне бағаның өзгеруіне тәуелділігі сияқты жекелеген факторлардың рөлін анықтайды. Рыноктық жағдайларда өнімнің шектеулі тізбесі бойынша материалдық баланстарды талдап жасау да қажетті шаралар қатарына жатады. Мысалы, мұнай өнімдерінің қандай бөлігін экспортқа, қанша бөлігін ішкі қажеттіліктерге пайдалану керектігін анықтайтын баланстардың маңыздылығы дәлелдеуді қажетсінбейді.

Құндық және қаржылық баланстардың да өзектілігі даусыз ақиқатқа айналып отыр.

Мақсатқа бағдарланған әдіс арнайы тәсілдерді талап ететін нақты проблеманың шешімін табу үшін қолданылады. Бұл әдіс

негізделген проблеманы шешуге жан-жақты және кешенді тәсілдерді пайдалануға жол ашады.

Нормативтік әдісті жеке, дербес, сонымен бірге басқа әдістер жиынтығында қолданады. Нормативтік әдіс әртүрлі баланстарды талдап жасау кезінде ресурстар қажеттілігі мен оларды табу мүмкіндіктерін қарастыруда пайдаланылады. Мысалы, айналмалы жабдықтар мен қаражаттар, амортизациялық төлемдер нормативтері мен нормаларын анықтауда аталған әдістің мүмкіншіліктері мейлінше пайдаланылады. Норма дегеніміздің өзі белгілі бір сапалық деңгейдегі өнімнің бірлігін өндіру үшін ресурстардың қоғамдық қажетті шығынын анықтайтын ғылыми негізделген мөлшер (шама) екендігі белгілі.

Рыноктық экономика жағдайында нормативтік әдісті қолдану техникалық-экономикалық нормалар мен нормативтер жүйесін жасаудан экономикалық, әлеуметтік, экологиялық нормативтерді негіздеуге бағытталып отыр.

Экономикалық нормативтер жалпы экономикалық дамуды, сондай-ақ жекелеген әлеуметтік-экономикалық үдерістерді реттегіш болып табылады. Олардың қатарына мыналар жатады:

- Мүлікке, табысқа, тауарлар мен қызмет көрсетулерге салықтар, келендік баждар т.б. түріндегі нормативтер;
- Трансферттер, субсидиялар, бюджетке төлемдер сияқты қаржылық нормативтер;
- Міндетті резервтік нормативтер, есептік қойылым-мөлшер-леме сияқты банктік нормативтер, т.б.

Мемлекеттің әлеуметтік қолдау құралдарына әлеуметтік кепілдіктер, стандарттар, тұтынушылық бюджеттер, еңбекақының ең аз мөлшері т.б. әлеуметтік тұрақтандырушылардың нормативтік шамалары жатады. Әлеуметтік кепілдіктерде мемлекеттің азаматтар алдындағы, сондай-ақ азаматтардың мемлекет алдындағы міндеттері мен жауапкершіліктері заңнамалық негізде белгіленеді. Отбасы мен балаларды, мүгедектер мен қарттарды қолдау, денсаулық сақтау, білім беру және мәдениетке арналған бағдарламаларды дамытуға басымдықтар беріліп, қаражат бөлінеді. Едәуір ақша ресурстары зейнетақы, жұмыспен қамту, әлеуметтік және медициналық сақтандыру сияқты бюджеттен тыс әлеуметтік қорларда шоғырландырылады.

Әлеуметтік стандарттар азаматтардың Конституцияда көрсетілген әлеуметтік кепілдіктер саласындағы құқықтарын қамтамасыз ету құралы болып табылады. Олар, сондай-ақ, қаржылық нормативтерді де анықтау үшін қажет. Мемлекеттік минималды әлеуметтік стандарттар біртұтас құқықтық база және әдістемелік ұстанымдар негізінде талданып жасалады.

Минималды тұтынушылық бюджет экономиканың дағдарысты кезеңінде халықтың кедей топтарын қолдауды жоспарлауға негіз болады және еңбек пен зейнетақының ең аз деңгейін есептеу үшін пайдаланылады. Жоғарылатылған стандарт нұсқасында ол жұмысшы күшін қалыпты ұдайы өндіруді қамтамасыз етсе, төмендетілген стандарт нұсқасында өмір сүру (физиологиялық) минимумы көрсеткіші болып табылады.

Өмір сүру минимумы, немесе минималды табыс әлеуметтік саясаттың маңызды құралдарының бірі. Оның көмегімен халықтың өмір сүру деңгейі бағаланады, табыстары реттеледі, ол әлеуметтік төлемдерді есептеуде ескеріледі. Өмір сүру минимумы дегеніміз экономика дамуының белгілі бір деңгейінде адамдардың денсаулығын сақтауға және өмірі мен қызметіне қажетті ғылыми негізделген азық-түлік, тауарлар мен қызмет көрсетулердің минималды мөлшерін құндық бағалау.

Қазақстан Республикасында өмір сүру минимумын анықтау кезінде «кәрзеңкелік тәсіл» деп аталатын әдіс қолданылады. Тамақтанудың минималды нормалары және азық-түлікке жатпайтын (тұрғын үй, дәрі-дәрмек, киім-кешек т.б.) тауарлар тұтынушылық кәрзеңке негізінде есептеледі. Тұтынушылық кәрзеңке (қапшық) – бұл нақты азық-түлік және басқа тауарлар мен қызмет көрсетулер минимумының жиынтығы. Ал жалақының минималды мөлшері біліктілігі ең төмен, қарапайым еңбек үшін төленетін ақша сомасы болып табылады.

Қазақстан Республикасы өңірлерінің дифференциациясы деңгейінің жоғары болуы, яғни экономикалық және әлеуметтік даму дәрежелерінің әрқилылығы тиімді өңірлік әлеуметтік саясат жүргізуді талап етеді. Өңірлік саясат табиғи-географиялық, ұлттық-мәдени факторлардың өзіндік сипатын, өңірлердің шаруашылық кешендері мен ғылыми-техникалық әлеуетті ерекшеліктерін ескеруі тиіс. Өңірлік әлеуметтік саясаттың мақсаты – әрбір өңірдегі тұрғындардың лайықты әл-ауқаты деңгейін қамтамасыз ету болып табылады.

Мемлекеттің әлеуметтік саясатының басты бағыттарына мыналар жатады.

1. Халықтың өмір сүру деңгейін жоғарылату.
2. Тиімді әлеуметтік қорғау жүйесін қалыптастыру.
3. Еңбек қатынастары мен халықты жұмыспен қамтуды орнықтыру.
4. Миграциялық үдерістерді реттеу.
5. Зейнетақы жүйесін жетілдіру.
6. Денсаулық сақтау және әлеуметтік сақтандыруды қамтамасыз ету.

Экологиялық нормативтер дегеніміз атмосфераға тарайтын зиянды өндіріс қалдықтарының, судың ластануының шекті шоғырлануы шамасы, сондай-ақ жер-су пайдаланудың нормативтері. Адам мен қоршаған ортаның өзара әрекетінің заманауи түсінігі бойынша адамзаттың зияткерлік (интеллектуалдық) мүмкіндіктері қоршаған ортаға зиянды әсерлерді кемітуге бағытталуы тиіс. Экологиялық-экономикалық тепеңдікті бұзудың мысалдарына өндірістік факторлардың әсерімен байланысты қоршаған ортаның ластана түсуі, тиімсіз пайдалану себебінен табиғи-ресурстық әлеуеттің кемуі, тұрғындар ішіндегі аурулардың көбеюі мен өмір сүру мерзімінің қысқаруы жатады. Табиғатты қорғау және оны қалпына келтіру, сондай-ақ жағымсыз жағдайлардың алдын алу қазіргі экономиканы мемлекеттік реттеудің негізгі талаптарының бірі ретінде саналады. Бұл талаптарды жүзеге асыруда экологиялық нормативтер үлкен рөл атқарады. Экологиялық нормативтер дегеніміз табиғатты өзгертудің шекті шамалары. Мұндай нормативтерді мемлекеттің өкілетті органдары белгілейді.

Нормативтер жүйесіне ресурстар шығынының үлес салмағы (шикізат, жанармай, электр қуаты); күрделі қаржының үлес салмағы; амортизациялық төлемдер; қорлар үшін төлемдер және т.б. кіреді.

Экономикалық өсу бойынша мемлекеттік саясатты жүргізу егер оның экологияға оңды әсері болмаса тиімсіз деп танылады, сондықтан экономиканың қоршаған ортаға әсері макроэкономикалық және микроэкономикалық деңгейлерде қарастырылады.

Мемлекеттік реттеу әдістерінің басқаша жіктелуі әлеуметтік-экономикалық үдерістерге әртүрлі шаралардың ықпалы шеңберінде анықталады. Бұл жағдайда мемлекет экономикаға тікелей және жанама әсер ету әдістерін (шараларын) қолданады.

Мемлекеттің экономикаға тікелей әсер ету әдістеріне келесі шаралар жиынтығын жатқызуға болады. Олар:

- Экономика дамуының стратегиялық мақсаттарын анықтау және оларды индикативтік жоспарларда, мақсатты бағдарламаларда көрсету;

- Мемлекеттік тапсырыстар және белгілі бір өнім түрлерін жеткізуге, жұмыстарды атқаруға, қызмет көрсетуге келісімшарттар жасау;

- Бағдарламаларға, тапсырыстарға және келісімшарттарға мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру;

- Технологиялар және өнімдердің сапасы мен сертификациясына нормативтік талаптар;

• Құқықтық және әкімшілік шектеулер және белгілі бір өнімдерді шығаруға тыйым салу және т.б.;

• Тауарлардың экспорты және импорты бойынша операцияларды лицензиялау, яғни сыртқы сауда операцияларын қалағалау.

Экономикалық үдерістерді мемлекеттік реттеудің жаңаша әдістері негізінен тауар-ақша тетіктеріне сүйенеді де, рыноктық шаруашылықтағы «ойын ережелерін» шаруашылық жүргізуші субъектілердің экономикалық мүдделеріне өсер ету арқылы жүзеге асырады. Оларға мыналар жатады:

• Салық салу, салықтың деңгейі және салықтық жеңілдіктер жүйесі;

• Бағаларды реттеу, олардың деңгейлері мен арақатынастарын анықтау;

• Ресурстар үшін төлемдер, кредит үшін пайыздық қойылымдар және кредиттік жеңілдіктер;

• Экспорт және импортты кедендік реттеу, валюта бағамдары және валюта айырбастау шарттары.

Экономиканы мемлекеттік реттеудің тікелей әдістері қосымша материалдық ынталандыруды немесе қаржылық шығын шығару талаптарымен байланысты емес, олар мемлекеттік биліктің беделі мен күшіне негізделеді. Ал жанама реттеуші әдістерді қолдану сферасы рыноктық экономика дамыған сайын кеңейе береді де, үдемелі ұдайы өндіріс үдерістеріне мемлекеттің тікелей араласуы мүмкіндіктерін шектей түсетін болады.

Тікелей және жанама өсер ету әдістері көбінесе өзара «кірігіп» қолданылатындықтан, оларды пайдалану шектері де шартты сипатта болады. Өтпелі экономиканың аралас экономикаға жалғасуы жағдайында әкімшілік және экономикалық әдістердің арақатысы ғана өзгермейді, сонымен бірге нақты әдістердің міндеттері мен мазмұны да өзгерістерге ұшырайды.

Экономикасы дамыған елдерде реттеудің жоспарлы құралдары дамудың стратегиялық мақсаттарын анықтауда, басым мәселелерді ерекшелеуде едәуір рөл атқарады. Сондықтан, нақты экономикалық іс-әрекетті қалыптастырушы жоспарлы реттегіштердің де, сондай-ақ көптеген өндірушілер мен тұтынушылардың өзара іс-қимылдарының нәтижесі ретінде объективті түрде қызмет атқаратын рыноктық реттегіштердің де экономикаға мемлекеттік өсер етуші маңызды құралдар екендігінде ешқандай күмән жоқ. Мәселе, мемлекеттік реттеудің әдіснамасын, әдістерін мейлінше шығармашылықпен қолданып, олардың экономикаға оңды өсерін арттыра түсуде болса керек.

§3. Мемлекеттік басқару және мемлекеттік реттеу

Аралас экономикада экономикалық ресурстарды, объектілерді, үдерістерді басқаруға арналған ғылыми еңбектер мен оқулықтарда «мемлекеттік басқару» және «мемлекеттік реттеу» терминдері тұрақты түрде кездеседі және кеңінен қолданылады. Басқаруға арналған дерек көздерінде «реттеу» сөзі көп жағдайларда экономиканы мемлекеттік реттеумен байланыстырылады. Ал «басқару» термині тек қана экономикалық емес, сонымен бірге саяси және әлеуметтік сфераларда қолданыла береді.

Ғылыми дерек көздерінде де, сөздіктерде де «басқару» және «реттеу» түсініктерінің мағыналық айырмашылықтары туралы сенімді түсіндірмелер жоқтың қасы.

«Мемлекеттік реттеу» сөз тіркесінің мәнінде өткен кездегі социалистік басқару мен капиталистік реттеу арасындағы кенестік экономикалық ғылым «мөрлеген» қағидатты дейтін айырмашылықтың табы қалғандай көрінеді.

Қазақстан экономикасының рыноктық формалар мен шаруашылық жүргізу әдістеріне көшуінен болар, енді мемлекеттік басқарудың барлық түрлеріне, функцияларына, үдерістеріне қатысты «экономиканы мемлекеттік реттеу» сөз тіркесін батыл қолданатын болдық. Жекелеген жағдайларда «экономиканы мемлекеттік басқару» деп те айтады, өйткені жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда, бағдарламаларда «мемлекеттік және муниципалдық басқару» сөз тіркесі әлі де қолданылады.

«Басқару» және «реттеу» түсініктерін шартты түрде экономикалық объектілерге қатысты синонимдер деп қарастыруға да болар еді. Дегенмен, бұл мән-мәнісі бойынша бір-біріне жақын түсініктердің экономикалық үдерістерге қатысты айырмашылықтары табиғатын ашып көрсету қажет деп санаймыз.

Біздің ойымызша «басқару» категориясы «реттеу» категориясына қарағанда жалпы сипаттағы түсінік және реттеу – басқарудың құрамдас бөлігі. Басқаша айтқанда, реттеу – басқарудың жекелеген көрінісі.

Мұндай келісте реттеу басқару функцияларының бір бөлігінің ғана рөлін атқарады, сөйтіп басқару функцияларын толықтырады. Олар: жоспарлау, бағдарлау, ұйымдастыру, есептеу, бақылау т.б.

«Экономиканы мемлекеттік басқару» және «экономиканы мемлекеттік реттеу» түсініктерін ерекшелеу үшін реттеуді басқарудың басқа түрлерінен, функциялары мен әдістерінен ажыратып алу керек. Егер басқару дегеніміз субъектінің (белсенді тарап) мақсаты объекті (енжар тарап) іс-әрекетін субъектіге

керекті арнаға бағыттау болса, реттеу басқару бағыт беретін экономикалық объекті қызметін түзетуді, дәлдеуді, икемдеуді, үйлестіруді жүзеге асырады. Басқаша айтқанда, басқару толықтай қозғалыс, даму траекториясын анықтайды, ал реттеу тірек жоспар, бағдарлама траекториясын қалыптасқан жағдайларға, қосымша талаптарға, ерекше мемлекеттік мүдделерге сәйкес түзетеді, өзгертеді және дәлдейді.

Басқару функциялары – мақсатты анықтау, сараптау, болжау, жоспарлау, бағдарлама түзу, ұйымдастыру, ынталандыру, түзету, есептеу, бақылау қызметтері болып табылады.

Басқару функцияларының осы тізбегінен реттеуге белгілі бір дәрежеде сараптау, болжау, жоспарлау (индикативті), ынталандыру, түзету, бақылау жатады. Басқару өкімшілік-нұсқаулық, экономикалық, моральдық-психологиялық әсер ету әдістеріне, яғни басқарудың бүкіл түрлері қатарын жинақтап қолданады. Мемлекеттік реттеу негізінен экономикалық әдістерге, ынталандыру және шектеу сипатындағы механизмдер арқылы рыноктың стихиялығы, монополизмге ұмтылысы сияқты белгілерін жоюға немесе әлсіретуге бағытталады. Мемлекеттік реттеу, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектілердің елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басты мақсаттарына сәйкестігін, аймақтар мен салалардың экономикалық әлеуетті тиімді пайдалану, табиғи ресурстарды, қоршаған ортаны қорғау міндеттерін тиімді ұйымдастыру істеріне назар аударады.

«Мемлекеттік реттеу» сөз тіркесі мағынасына оның объектіні сыртқы басқаруы түсінігі дәлірек келеді, яғни мемлекеттік реттеу ішкі басқаруды, өзін-өзі басқаруды толықтырады. Экономикалық объектілердің өзіндік, ішкі басқару жүйесі бар. Бірақ мұндай жүйелер басқару функциялары кешенін толыққанды жүзеге асыруға қабілетті емес, олар басқару әрекеттерін жеке мүдделеріне сай ынғайластырады, сөйтіп жоғары сатылы мүдделерге келергі келтіруі мүмкін.

Сондықтан бұл объектілердегі өзін-өзі басқару, сыртқы, мемлекеттік реттеумен толықтырылады. Оны мемлекеттік аппарат жүзеге асырады.

Мұндай реттеу нормалар, ережелер, шектеулер, тыйымдар түрінде мемлекеттік басқару органдарының заңдар, нұсқаулықтар, жөн-жобалар сияқты формаларында көрініс табады. Мемлекеттік реттеу рыноктық механизмнің қажетсіз әрекеттерін шектейді, оларға мемлекеттік тұрғыдан бағдар береді. Бейнелеп айтқанда, мемлекет реттеу арқылы шаруашылық механизмін елге қажетті әуенге қарай жетелеуге болады.

Жекелеген авторлар реттеуді өртүрлі экономикалық ресурстарды бөлуге балайды. Бірақ, шынтуайтында, экономикалық

үдерісті мемлекеттік реттеу өндіріс, бөлу айналым, тауарлар мен қызмет көрсетулерді тұтыну мәселелерін қамтиды.

Экономикалық теорияда «автоматтандырылған тұрақтандырығыштар» деп аталатын экономикалық реттегіштер туралы айтылады. Оларға табыс салығының прогрессивті қойылымдары негізіндегі табысты шамадан тыс артық алу, табыс деңгейіндегі шектен шығулар (әлеуметтік топтар арасында), азаматтардың әртүрлі категориялары табыстарын қадағалау сияқты әрекеттер жатады. Бұл жағдайда прогрессивті салық табыстарға, жинақтарға, капиталдың қорлануына түзетушілік әсер ететіндіктен мемлекеттік реттеу құралы рөлін атқарады. Сондай-ақ өндірістік құрылымдар пайдасының бір бөлігіне жеңілдікті салық салу өндірісті тікелей инвестициялауды өсіріп, мемлекеттік реттеу арқылы өнеркәсіптің өрлеуіне мүмкіндіктер береді.

Мемлекеттік реттеуді мемлекеттік басқарудың ерекше бөлімі ретінде қарастыру басқару объектісін құрайтын мүлікке меншік қатынастарының сипатында болса керек. Егер бұл мүлік мемлекеттік меншік, яғни мемлекет иелік ететін мүлік болса, онда ол оны басқарады, толықтай иемденеді. Ал егер мүлік мемлекеттік емес, басқа меншік иесінің қарамағында болса, онда мемлекет оны толықтай иемдене алмайды, бірақ қоғам атынан мүлікті пайдалану жөніндегі үдерістер мен қатынастарды реттеуге хақылы. Мемлекеттік реттеу шектеулі басқару, ол өзінің іс-әрекетін меншік құқығына байланыссыз, басқару функциясының бір бөлімі ретінде, мемлекеттің ерекше рөлін анықтайтын заң шығарушы, бақылаушы, қадағалаушы қоғамдық мүдделер өкілі болып табылады.

Жинақтай қорытсақ, экономиканы мемлекеттік реттеу экономикалық объектілерді басқару формасы. Ол мемлекеттік органдардың экономикалық үдерістерге түзету әрекетін жүзеге асыру үшін және оларды бағыттау, орнықтыру, қолдау мақсатында әртүрлі әсер ету механизмдерін пайдаланады.

Мемлекеттік реттеу мен мемлекеттік басқару арасында ерекшеліктердің болуы мемлекеттік реттеуді әрқашан-ақ басқарудың басқа түрлері мен функцияларынан бөліп қарастыру дегенді білдірмейді. Мәселе мемлекеттік басқарудың институттары мен құралдары жарым-жартылай экономиканы мемлекеттік реттеуге жатады, соның өзінде де олар тікелей басқару құралдары болып қала береді.

Мысалы, мемлекеттің салық төлеушілерден салықтар мен салықтық төлемдерді алуы мәжбүрлеу формасындағы тікелей мемлекеттік басқару болып табылады. Соның өзінде мемлекет салық түрлерін, салықтық қойылымдарды, салық салу базасын, салық салу көздерін өзгерту формасында салықтық реттеуді

жүзеге асырады. Өкілетті мемлекеттік органдар жалға беруде жалға беру ақысын алуды басқару ісін өз құзырында қалдырады да, жалға беру келісіміндегі шарттарды пайдалану арқылы мемлекеттік мүлікті басқарудан реттеуге көшеді.

«Мемлекеттік басқару» және «мемлекеттік реттеу» түсініктерінің сәйкессіздігінің күнделікті қолданыста ұстанымдық сипаттағы айырмашылығы жоқ.

Түпкі нәтижеде, мәселе басқару түрін қалай атауда емес, оның нақты мақсаттары, міндеттері, шарттарын іс-тәжірибеде қолдану тиімділігінде болса керек.

Ізденіс сұрақтары:

1. Экономиканы мемлекеттік реттеудің (ЭМР) негізгі формалары.
2. Рыноктық экономика жағдайында мемлекеттік реттеудің өкімшілік әдістері және олардың мәні.
3. Әлеуметтік нормативтер және олардың ЭМР-дегі рөлі.
4. Мақсатты бағдарламалар жіктемесі.
5. Индикативті жоспарлау мен директивті жоспарлаудың ерекшеліктері.
6. Мемлекеттік басқару және реттеудің бірлігі мен айырмашылықтары.

III тарау

ӨСУДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ ТҰРАҚТАНДЫРУШЫ МЕМЛЕКЕТТІК ШАРАЛАР ЖҮЙЕСІ

§1. Экономикалық өсудің негізгі факторлары және құралдары

Экономикалық өсудің негізгі мақсаты ұлттық шаруашылық қызметінің жағдайы мен сапасын қолайлы өзгерту, жақсарту және жоғарылату екендігі белгілі мәселе. Бұл үшін өндіріс тиімділігінің көрсеткіштері мен сапалық дәрежесі өлемдік деңгейлерге ұмтылуы тиіс. Ал бұл болса халықтың әл-ауқатын арттыру, оның табысы мен тұтынушылық деңгейін жоғарылатудың бірден-бір кепілі болып табылады.

Кез келген әлеуметтік-экономикалық жүйенің өміршеңдігі өндіріс және тұтыну құрылымына, ресурстық қамтамасыздандырылуына, іс-әрекет нәтижелілігіне байланысты.

Егер мемлекеттің негізгі мақсаты халықтың әл-ауқатының өсуіне қол жеткізу болса, экономиканы мемлекеттік реттеудің мақсаты тиімді экономикалық өсуге жетудің алғышарттарын жасап, соның негізінде елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы деңгейін жоғарылату болып табылады.

Экономикалық өсу деп жалпы ұлттық өнім, жалпы жиынтық өнім, ұлттық табыс, жалпы ішкі өнім т.б. сияқты макроэкономикалық көрсеткіштер динамикасының өзгерістері арқылы сипатталатын ұлттық шаруашылық дамуындағы оңды қозғалысты айтамыз.

«Экономикалық өсу» негізінен сандық сипаттағы категория болып табылады. Бұл категорияның сандық мәні ретінде пайыздық өлшемдегі өсу қарқыны және жалпы ішкі өнімнің немесе ұлттық табыстың өткен жылғы салыстырмалы көрсеткіштері алынады.

Ал «экономикалық даму» болса ел экономикасын негізінен сапалық тұрғыдан сипаттап, оны жан басына шаққандағы ұлттық табыс өндірісімен анықтайды.

Экономикалық өсу қарқыны ұлттық экономиканың динамикасын, оның салалық және аумақтық құрылымдарын сараптау үшін пайдаланылады. Экономикалық өсу экономикалық факторлармен қатар экономикалық емес факторлар әрекетінің нәтижесі болып табылады. Экономикалық емес факторларға әскери-саяси, географиялық-климаттық, ұлттық-демографиялық, мәдени және т.б. факторлар жатады.

Қандай болмасын экономикалық емес фактордың әсері әртүрлі болып келеді және уақыт бойынша өзгерістерге ұшырайды. Айталық, климатқа, географияға байланысты экономикалық емес факторлардың әсері ХХ ғасырда едәуір кеміген болса, әскери-саяси және ұлттық факторлардың әсері арта түсті. Мұндағы анығы экономикалық емес факторлардың әсері тек қана теріс мәнге ие болып қоймайды, олар өндіріс тиімділігін жоғарылататын оңды әсерлер де болуы мүмкін. Дегенмен, экономикалық өсу факторларын таза экономикалық және экономикалық емес факторларға бөліп қарастыру шартты нәрсе және оның өзін сандық жағынан ажырату оңай емес. Кез келген экономикалық өсу факторы ішінде экономикалық емес фактор жүреді және керісінше де бола береді.

Өткен ғасырдың 80-жылдары шетелдік және кеңестік экономикалық әдебиеттерде экономикалық өсудің көп факторлы модельдері молынан пайда бола бастады.

Көпфакторлы модельдер авторларының басым көпшілігі экономикалық өсуге сапалық факторлар әсерінің сандық өлшемін беруге ұмтылады.

Экономикалық өсуді анықтайтын шығынды сипаттағы барлық факторлардың аражігін тәптіштей ашып, нәтижесінде олар экономикалық өсу тиімділігі деп бағаланатын «қалдық» санын шығарады.

Дегенмен, экономикалық өсуді еңбек және капитал арқылы немесе материалдық өндірісте қамтылғандардың еңбек өнімділігі арқылы дәстүрлі сараптаудың өзі осы екі фактордың әрқайсысының ұлттық табыс өсімділігі «салмағын» сандық тұрғыдан анықтау кезінде қиыншылықтар кездеседі. Мұның өзі өндірілген ұлттық табыс, жұмысшы күші және өндіріс құрал-жабдықтары өзара әрекетінің аса күрделі екендігінің белгісі болса керек. Сондықтан әрбір факторды жекелей отырып, оның маңыздылығын сандық тұрғыдан анықтау шартты сипатта жүретіндігі де құпия емес.

Қоғамдық өндірістің дамуы және әлеуметтік прогресс экономикалық өсудің жекелеген факторларының мән-маңызын өзгерістерге ұшыратады. Өнеркәсіп өндірісінің дамуы мен экономикалық өсуге әсер еткен, сонымен бірге атқарған рөлі мен алған орны бойынша басым сипатқа ие болған факторлар тарихын үш кезеңге бөліп қарастыруға болады.

Сонымен тарихи ұзақ мерзім бойына экономикалық өсуді қамтамасыздандыруда шешуші рөлді табиғи факторлар – шикізаттар, еңбек ресурстарының сандық параметрлері атқарды. Тек XVIII ғасырдың соңына қарай негізгі бағыт техникалық прогреске қарай ауыса бастады. Нәтижесінде экономикалық өсуге «технократтық» көзқарас қалыптасып, күшейе түсті.

Алайда, XX ғасырдың соңына қарай жағдай тағы да сапалық өзгерістерге ұшырай бастады. Ғылыми-техникалық прогрестің өзі де, сондай-ақ дамудың постиндустриалдық кезеңіне аяқ басқан елдердің экономикалық өсуі де адам капиталы деп аталатын өзара байланысты факторлар кешенімен анықталатын болды. Бұл, әрине, ФТП-ның орасан зор рөлін кемітпейді, бірақ экономикалық өсуді таза «технократтық» түсінік ретінде де қалдырмайды. Шаруашылық жүргізу мәдениетін қабылдаған Батыстың да, Шығыстың да дамыған елдерінде экономикалық өсу динамикасының қарқындылығы мен тұрақтылығы мейлінше анық байқалады.

Тек қана адамға тән функция – басқару функциясының қазіргі экономикалық өсудегі маңызы күшейе түсуде. Білімпаздық негізінде басқару ғылыми-танымдық прогресс жетістіктерін адами қабілеттермен ұштастыра отырып тиімділікті

арттыруға мол мүмкіндіктер береді. ФТП және тиімді басқару қазіргі экономикалық прогрестің шешуші факторлары екендігін түсініп, қолдана берілген Жапон елі тарихи қысқа мерзім ішінде экономикалық даму деңгейі бойынша әлемдік лидерлер қатарынан орын алды.

Белсенді әлеуметтік саясат жүргізу экономикалық мәселелерді ойдағыдай шешудің маңызды алғышарты болып табылады.

Әлеуметтік саясаттың көптеген аспектілерінің өзектілігін мойындай отырып, соның ішінде халықтың еңбек белсенділігін және еңбекке деген мүдделігін арттыру, жұмыспен қамтуды тиімді ұйымдастыру, рыноктық жағдайда орын алатын әлеуметтік олқылықтарды азайту мәселелеріне бірінші кезекте назар аудару қажеттілігін айту керек.

Экономикалық өсудің сипатына сәйкес экстенсивті және интенсивті факторларды бөліп қарастыруға болады. Аята кететін бір жайт экономикалық дамудың аталған факторлары қазіргі кезде таза түрінде кездесе қоймайды. Дегенмен, экономикалық өсудің экстенсивті типі факторлардың сапалық жағынан өзгермей сандық тұрғыдан өсуін көрсетсе, өсудің интенсивті типі өндіріс құрал-жабдықтары мен жұмысшы күшінің сапалық дамуын айғақтайды және сонысымен өндіріс факторларының тиімділігін жоғарылатады.

Экономикалық өсудің сыртқы және ішкі факторларына келетін болсақ, онда көмірсутек шикізаттарына (мұнай, газ және т.б.) әлемдік бағалардың өсуі мемлекеттік бюджет табыстарын арттырып, экономикалық өсуді қамтамасыз етеді. Бірақ бұл сыртқы, конъюнктуралық фактор болып табылады.

Экономикалық өсу негізінен ішкі факторлармен анықталуы тиіс. Олар: еңбек өнімділігін арттыру, өндіріс шығындарын кеміту, жалпы айтқанда, экономиканың нақты секторының пайдалылығын жоғарылату. Бұл бағытта ҚР үкіметі бірқатар ірі жобаларды жүзеге асыру мақсатында кластерлік жүйелер жасап, технопарктер құрып едәуір жетістіктерге қол жеткізіп отырғанын айта кету керек.

Әлемдегі ешқандай ел экономикалық дағдарыстан шығу, экономикалық мешеуліктен арылу, халықтың табысы мен тұтынуын арттыру, ұлттық валютаны тұрақтандыру үшін тиімді экономикалық өсу саясатын жүргізуден басқа жол тапқан жоқ.

Жаңа индустриалды елдер мен Қытайдың экономикалық өсу қарқыны және соның нәтижесінде экономикалық дамудағы үздік жетістіктері соңғы жылдары батыстық және отандық экономикалық ғылымның зерттеу объектісіне айналды.

Бүгінгі таңдағы ғылыми салыстырмалы сараптама экономикалық өсу қарқынын капиталистік немесе социалистік саяси

таңдаумен байланыстырғанды қаламайды. Барлығы да талдап, таңдалған экономикалық стратегияға және оны кезең-кезеңімен жүзеге асыру қабілеттілігіне барып тіреледі. Ал реформа жүргізудің өзі тек қана мемлекеттік функция болып табылады. Әлемдік, соның ішінде қазақстандық тәжірибе көрсеткеніндей ұлттық мүдделерді айқын сезінетін қажетті реформалардың авторы сонымен бірге жүргізілетін реформалардың лидері де болуы тиіс.

Экономикалық жетістіктердің негізін кезінде дұрыс таңдалған стратегия құрауы қажет. Барлық елдерге бірдей жарамды стратегия болуы мүмкін емес. Реформаторлардың алғырлығы елдің ағымдағы ішкі, сонымен қатар сыртқы жағдайын тап басып, дәл есептей білуінен көрінеді.

Өтпелі кезеңде елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын мемлекеттік реттеу қажеттілігінің маңызы арта түседі. Бұл кезде рыноктық экономика негіздерінің қалыптасуы аяқталып, мемлекеттің экономикаға тікелей әсері бәсеңдей түседі де, инициатива рыноктық заңдар мен жеке тауар өндірушілердің қолына өтеді. Экономиканы қайта құрудың бастапқы кезеңдерін алып қарастыратын болсақ, онда тек қана рыноктық қатынастардың жетегінде кететін мемлекеттің реттеуші қуатының кемшін кезеңіндегі реформалар диттеген мақсаттарына жете алмады.

Реформалардың ойластырылған, жан-жақты негізделген мемлекеттік стратегиясы болмауы себебінен көптеген қиыншылықтарды бастан өткеруге тура келді.

Едәуір экономикалық және ғылыми-техникалық әлеуеті бар Қазақстанда экономикалық жаңғырудың айқын мемлекеттік стратегиясы түзілмегендіктен 90-жылдары ұлттық экономика құрылымдық дағдарысты басынан кешіруге мәжбүр болды.

Осы тарапта Қытайдың экономикалық өсу тәжірибесі өте қызғылықты.

Бұл елдің экономикалық өсуіне басқа да жаңа индустриалды елдердегі сияқты экономиканы реформалаудың жан-жақты ойластырылған стратегиясын жүзеге асыру факторы әсер етті. Қытайдың ұлттық экономикасын жаңғырту «социалистік рыноктық экономика» құру жолымен жүргізілді. «Социалистік рыноктық экономика» дегенді біз рыноктың базистік рөлі мен мемлекеттің макрореттеу және макробақылау функцияларының өзара байланыста әрекет етуі деп түсінеміз. Бұл экономиканың социалистік сипаты оның әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталуымен, қоғамдық меншіктің басымдылығын сақтаумен айқындалады. Қытайдағы экономикалық реформа жойымпаз емес жасампаз факторлардың басым жағдайында жүзеге асырылып жатыр. Реформалар қолға алынып жүргізілген жыл-

дар (1979 жылдан бастап) бойына экономикалық өсу қарқынының түрлаулы сипат алуының әсері халықтың өмір сүру деңгейінің жоғарылауына, сондай-ақ елдегі әлеуметтік-саяси тұрақтылықтың сақталуына өз шарапатын тигізді.

Қытайдың әлеуметтік-экономикалық дамуына реформалар кезені әсерінің басты қорытындысы жалпы ұлттық өнім өсуі бойынша стратегиялық міндеттердің мерзімінен бұрын орындалуы болып табылады. Мысалы, 1980 жылмен салыстырғанда 2000 жылы жалпы ұлттық өнім төрт есе көбейіп халықтың өмір сүру деңгейі «орташа бақуаттылық» дәрежесіне жетуі тиіс болатын.

Алынған міндеттеме мерзімінен бес жыл бұрын – 1995 жылы орындалды. Сондықтан Қытай үкіметі жалпы ұлттық өнімнің қазіргі көлемін 2010 жылға қарай екі еселеп «орташа бақуаттылық» ұғымына қосымша сапалық элементтер енгізуді ұйғарып отыр.

Басқа да жаңа индустриалды елдердегі сияқты Қытайда да экономикалық стратегияны жүзеге асыру тактикасы алға қойған мақсаттары орындалған сайын өзгеріп отырады. Қытайлықтардың бейнелеп айту дәстүрі бойынша «өзеннен өту кезінде тастардан абай болу» қағидасына олар өте берік. Басқаша айтқанда, бұл елде рынокқа кезең-кезеңімен өту, яғни алдын ала өлшеп, кішіден үлкенге, жалқыдан жалпыға жылжу көзделіп, орындалу үстінде.

Жаңа индустриалды елдердің, сондай-ақ дамыған елдердің де экономикалық өсуін сараптау қорытындысы барлығы бірдей болған жағдайда түпкі нәтижелер нақты прогреске, экономикалық өсу қарқыны халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған кезде ғана жетуге болатындығын көрсетеді. Осылай болғанда ғана әлеуметтік сипаттағы факторлар қалыптасып, дамиды да, экономикалық өсу мен елдің дамуына зор кері күшпен өзінің оңды әсерін тигізетін болады.

§2. Экономикалық өсу теориялары және модельдері

Экономикалық өсудің отандық теориясы марксистік мектеп жетістіктері негізінде дамығаны белгілі. Бұл теорияның негізінде екі тұжырым жатыр: 1) ағылшынның классикалық саяси экономиясы қалыптастырып дамытқан экономикалық өсу қарқынының қорлану нормасымен байланыстылығы; 2) социал-утопистерден алынған экономикалық өсуге өндіріс құрал-жабдықтарының қоғамдық меншікте болуының прогрессивті әсері. Социалистік жүйе елдеріндегі маркстік экономикалық

сана тек қана жоғарыда көрсетілген бағыттарда дамиды. Ал батыстық экономикалық ой-пікір экономикалық дамудың көптүрлілігі мен қайшылықтарын көрсетуге ұмтылып, экономикалық өсудің көптеген назар аударарлық теорияларын, концепцияларын және гипотезаларын ұсынады.

Соңғы онжылдықтардағы экономикалық өсуге арналған зерттеулерді екі тұрғыдан қарастыруға болады. Біріншіден, батыстық экономистер экономикалық өсудің қысқа және орта мерзімді модельдерінен мақсаты ұзақ мерзімді экономикалық өсу шарттарын зерттеуге арналған модельдерге ауысып, даму стратегиясына байланысты жаңа құралдар мен әдістерді табуға талпыныс жасауда.

Екіншіден, егер екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі модельдер өздерінің мәні бойынша экономикалық өсудің факторларын анықтауға бағытталып және сол факторлардың жұмыссыздыққа, пайда нормасының өзгеруіне әсерін зерттеуге арналған болса, соғыстан кейінгі жылдардағы зерттеулер экономикалық өсу үдерісін дәлірек көрсетіп және қандай болмасын экономикалық саясаттың әлеуметтік салдарының сандық мәнін анықтауға күш салды.

Өткен ғасырдың елуінші жылдары экономикалық өсудің жаңа модельдері пайда бола бастады. Оларға келесі іс-әрекеттер тән болды:

1. Ағымдағы экономикалық өсудің алдағы әсерін математикалық өрнектеу;
2. Олардың мүмкіндіктерін зерттеу;
3. Мүмкіндіктерден тиімді экономикалық өсу нұсқасын таңдау;
4. Тиімді экономикалық өсу нұсқаларынан уақытты үнемдейтін және жоғары қарқынды ұстап тұратын нұсқаларын ажыратып алу.

Экономикалық өсу туралы зерттеулердегі осы неоклассикалық бағыт ұсынатын модельдердің молдығына қарамастан оның сандық сараптау үшін пайдаланатын құралы біреу ғана, ол – өндірістік функция. Экономикалық өсу модельдерін жасауда қолданылатын барлық өндірістік функциялардың негізінде қарапайым қосфакторлы функция жатыр.

Өндірістік функция өндіріс көлемін тек қана капитал және еңбек факторларымен байланыста қарастырады. Қосфакторлы модельді ең бірінші болып ұсынған және өңдеуші өнеркәсіпте қолданған америкалық ғалымдар – математик Ч. Кобб және экономист П. Дуглас (1928) болды. Олар талдап жасаған модель экономикалық теорияда Кобб-Дуглас моделі деген атауға ие болды. Кейінірек Кобб-Дугластың өндірістік функциясын

өндіріс факторларының көбейе түскен санын ескеретін экономикалық өсу модельдерін талдап жасауда басқа ғалымдар да кеңінен пайдалана бастады. Айталық, өткен ғасырдың 50-жылдарының екінші жартысында «техникалық прогресс және агрегативтік өндірістік функция» тақырыбындағы мақала жариялаған америкалық экономист Р. Солоу аталған модельді қолданған болатын. Бұл еңбекте тұңғыш рет өндіріс көлемінің техникалық прогреске функционалдық тәуелділігі мәселесін зерттеу талабы болды. Әртүрлі модельдерде техникалық прогресс екі қырынан ескерілуі мүмкін: модель шеңберінде басқаруға болмайтын, яғни уақытқа тәуелді өндірістік функция түрінде берілетін экзогендік (сыртқы) фактор және басқа факторлардың өзгерістеріне байланысты көрінетін эндогендік (ішкі) фактор. Макроэкономикалық жүйені сипаттау үшін Р.Солоу бірнеше теңдеулерді пайдаланды.

Оның зерттеулері макроэкономикалық жүйелер дамуы үрдістерін сараптау үшін едәуір мүмкіндіктер туғызып, көптеген ұқсас модельдерді талдап жасауға түрткі болды. Толықтай алғанда экономикалық өсудің неоклассикалық модельдері өндірістік функция аппаратына сүйене отырып, экономикалық өсуге өндірістік факторлардың әсерін бағалау үшін сандық сипаттау жүйесін анықтайды.

Егер неоклассиктер өз зерттеулерінде рыноктық экономиканың баға механизмі ресурстарға сұраныс пен ұсыныстың, жинақтар мен инвестициялардың тепе-теңдігін, сондай-ақ өнім шығарылымы көлемінің нақты және ықтимал деңгейлерінің тепе-теңдігін қамтамасыз етеді деген алғышарттарға сүйенген болса, экономикалық өсу модельдерінің неокейнстік бағыты карама-қарсы алғышарттарға сүйенеді де, нәтижесінде экономикалық өсуді тұрақсыз құбылыс ретінде қарастырады. Сондықтан да олар өсуді қамтамасыз ету үдерісінде инвестицияларға сұранысты қалыптастыру маңызды рөл атқарады деп санайды. Неокейнстік типтегі модельдер қатарына Р. Харрод, Е. Домар, Н. Калдор, Э. Хансен және т.б. модельдерін жатқызуға болады.

Айталық, ағылшын ғалымы Р.Харродтың концепциясы толық түрінде оның «экономикалық динамика теориясы туралы» еңбегінде баяндалған болатын. Р.Харрод әрқайсысы экономикалық өсу ерекшеліктерін көрсететін динамиканың бірқатар теңдеулерін ұсынды. Мұнда ол келесі тұжырымдарды бөліп көрсетеді:

а) Өсудің «кепілді» қарқыны дегеніміз тұрақты экономикалық өсу траекториясын анықтай келе жинақ пен инвестициялар тепе-теңдігіне қол жеткізетін жағдай болып табылады;

ә) «табиғи» өсу қарқыны болса халық пен еңбек өнімділігі өсіміне сәйкес келуі тиіс, яғни ол өндірістің әлеуетті мүмкіндіктерімен бірдей болады.

Өсудің «кепілді» қарқыны, әдетте оның «табиғи» қарқынымен бірдей емес. Ал олардың бір-бірінен алшақтауы экономикада тоқырау немесе инфляция түріндегі ұзақ мерзімді үрдістерді туындатады. Сондықтан, тұрақты өсуді ұстап тұру мақсатында тиімді сұранысты реттеу үшін экономикаға мемлекеттің араласуы қажет деп есептейді.

Танымал модельдердің қатарына Е. Домардың да моделін қосуға болады. Оның Р. Харрод моделінен айырмашылығы инвестицияның екі ұдай (қосарланған) рөлін ескеруінде болса керек.

Е.Домардың пікірі бойынша инвестициялар жиынтық сұраныс көлеміне әсер ету арқылы табыс келтіретін маңызды фактор бола тұрып, өндірістік қуаттардың да артуын қамтамасыз етеді де, солар арқылы рыноктық ұсынысты көбейтеді. Осы тұжырым негізінде Е.Домар экономикалық өсу теориясының негізгі міндеті ретінде өндірістік қуаттардың өсуі туындататын тауарлар ұсынысы өсімін қанағаттандыру үшін төлем қабілеті бар сұранысты қалыптастыруға мүмкіндік беретін табыстардың қажетті өсімін қамтамасыз ететін инвестиция көлемін анықтауды ұсынады. Оның пікірі бойынша табыс өсімі мен өнім өсімінің тепе-теңдігін қамтамасыз ететін экономикалық өсу қарқынын анықтауға болады, яғни экономикалық өсу үдерісіндегі жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныс тепе-теңдігін ұстап тұруға мүмкіндіктер бар және олар жеткілікті.

Экономикалық оқулықтарда аталған екі модель біріккен сипатта қарастырылып «Харрод-Домар» моделі ретінде белгілі.

Өсу қарқынын анықтауға арналған «Харрод-Домар» теңдеуі келесідей өрнектеледі:

$Tr = S/C$, мұнда Tr -экономикалық өсу қарқыны, S -таза жиынтықтардың (инвестицияның) жиынтық табысқа ($S/H \cdot D$) қатынасы; C -капитал сыйымдылығының коэффициенті ($K/H \cdot D$). S -тің (қорлану нормасының) үлкен шамасы өсудің жоғары қарқынын қамтамасыз етеді.

Өнімнің (C) капитал сыйымдылығы коэффициенті төмендеген сайын өнім шығарылымы арта түседі. Сондықтан өсу қарқыны қорлану нормасына (S) тікелей пропорционалды да, өнімнің капитал сыйымдылығы коэффициентіне (C) кері пропорционалды болады.

Посткейнстік бағыт модельдердің тағы бір түрінің туындауына әсер етті. Бұл модельдерде капитал қорлануының едәуір дәрежедегі анықтаушы ретінде, сондай-ақ өсудің маңызды

факторы түрінде ұлттық табысты бөлу үдерісі алдыңғы қатарға шығады. Аталған бағыттағы белгілі модельге кейінірек Л. Пазинетти дамыта түскен Н. Калдордың моделі қосылды. Бұлардан басқа оптималды өсудің тұтас бір шоғырын бөліп көрсетуге болар еді. Оларды талдап жасаудың негізгі мақсаты оптималды даму траекториясы сипаттарын анықтап, зерттеу болып табылады, соның ішінде өндіріс факторлары бойынша шектеулер шеңберінде экономикалық өсудің максималды ықтимал қарқынын анықтау басты мақсат ретінде алынады. Ол үшін экономикалық өсу қарқынының максималды орташа қарқынына қол жеткізуге болатын және ерекше (оптималды нұсқалар арасында) траектория ретінде магистраль ұғымы пайдаланылады.

Өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап негізінде экономикалық өсу мәселесінің орнына «өмір сүру сапасы» проблемасын жүзеге асыру талпынысын зерттейтін модельдер пайда бастады. Бұл модельдер америкалық қоғамтанушы ғалымдардың бастамасы еді және мұның өзі Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін көптеген елдерде орын алған экономикалық өсудің жоғары қарқыны салдарынан табиғат пен адам арасындағы тепеңдіктің бұзылуына алаңдаушылықтан туындаған модельдер болатын.

Дамуы жоғары деңгейлерге жеткен елдер үшін «артық-жақсы» байланысы өзінің мазмұнын жоғалта бастады. Бастапқы қажеттіліктері қанағаттандырылған қоғам әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа бағдарларын талап етеді. Бұл жағдайдағы дамудың негізгі мақсаты оның әлеуметтік сипатына қарай ауысады, қоғамның өмір сүру сапасын жоғарылатуға ұмтылады, ал бұл болса өз кезегінде макроэкономикалық жүйелердегі ұдайы өндіру үдерісінің «параметрлерін» анықтайтын көрсеткіштерді күрделендіре түседі.

«Көлемдік» көрсеткіштердің орнына «өмір сүру сапасы» өзгерістерін сипаттайтын көрсеткіштер келе бастайды. Өмір сүру ұзақтығын, білім беру деңгейін, тұрғын үймен қамтамасыз ету дәрежесін анықтау арқылы «өмір сүру сапасын» көрсететін бірқатар көрсеткіштер қолданысқа енді.

«Өмір сүру сапасы» модельдері авторының мүдделері Рим клубының баяндамалары («нөлдік өсу» және «органикалық өсу» модельдері) негізінде жарық көрді. Аталмыш баяндамалар әлемдік ой-пікірді экологиялық апат мәселелеріне қарай бұрып, өзінің оңды рөлін атқарып шыққан болатын.

Дегенмен, Рим клубы ұсынған жай ұдайы өндіріс моделі өздерінің күнделікті материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру мәселесін шешуді көздейтін табыс және тұтыну деңгейі төмен елдер үшін жарамсыз еді.

Жапония, жаңа индустриалды елдер, Қытай, Шығыс Еуропа елдері, сондай-ақ Қазақстандағы экономикалық өсу модельдерінің салыстырмалы сараптамасы баланстанған (теңдестірілген) және баланстанбаған (теңдестірілмеген) модельдерді ерекшелеп бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Бұрынғы социалистік елдерде экономикалық өсудің теңдестірілмеген моделі таңдалып алынған болатын. Олар экономикалық өзара байланыстарды экономикалық емес байланыстармен алмастырып, ауыстырып алды да, экономикалық өсуді өнеркәсіптің ауыр салаларынан бастаған болатын. Мемлекет саяси әдістерді қолдану арқылы қосымша өнімді қорлану мақсаттарына жұмылдырып шамамен 10–15 жыл аралығында экономикалық өсудің жоғары қарқынын қамтамасыз етті.

Тәжірибе көрсеткеніндей, өсудің осындай моделі жағдайындағы қорлану халықтың тұтынуы қажеттіліктерімен тікелей қайшылыққа келеді де, еңбек белсенділігі кемиді, өндірістің тиімділігі төмендеп, экономиканың өсу қарқыны баяулайды.

Ал теңгерімді экономикалық өсу, жаңа индустриалды елдер мен Қытайдың үлгісі байқатып отырғандай ауыл шаруашылығы – жеңіл өнеркәсіп – ауыр өнеркәсіп – жоғары технологиялар тізбесі бойынша жүретін болса, онда ұзақ мерзімді және жемісті экономикалық дамуға қол жеткізуге болады екен.

§3. Экономикалық өсудің интенсивті типіне өтуді мемлекеттік реттеу

Ел экономикасы дамуы деңгейінің жоғарылауы экономикалық өсудің негізгі екі факторы – ресурстар мен қажеттіліктерге өзгерістер әкеледі. Экономикалық дамудың жоғары деңгейіне жеткен елдер табиғи және адами ресурстардың тапшылығын сезінеді. Сондай-ақ, экономикалық даму деңгейінің жоғарылауы экономикалық қажеттіліктер жүйесінің сан жағынан көбеюіне және сапалық жаңаруына қол жеткізеді.

Осылайша экономикалық даму деңгейі жоғарылаған сайын ресурстардың шектеулілігі мен қажеттіліктердің шексіз кеңеюі арасындағы қайшылықтар арта түседі.

Бұл қайшылықтарды экономикасы дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткеніндей, өндірісті кеңейтудің басым экстенсивті әдістерінен басым интенсивті әдістеріне оту шешеді.

Әлемдік және Қазақстанның өзіндік тәжірибесін алып қарастыратын болсақ, онда іс-әрекеттің алғашқы адымдары бағдарламалық шаралар тізбесі толық бағындырылған стратегиялық мақсатты анықтаудан басталады. Қатал бағдарыстардан шығу-

ға арналған жемісті бағдарламалардың түгелі дерлік экономикалық дамудың мақсаты және оған жету жолдарын анықтаудан басталып, соның негізінде орта мерзімді және қысқа мерзімді бағдарламалар жасау арқылы жалғасын табады.

Экономикалық өсуге бағытталған қозғалыс үдерісінде өсу факторларының бірінен екіншісіне қарай өту маңызды деп саналады.

Егер өткен ғасырдың 90-жылдары ел экономикасын тұрлаулы өсу жолына бағыттау үшін ең алдымен оны қалпына келтіру әрекеттері жүзеге асырылған болса, ендігі жерде интенсификация шаралары қолға алыну үстінде.

Қалпына келтіру іс-қимылдары экстенсивтік өсу кезеңі болып табылады және ол тоқыраудағы өндірістік қуаттарды іске қосу және пайдалану шараларымен ерекшеленеді. Ал тұрлаулы экономикалық өсу – интенсификация өсу кезеңі және ол негізгі капиталға ірі инвестицияларсыз жүзеге аспайды.

Сонымен, экономикалық өсудің экстенсивтік типі өндірістің кеңейуін жаңа жұмыс орындарын ашу есебінен жүзеге асырады. Бұл үшін елде бос жұмысшы күші болуы тиіс және олар ұдайы өндіріс үдерісіне қамтылуы қажет.

Экономикалық өсудің интенсификация типінің мәні бойынша қосымша тұтыну құнын еңбекке тартылған жұмысшы күшінің еңбек өнімділігін арттыру, ұдайы өндіріс үдерісінің барлық элементтерін сапалық жағынан жаңарту арқылы жасауға болады.

Экономикалық тиімділік тұрғысынан өндірісті кеңейтудің экстенсивтік және интенсификация типтерін бір-біріне қарсы қоюдың негізі жоқ.

Егер, экономикалық өсуді, жұмыспен қамтуды сандық жағынан өсіру арқылы қамтамасыз етуге мүмкіндік болса оларды интенсификация сипаттағы факторлармен біріктіру негізінде қолайлы әлеуметтік-экономикалық жағдай жасап, өндіріс дамуы қарқынын жеделдете түсіп, экономикалық тиімділігін арттыруға қол жеткізуге болады.

Экономикалық өсудің интенсификация типін қалыптастыру қосымша шығындармен байланысты емес деген көзқарас та шаруашылық жүргізу практикасына қарама-қайшы көзқарас болып табылады.

Жұмыс бабындағы өндірісті техникалық қайта жарактандыру және жетілдіру әрекеттері едәуір қаржы талап ететін экономикалық өсудің интенсификация типінің практикалық көрінісі екендігі баршаға түсінікті құбылыс деп санаймыз. Өндірісті интенсификация арқылы кеңейту еңбек өнімділігін арттыру негізінде жүзеге асады. Ал еңбек өнімділігін арттыру ғылыми-

техникалық прогресс пен еңбектің техникалық жарактануына байланысты болғандықтан материалдық шығындарды қажетсінеді.

Экономикалық тиімділік – басым интенсивті немесе басым экстенсивті әдістер негізінде өндірісті ұлғайту бойынша іс-әрекеттің нәтижелілігі болып табылады. Қазіргі жағдайларда экономикалық тиімділік проблемасын шешу қиыншылықтары өндіріс тиімділігі көрсеткіштерінің елдер, кезеңдер, сфералар мен салалар, сондай-ақ меншікті иемденушілер бойынша бірдей еместігіне байланысты болып отыр. Мұның өзі өндірісті интенсивті ұлғайту және оның экономикалық тиімділігін арттыру түсініктерінің жалпыға бірдей түсіндірмесінің болмауынан туындаған мәселе.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, «өндірісті ұлғайтудың (кеңейтудің) басым интенсивті типі» және «өндірісті интенсификациялау» категорияларындағы өзгешеліктерді түсіндірудің өзі едәуір қиыншылықтар туғызады. Егер өндірісті ұлғайтудың басым интенсивті типі еңбек өнімділігін және оның техникалық жарактануын арттырумен байланысты экономикалық өсудің әдісі болса, онда өндірісті интенсификациялау дегеніміз өндіріс элементтерінің әрекетін және оларды пайдалану қарқынын күшейтеу болып табылады.

Экономикалық мәні бойынша интенсификациялаудың үдеріс ретіндегі ерекшелігі, оның шығынсыз атқарылуында болса керек. Интенсификациялау құрал-жабдықтарды қалыпты қуатына жеткізу мақсатында еңбек қарқынын жоғарылатумен байланысты мүмкін болады.

К. Маркс интенсификациялау және ұдайы өндірісті ұлғайтудың интенсивті типі деген ұғымдарды ажыратқан болатын. Өндіріс құрал-жабдықтарын пайдалануды интенсификациялау туралы ол былайша жазған еді: «Сол калпындағы еңбек құрал-жабдықтарының, яғни сол калпындағы негізгі капиталдың тиімділігін жыл сайынғы пайдалану уақытын ұлғайту арқылы да, сондай-ақ оны қолдануды интенсификациялау арқылы да арттыруға болады». Маркс жұмысшы күшінің тұрақты саны жағдайында «авансталған капиталды көбейтпей-ақ» олардың еңбек қарқындылығын арттыруға болатындығын да қарастырған еді.

Үдеріс ретіндегі интенсификациялаудың ерекшелігі жұмыскерлердің белсенділігі, шығармашылық және ұйымдас-тырушылық қабілеті арқылы айқындалады. Бұл тұжырымның шаруашылық механизмін жаңғырту үшін практикалық маңызы бар. Интенсификациялау үдерісінің шығынсыз жүзеге асуы және оның экономикалық нәтижелері әрбір жұмыскердің ұйымдас-тырушылық іс-әрекетіне байланысты болғандықтан еңбекті

интенсивтендіруден алынған экономикалық өсім сол жұмыскерлердің мүддесіне жұмсалуды қажет. Бұл ұстанымды практикада жүзеге асыру интенсивтендіру дәрежесін жоғарылату ісіне жұмыскерлердің ынталылығын арттыра түседі.

Дамыған елдердің соңғы он бес жыл ішіндегі ресурстарды үнемдеу жолындағы үлкен табыстары пайданы бөлу қатынастарын жетілдіру, ресурстарды үнемдеу үдерісіне тікелей қатысушылардың экономикалық мүддесіне қозғау салатын механизмдермен тығыз байланысты болуы.

Интенсивтендіру экономикалық өсудің интенсивті типімен өзара байланысты. Себебі экономикалық өсудің интенсивті типі елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының салыстырмалы жоғары деңгейін көрсетеді және ол затқа айналған еңбектің қорлану көлемімен және жоғары білікті жұмысшы күшімен сипатталады.

Экономикалық өсудің басым интенсивті типі экстенсивті типімен салыстырғанда қымбатқа түседі, бірақ қоғамдық өндіріс нәтижелері мен оған байланысты қоғамдық еңбектің жиынтық шығындарының арақатынасы ретінде экономикалық өсудің интенсивті типі экстенсивті типке қарағанда өзінің зор әлеуетті мүмкіндіктерін пайдаланады.

Елдің экономикалық дамуы деңгейін анықтайтын экономикалық өсудің интенсивті типі және интенсивтендіру болса, онда олардың арасында тек қана тікелей емес, сонымен бірге кері байланыс та болады. Елдің экономикалық дамуының жоғары деңгейі қамтамасыз ететін өмір сүрудің жоғары дәрежесі ұдайы өндіріс үдерісін интенсивтендіруден бастау алатын экономикалық өсудің басым интенсивті типінің тиімділігін жоғарылатуға әлеуетті мүмкіндіктер береді.

Үкіметтік емес «Бүкіл әлемдік экономикалық форум» корпорациясының сарапшыларының қорытындысы бойынша мол табиғи ресурстары бар елдердің әлемдік артықшылыққа ие болатын уақыты өткен. Ендігі уақытта экономикалық өсудің сапалық типтері қандай болмасын елдің халықаралық позициясын анықтайтын болады. Аталмыш позицияны анықтаушы факторларға еңбекке құлшыныс (мотивация) білімділік дәрежесі және кадрлардың біліктілігі, өндірістегі құндылықтар жүйесін қалыптастыру, ақпаратты практикалық мақсаттарға пайдалану т.с.с. жатады.

Экономикалық өсуді орнықтыру мақсатындағы мемлекеттің экономикалық саясаты келесі мәселелерді қарастыруы тиіс:

- Қолайлы инвестициялық және кәсіпкерлік ахуалды қамтамасыз ететін базалық заңнамалық негіздер жасау;
- Мемлекеттік міндеттемелерді қолда бар ресурстармен сәйкестендіру және ресурстарды мемлекеттің базалық функ-

цияларын орындауға шоғырландыру. Ал мұның өзі инвестициялау мен шаруашылық жүргізуді едәуір жақсартуды, салық ауыртпалығын кемітуді, сондай-ақ салықтық және кедендік жүйелердің тиімділігін арттыруды көздейді;

- Бюджеттік жүйенің тепе-теңдігіне және оның қызметі тиімділігін арттыруға қол жеткізу;
- Қазақстан экономикасында прогрессивті құрылымдық өзгерістерді ынталандыру;
- Қазақстанда әлемдік экономикаға интеграциялау үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыру.

Қазақстан Республикасын бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына қосу үшін ел экономикасы дамуының тұрақты жоғары қарқынын ұстап тұру қажеттілігі өзекті мәселе болып табылады.

Даму қарқынын едәуір жоғарылатудың негізгі факторлары келесідей:

- Инновацияларды және техникалық прогресс жетістіктерін өндіріске енгізу;
- Қазақстанның негізгі байлығы – табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану;
- Салық жүйесін мейлінше жетілдіру;
- Қазақстаннан капиталдың кетуін кеміту және шетелдік инвестицияларды еселеп тарту үшін инвестициялық ахуалды жақсарту;
- Рынокқа кіру кедергілерін азайту бағытындағы кешенді шараларды жүзеге асыру;
- Ресми және көлеңкелі экономика арасалмағын біріншісінің пайдасына едәуір өзгерту;
- Үкіметке өкімшілік реформалар жүргізу, ең алдымен электрондық үкіметті жасақтауды жеделдету.

Ізденіс сұрақтары:

1. «Экономикалық өсу» және «экономикалық даму» түсініктері.
2. Экономикалық өсу сапасы.
3. Экономикалық динамиканы болжау.
4. Өндірістік функция аппараты.
5. Қоғамдық өндіріс тиімділігінің көрсеткіштері.
6. Қазақстанның тұрлаулы экономикалық өсуіне негізгі шектеулер мен кедергілер.
7. ҚР экономикалық дамуының перспективалары.

IV тарау МЕМЛЕКЕТТІК ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ

§1. Экономикалық саясаттың мәні

Экономиканы мемлекеттік реттеуде биліктің жүргізіп отырған экономикалық саясаты маңызды рөл атқарады.

Экономикалық саясатты қалыптастырып, қолдану арқылы мемлекет мақсатты бағдарламаларды, ұстамды және байыпты экономикалық іс-әрекеттерді жүзеге асырады.

Кез келген елдің экономикасы ең алдымен объективті тарихи және экономикалық заңдылықтарға бағынышты. Бұл мағынада мемлекеттің бағыты белгілі және айқын деп айтуға негіз бар. Бірақ, ақиқатында, экономика өткен тарихпен және келер болашақпен жарым-жартылай ғана байланысты. Көп жағдайларда оның қозғалыс траекториясы басты әрекет етуші субъектілерге ұйымдар мен азаматтардың ынтасы мен ерік-жігеріне тәуелді. Бұл субъектілердің әрқайсысының экономикалық тағдырға әсер ету мүмкіндігі бар. Бұған қатысты едәуір мүмкіндіктер мемлекеттің құзырында екендігі даусыз.

Мемлекеттік биліктің субъектісі үкімет ел экономикасы дамуының бағытын таңдайды, таңдалған әлеуметтік-экономикалық стратегияны жүзеге асыру үшін белгілі бір бағытта іс-қимылдарды қолға алады, яғни мемлекеттік экономикалық саясатты жүргізеді.

Сонымен, экономикалық саясат – бұл мемлекет, ел үкіметі жүргізетін экономикалық іс-әрекеттердің басты желісі, экономикалық үдерістерге қажетті бағыт берудегі мемлекет қолданытын шаралар жиынтығы. Экономикалық саясатта үкімет жүзеге асырып жатқан курс (бағдар) өзінің тікелей көрінісін табады. Өзінің мәні бойынша экономикалық саясат елдің, мемлекеттің, халықтың мақсаттары мен міндеттерін айқындап, күнделікті тәжірибеде іске асыруы қажет. Сонымен бірге мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық ұстанымдарын практика жүзінде дәлелдейтін үкімет болғандықтан мемлекеттік экономикалық саясатта үкіметтің өзінің көзқарастары айқындалады. Азаматтардың экономикалық саясатқа әсері, олардың үкіметке әсері дәрежесімен шамалас келеді.

Көп жағдайларда мемлекеттің экономикалық саясатына өткен шақтың мұрасы, елде қалыптасқан экономикалық болмыс, ертеде қабылданған шешімдер әсер етеді. Экономикалық саясатты едәуір дәрежеде ел ішіндегі және әлемдік конъюнктура (ағымдағы жағдай), яғни шаруашылық пен рыноктық жағдайы, экономикалық белсенділік деңгейі, өсу және құлдырау үдерістері, тауарлар мен қызмет көрсетулердің ұсынысы анықтайды.

Әлемдік экономика циклды дамиды, онда тербеліс үдерістері, толқынды қозғалыстар орын алады. Сәйкесінше экономикалық циклдың бірін-бірі ауыстыратын фазаларын ерекшелейді. Олар: жандану (экономикалық өсу), жоғары экономикалық конъюнктура (өрлеу, экономикалық даму), тоқырау (рецессия, экономикалық дағдарыс), төмен экономикалық конъюнктура (күйзеліс).

Ұлттық экономиканың қандай фазада тұрғанына байланысты үкіметтің, мемлекеттің экономикалық саясатының типі қалыптасады. Мемлекеттік экономикалық саясатты жасаушылар назар аударатын индикаторлар қатарына жалпы ішкі өнімнің, жиынтық сұраныс пен ұсыныстың, табыстар мен тұтынудың, бағалардың, жұмыспен қамту мен жұмыссыздықтың көлемі мен динамикасы жатады.

Экономикалық саясат мемлекеттік ішкі және сыртқы саясатпен, мемлекеттік идеологиямен, әскери саясатпен тығыз байланыста мемлекеттің саяси доктринасын сипаттайды. Сонымен бірге ол мемлекеттік саясат жүргізудің экономикалық алғышарттарын, экономикалық базисін құруға мүмкіндіктер туындатуы тиіс. Елдегі саяси күштер, партиялар, қозғалыстар мемлекеттің экономикалық курсына, экономикалық саясатқа едәуір әсер ете алады.

Экономикалық саясаттың әлеуметтік аспектілері үкімет қабылдаған экономикалық шешімдерден, бюджеттің қалыптасуынан, халықтың өртүрлі топтарының реакциясынан көрінеді. Ереуілдер, демонстрациялар және басқа да әлеуметтік қарсылық формалары мемлекеттік экономикалық саясат элементтеріне белгілі деңгейде әсер ете алады.

Жүргізілетін экономикалық саясат өз көрінісін жоспарланған мемлекеттік бюджет құрылымынан, мақсатты мемлекеттік бағдарламалардан, инвестициялық жобалардан, мемлекеттік заңдардан, әлеуметтік қорғау параметрлерінен, салық салу қойылымдары мен кредиттеу шарттарынан, жеңілдіктер беруден, экспорт пен импортқа мемлекеттік әсерден, мемлекеттің ішкі және сыртқы қарыз көлемінен табады. Сонымен бірге экономикалық саясат мемлекеттік бюджет пен бағдарламаларда

көрсетілгендермен ғана сипатталмайды, ол ағымдағы үкіметтік шешімдермен, ірі оперативтік шаралармен де айқындалады.

Жедел, оперативті іс-қимылдардың қажеттілігі, ең алдымен әлеуметтік-экономикалық, әскери-саяси, табиғи-экологиялық жағдайлармен шартталады.

Өткізілетін шаралардың уақыттық диапазонына, кезеңдік мерзіміне байланысты қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді экономикалық саясатты ажыратады. Ұзақ мерзімді саясат салыстырмалы тұрақтылық жағдайларында, кепілді ресурстық мүмкіндіктерде қалыптасып, экономикалық әрекет желісін алдағы көп жылдарға белгілеуге мүмкіндік береді. Экономикалық үдерістердің тұрақсыздығы, ішкі және сыртқы жағдайлардың алдын ала болжанылмау себептері қысқа мерзімді экономикалық саясатқа басымдық береді (бір жыл, тіпті бірнеше ай мерзімі).

Мемлекет экономикалық саясатты өз құзырындағы құралдар мен тетіктерді қолдану арқылы экономикалық үдерістерге, шаруашылық жүргізуші субъектілерге әсер етеді.

Экономикалық саясат заңдар, президенттік жарлықтар, үкімет қаулылары және басқа да нормативтік актілер, мемлекеттік бағдарламалар, ағымдағы шешімдер арқылы жүзеге асады.

Мемлекеттік экономикалық саясат жүргізудің нақты құралдарына, ең алдымен салықтар, мемлекеттік шығындар, трансферттер сияқты фискальдық саясат тетіктері жатады. Фискальдық құралдар көмегімен мемлекет көздеген мақсатқа және оны атқару шараларына сәйкес ақша ағындарының көлемі мен бағытын өзгертуге мүмкіндік алады.

Фискальдық құралдармен қатар экономикалық саясаттың ақша-кредиттік құралдары да едәуір рөл атқарады. Олардың қатарында ақшаның жалпы массасы және оған қол жетімділік, қарыз пайызының қойылымдары (үлттық банктің есептік қойылымы, резервтеу нормасы, басқа да орталықтандырылған нормативтер) бар.

Мемлекеттің белгілі бір тауар түрлеріне шекті (минималды, максималды) бағалар деңгейін белгілеу, өндіріс көлемі шама-сын анықтау, субсидиялар мен субвенциялар беру, экономикалық қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу, шектеу сияқты экономикалық саясат тетіктерін пайдалануына мүмкіндіктері жеткілікті.

Сыртқы сауда және сыртқы экономикалық саясатта мемлекет экспорттық-импорттық тарифтерді, кедендік баждарды, тауарлар мен капиталды әкелу мен әкетуге квоталарды қолданады.

Толықтай алғанда мемлекеттің экономикалық саясат түрлеріне фискальдық (қаржылық-бюджеттік), монетарлық (ақша-кредиттік), сыртқы экономикалық іс-әрекеттер жатады.

Ал әлеуметтік, құрылымдық, инвестициялық, институционалдық, аймақтық, аграрлық, ғылыми-техникалық, салықтық, банктік, бағалық, антимонополиялық, экологиялық, сыртқы экономикалық саясат мемлекеттік экономикалық саясаттың құрамдас бөліктері болып табылады.

§2. Мемлекеттік экономикалық саясаттың мақсаттары

Қазіргі экономикалық ғылымда мемлекеттік экономикалық саясаттың мақсаттары мен міндеттерін белгілеу мейлінше утилитарлық (практикалық) сипат алғандықтан жалпы, ортақ мақсатты қалыптастыруға емес, мақсаттардың жиынтығын құрастыруға бейімделеді. Соның өзінде де мемлекеттік экономикалық саясатты талдап жасау және жүзеге асыру барысында мақсаттар жиынтығын мағыналық бірлікте көрсету мүмкін емес.

Мемлекеттің мақсаттары елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы деңгейіне, тарихи-ұлттық дәстүрлерге тәуелді. Әрбір елдің өзіне тән басымдықтары, мемлекеттік даму талғамдары болады. Бұлар үкіметтің ұстанымын, қоғамдық пікірді, үстемдік құрушы сана-сезімді айқындайды.

Рыноктық қатынастар орнаған елдерде мемлекеттік экономикалық саясаттың негізгі мақсаты рыноктың өзі шешуге қабілетсіз, яғни рыноктық механизмге «бағынбайтын» міндеттерді атқару деп санайтын пікірлер баршылық. Мұндай ұстаным жағдайында мемлекеттік экономикалық саясаттың мақсаттары мемлекеттік реттеу мақсаттарымен ұштасады.

Прагматикалық ұстанымға келетін болсақ, онда мемлекеттік экономикалық саясаттың мақсаттары экономикалық болмысты тұрақтылық, тепе-теңдік жағдайда ұстап тұруға саяды.

Мұндай ұстаным тұрақтандырушы, орнықтырушы саясат деген атауға ие болды. Мұндай саясат дағдарыс, құлдырау жағдайында стихиялық үдерістерді тоқтатып, объектінің басқарылуын қолдан шығармай, жағдайдың одан әрі ушығуына жол бермеу кезіне сипатты болып келеді. Тұрақтандыру мақсаттары жетістіктерді нығайтуға, тепе-теңдікті орнықтыруға, экономика параметрлерін шектен тыс жібермеуге қызмет етеді.

Экономикасы жоғарылау үстіндегі немесе жоғарылау күтілетін жағдайда экономикалық саясат мақсаттары экономикалық өсу мақсаттарымен жалғасады.

Әлеуметтік бағдарланған рыноктық экономикасы бар елдер үшін алдыңғы қатарға мемлекеттік экономикалық саясаттың әлеуметтік мақсаттары шығады. Мұндай мақсаттар көбінесе экономикалық мақсаттармен қиюласады. Мемлекеттік саясаттың әлеуметтік мақсаттарының алға шығуы және олардың экономикалық мақсаттармен байланыста болуы АҚШ, Германия, Швеция сияқты елдерге тән.

Мемлекеттік экономикалық саясаттың ең көп тараған әлеуметтік мақсаттарына экономикалық еркіндік пен экономикалық әділеттілік жатады. Экономикалық еркіндікті экономикалық, кәсіпкерлік қызметтің формалары мен түрлерін таңдау еркіндігі, өз қаражатыңды бөлу мен пайдалану тәуелсіздігі деп түсінген абзал. Экономикалық еркіндікті мемлекеттік экономикалық саясаттың мақсаты ретінде қарастыра отырып, оны анархияға ұқсайтын шектен шыққан еркіндік емес, шаруашылық жүйесінің тиімді қызметін қамтамасыздандыру үшін қажетті еркіндік деңгейі деп қабылдаған жөн.

Экономикалық әділеттілік мақсаты барша халыққа адалдық, мейірімділік тұрғысынан қарау, олардың мүдделері мен мүмкіндіктерін ескеру, олардың тіршілікте өздерінің құқықтары мен мүмкіндіктерін толық пайдалануына бірдей жағдай жасау деп қарастырған лазым. Әділеттілік тек қана экономикалық емес, сонымен бірге моральдық-этикалық түсінік болып табылады. Әрбір адамның санасында әділеттілік туралы түсінік бар. Ол көбінесе жеке мүддені, дербес пайданы көздейді, сондықтан олардың ойынша мемлекет табысты теңдестіруге игіліктерді бірдей бөлуге бағытталған саясат жүргізуі тиіс. Дегенмен, әділеттілік табыс алу мүмкіндіктерін теңдестіру арқылы әркім өзінің қабілетіне сай жетістіктерге жетуі саясатын ойластыру әлдеқайда жемісті болмақ. Әрқашанда мүмкіндіктер теңдігі мен нәтижелер теңдігін ажырата білу қажет.

Мемлекеттік экономикалық саясаттың анығырақ және нақты мақсатына халықты әлеуметтік қорғау мәселесі жатады. Әлеуметтік қорғау – бұл мемлекеттің азаматтарды экономикалық тәуекелдерден қорғап, әрбір адамды минималды игіліктермен қамтамасыз етуде болса керек. Мемлекет өз азаматтарын жұмыссыздықтан қорғауға, қарттарға, мүгедектерге, көпбалалы отбасыларына көмектесуге, бақытсыз оқиғалардың салдарын жеңілдетуге міндетті.

Мемлекеттік экономикалық саясаттың әмбебап мақсаты бүкіл ұлттық шаруашылық көлемінде әлеуметтік-экономикалық тиімділіктің жоғары деңгейіне жету болып табылады. Түпкі есепте дәл әлеуметтік-экономикалық тиімділік, ел шаруашылығы қызметінің нәтижелілігі, олардың ресурстық әлеуетінің

құрамдас бөліктерін ұтымды пайдалану мемлекеттік экономикалық саясаттың әлеуметтік мақсаттары кешенін атқару мүмкіндіктерін айғақтайды.

Мемлекеттік экономикалық саясаттың тағы бір жиынтық мақсаты, «жалпыэкономикалық тепе-теңдік» деген атаумен белгілі. Жалпыэкономикалық тепе-теңдік – бұл сиқырлы төртбұрыш деп аталатын бағалар тұрақтылығы, жұмыспен қамтудың жоғары деңгейі, салыстырмалы экономикалық өсу, сыртқы сауда операцияларының теңгерімділігі (баланстылығы) болып табылады.

Баға деңгейінің тұрақтылығы инфляция көрсеткіштерін жоғары нақты шектерінде ұстауды білдіреді. Экономикасы дамыған елдерде экономикалық саясаттың міндеті баға өсімін бір жылда 1%-дан әрі жоғарылатпау болып табылады. Іс жүзінде, тіпті сондай елдердің өзінде өсімді бірнеше пайыздан жоғарылатпау үшін күреседі. Әрине, бұл арада бағалардың жалпы деңгейі, жиынтық бағалар туралы сөз болып отыр. Оның үстіне тауар сапасының жоғарылауымен байланысты баға өсімі инфляция болып есептелмейтінін ескеру қажет.

Жұмыспен қамтудың жоғары деңгейі – ең алдымен, жұмыссыздық көрсеткішінің төмен деңгейі. Жұмыссыздық деңгейі 3-тен 7% шеңберінде болса, ол жұмыс күшінің табиғи тұрақсыздығы (текучесть), болмай қоймайтын «фрикциондық» (көші-қонға, жұмысты ауыстыруға, жаңа мамандық алуға қажетті уақыт) жұмыссыздық ретінде қарастырылады.

Экономикалық өсу жалпы ішкі өнім өсімінің жыл сайынғы қарқынымен өлшенеді. Қазіргі көзқарастарға сәйкес жалпы ішкі өнімнің жылдық өсімі 3–4% болса, онда бұл мемлекеттік экономикалық саясаттың жетістігі болып саналады. Сыртқы сауда операциялары теңгерімділігін қамтамасыз етудің мақсаты сыртқы сауда балансының оңды сальдосына қол жеткізілгенде ғана орындалады. Әрине, мемлекеттік экономикалық саясаттың мұндай мақсатын кез келген ел жүзеге асыра алмайды. Қазақстанда бұл мақсатқа шикізат экспорты арқылы қол жеткізіліп отыр.

Мақсаттар кешенін (жүйесін) қалыптастыруда олардың өзара байланыста және өзара әрекетте болатындығын ескеру қажет. Кейбір мақсаттар және оларды сипаттайтын көрсеткіштер бір-біріне кедергі, бәсекелес болуы немесе тіпті сыйыспаушылықта болуы мүмкін. Сондықтан ымыраға (компромиске) келу аса қажет.

§3. Фискальдық экономикалық саясат

Фискальдық саясаттың қызметі мемлекеттік қазына (фиска) элементтерін қамтиды. Ол тікелей мемлекеттік бюджетпен, салықтармен, мемлекеттің ақшалай табыстары мен шығыстарына байланысты. Рыноктық экономика жағдайында бұл мемлекеттік экономикалық саясаттың дінгегі болып табылады. Фискальдық саясат қаржылық саясаттың бюджеттік, салықтық, табыстар мен шығыстар сияқты ірі түрлері мен формаларын біріктіреді.

Толықтай алғанда фискальдық саясат мемлекеттің қаржылық ресурстарын басқаруды ұйымдастыру, оларды елдің әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешу үшін пайдалану бойынша мемлекеттік шаралар жиынтығын құрайды. Фискальдық саясат мемлекетке қажетті ақша қаражаттарын жинақтау, бөлу, көзделген шараға жұмсау іс-әрекеттерін жүзеге асырады.

Фискальдық саясаттың ең маңызды міндеттерінің бірі экономикалық саясат мақсаттарын атқаруды көздейтін орталықтандырылған мемлекеттік ақша қорларының бастауларын, оларды қалыптастыру тәсілдерін іздестіру болып табылады. Қаржылық-бюджеттік саясат жүргізу арқылы мемлекет елдегі аса ірі экономикалық үдерістерді реттейді, қаржылық орнықтылықты қолдайды, өндірістік-экономикалық және ғылыми-техникалық әлеуетті тиімді пайдалануды қамтамасыздандырады. Фискальдық саясат құралдарын мемлекет жиынтық сұраныспен жиынтық ұсынысқа әсер ету үшін, дағдарысқа қарсы шаралар қолдану үшін пайдаланылады.

Тауарлар мен қызметтер түрлерін сатып алуда мемлекеттік сектордың үлесі едәуір; мемлекет рыноктағы ең ірі сатып алушы болып табылады. Сатып алулар елдің ішкі рыногында, сондай-ақ сыртқы рыноктарда жүзеге асырылады. Нәтижесінде мемлекет жиынтық сұраныстың көлемі мен құрылымына әсер етудің едәуір мүмкіндіктеріне ие болады.

Макроэкономикалық қаржы-бюджеттік саясатты елдегі жалпы экономикалық жағдайға байланысты екі басты желіні ерекшелеуге болады. Оларға фискальдық саясаттың шектеулі және кеңейтілген сипаттары жатады.

Экономикалық дүмпу, жедел экономикалық өсу кезеңінде фискальдық саясат өсу параметрлерін белгілі бір шектерде ұстап тұру үшін шектеуші сипат алады. Ал экономикалық дағдарыс, экономикалық белсенділіктің баяулауы кезеңінде фискальдық саясат кеңейтілген сипат алады, яғни экономиканы «қыздыруға», өндірісті кеңейтуге, құлдыраудан жоғарылауға бағыт ұстайды.

Экономикалық циклдың карама-қарсы фазаларына сәйкес бұл екі курстың арасында тұрақтандырушы фискальдық саясат деп аталатын үшінші курс әрекет етеді.

Тұрақтандыру саясаты – бұл жалпы ішкі өнім көлемін қалыптасқан жағдайға сәйкес деңгейге жақындату мақсатындағы мемлекеттің қаржы ағындары мен ақша айналымын реттеу іс-әрекеттері болып табылады. Тұрақтандыру саясаты – экономиканың азды-көпті орнықтылығы жағдайына сай келетін фискальдық саясаттың типтік формасының көрінісі. Ол, бір жағынан, тұрақсыз дағдарыстық жағдайдың алдын алады және, екінші жағынан, макроэкономикалық көрсеткіштерді оңтайландыруға жақындатып, қалыптасқан экономикалық ситуацияны жақсартуға көмектеседі.

Тұрақтандырудың автоматты және реттелетін түрлерін ажыратады. Автоматты (қалыптасқан) тұрақтандырғыштар – бұл қабылданған, экономикада әрекет ететін ережелер мен нормалар; олар үкіметтің араласуынсыз, тұрақтылық жағдайынан ауытқуға автоматты түрде жауап қатады да, шаруашылықты орнықтылық жағдайға келтіреді. Автоматты тұрақтандырғыштар алдын ала ойластырылып, экономикалық қызметті реттейтін заңнамалық актілерге енгізіледі. Мысалы, табыстар кеміген кезде одан алынатын салықтар мөлшері төмендейді. Егер адамдар жұмыс пен жалақыдан айырылса, оларға үкімет жұмыссыздық бойынша жәрдемақы төлейді. Белгілі бір жасқа жеткенде зейнетақы алуға автоматты түрде құқық пайда болады. Директивті түрде белгіленетін жалақының минималды деңгейі белгіленеді. Осындай автоматты түрде қосылатын тұрақтандырғыштардың көптеген түрлерін келтіруге болады. Дегенмен, экономикалық жүйеге кіріктірілген ішкі тұрақтандырғыштар экономикада мүмкін болар тербелістерді кеміткенімен тұрақтандырудың қажетті деңгейін қамтамасыз ете алмайды. Заңнамалық актілерге ықтимал тұрақсыздықтың алдын алатын нормативтерді түгелдей кіргізу қолдан келмейтін мәселе. Сондықтан көмекке мемлекеттік органдардың оперативті реттеуі, сәйкессіздіктерге ағымдағы жауап қатуы, дискрециялық (ерекше өкілеттік) саясат құралдары келуі қажет.

Дискрециялық фискальдық саясат – бұл қосымша қабылданатын немесе тұрақты қолданыстағы ережелер мен нормаларды өзгертетін мемлекеттік оперативті қаржылық шаралар жиынтығы. Автоұшқыш ұшақты басқара алмаған кезде ұшқыштың штурвалды өз қолына алатыны сияқты, үкімет те бұрын қабылданған заңдардың тұрақтылықты ұстап тұруға күші жетпеген жағдайда дискрециялық саясатты қолға алады.

Дискрециялық фискальдық саясатты жүзеге асыру әдістеріне қоғамдық жұмыстар, материалдық жәрдем, салық қойылымда-

рын өзгерту сияқты әдістер жатады. Дискреттік фискальдық шаралар экономикалық шиеленістер ошақтарын басуға көмектеседі. Бірақ уақытша енгізілген босатуларды, жеңілдіктерді, қосымша жәрдемдерді доғару қиынға түседі. Кейбір жағдайларда дискреттік уақытша тұрақтандырығыштардың автоматты түрде, тұрақты стабилизаторға айналып кететіні де бар. Қайталап айту керек, олар өздерінің табиғаты бойынша тұрақты болмауы тиіс.

Фискальдық саясаттың құрамдас бөлігі ретіндегі мемлекеттің бюджеттік саясаты бүкіл бюджеттік кезең бойына мемлекеттік табыстар мен шығындардың теңгерімділігіне жетуді көздейді. Жоғары экономикалық конъюнктура жағдайында бюджеттің профициті (мемлекеттік кірістердің шығыстардан артуы) бұрынғы қарыздарды өтеуге, резервтік қорлар жасауға, қосымша әлеуметтік шараларға бағытталуы мүмкін. Іскерлік белсенділік төмендеген кезде мемлекеттік билік органдары, тіпті бюджет тапшылығына қарамастан мемлекеттік сатып алуларды арттырып, құлдырауды тоқтату, сөйтіп экономикалық үдерістерді тұрақтандыру үшін жиынтық сұранысты көбейтеді.

Мемлекеттің бюджеттік саясатының ең бірінші міндеті қауіпті деңгейге жеткен бюджет тапшылығын еңсеру болып табылады. Мемлекеттік бюджеттің жалпы көлемінің 5% шектеріндегі және жалпы ішкі өнімнің 1–2% деңгейіндегі тапшылық қауіпті деп саналмайды. Бірақ егер бюджет тапшылығы оның көлемінің ондаған пайызын құрап, ЖІӨ-нің 5%-ынан артып кетсе, онда бұл бюджеттік саясаттағы ірі ақаулықтарды көрсетеді.

Мемлекеттің бюджет тапшылығын ақша эмиссиясымен жабуға ұмтылысы инфляцияға жетелейді, ал мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару және сату болашақ борыштарды туындатады, өйткені қағаздарды өтеу және олар бойынша пайыздар төлеуге тура келеді. Сондықтан мемлекеттік бюджеттің теңгермелігіне қол жеткізу үшін бюджеттік саясат мемлекеттің кірісі мен шығысы саясатымен байланыстырыла жүргізілуі тиіс.

Мемлекеттік шығындар саясаты ең алдымен мемлекеттік сектордың сұранысын қанағаттандыруы қажет, яғни бюджеттің шығысы баптарында көрсетілетін мемлекеттік зәру қажеттіліктерді қанағаттандыруы тиіс.

Мемлекеттік кірістер саясаты мемлекеттік бюджетке ақша қаражаттарын келтіретін қолда бар және әлеуетті көздерге сәйкес жүргізілуі керек. Мемлекеттік бюджет негізінен салықтық түсімдерден құралатынын ескерсек, онда мемлекеттік кірістер саясаты салықтық саясатпен тығыз байланыста болары даусыз.

Салықтық саясат – салық түрлерін, салық салу объектілерін, салықтық қойылымдарды, салық алу шарттарын, салықтық

жеңілдіктерді тағайындаудан көрінетін фискальдық экономикалық саясаттың бір бөлігі. Бұл параметрлерді мемлекеттік реттеудің басты мақсаты салықтан түсетін ақша қаражаттары мемлекеттік бюджетті қаржыландыруға жеткілікті болуы тиіс. Бірақ бұл арада салықтық және бүкіл фискальдық саясаттың басты қарама-қайшылығымен кездесуге тура келеді.

Салықтық ауыртпалық жоғарылаған сайын қайсыбір шектерден бастап оны төлеуге ықтиярлық пен мүмкіндік кеми түседі. Салықтардың жоғарылығы оны қоректендіріп отырған салықтық негізді үгіте бастайды. Сондықтан мемлекеттік салықтық саясаттың негізінде жоғары емес, ұтымды салықтық қойылымдар болуы тиіс.

Мемлекеттің салықтық саясаты бюджетке түсімдерді қамтамасыз етумен ғана байланысты емес, сонымен бірге құрылымдық-инвестициялық саясат жүргізумен де байланысты. Салықтарды, салықтық қойылымдарды, салықтық жеңілдіктерді реттей отырып мемлекет өндірістің белгілі бір түрлерінің өзін-өзі дамытуға ынталандыруға, тұтыну құрылымына әсер етуге, қаражатты экономика дамуына салуды көтермелеуге мүмкіндіктер жасайды.

Сонымен, фискальдық саясат мемлекеттік экономикалық саясаттың ең қуатты бағыты ретінде, қаржыландырудың, бюджеттеудің, салық салудың әртүрлі құралдарын тиімді қолданады.

§4. Монетарлық экономикалық саясат

Мемлекеттің фискальдық саясатымен оның монетарлық саясаты тығыз байланысты. Егер фискальдық саясаттың жаратылысының мәні қаржылық-бюджеттік болса, онда монетарлық саясат мемлекеттің ақша саясаты, немесе, дәлірек айтсақ, мемлекеттің ақша массасына әсер ету саясаты деуге әбден болады. Сонымен, монетарлық саясат – бұл тікелей мемлекеттік әсермен немесе ұлттық банк арқылы елдегі ақша массасы мен ақша айналымын реттеу болып табылады. Монетарлық саясат ақшаға да, бағаға да ықпал ету арқылы ақша жүйесі мен ақша айналымы қызметін қамтамасыздандырады.

Өткен ғасырдың 90-жылдарының басында Қазақстанда жүргізілген рыноктық реформалардың бірінші кезеңін мамандар монетарлық деп атады. Ол уақытта жүргізілген саясат белгілі бір мағынада монетарлық болғаны шындық, өйткені ол саясат бостан (либералды) бағаға, айналымдағы ақша массасын реттеуге, екі деңгейлі банк жүйесіне өтуге негізделді. Бірақ реформа-

торлардың орталықтандырылған жоспарлауды, басқарудың ұйымдық құрылымдарын, меншіктің формалары мен қатынастарын жаңғырту бойынша іс-әрекеттері сол кезеңдегі жүргізілген саясатты таза монетарлық саясат шектерінен алысқа, авторитарлық либерализм (бас-басына еркіндеу) аймағына алып кеткен болатын.

Монетарлық саясаттың мұраты фискальдық саясат сияқты шаруашылық жүйесі қызметін тұрақтандыру, орнықтылығы мен тиімділігін арттыру, дағдарысты еңсеру, жұмыспен қамту мен экономикалық өсуді қамтамасыз ету болып табылады.

Дегенмен, фискальдық саясат бюджет және салықтармен байланысты антициклдық сипатта әрекет ететін болса, монетарлық саясат ақша айналымы мен ақша массасын тұрақтандыруға және бағаларды, табыстарды, жалақыны реттеуге бағдарланған. Олай болса, монетарлық саясат міндеттерінің де өзіндік сипаты бар. Бұл – бағалар деңгейін тұрақтандыру, инфляцияны жаныштау, ұлттық валютаның ішкі және сыртқы рыноктардағы сатып алу қабілеттілігі мен бағамын қолдау, орнықты ақша айналымын қамтамасыз ету, банктік жүйе арқылы ақша массасын, ақшаға сұраныс пен ұсынысты реттеу.

Макроэкономикалық ақша саясаты өзінің монетарлық формасында ең алдымен ақша массасына әсер етуді білдіреді. Егер мемлекет ақша массасын қысқартса, эмиссияны шектесе, кредитке ақша алудың жоғары пайыздық қойылымын ұстап тұрса, ақша саясаты қатаң деп саналады. Және, керісінше, егер мемлекет ақша массасының көбеюіне ықпал етсе немесе ең ақыры кедергі келтірмесе, жаңа ақша шығаруға тыйым салмаса және кредиттерді арзандатса, онда ақша саясаты жұмсақ, жайлы деп аталады. Өзінің эмиссиялық саясатын мемлекет негізінен ұлттық банк арқылы жүргізеді.

Мемлекеттік монетарлық саясаттың құрамдас бөлігі және сонымен бірге құралы ретінде қайта қаржыландыру саясаты, ашық рыноктағы операциялар, резервтеу, өтімділікті қамтамасыз ету істері болып танылады. Бүкіл осы құралдардың жиыны айналымдағы ақша массасын және жекелеген ақша агрегаттарын реттеуге мүмкіндіктер туындатып рыноктық бағалар динамикасына, инфляция деңгейіне, өндірушілер мен тұтынушылардың тауар-ақша қатынастарына, рыноктық айырбасқа, рынок субъектілерінің табысы мен шығынына жанама ықпал етеді.

Қайта қаржыландыру саясаты, оны басқаша есеп саясаты деп те атайды, ұлттық банктің пайыздық қойылым арқылы кредиттік ресурстар көлеміне және тиісінше айналымдағы ақша массасына әсері бар пайыздық саясат болып табылады. Ұлттық банк пайыздың есептік қойылымын тағайындайды да, соған

сәйкес коммерциялық банктердің вексельдерін қайта есептейді және оларға кредиттер береді. Кеңейтілген мағынада айтатын болсақ, коммерциялық банктер ұлттық банктен кредиттік ақшаны сатып алады да, оны өздерінің қарыз алушыларына қайта сатады, яғни қайта қаржыландыруды жүзеге асырады. Мұның өзі ұлттық банк қаржы рыногындағы кредиттік ақша бағасына ықпал ете алады деген сөз. Бағаны жоғарылату, өзінің есептік қойылымын арттыру арқылы ұлттық банк кредитке сұранысты кідіртеді және айналымдағы ақша массасын қысқартады, ал есептік қойылымды төмендету негізінде ақша массасының көбеюіне ықпал етеді.

Қайта қаржыландыру саясаты пайыздық қойылымдарды, пайыздық саясатты реттеудің құрамдас бөлігі болып табылады және мұны тек қана ұлттық және коммерциялық банктер ғана емес, пайызға ақша беретін кез келген кредитор жүргізе алады. Бірақ бұл мемлекеттік монетарлық саясат шектерінен шығып кету болып саналады.

Ұлттық банк ақша массасын және ақша айналымын мемлекеттік бағалы қағаздарды сатушы, сатып алушы ретінде ашық рыноктағы операциялар арқылы реттеуге мүмкіндік алады. Облигациялар, қазынашылық міндеттемелер түріндегі бағалы қағаздар эмиссиясының өзі мемлекеттік монетарлық саясат актісі ретінде қарастырылады. Мемлекеттік бағалы қағаздардың сату-сатып алуын ашық рынокта ұйымдастыра отырып, ұлттық банк белгілі бір ақша саясатын жүргізеді. Бағалы қағаздарды сату арқылы ұлттық банк айналымдағы ақшаны алып, ақша массасын кемітеді, ал ашық рынокта бағалы қағаздарды сатып алу арқылы ақша массасын көбейтіп, нәтижесінде қосымша эмиссияны жүзеге асырғандай болады.

Мемлекет ұлттық банк арқылы резервтеу саясатын жүргізе отырып, ақша массасы шамасына тиімді әсер ете алады. Ұлттық банк коммерциялық банктерге өз активтерінің белгілі бір бөлігін пайызсыз резерв түрінде ұлттық банкте сақтауға міндеттейді. Мұндай резервтердің нормасы жоғарылаған сайын коммерциялық банктердің өз қаражаттарымен еркін операциялар жүргізу мүмкіндіктері кемиді, яғни ақша массасы азаяды. Резервтеу нормасының кемуі айналымдағы ақша массасының көбеюіне әкеледі.

Коммерциялық банктердің ақша ұсынысы ұлттық банк шығаратын ақшаның қолда бар көлеміне тәуелді. Сондықтан ұлттық банк, ол арқылы мемлекет коммерциялық банктердің ақша ұсынысын реттеу мүмкіндігіне ие болады, сөйтіп коммерциялық банктердің қарамағына берілетін ақша массасын өзгерте отырып, өтімділікті қамтамасыздандыру саясатын жүзеге асырады.

Фискальдық және монетарлық саясат рыноктық экономикасы бар елдердегі мемлекеттік экономикалық саясатты қолдаушы конструкция болып табылады. Бірақ экономикалық саясаттың барлық түрлері мен формалары осылармен аяқталмайды. Мемлекеттік экономикалық саясаттың басқа түрлерін де атап өтейік.

Құрылымдық-инвестициялық саясат өндірістің салалық және аймақтық құрылымын қалыптастыру және өзгерту бойынша мемлекеттің іс-әрекет желісін сипаттайды. Құрылымдық-инвестициялық саясаттың көрінісі инновациялық және конверсиялық саясат болып табылады. Инвестициялық саясат – инвестиция көздерін іздестіріп, оларды пайдаланудың ұтымды бағыттарын табу.

Әлеуметтік саясат – халықты әлеуметтік қорғау, күнделікті өмір сүру деңгейін қолдау. Әлеуметтік саясатқа халықтың табысы мен жалақысын реттеу, жұмыспен қамту т.с.с. жатады.

Демографиялық саясат – тұрғындардың санын, құрылымын, орналасуын, қала және ауыл тұрғындарының арақатынасын реттеу.

Миграциялық саясат – халықтың көші-қонына ықпал ету, иммигранттар мен эмигранттар ағындарын реттеу.

Аймақтық саясат өндіргіш күштерді ұтымды орналастыруды, табиғи байлықты тиімді пайдалануды көздейді.

Институционалдық саясат ескіргенді алып тастап, қолда барды тиімді өзгерту және жаңа еңбек, меншік, қаржы, әлеуметтік институттарды құру бойынша мемлекет қолданатын шаралар жиынтығы болып табылады.

Ізденіс сұрақтары:

1. Мемлекеттік экономикалық саясаттың мәні.
2. Мемлекеттік экономикалық саясаттың мақсаттары.
3. Фискальдық экономикалық саясат.
4. Бюджеттік саясат.
5. Салық саясаты.
6. Экономиканы тұрақтандыру саясаты.
7. Монетарлық экономикалық саясат.
8. Қайта қаржыландыру саясаты.
9. Резервтеу және өтімділікті нығайту саясаты.
10. Мемлекеттік экономикалық саясаттың басқа түрлері мен формалары.

V тарау

ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ – МЕМЛЕКЕТТІК ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТТЫҢ НЕГІЗІ

§1. Экономиканың негізгі құрылымдары және оны қайта құру мәселелері

Экономиканың құрылымы дегеніміз – шаруашылық жүйесінің барлық элементтері арасындағы тұтастықты қамтамасыз ететін пропорциялар мен қарым-қатынастар жиынтығы. Экономиканың динамикасы мен құрылымы екі негізгі және өзара байланысты категориялар болып табылады. Бір жағынан, экономиканың консервативті құрылымы жағдайындағы экономикалық өсу шаруашылықтың тиімділігін арттыра қоймайды. Екінші жағынан, қалыптасқан пропорциялардан экономиканың жаңа, мейлінше прогрессивті құрылымға өтуі қажетті құрылымдық өзгерістерді анықтайтын салалар дамуының жоғары қарқыны негізінде ғана мүмкін болады.

Әкімшіл-өміршіл жүйе жағдайында қалыптасқан экономикаға құрылымдық бейберекет өзгерістер, өңдеуші өнеркәсіптегі бәсекеге қабілеттіліктің төмендігі, монополизм деңгейінің жоғарылығы тән болатын.

Қазақстанда орныққан рыноктық экономика критерийлеріне сәйкес экономикалық құрылым объективті түрде мемлекеттің рөлін күшейтеді, сөйтіп одан белсенді құрылымдық өзгерістер саясатын жүргізуді талап етеді.

Экономика құрылымын қайта құру жөніндегі мемлекеттік саясат қазіргі жағдайларда әлеуметтік бағдарланған, тиімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті рыноктық экономика жасауға бағытталуы тиіс. Мұндай құрылым әлемдік шаруашылықпен тығыз байланыста және елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қызмет атқаруы қажет.

Экономика құрылымы көпжақты түсінік болғандықтан оны шаруашылық жүйесі элементтерінің арақатынасын сипаттайтын әртүрлі көзқарастар тұрғысынан қарастыруға болады. Экономика құрылымы қоғамдық еңбек бөлінісі, ғылыми-техникалық прогресс, адамдар қажеттіліктерінің өсуі және күрделене түсуі, сыртқы экономикалық факторларды ескеру сияқты ұзақ мерзімді үдерістердің әсерімен қалыптасады.

Енді негізгі экономикалық құрылымдарды қарастырайық.

1. Экономиканың функционалдық құрылымы.

Өндірістің түпкі мақсаты халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру оның өмір сүру деңгейін жоғарылату болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде жалпы ішкі өнімді пайдалану бағыттары бойынша экономика құрылымы үш элементтен тұрады. Бірінші элемент ағымдағы қажеттіліктерді, яғни материалдық игіліктер мен қызмет көрсетулерді түпкі тұтыну шығындарын сипаттайды. Екінші элемент қажетті дамуды ұстап тұру және жоғарылатуға жатады және ол үдемелі ұдайы өндірісті жүзеге асыратын ұлттық экономикадағы жалпы қорланудың қалыптасуымен байланысты. Жалпы ішкі өнімнің үшінші құрылымдық элементі тауарлар мен қызмет көрсетулердің таза экспортының көрсетеді.

2. Экономиканың салалық құрылымы. Мұның өзі саланың жалпы ішкі өнімдегі, негізгі өндірістік қорлардағы, жұмыспен қамтылғандардың санындағы үлесі түрінде анықталады. Құрылым қоғамдық еңбек бөлінісі, салааралық және ішкі салалық үрдістердің әсерімен қалыптасады. Ішкі салалық үрдістерге ішкі шикізаттық база, орны толмайтын ресурстардың шектеулілігі жатады.

Ұлттық экономиканың ірілендірілген салалық құрылымының құрамына отын-энергетикалық кешені (ОЭК) аграрлық-өнеркәсіптік (АӨК) т.б. кешендер сияқты негізгі құрылымдар кіреді.

3. Экономиканың технологиялық құрылымы. Бұл құрылым өндірістің технологиялық базасын анықтайтын біртекті технологиялық жиынтықтардан қалыптасады және заттардың, энергияның, сондай-ақ ақпараттың өңделу деңгейін айғақтайды. Әлемдік шаруашылықтағы технологиялық революция жағдайында бірқатар басым бағыттар бойынша Қазақстанның артта қалуы экономиканың технологиялық құрылымын жаңартудың өзектілігін алға тартады.

Әлемдік экономикалық ғылымға өзіндік үлес қосқан И.Шумпетер, Н.Д.Кондратьев т.б. ғалымдардың зерттеулері әлеуметтік-экономикалық даму ұзақтығы әртүрлі ұдайы өндірістік циклдар бойынша жүзеге асатындығын көрсетті. Ұзын толқынды циклдар ескірген технологиялық жағдайлардан прогрессивті технологиялар үстемдігіне бірте-бірте өтумен байланысты.

Экономикалық ғылымда индустриалды және постиндустриалды дәуірлерде бірін-бірі алмастырған негізгі бес технологиялық укладтың (кезеңнің) сипаттамалары берілген.

Қазіргі кездегі бесінші кезеңнің басымдығы тұсында анықтаушы компоненттерге микроэлектроника, бағдарламалық кам-

тамасыз ету, есептеу техникасы, ақпараттық қызмет көрсету, ғарыштық байланыстар т.б. жатады.

Дамыған, заманауи экономиканы бүгінгі күнде ақпараттық экономика деп атайды. Қазақстан экономикасы құрылымында шикізаттық бағыттан жоғары технологиялық экономикаға өту жүзеге асуы тиіс.

4. Өңірлік құрылым. Бұл құрылымды өндіргіш күштерді орналастыру іс-әрекеттері айғақтайды. Өңірлік пропорциялар аумақтық еңбек бөлінісі, өңірлердің ресурстық әлеуетін пайдалану, тарихи дәстүрлер сияқты негіздерден байқалады. Өңірлік құрылымды көп жағдайда салалық құрылым анықтайды. Елдің өңірлік құрылымындағы орнын анықтайтын жиынтық көрсеткіш жалпы өңірлік өнім көрсеткіші болып табылады.

5. Әлеуметтік-экономикалық құрылым. Аталмыш құрылым меншік формасына тәуелді. Рыноктық экономика шарттары бойынша меншік формаларының көптүрлілігі мемлекеттік және жеке меншік арасындағы үлес салмағының түбегейлі өзгерістеріне алып келеді.

6. Капиталды шоғырландыру, кооперациялау және орталықтандыру үдерісін көрсететін құрылым. Шартты түрде мұны «көлемдік құрылым» деп те атауға болады. Бұл құрылым өндірістің жалпы көлеміндегі шағын, орта, ірі кәсіпорындардың, қаржылық-өнеркәсіптік топтардың үлесін сипаттайды. Өткен ғасырдың 90-жылдарындағы бірігу, ірілендірулер трансұлттық корпорациялардың әлемдік әсерін күшейте түсті. Шаруашылық іс-әрекеттерінің интернационалдануы қарқыны артып келеді. ХХІ ғасырдың басында әлемдік экономика «жаһандану» деп аталатын үдерістердің өсе түскен әсерін сезінуде. Ұлттық экономиканың құрылымын болжаудың және реттеудің, сондай-ақ сараптаудың негізгі әдісі баланстық (теңдестіру) әдісі болып табылады.

Баланстық әдістің дамытылған түрін салааралық баланс деп атайды. Жоғарыда көрсеткеніміздей салааралық баланс сараптамалық есептеулерде, болжамдарда және жоспарлауда кеңінен пайдаланылады. Салааралық баланстардағы қажетті ақпарат және оның нәтижелері мынадай мүмкіндіктер береді:

1. Салааралық баланстарды экономиканы сипаттайтын модель ретінде және ұлттық экономика дамуының қарқыны мен пропорциялары бойынша болжамдық есептеулер әдісі ретінде қарастыруға болады. Салааралық баланстар салалар бойынша нақтыланған үдемелі ұдайы өндірістің жан-жақты схемасы болып табылады. Қоғамдық өнім құнының қалыптасу үдерісі, оның орнын толтыру, тұтыну және жинақтау қорларына бөлу, жалпы ішкі өнімді жасау, бөлу, қайта бөлу үдерісі салааралық баланста тәптіштеле, нақтыланады.

2. Жоспар, болжам, әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін талдап, жасау кезінде қоғамның түпкі қажеттіліктерін бастапқы пункт ретінде қабылдайды; мұның өзі қарқындылық және пропорцияларды болжау бойынша атқарылатын жұмысқа мақсаткерлік сипатын береді.

3. Салааралық баланс көрсеткіші негізінде техникалық прогресс бағыттары зерттеледі. Еңбек заттарының тікелей шығындары коэффициенттері, өнімнің капитал сыйымдылығы, қор сыйымдылығы және еңбек сыйымдылығы коэффициенттері сияқты салааралық баланс көрсеткіштерінде қоғамдық өнім өндірісіндегі және жекелеген салалар өніміндегі металл сыйымдылығы, электр сыйымдылығы және жағармай сыйымдылығы, химия сыйымдылығы сияқты көрсеткіштер өздерінің сандық мәнін табады. Салааралық баланс, сондай-ақ ұлттық экономика құрылымына өндірісті ұйымдастырудың әртүрлі формалары – мамандандыру, кооперациялаудың әсерін байқауға мүмкіндік береді.

4. Салааралық баланс салааралық байланыстардың салалық құрылымын негіздеу және болжау әдісі ретінде қолданылады. Салааралық байланыстардың өзгерістері жекелеген салалардағы өндірістің өсу қарқынындағы қажетті арақатынастарды объективті түрде анықтайтын шешуші факторлар қатарына жатады. Салааралық байланыстар механизмі ұлттық шаруашылық ресурстары құрылымындағы өзгерістерге сәйкес экономикалық дамудың әртүрлі кезеңдерінде өзгеріп отырады. Бұл өзгерістер нақты салалардағы өнім шығарылымы артуының экстенсивті және интенсивті әдістерінің арасалмағын анықтайды.

5. Салааралық баланстың нұсқалары қоғамдық өндірістің бірқатар құрылымдық түрлерін салыстыру арқылы экономиканың ең тиімді деген құрылымын таңдауға көмектеседі. Баланстың экономикалық-математикалық моделі стандартты бағдарлама жасауға және оны электронды машиналарда есептеуге мүмкіндік туғызады.

6. Салааралық баланс өндірісті кеңейту үшін қажетті күрделі қаржыны есептеуге жағдай жасайды және сол қаржыны салалар және жылдар бойынша бөлуді қамтамасыз етеді.

7. Салааралық баланстың көмегімен қажетті жұмысшы күшін анықтауға, ұлттық шаруашылық салалары бойынша жұмыспен қамту деңгейін болжауға болады.

8. Салааралық баланстың әртүрлі бағаларда талдап жасауға болады. Салааралық баланс бағалардың экономикалық негізделген деңгейін, құрылымы мен арақатыстарын жетілдіру үшін белгілі бір мүмкіндіктер береді.

9. Салааралық баланс өңірлік байланыстарды, аумақтық еңбек бөлінісіндегі өңірдің орнын, өңір экономикасы дамуының кешенділігін сараптауға негіз бола алады. Салааралық баланстың өңірлік және өңіраралық модельдері өндіргіш күштерді ұтымды орналастыруды жоспарлаудың құралы болып табылады. Салааралық баланс шаруашылық іс-әрекетті динамикада сараптауға қолайлы жағдай жасап, соның негізінде көпнұсқалы антикризистік ұсыныстар даярлауға алғышарт рөлін атқарады.

Сонымен, салааралық баланс әдісінің көмегімен экономикалық құлдыраулар мен дағдарыстарды болжауға, сондай-ақ өндірістік, қаржылық және сауда дағдарыстарын шектеу үшін шаралар жүйесін қарастыруға болады. Ал мұның өзі экономикалық өсу динамикасының болжамдылығын арттырады, сонымен бірге тұрақтылыққа қол жеткізуге жәрдемдеседі.

Салааралық модельдерді мемлекеттік секторда да, аралас экономикада да қолдануға болады.

Экономикадағы едәуір мемлекеттік сектор болған жағдайда көпсалалық сараптау мен болжаусыз бұл сектордың іс-әрекетін тиімді басқару мүмкін еместігі өзінен-өзі түсінікті болса керек.

Көпсекторлы модельдеу мен бағдарлаудың объектісі шаруашылық ресурстарының ауыспалы айналымын сараптау болып табылады.

Экономикалық ағындар параметрлері белгілі болған жағдайда мемлекеттік мекемелер материалдық және құндық ағындарды мейлінше дәлірек реттеуге қол жеткізеді де, ұдайы өндіріс үдерісі шеңберіндегі капитал айналымын мүмкін болар кедергілерден сақтайды.

Аралас экономиканы реттеу кезінде мемлекет ең алдымен «шығын шығарылым» моделі шеңберіндегі «түпкі сұраныс», «инвестиция», «тұтыну», «үкіметтік сатып алулар» деп аталатын элементтерге әсер ете алатын болады. Тиісті реттегіштерді пайдалана отырып, мемлекет осы элементтердің әрқайсысының көлемі мен құрылымына өз ықпалын жүргізе алады.

§2. Материалдық өндірісті дамытуды мемлекеттік реттеу

Материалдық өндіріс сферасы – мемлекеттік реттеудің маңызды объектісі болып табылады. Материалдық өндірісті мемлекеттік реттеу ірі салалар, оның бөлімшелері, кәсіпорындар, салааралық кешендер, сондай-ақ өнеркәсіптің өндіруші және оңдеуші салалары шеңберінде жүзеге асады.

Материалдық өндіріс сферасын мемлекеттік реттеудің негізгі міндеттері елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын, сыртқы экономикалық байланыстар мен әлемдік шаруашылықтағы өзгерістерді, мемлекеттік реттеудің басты мақсаттарын ескере отырып кезең-кезеңімен дәлдеп, нақтылау болып табылады. Қазіргі рыноктық экономика жағдайында өндіріс құрал-жабдықтары мен тұтыну тауарларын өндіруді мемлекеттік реттеудің негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

1. Материалдық өндіріс салалары дамуының негізгі көрсеткіштерін тұрақтандыру;

2. Өндіруші және өңдеуші салалар арақатынасын өзгерту, ғылыми сыйымды өндірістердің рөлін арттыру арқылы материалдық өндіріс сферасының құрылымын прогрессивті жолмен қайта құру;

3. Материалдық өндіріс салаларын техникалық қайта жақтандыру;

4. Дамыған әлем елдерімен тең құқылы әріптес ретінде әлемдік экономикаға өзара пайдалы интеграциялану;

5. Өнеркәсіптің өңдеуші салаларының экспорттағы үлесін көбейту арқылы қазақстандық өндірушілердің шикізаттық бағытын бәсеңдету;

6. Ішкі және сыртқы рыноктардағы отандық өнімнің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

7. Материалдық өндіріс субъектілерін ел өңірлері бойынша ұтымды орналастыру;

8. Өндірістің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Материалдық өндіріс сферасын реттеуде мемлекеттің бақылаушы функциялары мен реттегіш тетіктерін сақтап қалудың негізі оның өндірістің материалдық факторларына иелік етуімен тікелей байланысты. Сондықтан жер, су, орман, жер қойнауы, өндірістік инфрақұрылым мемлекеттің меншігінде болғаны жөн. Мемлекет елдің бүкіл шикізат кешеніне әсер ететін маңызды тетіктерді де өз қолынан шығармайды. Сонымен бірге мемлекет шикізаттық салаларға инвесторларды (жер қойнауы мен ресурстарды пайдаланушыларды) тартуға да мүдделі болса керек. Өнімді бөлісу шарты негізінде пайдалануға берілетін жер қойнауы учаскелері мемлекеттің заңдарымен бекітіледі. Өнімді бөлісу туралы келісім тендерде немесе аукционда жеңіске жеткен инвестормен жасалады. Өнімді бөлісу келісімі негізіндегі жер қойнауы учаскесін пайдалану құқығы тек қана лицензиялау жолымен беріледі.

Келісімге сәйкес өндірілген өнім мемлекет және инвестор арасында бөлініске түседі. Келісімде келесі шарттар қарастырылады:

- Өндірілген өнімнің жалпы көлемі мен құнын анықтау;
- Келісім бойынша атқарылған жұмысқа жұмсалған инвестор шығындарының орнын толтыру үшін берілетін өнім көлемін анықтау;
- Пайда әкелетін өнімді мемлекет пен инвестор арасында бөлу. Пайда әкелетін өнім дегеніміз – жер қойнауын пайдаланғаны үшін төлем және компенсациялық өнімді алып тастағандағы шығарылған өнім көлемі;
- Өндірілген өнімнің тиісті бөлігін немесе оның құндық эквивалентін мемлекетке өткізу;
- Өндірілген өнімнің тиісті бөлігін келісімге сәйкес инвестордың иелігіне беру.

Шаруашылық жүргізудің рыноктық жүйесіне өту көптеген сатушылары мен сатып алушылары бар рыноктың пайда болуымен бірге көптеген сатушылар және бір ғана сатып алушы ретінде мемлекет көрінетін ерекше, арнайы рынок та қалыптасады. Рыноктарды жіктеу көзқарасы бойынша бұл монополизацияланған рыноктың антиподы (карама-қарсысы) монополия болып табылады.

Мемлекеттік қажеттіліктер үшін сатып алуларды басқару теориясы мен практикасында келесі терминология пайдаланылады:

- Мемлекеттік тапсырыс беруші – мемлекеттің атынан сатып алуға өкілеттігі бар органдар мен тұлғалар;
- Жеткізуші – мемлекеттік тапсырыс бойынша өнім өндіруші және жеткізуші;
- Сатып алушылар – мемлекеттік бюджет есебінен сатып алынатын тауарлар;
- Жеткізілімдер – жасалған келісімге сәйкес мемлекеттік тапсырыс берушіге тауарларды өткізу, қызмет көрсетулерді атқару;
- Мемлекеттік келісімшарт (контракт) – жеткізілім шарттары келісілген тапсырыс беруші мен жеткізуші арасындағы келісім.

Материалдық өндіріс сферасына мемлекеттік әсерлер түрлерінің біріне мемлекеттік тапсырыс жүйесі жатады. Мемлекеттік тапсырыс рыноктық экономиканы реттеудің маңызды құралдарының бірегейі болып табылады. Мемлекет өнімге, жұмыстарға, қызмет көрсетулерге тікелей тапсырыс беруші рыноктық субъект ретінде өндірісті мейлінше жандандыру бағытында мультипликативтік сұранысты туындататын нақты күшке айналады. Мемлекеттік тапсырыстың отандық тауар өндірушілерді қолдаудағы рөлі тіпті ерекше. Сондықтан түпкі сұранысты анықтауда мемлекеттік тапсырыстың үлесі

айтарлықтай жоғары межені көрсетеді. Дамыған елдердегі мемлекеттік тапсырыс көлемі жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) 20–30%-ын құрайды. Мемлекеттік тапсырыстың үлесі, әсіресе әскери-өндірістік кешендерде жоғары болады, 50%-дан астам болып келеді.

Өнімдерге, жұмыстарға, қызмет көрсетулерге мемлекеттік тапсырыс мемлекеттің ең маңызды деген қажеттіліктерін жүзеге асыру үшін қолданылады.

Мемлекеттік қажеттіліктер үшін өнім жеткізу келесі мақсаттарды көздейді:

- Мемлекеттік материалдық ресурстарды жасау және қажетті деңгейде ұстап тұру;
- Елдің қажетті деңгейдегі қорғаныс қабілеттілігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Елдің халықаралық экономикалық міндеттемелерін атқару үшін өнімдердің экспорттық жеткізілімдерін қамтамасыз ету;
- Мемлекеттік бюджет қаражаттары есебінен толық немесе жартылай қаржыландырылатын мемлекеттік мақсатты бағдарламаларды жүзеге асыру.

Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жеткізілімдерді қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасының үкіметі мемлекеттік тапсырыс берушілер тізімін бекітеді. Олардың қатарында мемлекеттік атқару органы, мемлекеттік қазынашылық кәсіпорын, мемлекеттік мекеме, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар, корпорациялар болуы мүмкін.

Мемлекеттік тапсырыс берушінің негізгі функцияларының бірі өнімді жеткізушіні таңдау, яғни мемлекеттік қажеттіліктер үшін өнім жеткізу бойынша мемлекеттік тапсырыстарды орналастыру болып табылады. Әдетте, мемлекеттік тапсырыс конкурстық негізде орналастырылады, яғни ашық немесе жабық тендер өткізу жолымен жүзеге асырылады.

Конкурстың ең қолайлы түріне ашық түрі жатқызылады. Жабық конкурстар мемлекеттік құпия болып саналатын мемлекеттің қорғанысы және қауіпсіздігі үшін қажетті тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатып алу кезінде өткізіледі. Заттай өнімдердің кейбір түрлері (қымбат бағалы металдар мен тастар, мұражай құндылықтары, сирек кітаптар, қолжазбалар және мұрағаттық құжаттар т.б.) конкурс өткізбей-ақ сатып алынады.

Конкурстың қатысушысы ретінде тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өндіру үшін қажетті қуаттары, жабдықтары және еңбек ресурстары бар жеткізуші (атқарушы) танылады. Ашық конкурсты жеңіп шыққан өнім (жұмыс, қызмет

көрсету) жеткізушімен (атқарушымен) мемлекеттік тапсырыс беруші мемлекеттік келісімшартқа қол қояды.

Мемлекеттік келісімшарт мемлекеттік қажеттіліктер үшін өнім жеткізуші мен мемлекеттік тапсырыс берушінің құқықтарын және міндеттерін анықтайтын негізгі құжат болып табылады. Мемлекеттік келісімшартта мыналар көрсетіледі:

- Натуралды түрде тізбесі және сұрыпталуы көрсетілген өнім (жұмыс, қызмет көрсету) көлемі;

- Өнімнің (жұмыстың, қызмет көрсетудің) сапасына қойылатын талаптар;

- Өнім жеткізу мерзімдері;

- Тауарлық бағалар және оларды өзгерту шарттары;

- Мемлекеттік келісімшартты атқару үшін қажетті қаржылық ресурстар көлемі.

Қазіргі уақытта мемлекеттік тапсырыстардың көптеген түрлері бар. Солардың ішінде:

- Қорғаныс қажеттіліктері үшін тапсырыс;

- Ғылыми-зерттеу жұмыстарына тапсырыс;

- Мемлекеттің материалдық резервтері үшін тапсырыс;

- Ауыл шаруашылығы өнімдері қорын толықтыру үшін тапсырыс;

- Мердігерлік жұмыстарға тапсырыс және т.б. бар.

Материалдық өндірісті мемлекеттік реттеуде оңтайлы өнеркәсіптік саясат жүргізудің маңызы зор.

Өнеркәсіптік саясат дегеніміз – рыноктық механизмдерді экономикалық және әлеуметтік тиімді бағыттарда реттеу үшін, мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъектілер қатынасын оңтайландыру үшін қажетті ұлттық экономиканы дамыту құралы. Ол ел экономикасындағы, сыртқы экономикалық байланыстар мен әлемдік шаруашылықтағы өзгерістерді ескере келе кезең-кезеңімен түзетіліп, жаңартылып отыруы тиіс.

Әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей өнеркәсіптік саясат өтпелі кезеңде, мысалы, рыноктық экономикаға өту кезеңінде ерекше қажет болады екен. Өнеркәсіптік саясат тіпті дәстүрлі рыноктық экономикасы бар индустриалды дамыған елдер үшін де қажет екендігі дәлелденген ақиқат болып табылады. Қазіргі әлемдік экономиканы ырықтандыру және оның жаһандануы жағдайында тиімді өнеркәсіптік саясат экономикалық өсудің кепілі ретінде танылып отыр.

Өнеркәсіптік саясат ескірген өндірістік құрылымды жойып жаңа құрылымды қалыптастыруға, ғылыми-техникалық прогресс пен басқаруды жетілдіруге, жаһандану жағдайындағы әлемдік экономика талаптарына сай болуға көмектеседі.

Өнеркәсіптік саясат корпорация мен мемлекет мүдделерін біріктіруге мүмкіндік беретін механизмдерге иек артады. Ол барлық ұйымдық-құқықтық нысандағы шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін жүргізіледі. Оны қалыптастырып, жүзеге асыру – заң шығарушы және атқарушы биліктің тікелей міндеті болып табылады.

Ел экономикасы дамуының қазіргі кезеңінде мемлекеттің өнеркәсіптік саясаты келесі бағыттарда жүргізілуі тиіс:

1. Экономиканың шикізатты бағытынан өңдеуші (үксатушы) өнеркәсіптің басымдылығына өту;

2. Өндірісті ұйымдастырудың ескірген әдістерінен бас тартып, өнімді жедел жаңалап, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыратын икемді өндірістік жүйелерді қалыптастыру;

3. Халықтың денсаулығына қолайлы, экологиялық таза және қауіпсіз өнеркәсіп өндірісін дамыту;

4. Өзін-өзі қамтамасыз ету ұстанымы бойынша қызмет ететін комбинаттардың орнына ішкі және сыртқы рыноктардағы бәсекеге қабілетті мамандандырылған өндірістерді көптеп ашу;

5. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын әлеуметтік тапсырыс негізінде ұзақ мерзімге арналған кешенді ғылыми-техникалық болжамға құрылған мақсаттарға бейімдеу.

Қазақстан Республикасы өнеркәсіптік саясатының негізі 2015 жылға дейінгі уақытқа арналған экономикалық өсудің индустриалдық-инновациялық стратегиясы алға қойған мақсаттар мен міндеттерді шешу болып табылады.

Құрылымдық-салалық мазмұны бойынша өнеркәсіптік саясатта үш салалық топ ерекшеленеді:

1. Экспорттық мүмкіндіктері бар отын-шикізаттық сектор салалары (мұнай-газ, қара және түсті металлургия, электроэнергетика және т.б.);

2. Ішкі және сыртқы бәсекеге қабілетті өңдеуші-үксатушы салалар;

3. Ішкі рыноктық сұранысын өтеуге қабілетті салалар (автомобиль және ауыл шаруашылығы машина жасау, жеңіл және тамақ өнеркәсібі).

Мемлекет тұтынушылар мен өндірушілердің мүдделерін сәйкестендіру үшін табиғи монополия болып табылатын коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардың іс-әрекетін реттейді.

Мемлекеттік реттеу жүзеге аспаған жағдайда табиғи монополия кәсіпорындары (электроэнергетика, темір жол т.б.) олигополияға айналады да, өндіріс көлемі қысқарған жағдайларда монополия бағалар тағайындау себебі басқа салалардағы бағаның өсуіне алып келеді. Сондықтан мемлекеттік реттеудің

табиғи монополиялардағы негізгі объектісіне солар өндіретін өнімге деген шығындар, бағалар және тарифтер жатады.

ҚР үкіметі ішкі рынокта бағасы реттелуі тиіс тауарлар (қызмет көрсетулер) тізімін жасайды. Реттелетін бағалар ұйымдық-күқықтық және меншік формасынан тәуелсіз барлық кәсіпорындарда қолданылады.

Табиғи монополиялар қызметін мемлекеттік реттеу келесі бағыттар бойынша жетілдірілуі тиіс:

- Табиғи монополиялар өніміне шығындардың, бағалардың және тарифтердің қалыптасуына мемлекеттік бақылауды күшейту;

- Экономикалық мақсаттарға және мемлекеттік заңдарға сәйкес табиғи монополия субъектілерінен дербес кәсіпорындарды даралау;

- Монополия субъектілерінің қаржы ағындарына бақылауды ұйымдастыру және тұтынушылардың әртүрлі топтарын субсидиялауды әлеуметтік әділеттілік қағидаларына сай жүргізу;

- Реттеудің нормативтік базасын жетілдіру;

- Табиғи монополияларды реттеуде республикалық және өңірлік органдар қызметін үйлестіру;

- Жекешелендіру кезеңдерінің ерекшеліктерін анықтап отыру т.б.

Мемлекеттік реттеудің тағы бір объектісіне кәсіпорынның жағдайы (төлем қабілеттілігі) және оған банкроттық процедурасын қолдану мәселесі жатады. Қазіргі кезде барлық меншік формасындағы кәсіпорындар күрделі жағдайда жұмыс істеуге мәжбүр: сұраныстың әрқилылығы, дебиторлық және кредиторлық қарыздар, энергия және көлік тарифтерінің жоғарылығы, салық салудың тәркілеуге ұқсастығы т.с.с. Бұл жағдайларда кәсіпорындар үлкен қаржылық қиыншылықтарға тап болады. Сондықтан мемлекет кәсіпорындардың қаржылық жағдайының нашарлауын болдырмауға, оларды банкроттыққа жібермей, өндірісті жандандыруға әрекет етеді. Өндірістік қорларының көлемі және шығаратын өніміне сұраныс деңгейіне сәйкес кәсіпорындар төрт топқа бөлінеді. Бірінші топтағы кәсіпорындар (тозу деңгейі салалық деңгейден төмен, өніміне жоғары, тұрақты сұраныс) мемлекеттік қолдауға бірінші кезекте үміткер бола алмайды. Екінші және үшінші топқа жататын кәсіпорындарда өндірісті диверсификациялау (сұранысқа байланысты әртарап-тандыру) мүмкін және мақсатқа сай болғанда, басқарудың жаңа әдістерін енгізуге тиімді жағдайлар туындағанда өздерінің қаржылық қабілетін қалпына келтіру үшін мемлекеттің қаржылай көмегіне үкіметтенуіне сенім арта түседі. Төртінші топтың кәсіпорындары (тозу деңгейі орташа салалық деңгейден жоға-

ры, сұраныс төмен) қайта құруға жатқызылады немесе тиімділігі төмендігіне байланысты іс-әрекеттегі кәсіпорындар қатарынан шығарылады.

Барлық елдерде банкроттық үдеріс, яғни кәсіпорынды төлем қабілеті жоқ деп тану заңнамалық тұрғыдан реттеледі. Кәсіпорынның қаржылық жағдайының қанағаттанарлықсыз екендігін анықтау және банкроттық белгілерін айқындау үшін бірқатар көрсеткіштер есептеледі. Олардың негізгілері:

- Ағымдағы өтімділік коэффициенті – айналмалы активтердің (болашақтағы шығындарды шегергендегі) мерзімді міндеттемелер сомасына қатынасы;

- Өзіндік қаражаттарымен қамтамасыз етілу коэффициенті – өзіндік айналмалы қаражаттар мөлшерінің запастар құнына қатынасы.

Егер көрсетілген есептік коэффициенттер белгіленген (нормативті) коэффициенттерден төмен болса, кәсіпорын банкроттық туралы заң әрекеті шеңберіне түседі.

§3. Мемлекеттің өнеркәсіптік саясаты

Өндіріс – кез келген экономикалық жүйенің негізі, базисі. Өндіріс – бұл адамдардың іс-әрекеті, қызметі арқылы табиғи ресурстар мен қолда бар еңбек құрал-жабдықтарын қолдану негізінде өмір сүруге, экономиканы дамытуға, байлықты арттыруға, басқа да қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған әртүрлі экономикалық өнімдерді өндіру болып табылады. Тарихи көзқарас өндірісті тек қана материалдық өндіріс деп таныды, яғни еңбек өнімдерін материалдық-заттық формада, қолмен ұстап, көзбен көретін заттар, бұйымдар түрінде қарастырды. Қызмет көрсету өндірісі мен ақпарат өндірісінің үлесі экономикасы дамыған елдердің жалпы ішкі өнімінің жартысына жеткен қазіргі кезеңде экономиканы өндірістік және өндірістік емес сфераларға бөлу шартты сипатта ғана болып қалды. Бұлардың әрқайсысының нәтижесін «өнім» деп атау берік орнықты.

Әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей өнеркәсіптік саясат, әсіресе өтпелі кезеңдерде, мысалы рыноктық экономикаға өту кезеңінде қажет. Мұның өзі дәстүрлі рыноктық, индустриалды дамыған елдерге де дүниежүзілік экономиканың либерализациялануы (ырықтандырылуы) және жаһандануы үдерісі жағдайында қажетті құрал болып табылады.

Өнеркәсіптік саясат ескі өндірістік құрылымдардан бас тартып, жаңаларын қалыптастыруға көмектеседі; ғылыми-техникалық прогресті және жаңа менеджментті енгізуді жеделдетеді;

жаһанданған әлемдік экономиканың объективті талаптарына бейімделуді оңайлатады.

Өнеркәсіптік саясат корпорациялар мен мемлекет мүдделерін біріктіруші механизмдерге сүйенеді және барлық ұйымдық-құқықтық формадағы шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін жүргізіледі. Оны қалыптастыру және жүзеге асыру заң шығарушы және атқарушы биліктердің төл ісі болып табылады.

Қазақстан экономикасы дамуының қазіргі кезеңінде мемлекеттік өнеркәсіптік саясаттың мақсаттары келесідей:

1. Экономиканың шикізаттық бағытынан өңдеуші, ұқсатушы өнеркәсіптің басымдығына көшу;

2. Өндірісті ұйымдастырудың ескірген жүйесінен икемді өндірістік жүйелерге өту, нәтижесінде өнімнің жедел жаңартылуын және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз ету;

3. Адам өміріне зиянды өндірістен экологиялық таза және қауіпсіз өнеркәсіптік өндіріске қол жеткізу;

4. Мамандандырылған өндірісті дамыту негізінде өндірілген өнімнің ішкі және әлемдік рыноктардағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

5. Академиялық және салалық ғылымды әлеуметтік тапсырыстарға негіздеу мақсатында ұзақ және қысқа мерзімді ғылыми-техникалық болжамдар қатарын жасау және жүзеге асыру.

Мемлекеттік өнеркәсіп саясатының негізі орнықты экономикалық өсудің инновациялық-инвестициялық мәселелерін шешу болып табылады. Аталған екі мәселе өзара тығыз байланысты. Ғылыми зерттеулерді жүргізу, жаңа технологияларды өндіріске енгізу едәуір күрделі қаржыны талап етеді. Ал қаржы тапшылығы ғылыми-техникалық, басқару және ақпараттық прогресс талаптарына сәйкес инновациялар масштабын кенейтуді қажетсінеді.

Инновация іс-әрекеттердің көптеген бағыттарын қамтиды. Бұл ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардан бастап өндірісті технологиялық қайта құру және жаңа өнім шығарумен жалғасуда. Соның өзінде экономикалық дамудың әрбір кезеңінде инновациялық іс-әрекет басымдықтары өзгерістерге ұшырап отырады.

Өтпелі кезең жағдайында мемлекеттік инновациялық саясат мыналарды қарастыруы тиіс:

Біріншіден, техникалық жаңа буындарын жасау шеңберіндегі бағыттарды дамыту негізінде жетекші технологиялық елдер қатарынан орын алу.

Екіншіден, ғылыми-техникалық прогрестің басым бағыттарында әрекет ететін құрылымдық инновациялық әлеуетін сақтау және дамыту.

Үшіншіден, инновациялық сферадағы рыноктық қатынастарды орнықтырып, дамытуға жәрдемдесу, инновациялық бизнесте бәсекелік орта қалыптастыру.

Инновацияларды өнімдік және технологиялық деп ажыратуға болады. Өнімдік инновациялар технологиялық жаңғыртудан басқа өнім сапасын жоғарылату, олардың номенклатурасы мен ассортиментін кеңейту, импорттық шикізаттан, материалдардан, жартылай фабрикаттардан тәуелділікті кеміту сияқты қызметтегі салаларда орын алады. Оларға машина жасау, жеңіл және медициналық өнеркәсіп, құрылыс материалдары өнеркәсібі т.б. салалары жатады.

Технологиялық инновациялар өндірістің материалдық шығындарын кемітуді қамтамасыз ететін инновациялық технологиялар басым салаларда орын алады. Оларға жанармай, химия, мұнай химиясы өнеркәсіптері, қара және түсті металлургия, тамақ өнеркәсібі салалары жатады.

Мәліметтер бойынша инновациялық шығындар құрылымының 60%-ы өндірісті технологиялық даярлау мен жабдықтарды сатып алуға жұмсалады екен. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік конструкторлық жұмыстар үлесіне шығындардың 17%-ы, маркетинг зерттеулерге – 2%-ы, жаңа технологиялар бойынша жұмыс істеу үшін персоналды даярлауға инновациялық шығындардың 1%-ға дейінгі мөлшері жұмсалатын көрінеді. Инновациялық қызметке 1 теңге шығын өнім шығарылымын дәстүрлі технологиялармен салыстырғанда 7,5 есе арттыратыны белгілі болып отыр.

Ғылым және технологиялық даму сферасын мемлекеттік реттеудің басты міндеті инновациялық және инновациялық қызметтер үшін қолайлы экономикалық жағдайлар жасау, жанама реттеуді кеңейту шеңберінде салықтық және қаржылық-кредиттік саясатты байланыстыра қолдану болып табылады.

Тікелей мемлекеттік қолдауды іргелі ғылымдарға және сындарлы технологиялардың шектеулі санына ғана көрсету тиімді болмақ. Бюджет қаражаттары есебінен кеңейтілген бағдарламаларды жүзеге асырады үміттері жалған инновациялық басымдықтарды таңдап, қаржыландыру қатеріне ұрындыруы әбден мүмкін.

Мемлекет ғылым дамуының басым бағыттарын таңдайды, ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды қалыптастырып, жүзеге асырады, республикалық бюджеттен ғылыми қызметті қаржыландырады, республикалық дәрежедегі ғылыми ұйымдарды басқарады.

Инновациялық сфераны мемлекеттік қолдаудың келесі бағыттары белгілі:

1. Ғылыми-зерттеулерді салықтық ынталандыруды күшейту. Мұның рыноктық экономикада бюджеттік субсидиялармен салыстырғанда бірқатар артықшылықтары бар. Салықтық жеңілдіктердің бірнеше түрлерін атауға болады. Олар: ғылыми зерттеулерге шығындардың табыстық бөлігіне салық салуды азайту; ғылыми зерттеулерге шығын өсіміне белгілі бір пайыз шамасында төленетін салыққа шегерім жасау; жаңа техникаға жұмсалатын күрделі қаржының бір бөлігіне салық сомасын кеміту; іргелі зерттеулерді қаржыландыруға арналған қаражатқа ерекше салықтық жеңілдіктер беру, орта және шағын бизнестің зерттеулеріне қолайлы жағдай жасау.

2. Инновациялық саясаттың басты құралдарының бірі ретінде ғылыми-техникалық өнімдерге мемлекеттік тапсырыс рөлін күшейтуді атауға болады. Қаржылық орнықтылыққа қол жеткізілген сайын тәуекелді (венчурлық) жобаларды жүзеге асырудағы мемлекеттік тапсырыстың үлесі арта түседі.

3. Мемлекеттік инновациялық қор ең басым деген ірі зерттеулер мен жаңғыртуларды мақсатты түрде жеңілдікті қаржыландыратын болады. Аталған қордың инновацияларды мемлекеттік қолдау бойынша өкілеттігі мейлінше кеңейтілуі тиіс, яғни ғылыми идеядан бастап, оның түпкі нәтижесіне дейінгі циклды қамтуы қажет.

4. Технологиялық әлеуеттің мониторингтік және болжау жүйесін жасау үшін мемлекеттік деңгейде әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету істері атқарылуы тиіс.

5. Ғылыми өнімді жобалау және өндіру сферасында рыноктық бәсеке рөлін арттыру негізінде басым бағыттар үшін Жапонияда кеңінен қолданылатын «бастапқы ақшалар» ұстанымын тарату қажет.

6. Ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың бюджеттен тыс көздерін ашып, кеңейту. Бұл үшін жеке меншік сектордың (қаржы-өнеркәсіптік топтар, коммерциялық банктер, бірлестіктер т.б. шаруашылық жүргізуші субъектілер) инновациялық белсенділігін ынталандыруды күшейтіп, коммерциялық мүдделіліктерін арттыру көзделеді. Қазақстанда ғылыми-зерттеулердің 90%-ы мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылса, дамыған елдерде ғылыми зерттеулер шығынының 2/3 бөлігін кәсіпкерлік сектор қаржыландырып отыр.

7. Ғылыми-техникалық орталықтар қызметін коммерциализациялауды дамыту. Мұның өзі оларды табыстың негізгі бөлігін инновация және ақпараттық технология рыноктарынан іздеп табуға итермелейді. Бұдан басқа, ғылыми орталықтар қызметін коммерциализациялау ғылымды рыноктық жағдайларға

бейімдейді және мемлекеттің инновациялық саясатының жаңа әдістерінің пайда болуына көмектеседі.

8. Ғылыми зерттеу сферасындағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейту. Әлемнің ешбір елі ФТП-ның барлық салалары бойынша зерттеулердің түгелге дерлік спектрін қамти алмайды. Ғылыми-техникалық кооперацияның мейлінше динамикалық формаларының бірі – халықаралық бірлестіктерді құру болып табылады. Ынтымақтастық пен өзара тәуелділік арта түскен шығындар мен тәуекелдерді бөлісуге итермелейді, сондай-ақ жаңа өнімді жасау үдерісіне қажетті білімдер потенциалын шоғырландырады.

Өнеркәсіптік саясаттың құрылымдық-салалық құрамында үш топты ерекшелеуге болады:

1. Отын-шикізат секторының экспортқа қабілетті салалары.

2. Бәсекеге қабілетті өнім өндіретін өңдеуші өнеркәсіп салалары.

3. Ішкі рынокты қамтамасыз ететін салалар.

Салалардың бірінші тобы бойынша отын-энергетикалық салалар (газ, мұнай, көмір өнеркәсібі, электр қуаты) ерекше маңызды.

Отын-энергетика кешенінде шаруашылық жүргізуші субъектілер табиғи монополиялар қатарына жатады. Тұтынушылар мен өндірушілер мүдделерінің тепе-теңдігін қамтамасыз ету үшін мемлекет табиғи монополия болып табылатын ұйымдар қызметін реттейді.

Қандай болмасын елде антимонополиялық заңдар шеңберінен тыс бір топ салалар болады. Бұлар тікелей реттелетін салалар деп аталады да, мемлекет оларды меншік формасынан тәуелсіз өндірушілердің басым жағдайын арнайы орнықтырып, қорғайды. Олар сондай-ақ «табиғи монополиялар» деген атаумен белгілі.

Әңгіме технологиялық және т.б. жағдайларға байланысты бәсекенің болуы мүмкін емес қызмет түрлері туралы болып отыр. Бұған қымбат құрал-жабдықтары бар ірі масштабта тараптық ұстаным бойынша ұйымдастырылған салалар; сұраныс көлемі технологияға сәйкес анықталатын салалар (мысалы, байланыс кабелінің сыйымдылығы мен эфирдегі жиіліктер санымен анықталатын) – тек қана ірі масштабты өндіріс жағдайында шығындар деңгейі төмен болатын салалар. Бұл салаларға қоғамдық пайдаланудағы, айталық электр энергетикасы, газ шаруашылығы, сумен жабдықтау, сондай-ақ темір жол, әуе және муниципалдық көліктер, байланыс, радио және теледидар салалары жатады. Аталған салалардың кәсіпорындары мемлекеттік әкімшіліктің рұқсатынсыз жабылмайды (тіпті уақытша болса

да) және барлық клиенттерге ешқандай алалаусыз қызмет көрсетуге міндетті. Бұл топтағы салалардың өніміне (қызметтеріне) тарифтерді мемлекет реттейді.

Табиғи монополияларды реттеу антимонополдық заңнама сферасына жататын арнайы нормативтік актілер негізінде жүзеге асады.

Сонымен, табиғи монополияның өміршеңдігі бірқатар бәсекелес фирмалармен салыстырғанда өнім бірлігіне шығындары төмен, масштабының тиімділігі соншалықты, бір өзі бүкіл рынокты жабдықтай алатын жағдаймен дәлелденеді.

Материалдық өндіріс сферасын мемлекеттік реттеудің тиімді құралдарының бірі — ол мемлекеттік тапсырыс жүйесі. Мемлекеттік тапсырыс рыноктық экономиканы мемлекеттік реттеудің маңызды тәсілі болып табылады. Бұл арада мемлекет өнімдер, жұмыстар және қызмет көрсетулерге тікелей тапсырыс беруші рөлін атқарады. Мемлекеттік тапсырыс мультипликативтік сұраныс туындатып, өндірісті жандандыруға қабілетті құрал. Мемлекеттік тапсырыстың маңыздылығы, әсіресе «серпінді жобаларды» қолдауда арта түседі. Сондықтан мемлекеттік тапсырыстың түпкі сұраныс көлеміндегі үлесі едәуір. Дамыған елдерде мемлекеттік сатып алулар жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) 20–30%-ға дейінгі көлемін құрайды.

Мемлекеттік қажеттіліктер үшін өнім жеткізу келесі мақсаттар үшін жүзеге асырылады:

- Мемлекеттік материалдық резервтерді жасау және ұстап тұру;

- Елдің қорғаныс қабілеттілігі мен қауіпсіздігінің қажетті деңгейін ұстап тұру;

- Елдің халықаралық экономикалық міндеттемелерін орындау мақсатындағы экспорттық жеткізілімдерді қамтамасыз ету;

- Республикалық мақсатты бағдарламаларды жүзеге асыруды қаржыландыру.

Мемлекеттік қажеттіліктер үшін өнім жеткізу республикалық бюджет қаражаты және осы мақсаттар үшін тартылатын бюджеттен тыс көздер есебінен қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жеткізілімдерді қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды ұйымдастыру үшін үкімет мемлекеттік тапсырыс берушілерді бекітеді. Олар республикалық атқарушы билік, мемлекеттік қазыналық кәсіпорын, ҚР атқарушы билігінің субъектісі, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар, корпорациялар болуы мүмкін.

Мемлекеттік тапсырыс берушінің негізгі функцияларының бірі өнім жеткізушілерді таңдау, яғни мемлекеттік қажеттіліктер үшін өнім жеткізуді орналастыру болып табылады. Әдетте,

мемлекеттік тапсырыс конкурстық (тендерлік) негізде орналас-тырылады, яғни екі кезеңнен тұратын ашық немесе жабық конкурстар өткізу жолымен жүзеге асырылады конкурстың ең қолайлысы оның ашық түрі болып табылады. Жабық конкурстар мемлекеттік құпия болып табылатын қорғаныс және қауіпсіздік қажеттіліктері үшін тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) сатып алу жағдайларында өткізіледі.

Өнімнің кейбір түрлері (қымбат бағалы металдар және бағалы тастар, мұрағаттық құндылықтар, сирек кітаптар, қолжазбалар және мұрағаттық құжаттар т.б.) мемлекеттік қажеттіліктер үшін конкурс өткізбей-ақ сатып алынады.

Конкурсқа қатысуға өндіріс үшін қажетті өндірістік қуаттары, жабдықтары және еңбек ресурстары бар жеткізуші (атқарушы) мүмкіндік алады. Егер ҚР мемлекеттік қажеттіліктері үшін тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өндіруге ішкі мүмкіндіктер жоқ немесе экономикалық тұрғыдан тиімді болмаған жағдайда конкурсқа қатысуға шетелдік жеткізушілер (атқарушылар) шақырылады.

Ашық конкурста жеңіп шыққан жеткізушімен (атқарушымен) мемлекеттік тапсырыс беруші мемлекеттік келісімшарт (контракт) жасайды. Мемлекеттік келісімшарт – мемлекеттік қажеттіліктер үшін өнім жеткізуші мен мемлекеттік тапсырыс берушінің құқықтары және міндеттерін анықтайтын негізгі құжат. Мемлекеттік келісімшартта төмендегілер көрсетіледі:

- Өнім (жұмыс, қызмет көрсету) жеткізілімінің көлемі натуралды түрде, номенклатурасы (тізбесі) және ассортименті (сұрыптардың арақатысы) қоса беріледі;

- Өнім (жұмыс, қызмет көрсету) сапасына қойылатын талаптар;

- Өнімді жеткізу мерзімдері;

- Тауарлық бағалар және оларды өзгерту шарттары;

- Мемлекеттік келісімшартты атқару үшін қажетті материалдық ресурстарды сатып алу үшін жеткізушіге берілетін қаржылық ресурстар көлемі.

Келісімшарт бойынша қосымша мыналар қарастырылуы мүмкін: келісімшарт барысын мемлекеттік тапсырыс беруші тарапынан бақылау және жеткізушіге көмек көрсету; экономикалық ынталандыру (салық бойынша жеңілдіктер, мақсатты дотациялар мен субсидиялар, жеңілдікті несиелеу). Келісімшарт негізінде мемлекеттік қажеттіліктер үшін өнім жеткізуші және сатып алушы (мемлекеттік тапсырыс беруші) жеткізілім келісіміне қол қояды.

Қазіргі кезде мемлекеттік тапсырыстың бірнеше түрлері бар. Олар:

- Қорғаныс қажеттіліктері үшін тапсырыс;
- Ғылыми-зерттеу жұмыстарына тапсырыс;
- Мемлекеттік материалдық резервке өнім жеткізуге тапсырыс;
- Ауыл шаруашылығы өнімдерінің, шикізаттық және азық-түліктің республикалық қорына жеткізілімдерге тапсырыс;
- Мердігерлік жұмыстарға тапсырыс және т.б.

Ізденіс сұрақтары:

1. Экономиканың негізгі құрылымдары.
2. Экономиканың функционалдық, салалық, технологиялық құрылымдары.
3. Ұлттық экономиканың құрылымын болжау, сараптау және реттеу әдістері.
4. Материалдық өндірісті мемлекеттік реттеу.
5. Өнімді бөлісу келісімдері.
6. Мемлекеттік қажеттіліктер үшін өнім жеткізу.
7. Өнеркәсіптік саясаттың негізгі бағыттары.
8. Инновациялар; өнімдік және технологиялық.
9. Инновациялық сфераны мемлекеттік қолдау.
10. Мемлекеттік тапсырыс – мемлекеттік реттеудің құралы ретінде.

VI тарау

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДІ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

§1. Агроөнеркәсіптік кешеннің құрамы, мақсаттары мен міндеттері

Агроөнеркәсіптік кешен (АӨК) – агроөнеркәсіптік өндіріспен байланысты экономика салаларының жиынтығы болып табылады. Агроөнеркәсіптік кешен ұлттық экономиканың маңызды секторының бірі. Оны дамыту үшін ұзақ мерзімді болжамдар мен бағдарламалар талдап жасалынуы тиіс. Елдің азық-түлік сферасындағы тәуелділігін кеміту мәселесі ұлттық қауіпсіздіктің жалпы концепциясы мен бағдарламасын жасауды қажетсінеді. Онда елдің азық-түлік қауіпсіздігі негізделіп, Қазақстанның

әлемдік азық-түлік өндіру және бөлудегі орны анықталуы тиіс. Мұның өзі, әсіресе, ҚР-ның Бүкілдүниежүзілік Сауда ұйымына кіруге ұмтылу жағдайында өзекті мәселе болып табылады.

Ұлттық экономиканың агроөнеркәсіптік кешені күрделі биотехнологиялық жүйе болып табылады. Оның негізгі сферасы – ауыл шаруашылығында жер, су т.б. табиғи өндіріс негіздері пайдаланылады. Шаруашылық іс-әрекеті нәтижелеріне табиғи-климаттық және метеорологиялық жағдайлар үлкен әсер етеді де, ауыл шаруашылығы өндірісіне тәуекелдік сипат береді.

Ауыл шаруашылығы – капитал мен қуатты көп қажетсінетін өндіріс, сондықтан бұл сала инвесторлар мен кәсіпкерлер үшін аса тартымды емес. Агроөнеркәсіптік кешеннің орнықты дамуын қолдау мақсатындағы мемлекеттік реттеу рыноктық экономиканың объективті қажеттілігі болып табылады.

АӨК – күрделі әлеуметтік-экономикалық жүйе. Бұл жүйеге көптірлі қажеттіліктері мен мүдделері бар, әртүрлі меншік формасындағы кәсіпорындар кіреді.

Мемлекеттік реттеу шаруашылық жүргізуші субъектілердің мүдделерін сәйкестендіру және тең құқылық жағдайында АӨК-нің тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталады.

Аграрлық саясат агроөнеркәсіптік өндірістің орнықты және бәсекеге қабілетті дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауға тиіс. Ал мұның өзі елдің азық-түлік қауіпсіздігі мен ауыл және қала тұрғындарының өмір сүру сапасын, сондай-ақ олардың әлеуметтік инфрақұрылымдарын жақындалтуға оңды әсер етеді.

Табиғи-экономикалық шарттардың көптірлілігіне байланысты жекелеген өңірлердегі өндірісті ұтымды орналастыру қажеттілігі әлеуметтік-экономикалық саясатты да жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып жүргізуді қалайды. Агроөнеркәсіптік кешенді дәстүрлі қалыптасқан қағидаларға сәйкес орналастыру рыноктық механизмдер, сондай-ақ салалық және аумақтық бағдарламалар негізінде реттеледі.

Ұзақ мерзімді перспективада агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың мақсаты рынокты тұрғындардың барлық топтарының қолы жетімді сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін орнықты және тиімді ауыл шаруашылығын қалыптастыру болып табылады.

Агроөнеркәсіптік кешеннің бірінші кезектегі міндеті азық-түлікпен қамтамасыз етуде импорттық тәуелділікті кеміту; азық-түлікті жан басына шаққандағы тұтынуды жоғарылата отырып, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері мен өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарының табысты жұмысы үшін ұйымдастырушылық-экономикалық жағдайлар жасау болып табылады.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың негізгі бағыттары келесідей:

- Рыноктық ұстанымдар мен мемлекеттік реттеуді қатар қолдануға негізделген АӨК-тің қызмет ету механизмін қалыптастыру;

- АӨК-нің тиімділігін жоғарылату және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін ғылым мен ғылыми-техникалық прогресс әсері мен рөлін күшейту;

- Отандық рынок үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін тауар өндірушілерге қолайлы жағдай туғызу мақсатында протекционистік сыртқыэкономикалық саясат жүргізу;

- АӨК-нің өндірістік өлеуетін пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталған жер қатынастарын жетілдіру, интеграциялық үдерістер мен кооперацияны дамыту;

- Ауыл тұрғындарының табысын арттыруға, ауылдағы әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған әлеуметтік саясатты мейлінше жетілдіру.

Ауылдың дамуына жаңа көзқарас қажет. Ауыл тек қана ауыл шаруашылығымен байланысты аумақ деп қана емес, сонымен бірге оның тұрғындарының өмір сүру ортасы ретінде қарастырылуы қажет және олардың өмір сүру жағдайлары қала тұрғындарының жағдайына теңдестірілуі тиіс.

Табиғи-экономикалық жағдайлардың көптүрлілігіне байланысты жекелеген өңірлер мен өндірісті ұтымды орналастыруға қатысты әлеуметтік-экономикалық саясатты қалыптастыруда дербес әдіс-тәсілдер қолданылуы қажет. Агроөнеркәсіптік өндірісті орналастыру және мамандандыру мәселесі рыноктық қатынастарды реттеу механизмдері, сондай-ақ салалық және аумақтық мақсатты бағдарламалар негізінде жүзеге асады.

Ұзақ мерзімді перспективада АӨК-ні дамыту мақсаты рынокты сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ететін орнықты және тиімді ауыл шаруашылығы мен басқа салаларды қалыптастыру болып табылады.

Аграрлық өндіріс еш нәрсемен орнын толтыруға болмайтын, бастапқы қажеттіліктерді қанағаттандыратын азық-түлік өнімдерін өндіреді. Мұнда табиғи өндіргіш күш пайдаланылады, соның ішінде жер бағалы және көлемі бойынша шектеулі ресурс болып табылады.

Биотехникалық революция аграрлық еңбектің экономикалық өсуі үшін өз артықшылықтарын максималды пайдалануға жағдайлар жасады. Аграрлық еңбектің өнімділігі өнеркәсіп өндірісі өнімділігінен арта түсті. Сонымен бірге аграрлық өндіріс өзі үшін жасанды құрал-жабдықтар жасап беретін өнеркәсіптік салаларға тікелей тәуелділікке түсіп, өзін-өзі ұдайы өндіретін сала болудан қалды. Макродеңгейде аграрлық өндіріс рыноктық экономиканың қазіргі моделіне сәйкес келе қоймайды және

сондықтан мемлекеттік қолдаудың тиісті бағдарламасы болған жағдайда ғана одан әрі дами алады. Экономикалық ресурс ретінде жер еңбек негізінде жаралған жоқ, сондықтан оның өндіріс шығындары да жоқ. Ол, табиғаттың сыйы. Ендеше, рынок аумағындағы жер үшін ұсыныс абсолютті икемді емес, рынокта жерге сұраныс қана едәуір белсенді.

Агроөнеркәсіптік кешен құрылымында үш сфераны ажыратады: бірінші – ауыл шаруашылығы, тамақ және ет-сүт өнеркәсібін, дайындау жүйесін өндіріс құрал-жабдықтарымен қамтамасыз ететін өнеркәсіптік салалар жиынтығы; екінші – ауыл шаруашылығының тікелей өзі (егін, мал және орман шаруашылықтары); үшінші – ауыл шаруашылығы шикізатын дайындауды, тасымалдауды, сақтауды және өндеп, ұқсатуды қамтамасыз ететін салалар мен өндірістер жиынтығы.

Қазақстандағы аграрлық реформа барысында АӨК-нің ұйымдастыру-экономикалық, қаржылық және құқықтық жағдайлары түбегейлі өзгертілді. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері шаруашылық жүргізудің ұйымдастыру-құқықтық формаларын, өзінің өндірістік-қаржылық қызметін жоспарлауды, өндірілген өнім мен табысты пайдалануды, өткізілетін өнімге баға тағайындауды таңдауда дербес құқыққа ие болды.

Аграрлық реформаның мәні меншік қатынастарын өзгерту және соның негізінде ел экономикасында көп салалы аграрлық секторды қалыптастыру болып табылады. Заманауи ғылым мен практика шаруашылық жүргізудің талаптарға сай жолдарын ұсынады. Бүгінгі таңдағы аграрлық секторға қойылатын талаптар келесі концепция нұсқаулықтарымен байланысты болса керек. Олар:

- Мемлекеттік мақсатты бағдарламалар ресурстық мүмкіндіктердің шектеулілігіне сәйкес АӨК дамуының басым бағыттары бойынша қабылдануы тиіс; осыған байланысты ішкі резервтерді мейлінше пайдалануға үлкен мән беріледі, сондай-ақ АӨК-нің ішкі экономикалық қатынастарын жетілдіруге, яғни тік және көлбеу байланыстағы құрылымдарды жасауға назар аударылуы қажет;

- Ауыл шаруашылығы тек экономика секторы ғана емес, сонымен қатар қоғам өмірінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуы керек, сондықтан ол мемлекеттік саясаттың объектісі болуы тиіс;

- Ауыл шаруашылығы мен азық-түлік рыноктарының қызметін мемлекеттік реттеу қажеттілігі бар, себебі тиімді құрал ретіндегі реттеу іс-әрекеттерінен аталмыш сала шаруашылығының нәтижесі белгілі болады.

Рыноктық механизмдер отандық өндірушілерді мемлекеттік қолдау саясатын толықтыруы қажет.

Агроөнеркәсіптік кешенді өркендетуде өзіндік өндірістік мүмкіндіктерге басымдықтар беріледі. Бұл отандық азық-түлік рыногын қалыптастырудың негізгі шарты. Есептеулер көрсеткеніндей жақын онжылдықта отандық өнім шығару есебінен ет, құс, сүт, жұмыртқа, картоп және көкөніс өнімдері бойынша ішкі тұтынуды қанағаттандыруға мол мүмкіндіктер бар. Қазіргі кезде бұл өнімдерді өндіру бойынша мамандандырылған аймақтар, кешендер ұйымдастырылуда.

Қазақстан Республикасы үкіметі өңдеуші, ұқсатушы өнеркәсіп кәсіпорындарын технологиялық қайта жарақтандыруда материалдық, қаржылық қолдау көрсетіп отыр. Мұның өзі отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектесетіндігі анық. Сондықтан аграрлық саясат ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді тұрақтандырып, жоғарылату ісіне қызмет көрсетуі тиіс.

§2. Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеудің бағыты, әдістері және нақты механизмдері

Қазіргі дамыған елдердің барлығында дерлік ауыл шаруашылығы экономиканың маңызды сферасы ретінде мемлекеттің қолдау объектісі болып отыр. Өндірістің бұл саласындағы басты қағида еркін рынок жағдайындағы сұраныс пен ұсыныс арақатынасын белсенді мемлекеттік реттеумен толықтыруда болса керек.

Батыс елдерінде мемлекет ең маңызды деген ауыл шаруашылық өнімдеріне минималды бағалар тағайындайды және оны қайта қарап отырады. Осындай әрекеттер арқылы өндірушілер бағаның тым төмендеп кетуінен қорғалады. Аграрлық саясатты жүргізуге байланысты шығындар мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылады. АӨК-ні рыноктық экономика жағдайында реттеу көпқырлы мәселе болып табылады.

Сонымен, агроөнеркәсіптік өндірісті мемлекеттік реттеу ауыл шаруашылығы өнімдерін, шикізатты және азық-түлікті өндіру, өңдеу және өткізу, сондай-ақ аграрлық секторды өндірістік-техникалық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша мемлекеттің экономикалық әдістер арқылы әсері болып табылады.

Қазақстан Республикасында мемлекеттің реттеуші қызметі келесі бағыттар бойынша жүзеге асады:

1. Заңнамалық база жасау, реттеуді құқықтық қамтамасыз ету. Мемлекеттік реттеу монополдық құрылымдардың теріс әсерін болдырмауға бағытталуы тиіс.

Қазақстанда аграрлық реформа жүргізу барысында мейлінше монополданған ресурстық, шикізаттық, азық-түлік рыноктары қалыптасты. АӨК-мен шектес салалардың монополизмі, делдалдардың көптігі бағалар диспаритетін (тенсіздігін) туындатып, ауыл шаруашылығында жасалған жалпы табысты монополистер мен делдалдардың пайдасына қайта бөліп, АӨК-нің негізгі саласындағы ұдайы өндіріске кедергі келтірді.

2. Аграрлық рыноктардың барлығында бәсекелік орта қалыптастыру. Мұның өзі АӨК-нің түпкі табысын оның барлық бұйындарының шығындарына сәйкес қайта бөлуге көмектеседі. Бұған қоса баға тенсіздігін жою үшін энергетикалық кешен, көлік, байланыс кәсіпорындарының қызметін реттеуде мемлекет рөлін күшейте түсетін заңнамалық негіз қажет.

3. Агроөнеркәсіптік кешенді орнықты дамыту, тауар өндірушілерді рынок шарттарына бейімдеу жағдайларын жақсартуға қолдау. Осыған байланысты мемлекеттік реттеудің маңызды қызметіне тамақ өнімдері мен ауыл шаруашылығы шикізаттарына орнықты сұранысты қолдау жатады.

Мемлекет АӨК өнімдеріне, мемлекеттік тапсырысқа қажетті баға жүйесін реттеу арқылы халықтың табысын қалыптастыруға әсер етіп, тұрғындардың төлем қабілеті бар сұранысын түзуге жәрдемдеседі.

4. Ақылға қонымды протекционизм (қолдау) саясатын жүргізу және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету кедендік тарифтер, импорттық азық-түлік тауарларына салықтар көмегімен жүзеге асады.

5. Шетелдік инвесторлар үшін қолайлы ахуал жасау. АӨК-нің біріккен кәсіпорындарын құру, озық техника мен технологияны импорттауды қолдау мақсатында шетелдік кредиторлар үшін мемлекеттік кепілдіктер беру.

6. АӨК проблемалары бойынша шешуші ғылыми бағыттарды қаржыландыру, әлемдік стандарттарға сай жаңа технологияларды жасау бойынша инвестициялық жобаларды қаржыландыруға қатысу.

Агроөнеркәсіптік өндірісті мемлекеттік реттеу бірқатар экономикалық құралдар арқылы жүзеге асады. Бұлардың ішінде бағаның рөлі ерекше. Баға рыноқтық экономиканың негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Бағаларды ырықтандыру ұсынысты да, сұранысты да қысқартты және бағалар диспаритетін (тенсіздігін) туындатты. АӨК-нің негізгі баға жасаушы бұйындары бойынша бағалар тенсіздігін реттеу қажеттілігі туып отыр. Бұл диспаритеттер: энерготасушылар – транспорттық тарифтер – АӨК үшін машина жасау салаларының өнімі –

ауыл үшін қызмет көрсету – ауыл шаруашылығы шикізаты – өңдеу, тамақ өнімдері саудасы тізбесі бойынша реттелуі тиіс.

Бағалар диспаритеті екі формада көрініс табады:

- Ауыл шаруашылығына тауар жеткізілімдері мен қызмет көрсетулерге шығындар деңгейінен әлдеқайда артық баға тағайындау;
- Ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу бағасын шығындарды жабу және қажетті пайдалылықты қамтамасыз ету деңгейінен едәуір төмен тағайындау.

Сондықтан ауыл шаруашылығын бағалық диспаритеттің қатаң күрсауынан шығару үшін бағаларды қалыптастыру және реттеу іс-әрекеттеріне мемлекеттің белсенді түрде араласуы қажет.

Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеуде келесі бағалар жүйесі қолданылады:

Ауыл шаруашылығы өнімдері, шикізат және азық-түлік рыногында экономикалық негізі сұраныс және ұсыныс әсерімен қалыптасатын рыноктық (келісімді) бағалар болып табылады;

• Егер орташа рыноктық бағалар кепілденген (гарантиялық) бағалардан төмен болса, онда ауыл шаруашылығы өнімдерге кепілді бағалар қолданылады;

• Максатты бағалар (нормативтік индикаторлар) өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы өнімдеріне паритеттік (теңестірілген) бағалар арақатынасын қамтамасыз ету үшін; салық төлеумен байланысты шығынды жабу үшін; кредит бойынша пайыздарды төлеу үшін қолданылады.

Ауыл шаруашылығындағы бағалар паритетін орнықтыру барысында ауылдық тұрғындар үшін тұтыну бағаларының да паритеті ескерілуі тиіс. Ауылдағы жалдамалы жұмысшылардың жалақысы жұмысшы күшнің ұдайы өндірісі мен әлеуметтік сфера дамуын қамтамасыз етуі қажет.

Әлемдік тәжірибеде ауыл шаруашылығын жеңілдікті несиелеу жүйесін ұйымдастыру әдістері қалыптасқан. Ауыл шаруашылығын несиелеу қызметін атқаратындар:

- Кооперативтік ауыл шаруашылығы банктері;
- Мемлекеттік банктер;
- Мемлекет бақылайтын және қолдайтын мамандандырылған банктер;
- Бюджеттік несиелеу.

Рынокқа бейімделген қаржы-несие жүйесіне мыналар жатады:

• Бағалық кешірімдер мен орнын толтырулар (дотациялар мен компенсациялар);

• Жеңілдікті шарттар негізінде бөлінетін ақшалай несие;

• Ауыл шаруашылығының жекелеген салаларын қолдау үшін республикалық бюджеттен субсидиялар (қайтарымсыз арнайы ақшалай жәрдем).

Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың болжамды көрсеткіштерін негіздеу үшін келесі әдістер қолданылады:

- Бағдарлы-мақсатты әдіс;
- Баланстық (теңгермелі) әдіс;
- Нормативтік әдіс.

Агроөнеркәсіптік кешенді бағдарлы-мақсатты жоспарлаудың отандық тәжірибесі, сондай-ақ шетелдік практика мемлекеттік реттеудің аталған әдісін талдап жасаған. Экономикасы дамыған елдерде (Еуропалық Одақ, АҚШ т.б.) АӨК-нің мақсатты бағдарламалары шеңберінде аграрлық сфераны қолдауға жыл сайын ондаған миллиард доллар бөлінеді. Мұның сыртында сатып алу бағалары мен айналмалы қорларды несиелеу үшін субсидиялауға берілетін сома тағы бар.

Агроөнеркәсіптік мақсатты бағдарламалар саланың нақты проблемасын шешуде пайдаланылады. Аталған әдісті қолдану үшін проблеманы анықтап, жан-жақты негіздеу маңызды рөл атқарады. Мақсатты бағдарламалардың басты міндеті проблеманы кешенді қарастыру негізінде жан-жақты және терең сараптау арқылы жүзеге асыру болып табылады.

АӨК салаларын дамытудың пропорционалдығын қамтамасыз ету үшін баланстар жүйесі талдап жасалынады. Бұнын көмегімен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемдерін ауыл шаруашылығын материалдық-техникалық жарақтаумен, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу көлемдерін өңдеуші өнеркәсіп қуаттарымен, АӨК салаларын дамытуға жұмсалатын күрделі қаржымен баланстық байланыс қамтамасыз етіледі.

АӨК баланстар жүйесіне мыналар кіреді: ауыл шаруашылығының негізгі өнімдерін өндіру және пайдалану материалдық балансы (астық, ет және т.б. баланстар), өндірістік қуаттар балансы, АӨК-нің салааралық балансы және т.б. АӨК үшін арнайы талдап жасалынған динамикалық модельдер көмегімен АӨК салалары мен сфераларының салааралық байланыстары мен балансталған дамуы қамтамасыз етіледі, сондай-ақ АӨК-нің күрделі қаржылар, еңбек және материалдық ресурстарға қажеттіліктері анықталады.

Нормативтік әдіс бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерін тұтыну көлемдері мен құрылымын анықтау үшін халықтың жан басына шаққандағы тамақ өнімдерін және азық-түлікке жатпайтын тауарларды тұтынудың рационалды тұтыну нормалары пайдаланылады.

Ауыл шаруашылығы өндірісін жоспарлауда тұқым, жем-шөп, тыңайтқыштар т.б. материалдық ресурстарын шығындау нормалары қолданылады.

Ауыл шаруашылығы өнімдері рыногының баланстылығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекет, сондай-ақ рынокта сатып алу және тауар интервенцияларын жүргізеді. Сатып алу интервенциясы ауыл шаруашылығы өнімдерін, шикізатты, азық-түлікті сатып алуды ұйымдастыру формасында жүзеге асырылады. Бұндай интервенциялар ауыл шаруашылығы өнімдерінің, шикізаттың және азық-түліктің рыноктық бағалары минималды деңгейден төмендеп кеткенде, немесе агроөнеркәсіп өндірісі сферасындағы тауар өндірушілер сұраныстың қысқаруына байланысты өнімдерін өз күшімен өткізе алмайтын жағдайларда қолданылады.

Тауар интервенциялары республикалық және өңірлік қорлардан ауыл шаруашылығы өнімдерінің шикізаттың және азық-түліктің көтерме саудасын ұйымдастыру формасында жүзеге асырылады. Бұндай интервенциялар рыноктық бағалар максималды деңгейден артып кеткенде қолданылады.

Ізденіс сұрақтары:

1. Агроөнеркәсіптік кешеннің құрамы.
2. Агроөнеркәсіп кешенінің мақсаттары мен міндеттері.
3. Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың негізгі бағыттары.
4. Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеудің бағыттары.
5. Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеудің әдістері және нақты механизмдері.
6. Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеудегі бағалар жүйесі.
7. Агроөнеркәсіптік кешеннің баланстар жүйесі.

VII тарау

МЕМЛЕКЕТТІК АНТИМОНОПОЛИЯЛЫҚ РЕТТЕУ

§1. Бәсекелі және монополды рыноктар. Мемлекеттік монополизмге қарсы әрекеті

Рыноктық экономика тиімді қызмет атқаруы үшін рынокқа қатысушылар: тауар өндірушілер, сатушылар, кәсіпкерлер, яғни кімде-кім өз тауарларын жеткізу мен сатуды ұсынушылар арасында бәсеке болуы шарт.

Рыноктық экономикасы бар мемлекеттер бәсекені дамытуға мүдделі. Бәсеке теориясы және оның рыноктық бағалар мен рыноктық қатынастарды реттеудегі рөлі туралы бұдан бірнеше жүз жыл бұрын классикалық саяси экономия өкілдері айтқан болатын. Еркін рыноктағы бағаларды реттеу бойынша бәсекенің рөліне байланысты Адам Смиттің пікірі белгілі. Ол бәсекені сатып алушыларды сұраныс деңгейіне сәйкес баға тағайындауға мәжбүрлейтін «көрінбейтін қол» деп атаған еді. Тепе-тең баға деген атаумен белгілі сұраныс пен ұсыныс мөлшерінің тепе-теңдікті бағасын бәсекелі рыноктың өзі қалыптастырады. Одан бері бәсеке туралы түсінік кеңейіп, тереңдей түсті. Нәтижесінде рынокта біртекті тауар сатушылардың шоғырлануы деңгейіне сәйкес бәсекелік күрестің бірнеше түрі ерекшеленеді.

Елдегі өндіргіш күштердің сандық және сапалық өсуіне ықпал ететін, ұлттық экономика шекараларынан асып өтіп әлемдік рыноктарға тарайтын бәсеке мемлекеттің дүниежүзілік елдер арасындағы экономикалық жағдайын нығайтуға мүмкіндік береді.

Тауар өндірушілер мен сатушылар ортасында жеке пайдаға кенелу және бәсекелестерді рыноктан ығыстыру мақсатында монополизм мен қара ниет бәсекеге ұмтылыс тұрақты түрде бой көрсетеді. Мемлекеттік билік органдары монополияға қарсы саясат арқылы монополизмге кедергі жасайды.

Антимонополиялық саясат монополистер қызметіне тыйым салу, оларды рыноктан ығыстыру, ірі компанияларды мәжбүрлеу арқылы ұсақтау негізінде монополиялық үрдістерді жан-жақты шектеуге бағытталған саясат болып табылады.

Айта кететін бір жайт, кейбір коррупцияға ұрынған мемлекеттік шенеуніктер, тіпті билік органдары пара алу мақсатында немесе монополистік қызметке және монополизацияланған компанияларға көмек қолын созуға тартылып, монополистерді жасырын да, асқынған түрінде ашық та қолдайтыны белгілі. Мұндай белгілі «шатыры» бар аумақтық монополизм рыноктық трансформациялау кезінде көптеп орын алады.

Монополизмнің кез келген формадағы етек алуы мемлекет пен қоғамға, экономика мен кәсіпкерлікке аса зор шығындар әкеледі.

Монополистік құрылымдардың рынокты жаулап алуының теріс салдарына мыналар жатады:

1. Монополистер астыртын бағалық ымыраға келу арқылы өздері ұсынатын тауарларға жоғары баға тағайындайды;

2. Монополистер-өндірушілер өндірісті дамытуға, тауарлар мен қызмет көрсетулердің сапасын арттыруға, тұтынушылардың қажеттілігін неғұрлым толық қанағаттандыруға мүдделі емес,

себебі оларға бәсекелестер тарапынан қауіп жоқ, ал жоғары пайданы өндіріс көлемінің шектеулі жағдайында да бағаны жоғарылату жолымен алуға болады;

3. Монополизм өндірістің, ресурстарды пайдалану деңгейінің тиімділігіне қарамастан ресурстарды монополистер пайдасына, тиімсіз бөлу үрдісін туындатады;

4. Бас пайдасын ғана ойлайтын монополистер үшін мемлекет пен қоғам мүдделері кейінге ысырылады, олар бәсекелестерін өндірістен де, рыноктан да аяусыз ығыстырады;

5. Монополизм мемлекеттік билік аппаратымен, мемлекеттік басқару органдарымен, әр деңгейлі шенеуніктерімен ымыраға келіп өз орбитасына жаңа қатысушыларды қосып алуға мүмкіндігін кеңейте береді.

Монополизмнің осындай теріс көріністеріне байланысты іс жүзінде барлық мемлекеттер кеңейтілген шаралар ауқымын қамтитын антимонополиялық іс-әрекеттерге баруға мәжбүр. Мемлекеттің антимонополиялық қызметі монополизм белгілерінің дәрежесі мен формаларына қатысты ескерту, шектеу, тоқтату, жою арқылы бәсекеге кедергілерді алып тастауға немесе оның мәнін теріс айналдыруды болдырмауға бағытталған шаралар кешенінен тұрады.

Монополиялық өндіріс пен тауар өткізуге қарсы тыйым салу түріндегі мемлекеттік антимонополиялық реттеу бұдан бір жарым мың жылдан астам бұрын пайда болған еді. Бірталай уақыттардан бері монополистік үрдістерге қарсы түрудің негізгі құралы ретінде көптеген елдерде монополияны шектейтін немесе тыйым салатын антимонополиялық заңнама қолданыла бастаған. Қуатты корпорациялар түріндегі ірі монополистердің пайда болуына байланысты антимонополиялық заңдардың қажеттілігі өсе түскен. Солардың бірі антитрестік деп аталған заңнама өз бастауын АҚШ-тан алып, қарқынды дами бастады. 1890 жылы АҚШ-та Шерман заңы қабылданды. Бұл заң бойынша рынокты монополизациялауға, компаниялардың монополистік ымыраласуына, астыртын келісімдерге, кәсіпкерлікті шектеуге тыйым салынды.

АҚШ-та 1914 жылы қабылданған Клейтон заңы мемлекеттің монополизмге қарсылығын күшейте түсті. Бұл заң тұтынушыларды бағалық алалауға (дискриминациялауға), активтерін сатып алу арқылы бір корпорацияның басқаларын «жүтып» қоюына, бірнеше компаниялар директораттарының өзара кірігуіне, бәсекені әлсірету үшін басқа да іс-қимылдарға тыйым салды. Одан әрі Клейтон заңы түзетулер енгізу арқылы күшейтеміліп, кеңейтілді де, әлемнің көптеген елдерінің мемлекеттік реттеу тәжірибесінде қолданыла бастады

Кенестік экономикада антимонополиялық реттеу проблемасына назар аударылмады, өйткені, бір жағынан біртұтас мемлекеттік монополия орын алды және еркін бәсекелі рынок атымен жоқ болды, екінші жағынан мемлекеттік жоспар кәсіпорындар монополизміне кедергі жасады. Ал бәсекеге келетін болсақ, оны социалистік жарыс деп аталатын тауар өндірушілер арасындағы өндірістің жоғары нәтижесі үшін ұмтылыс алмастырды.

Қазақстанда рыноктық жаңғыртуларды жүргізу және тауарлар мен қызмет көрсетулер рыногының қалыптасуы мемлекеттік антимонополиялық қызметті едәуір жандандыра түсті. 2001 жылы қабылданған «Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы» заң бұл саладағы жұмыстар монополиялар қызметін қадағалау бойынша нақты тетіктерді белгіледі. Мамандардың пікірінше ҚР антимонополдық заңы өзінің мақсаттары мен мазмұны бойынша монополияны реттеу батыс Еуропалық үлгісіне жақын.

Қазақстан Республикасының монополияға қарсы органдарының негізгі міндеттері келесідей:

- Тауарлар мен қызмет көрсетулер рыногында кәсіпкерлікті қолдау және бәсекені дамыту;
- Монополистік іс-әрекеттің алдын алу, оны шектеу және жою, әділетсіз бәсекені тоқтату;
- Табиғи монополистер қызметін реттеу;
- Мемлекеттік органдардың қызмет көрсетулері тәртібін реттеу және бақылау;
- Баға жасау үдерісін қадағалау;
- Тауар рыноктарындағы басым субъектілер әрекетін бақылау;
- Тұтынушылар мүдделерін қорғау бойынша мемлекеттік органдар қызметін үйлестіру және т.б.

Антимонополиялық мемлекеттік реттеу теориясы мен практикасында «рыноқтағы жағдайының басымдығы» түсінігі пайдаланылады. Бұған белгілі бір тауар рыногындағы бір немесе бірнеше шаруашылық жүргізуші субъектілердің шешуші әсер етуі жатады. Өзінің басым жағдайын теріс пайдаланушылар қатарына тауарлардың жасанды тапшылығын жасаушылар, баға жасаудың орнықтырылған тәртібін бұзушылар, рынокқа басқа қатысушылардың кіруіне кедергі келтірушілер, контрагенттерге келісімнің өзіндік шарттарын зорлап міндеттеушілер жатады.

Антимонополиялық қызмет үшін жауапты мемлекеттік органдардың қолында едәуір күштеу құралдары жинақталған.

Солардың ішінен келесі құралдарды атап айтуға болады:

1. Шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін атқарылуы міндетті директивалық нұсқаулар;

2. Монополды құрылымдарды мәжбүрлеу негізінде бөлшектеп, олардың құрамынан дербес, тәуелсіз ұйымдар мен мекемелерді қалыптастыру;

3. Антимонополиялық заңнамаға қайшылықты келісімдердің, шарттардың, мәмілелердің күшін жою;

4. Антимонополиялық заңнама және басқа да нормативтік актілермен қарастырылған ережелер мен нормаларды бұзғаны үшін айыппұл салу, санкциялар қолдану, әкімшілік жауапкершілік шараларын қолдану;

5. Монополист ұйымдар мен кәсіпорындарды мәжбүрлеу арқылы таратып жіберу.

Осындай мемлекеттік антимонополиялық әсер ету шараларының молдығына қарамастан, оларды жүзеге асыру монополистер тарапынан күшті қарсылыққа ұшырайды. Сондықтан мемлекеттің антимонополиялық қызметі үздіксіз сипатта болуы тиіс, өйткені монополиялық құрылымдар жаншылған монополистік көріністерді қайта туындатудың жаңа жолдары мен әдістерін табудан ешбір жалықпайды.

§2. Бәсекелік ортаны қалыптастыру және дамыту бойынша мемлекеттік шаралар

Тауар рыногындағы кәсіпкерлік іс-әрекеттің екі үрдісі, сондай-ақ жетістікке жетіп, пайда алудың екі тәсілі бар.

Бірінші үрдіс (тенденция) бойынша кәсіпкерлер өткізу рыногы, тұтынушылар тапсырысы үшін бәсекеге түседі және сондықтан өнім сапасын жақсартуға, оның ассортиментін кеңейтуге, өндірістік шығындарды мейлінше төмендетуге ұмтылады. Мұның өзі өндірісті жетілдірудің, техникалық прогрестің қозғаушы күші болып табылады.

Екінші үрдіс бойынша кәсіпкерлер, тауар жеткізушілер рыногты бөлісу, сату шарттары, баға деңгейі төңірегінде өзара пайдалы келісімге келуге ұмтылады. Олар бәсекелестерді рыноктан ығыстыру, олардың беделін түсіру арқылы біржақты артықшылықтар алуды көздейді.

Бірінші үрдісті мемлекет қолдауы тиіс, екіншісіне бәсекелік ортаны кеңейту тұрғысынан қарсылық ретінде антимонополдық саясат жүргізілуі қажет.

Егер шаруашылық жүргізуші субъект, басқару органы бәсекені болдырмауды, шектеуді немесе жоюды көздесе және бұл тұтынушы үшін зиянды болса, онда олардың қызметі монополистік болып саналады. Бұндай шаруашылық жүргізуші субъект рынокқа үстемдік жасап тауар айналысына шешуші

әсер етеді немесе басқа шаруашылық жүргізуші субъектілердің рынокқа кіруін қиындатады.

Уақытша, табиғи және мемлекеттік монополиялар түрлерін ажыратады. Уақытша монополия өнертабыстарды пайдалану, патенттерді енгізу нәтижесінде пайда болады және бәсекенің жоқ болуымен сипатталады.

Өндірістің технологиялық ерекшеліктеріне сәйкес тауарларға, қызмет көрсету түрлеріне сұранысты тиімді қанағаттандыру рыноктағы бәсекенің жоқ болуына байланысты болса, сондай кәсіпорындар бағаның едәуір өзгеруіне қарамастан тауары тұрақты сұранысқа ие (себебі оларды басқа тауармен алмастыру мүмкіншілігі жоқ) коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарда табиғи монополиялар болып табылады. Табиғи монополия жағдайында рыноктағы сұраныс деңгейінен тәуелсіз бәсекелік орта қалыптастыру мүмкін емес немесе ғылым мен техника дамуының қол жеткен деңгейінде бәсекелік экономикалық жағынан тиімсіз.

Мемлекеттік монополияның субъектілері, формалары, шектері заңнамалық негізде бекітіледі. КСРО-ның экономикасы өндіріс факторлары мен нәтижелеріне мемлекеттік монополия сипатында болды. Транзиттік, өтпелі кезеңде мемлекет экономиканы демонополизациялау және тауар рыноктарында бәсекені дамыту саясатын жүргізеді. Демонополизация ұзақ мерзімді үдеріс болып табылады. Бәсекелік шарттарын жасау, тауар өндірісінің шамадан тыс шоғырлану деңгейін төмендету, олардың еркін қозғалысына кедергілерді алып тастау, рынокқа жаңа бәсекелік құрылымдарды, соның ішінде шетелдік құрылымдарды енгізу мәселелері көпжақты сипатта болады.

Шаруашылық жүргізу субъектінің рыноктағы үлесі келесідей болса, онда оның рыноктағы басымдығы бар деп саналады:

- 65% және жоғары, егер ол жағдайының басымдығы жоқ екендігін дәлелдемесе;
- 65%-дан кем, егер бұл антимонополдық орган белгіленген үлес тұрақтылығы, рынокқа бәсекелестердің кіру еркіндігі критерийлері негізінде көрсетілмесе.

Егер рыноктағы белгілі бір тауардың үлесі 35%-дан аспаған болса, оның рыноктағы басымдығы жоқ деп танылады.

Тауар рыногының географиялық шектері сатып алушының тауарға қол жетімділігі ұстанымы негізінде анықталады. Егер сатып алушы бір өңірде сатылып жатқан тауар басқа бір өңірдегі тауардың баламасы деп есептелсе, онда бұл өңірлерді осы тауарлардың географиялық рыногы ретінде қарастыруға болады.

Рыноктың географиялық шекарасын анықтауда бірқатар факторлар ескеріледі:

- Біртұтас географиялық рынокқа кіретін аумақтар арасындағы сұранысты жылжыту мүмкіндігі (сатып алушыны сатушыға жеткізетін көлік құралдарының болуы және оған жұмсалатын шығын мөлшерінің аздығы);

- Біртұтас географиялық рынокқа кіретін аумақтар арасында тауарлардың еркін қозғалысы мүмкіндігі (тасымалдау бағасының төмендігі, тасымалдау үдерісінде тауардың сапасы мен тұтынушылық сипатының төмендемеуі);

- Осы аумаққа тауарды әкелу мен әкетуге әкімшілік шектеулердің болмауы;

- Рынок аумағындағы тауарлардың баға деңгейі.

Тауар рыноктарының шоғырлануы деңгейіне сәйкес антимонопольдық органдардың да әрекеті әртүрлі болады. Ол әрекеттер қатарына мыналар жатады:

- Салалық демонополизациялау бағдарламаларын талдап жасау, олардың жүзеге асуын бақылау;

- Белгілі бір тауардың рыноктағы үлесінің 35%-дан астамына иелік ететін шаруашылық жүргізуші субъектінің рыноктық іс-әрекетін бақылау;

- Тауар рыноктарына кіруге кедергі келтіретін іс-әрекеттер деңгейін кеміту;

- Шаруашылық жүргізуші субъектілердің монополистік іс-әрекетіне тосқауыл болатын шаралар жүйесін қалыптастыру;

- Осы тауар рыногына кіруге ықпалды шаруашылық жүргізуші субъектілерге көмектесу арқылы олардың санын көбейту;

- Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қосылуына, бірлестіктер құруына тыйым салу;

- Әділетсіз бәсекенің жолын кию;

- Тауар рыноктарында басымдығы бар шаруашылық жүргізуші субъектілердің рыноктық әлеуетін шектеу.

- Басқа шаруашылық жүргізуші субъект туралы жалған ақпараттар немесе оның іскерлік беделіне зиянды, қате мөлiмeттер тарату әділетсіз бәсеке болып саналады.

Монополизмді шектеу туралы мемлекеттік шаралар көп мөлшерде өндірілетін және сатылатын тауарлармен салыстырғанда меншік объектілері рыногында сатылатын тауарларға арнайы қолдану әдістері арқылы жүзеге асады. Мысалы, жылжымайтын мүлік сияқты ірі меншік объектілері рынокта көпшілікке арналған, күнделікті қолданыс тауары болмағандықтан, мұндай тауарлардың рынокты жаулап алып, еркін бәсекеге кедергі келтіретін монополист тауарлар ретінде тікелей айқындау қиыншылық туғызады. Меншік объектілерін сату рыноктарының өзі аукцион, конкурс түрінде ұйымдастырылып,

көлеңкелі немесе тікелей бағалық ымыра көріністерін қалқалайды. Көптеген меншік объектілеріне тән жағдай объектіні тікелей сату емес, оны пайдалану құқын жалға беру, акция пакеттерін басқаруға беру сияқты амалдарды қолдануында болса керек. Антимонополиялық мекемелер меншіктің мүлдік объектілерінің айналым сферасындағы бөсекелік бастауларды қолдау мақсатында заманауи, өркениетті жылжымайтын мүлдік рыногын қалыптастыруға өсер етуі тиіс.

Меншік объектілері рыногына қатысты антимонополдық шаралар бөсекелік бастауларды қолдау мақсатында сату, сатып алу, қолдан-қолға өткізу сияқты іс-өрекеттерді мемлекеттік реттеуге бағындыруы қажет. Соның өзінде мемлекеттік реттеу мен рыноқтық өзін-өзі реттеу арасында ұтымды арақатынастар сақталуы керек, бірақ өзін-өзі реттеу механизмдері ең алдымен бөсекеге лайықталуы тиіс. Сондықтан қазіргі кездегі рыноктын өзін-өзі реттеуіне қарсы орын алып отырған монополистердің, бір топ адамдардың, олигархия өкілдерінің мүдделеріне сай рыноқтық қызмет атқару үдерістеріне тосқауыл қою қажет.

Бөсекелік бастаулардың дамуы меншік объектілеріне баға жасау механизмін жақсартта түседі.

Меншіктің ірі объектілері рыногында сұраныс пен ұсынысты теңестіру негізінде еркін рыноқтық баға жасау механизмі өз міндетін іс жүзінде атқармайды, сондықтан жылжымайтын мүлдікке бағаны мемлекеттік реттеу өте қажет.

Мемлекеттік меншік объектілерін баланстық күн дегенмен сатуға тыйым салынуы тиіс, себебі объектінің баланстық құны, әдетте оның рыноқтық құнын көрсетпейді. Жылжымайтын мүлдік рыногында бағалық реттеудің негізгі құралы мемлекет орнықтыратын бағалық шектеулер (бағалар дәлізі) болуы керек. Шектеулер ұқсастықты қолдану арқылы шығынды және табысты тәсілдер негізінде объекті құнын тәуелсіз бағалау әдістеріне сүйенуі қажет. Нақты объектілер немесе меншіктің типтік объектілеріне қолдануға болатын шекті бағалар деңгейі сатуға дейін тағайындалып, сатушыларға хабарлануы тиіс.

Жалдау ақысының мөлшерін де мемлекеттік реттеу өте маңызды іс болып табылады. Жалдау ақысын жалға беруші мен жалға алушы арасындағы келісімді баға ретінде тағайындау оның нақты рыноқтық бағасына сәйкес келе бермейді. Сондықтан типтік жылжымайтын мүлдік объектілерінің түріне қарай (жер телімі, қоймалар, офистер, тұрғын үй т.б.) және олардың сапалық параметрлерін ескеріп (орналасуы, тозу деңгейі, өнімділігі, пайдалануға қолайлығы және т.б.) мұндай преискурранттарды жасау негізінде жалдау ақысының мөлшерін бағамдауға бола-

ды. Жалдау ақысының мөлшерімен қатар мемлекеттік мүлікті концессияға беруді де реттеу қажет. Негізі, мемлекеттік меншік объектісін пайдаланғаны үшін төлем сол объектіні өкелетін пайдаға тәуелдендірілуі керек. Мемлекеттік органдар объектінің бағаланған құнын есептеу арқылы арендалық және концессиялық төлемді анықтаудың әдістемесін даярлағаны жөн болады.

Меншік объектілері рыноктарын антимонополдық реттеу құралдары құрамына белгілі бір меншік түрінің бір иемденушінің қолына шоғырлануына бақылау орнату тиімді болмақ. Мұнда біз бір қолға шоғырланған заттай, материалдық меншік объектілерімен қатар сатып алынған үлестерді, пайларды, акцияларды қарастырып отырмыз.

Меншік объектілерін антимонополдық реттеудің ерекше бағытына құпия ымыраласуды, картелдік келісімдерді және т.б. жатқызуға болады.

§3. Табиғи монополияны мемлекеттік реттеу

Монополиялық экономика үшін қажетсіздігі, тіпті зияндылығының өзінде олар белгілі бір талассыз, ал белгілі бір дәрежеде экономикаға имманентті (табиғи тиісті) болып келеді. Объективті себептер бойынша рыноктық бәсеке өрекеті аумағынан тыс экономикалық қызмет сферасын табиғи монополиялар деп атайды. Табиғи монополиялардың болуы осы тауардың бәсекелік рыногын құру мүмкін болмаған жағдайда (мысалы, монополистің авторлық құқығы бар және оны ешкімге бергісі келмейді), немесе бәсекелес өндірістерді құрудың экономикалық тұрғыдан қажетсіздігі (мысалы, магистралды газ құбырларының параллельді желісін тарту).

Кейбір жағдайларда ұйым, компания тауар мен қызмет көрсетулердің берілген түрін өндірістің минималды шығындарымен өндіру әдісіне қол жеткізіп, рынокта ең төмен бағаларды ұстап тұруына байланысты белгілі бір уақыт ішінде табиғи монополист болуы мүмкін. Мұндай ситуация егер компания ешкімнің қолы жетпеген ең жоғары сапа биігіне көтерілсе де орын алады.

Табиғи монополия объектілеріне, мысалы, пайдалы қазбалардың көптеген түрлерін шығаруды, бір ғана нұсқадағы транспорт және транспорттық коммуникациялардың жекелеген түрлерін, қару-жарактың ең қауіпті түрлерін, ұлы заттарды өндіру мен сатуды, бірегей каналдар мен байланыс құралдарын жатқызуға болады.

Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» Заңына сәйкес табиғи монополия категориясына:

- магистралды құбырлар арқылы мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау;
- құбырлармен газ тасымалдау;
- электр және жылу энергиясын жеткізу бойынша қызмет көрсетулер;
- теміржол тасымалдары;
- транспорттық терминалдар, порттар және әуежайлар қызметі жатқызылады.

Ірі табиғи монополистер мемлекет пен қоғамның көз алдында болғанымен, бұл оларға еркін рыноктық баға жасау жағдайында өндіретін өнімдері мен қызмет көрсетулеріне бағаны жоғарылатуда аса кедергі емес. Табиғи монополистердің осындай бағалық саясатының қауіптілігі сонда, олар өз әрекетін тұтынушылардың, бұкіл тұрғындардың десе болады, баршасына таратады.

Шикізатқа, жанар-жағармайға бағаны аспандататын табиғи монополистер материалдарды, жартылай фабрикаттарды, түпкі өнімді, қызмет түрлерін, өндірістік шығындарды қамтитын бағалық өсулер толқынын туындатады.

Сондықтан табиғи монополияларды мемлекеттік реттеу қажеттілігі пайда болады. Мемлекеттік реттеу жоқ болған жағдайда табиғи монополия кәсіпорындары олигополияға айналады да, өндіріс көлемі қысқарған жағдайда монополдық баға орнықтырады, ал бұл өз кезегінде сабақтас салалардағы бағаның өсуін арандатады. Сондықтан табиғи монополиялардағы мемлекеттік реттеудің негізгі объектілеріне олардың өнімі мен қызмет көрсетулерінің шығындары, бағалары мен тарифтері жатады.

Нақты сектор кәсіпорындарының табиғи монополиялармен қарым-қатынастары өнеркәсіптік саясаттың аса өткір мәселелері қатарына жатады. Бір жағынан, табиғи монополиялардан алынатын салықтар бюджет табыстарының едәуір бөлігін құрайды. Екінші жағынан, табиғи монополиялар, әдетте, өз шығындарын тұтынушыларға артып қою үшін олардың әрбір категорияларына әртүрлі бағалар мен тарифтер қою арқылы бағалық алалау (дискриминация) саясатын ұстанады. Осылайша қалыптасқан механизм ел экономикасының орнықты дамуына кедергі келтіреді.

Табиғи монополиялар қызметін мемлекеттік реттеу келесі бағыттар бойынша жетілдірілуі тиіс:

- табиғи монополиялардың шығындарының қалыптасуына мемлекеттік бақылауды күшейтеу;
- экономикалық мақсаттар тарапынан тиімді болған жағдайда табиғи монополиялар субъектілеріне дербес кәсіпорындарды даралау, бөлу;
- табиғи монополия субъектілерінің қаржылық ағындарына бақылау ұйымдастыру, әртүрлі тұтынушыларды бірнеше көздер-

ден субсидиялауды доғарып, сонымен қатар, халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарын материалдық қолдау;

– реттеудің нормативтік базасын жетілдіру;

– табиғи монополияларды реттеуде республикалық және жергілікті органдардың құзыреттерін анықтап, іс-әрекет шеңберін белгілеу;

– табиғи монополия субъектілері болып табылатын акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі акцияларын басқару тиімділігін жоғарылату және т.б.

Монополия болмай қоймайтын өндірістік-экономикалық қызмет салаларында мемлекет табиғи монополияларды тек қана қадағалап, реттеу емес, сонымен бірге оларды тікелей басқаруға көшеді. Бұл мәселе монополист компанияларға мемлекеттік меншік құқығын орнықтыру, акцияларының бақылау пакетін сатып алу жолымен жүзеге асады.

Табиғи монополиялардың ерекше бөлігін, немесе, дәлірек табиғи монополияға етене құрылымдарды мемлекеттік монополия құрайды. Мемлекеттік монополиялар экономикалық саясатты қалыптастыру саласында, ақша айналымын реттеуде, ұлттық (экономикалық, әскери, әлеуметтік) қауіпсіздікті қамтамасыз етуде, арнайы қолданылатын тауарлар өндірісінде орын алады. Мемлекеттік монополия мысалы ретінде ақша эмиссиясын, валюта бағамын реттеуді, тауарлардың экспорты мен импортын, сондай-ақ алкоголь өнімдерін, есірткі заттарын, қару-жарақты өндіру мен сатуды келтіруге болады.

Монополияның бұл түрлеріне қатысты мемлекет антимонополиялық саясатты сирек қолданады немесе тіптен қолданбайды. Мемлекеттік-монополиялық қызметті мемлекеттік реттеу заңнамалық негізде немесе лицензия беру (әдетте, мемлекеттік ұйымдарға) арқылы жүзеге асады.

§4. Отандық тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін мемлекеттік қолдау

Меншік объектілерін антимонополдық реттеуге заңды және жеке тұлғалардың мемлекеттік органдар атынан жүзеге асырып, өздерінің пайдасы үшін қолданатын лицензияларды, титулдарды, ресми ұсыныстарды беруге монополдық құқықтарын шектеу немесе тоқтату жатады.

Рыноктардағы бәсекені мемлекет тарапынан реттеу туралы айтар болсақ, онда мемлекеттік органдардың жергілікті, аймақтық және халықаралық рыноктарға әсер ету мүмкіндіктерінің шектеулі екендігін мойындау керек. Еркін рынок жағдайында-

ғы бәсеке – бұл өздігінен туындайтын, өзін-өзі қолдайтын және өзін-өзі реттейтін құбылыс болып табылады. Сондықтан әңгіме бәсекені сыртқы реттеу туралы емес, бәсекеге ыңғайлану, бейімделу туралы болуы тиіс.

Бәсеке мәселесіне осы тұрғыдан келетін болсақ, онда бәсекеге шаруашылық жүргізуші субъектілердің қатысуы мүмкіндіктері жөнінде және рыноктағы бәсекелік жағдайын күшейту туралы айту керек.

Мәселе осылайша қойылған жағдайда басты назар экономикалық қызмет агенті болып табылатын шаруашылық жүргізуші субъектілердің бәсекеге қабілеттілігіне аударылғаны жөн.

Сонда басқару теориясы мен практикасының зерттеу объектісі ретінде рыноктық қатынастарға қатысушылардың бәсекеге қабілеттілігін реттеуді көрсетуге болады.

Ғылыми және оқу әдебиеттерінде «бәсекеге қабілеттілік» түсінігінің көптеген анықтамалары кездеседі. Дегенмен, олардың толық мағынасы экономикалық іс-әрекеттерге қатысушылардың өз бақталастарымен бәсекеге түсу мүмкіндіктері туралы тұжырымдар болып келеді.

Басқару мәселелері бойынша еуропалық форум келесі анықтаманы ұсынады: «Бәсекеге қабілеттілік – фирмалардың қалыптасқан жағдайларда тауарларды жобалау, өндіру және жеткізу мақсатындағы нақты және әлеуетті (потенциалды) мүмкіндіктерінің бәсекелестермен салыстырғандағы бағалық және бағалық емес санаттары бойынша тұтынушылар үшін тартымды болуы». Көріп отырғанымыздай, бұл анықтамадағы фирманың бәсекеге қабілеттілігінің негізгі және шешуші факторы тұтынушы болып табылады, яғни тұтынушылардың талабы мен талғамы басты рөлді атқарады.

Келтірілген анықтаманың сипатты белгісіне, бәсекеге қабілеттілікке тек қана өндіріспен өткізу әсері ғана емес, сонымен бірге тауарды жобалаудың да ықпалы бар екендігі жатады. Шындығында, тауарды жобалау кезіндегі оның конструкциясын, формасын, құрамын анықтау үдерісінде болашақ тұтынушының қызығушылығын оятатын параметрлерінің негіздері қалануы тиіс. Берілген анықтаманың тағы бір өзіндік сипаты фирманың бәсекеге қабілеттілігі оның шығаратын тауарларының тартымдылығымен байланыстырылуында болса керек. Тауардың тартымдылығы қажетті сапалық белгі дегенмен ол фирманың бәсекеге қабілеттілігін жеткілікті дәрежеде көрсетпейді, өйткені фирманың бәсекеге қабілеттілігіне оның тарихи қалыптасқан бетбейнесі (имиджі), жарнамасы сияқты сипаттары да әсер етеді.

Айта кететін жайт, бәсекеге қабілеттілік анықтамасына тауардың тартымдылығы, ұнамдылығы тәрізді сипаттаушы белгілер

мен қасиеттерді қосу бұл түсініктерді нақтыламайды, оларға субъективті бояу қосады. Тауар сатып алушылардың барлығын бір өмбебап тұтынушы ретінде қарастыру, осы тауарға сұраныс беруші сатып алушылардың нақты санын көрсете алмайды, ал бәсекеге қабілеттілік бірінші кезекте сатып алушылар санына тәуелді екендігі де ақиқат.

Жекелеген авторлар бәсекеге қабілеттілік анықтамасына рыноктағы басқа сатушылардың ұқсас тауарларымен салыстырғандағы тауардың нақты қажеттілікті қанағаттандыру дәрежесін сипаттайтын қасиеттерін кіріктіреді. Бұл анықтаманың жеткіліксіздігі оның тауар сапасы анықтамасын қайталауында болса керек. Ал бәсекеге қабілеттілік, ең алдымен, тауардың сапасы мен бағасы арақатынасымен анықталуы тиіс.

Сонымен, тауардың бәсекеге қабілеттілігі оның бәсекелі рыноктың талаптарына сәйкестігі дәрежесімен, ұқсас тауарлармен салыстырғандағы сатушылар талғамы үдесінен шығуымен сипатталады. Бәсекеге қабілеттілік, бір жағынан, тауар сапасымен, оның техникалық деңгейімен, тұтынушылық қасиеттерімен және, екінші жағынан, сатушы белгіленген тауар ұсынысының бағасымен анықталады. Тауардың бәсекеге қабілеттілігіне, сондай-ақ сән талаптары, сату кезіндегі және сатудан кейінгі қызмет көрсетулер, жарнама, өндірушінің бет-бейнесі (имиджі), тауардың белгілілігі мен танымалдығы, рынок конъюнктурасы, сұраныс тербелістері, тұтынушылардың төлем қабілеті әсер етеді.

Біз әзірше тауардың және оған байланысты фирманың бәсекеге қабілеттілігі туралы айтып келдік. Бәсекеге қабілеттілікті кең мағынада түйсіну үшін әртүрлі субъектілер мен объектілердің бәсекеге қабілеттілігін ажырата білу қажет деп санаймыз.

Елдің бәсекеге қабілеттілігі дегеніміз осы елдің тауарлары өткізілетін ішкі және сыртқы рыноктардағы үлесін ұстап тұру мен кеңейту мақсатында басқа елдермен жарысып, күресу қабілеттілігінің мүмкіндіктері болып табылады. Елдің бәсекеге қабілеттілігін оның экономикасын құрайтын өндірістік және сауда ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігі анықтайды.

Компанияның бәсекеге қабілеттілігін ортақ рыноктарда өткізілетін басқа компаниялардың ұқсас өнімдері, тауарлары, қызмет көрсетулері түрлерімен нақты және әлеуетті күресу қабілетінің мүмкіндіктері сипаттайды. Компаниялар өздерінің бәсекеге қабілеттілігін бағалық және бағалық емес бәсекеге жүгінумен, жаңа өткізу рыноктарына кірігумен немесе ұстап тұрған рынок секторларын кеңейтумен дәлелдейді.

Компанияның бәсекеге қабілеттілігі, толықтай алғанда оның өндірген және сататын тауарлары мен қызмет көрсету түрлерінің бәсекеге қабілеттілік деңгейімен айқындалады.

Жобаның бәсекеге қабілеттілігі үксас жобалармен салыстырғандағы артықшылықтарымен анықталады. Ол өзінің көрінісін қол жеткізілген экономикалық және әлеуметтік тиімділігінен табады.

Тауардың бәсекеге қабілеттілігі үксас тауарлармен салыстырғандағы өзіндік сапасының рыноктық бағаларға қатынасымен сипатталады. Тауардың бәсекеге қабілеттілігі сапасымен, өндіру мен сату тиімділігімен, жетілген технологиясы және өндірісті ұйымдастыруымен, тұтынушылар сұранысына бағдарлануымен, төлем қабілеті бар сұранысты ескеруімен анықталады.

Бәсекеге қабілеттіліктің аталған барлық түрлері өзіндік мәнінде иерархия болып табылады. Бұл иерархияның әрбір сатысындағы жүйенің бәсекеге қабілеттілігі оны құрайтын шағын жүйелердің бәсекеге қабілеттілігіне байланысты. Сонымен бірге әрбір деңгейдің бәсекеге қабілеттілікті арттыру мүмкіндіктері баршылық.

Бәсекеге қабілеттілікті мемлекеттік қолдау мемлекеттік органдардың ұйымдастырушылық-құқықтық, экономикалық және заңдық әсерлері арқылы тауарларды жобалау, өндіру, рыноктық айналым, тұтыну үдерістерін реттеуі болып табылады. Аталған әсерлер бәсекелік артықшылықтарды пайдалана отырып, рыноктағы позициясын күшейтіп, сату көлемін, сатудан алынатын түсімдерді, табысты, пайданы арттыру мақсатында жұмыс істейді.

Бәсекелік артықшылықтар қатарына бәсекелестермен салыстырғандағы техникалық шарттар және тауарлар мен қызмет көрсетулер сапасының жоғары деңгейі, бағалардың өндіріс шығындарының, трансакциялық шығындардың (делдалдық, рәсімдеу және мәмілені жүзеге асыру үшін қажетті басқа да жанама шығындар) төменірек болуы жатады.

Бәсекеге қабілеттілікті макро және микроэкономикалық деңгейлерде мемлекеттік реттеу қызметтеріне мыналар жатады:

- ғылыми зерттеулерді, жобалық, конструкциялық, технологиялық ізденістерді, тәжірибелік өндірісті, мемлекеттік сынақтауларды және техникалық-технологиялық дамуды қаржыландыру;
- қызметкерлерді кәсіби даярлауға және олардың біліктілік деңгейін жоғарылатуға мемлекеттің қатысуы;
- өндірісті жүргізу және рыноктық сатуларды ұйымдастыру бойынша әлемдік тәжірибені іздеп тауып, таратуға мемлекеттің қатысуы;
- ресурс үнемдеуші өндірістік технологияны игеруге және қолдануға мемлекеттің қатысуы;
- мемлекеттік сапа стандарттары мен өнімді сертификаттауды талдап, жасап, бекітуі;

– отандық өндірушілердің тауарлары мен қызметтерін өткізу рыноктарына қарай жылжытуды мемлекеттік қолдау, рынок секторларын ұстап тұру және кеңейту, сондай-ақ оларды отандық және шетелдік монополиялар қысымынан қорғау.

Өнімдердің, тауарлардың және қызмет көрсетулердің бәсекеге қабілеттілігін мемлекеттік қолдау шаралары қатарына жоғары сапалы тауарлар өндіруді ынталандыру, сапа параметрлерін бақылау және реттеу, салық қойылымдарын, кедендік баждарды, тарифтерді орнықтыру жатады. Мемлекеттің аталған іс-әрекеттері отандық тауар өндірушілердің бәсекелік қабілетін күшейтіп, арттыратын болады.

Ізденіс сұрақтары:

1. Бәсекелік және монополдық рыноктар түсінігі.
2. Мемлекеттің антимонополиялық саясаты.
3. Табиғи монополияларды мемлекеттік реттеу.
4. Мемлекеттік монополиялар қызметі.
5. Меншіктің мүдіктік объектілері рыногын антимонополиялық реттеу.
6. Отандық тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін мемлекеттік қолдау.
7. Мемлекеттің, компанияның, жобаның, тауардың бәсекеге қабілеттілігі.

VIII тарау

ИНВЕСТИЦИЯЛАР МЕН ИННОВАЦИЯЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

§1. Инвестициялар мен инновациялық үдерістердің мәні, бастаулары және оларды тұтынушылар

«Инвестиция» түсінігі кең мағынада болашаққа салым дегенді білдіреді. Инвестициялар – болашақтағы қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған кез келген қаражат. Сондықтан олар ағымдағы пайдаланудан шығарылып экономикалық немесе әлеуметтік игілік әкелуге мүмкіндігі бар белгілі бір іске салынады.

Экономикалық ресурстарды іс-әрекеттегі өндірістік факторларға айналдыру үшін белгілі бір мерзім қажет, яғни ресурс-

тарды өндіріске тарту мен олардың агенттерінің, өндіріс үдерісінің факторы ретінде қолданылуы арасында бастапқы ресурсты факторға айналдыруға қажетті белгілі бір уақыт өтеді. Айталық, өндірістік ғимарат тұрғызып оны жабдықтау үшін уақыт пен ақша керек болады. Сондықтан экономикада ең алдымен іске қаражат салып, өндірістік үдеріс жүруі үшін алғышарттар жасалуы тиіс, нәтижені содан кейін күтуге болады.

Сонымен, инвестиция дегеніміз негізгі капиталға, запастарға, резервтерге, сондай-ақ басқа да экономикалық объектілер мен үдерістерге салымдар болып табылады. Оның сипатты белгісіне материалдық ресурстар мен ақшалай қаражаттың салыстырмалы ұзақ уақытқа бейтараптануы жатады.

Инвестиция түсінігінің жоғарыдағы анықтамасы іргелі экономикалық категория болып табылатын инвестиция ұғымын толыққанды түсіндіре алмайды. Мысалы, экономикалық әдебиетте «күрделі қаржы салымдары – күрделі қаржылар» (капитальные вложения) түсінігі «инвестициялар» түсінігіне қарағанда тар мағынада қолданылады. Өзіннің атауы көрсетіп тұрғандай күрделі қаржылар тек қана негізгі капиталға салынады, ал ақпараттық ресурс, бағалы қағаз, рухани әлеует, материалдық запастар сияқты экономикалық ресурстардың басқа түрлеріне салымдар күрделі қаржы салымдары деп аталмайды немесе бұл түсіндірме ескерту арқылы жасалады.

Инвестиция – көп тармақты құрылым.

Капиталдың физикалық және ақшалай болып бөлінуіне сәйкес инвестициялар да материалдық-заттай және ақшалай деп бөлінеді. Материалдық-заттай формадағы инвестициялар – құрылыстағы өндірістік және өндірістік емес объектілер, жабдықтар мен машиналар және басқа да техникалық паркті алмастыруға немесе кеңейтуге бағытталған инвестициялық тауарлар.

Ақша формасындағы инвестициялар – бұл материалдық-заттай инвестицияларды құруға бағытталған, инвестициялық тауарларды шығаруды қамтамасыз ететін ақша капиталы. Орталықтандырылған экономикада орын алған инвестициялық тауарлар мен ақша формасындағы инвестициялардың тапшылығы өндірісті кеңейту мен жаңарту, қажетті инфрақұрылым жасау, материалдық запастарды қалыптастыру мәселелерін шешуде жеткіліксіз болса, рыноктық экономикадағы негізгі мәселе қол жетімді инвестициялық тауарға айналдыратын ақшалай инвестицияларды іздестіру болып табылады.

Өндіріске жалпы инвестициялар деп негізгі капиталды (негізгі қорлар) және запастарды ұстап тұру мен арттыруға бағыттала-тын инвестициялық өнімді атайды. Жалпы инвестициялар екі құрамдас бөліктен тұрады. Біріншісі, амортизациялық төлем-

дер. Бұл – негізгі құрал-жабдықтардың орнын толтыруға, оларды жөндеуге, қалпына келтіруге қажетті инвестициялық ресурстар. Екіншісі, таза инвестициялар. Бұл – негізгі құрал-жабдықтарды көбейту, арттыра түсу мақсатында ғимараттар мен құрылғыларды, жабдықтар мен іс-әрекеттегі өндірістік қуаттарды іске қосуға арналған капитал салымы.

Материалдық өндіріс салаларына инвестициялармен қатар олардың едәуір бөлігі әлеуметтік-мәдени сфераға, ғылым, білім беру, денсаулық сақтау, спорт, информатика, қоршаған ортаны қорғауға, сондай-ақ осы салалар үшін жаңа объектілер салуға, оларды қолданылатын техника мен технологияны жетілдіруге, инновацияларды жүзеге асыруға бағытталады.

Соңғы жылдары ғылыми және оқу әдебиеттерінде адамға, адам капиталына инвестиция салу туралы әжептәуір айтылып жүр. Бұл – салымдардың ерекше түрі, негізінен білім беру мен денсаулық сақтауға, жеке тұлғаның рухани дамуы мен жетілдірілуіне, халықтың денсаулығын нығайтуға, өмірді ұзартуға, адамдардың шығармашылық еңбек қабілетін арттыруға арналған инвестициялар болып табылады.

Нақты (реалды) инвестициялар экономика салаларына және экономикалық қызмет түрлеріне салымдар болып табылады және нақты капитал өсімін қамтамасыз етеді, яғни өндіріс құрал-жабдықтарын, материалдық құндылықтарды, запастарды, ақпараттық-интеллектуалдық ресурстарды молайтады.

Қаржылық инвестициялар дегеніміз – акцияларға, облигацияларға, вексельдерге және басқа да бағалы қағаздар мен қаржылық құралдарға салымдар. Мұндай салымдар өздігінен нақты заттай капиталға өсім бермейді, дегенмен уақыт бойынша құнды қағаздардың бағамы өзгеруі есебінен пайда, соның ішінде алыпсатарлық пайда өкелуге мүмкіндіктері бар. Мысалы, акциялар нақты, физикалық капитал өндірмейді. Бірақ егер акцияны сатудан түскен ақша өндіріске, құрылысқа, жабдықтарға салынатын болса, онда қаржылық инвестициялар нақты капиталға ақшалай салымдар болып шығады да, реалды инвестицияларға айналады. Сондықтан бағалы қағаздарды сату-сатып алу арқылы алыпсатарлық пайда алу мақсатындағы салымдар мен нақты, физикалық капиталға айналатын қаржылық инвестицияларды ажырата білу керек.

Тікелей қаржылық инвестициялар – дивиденд түрінде табыс, сондай-ақ акционерлік компанияны басқаруға қатысу құқығын алу мақсатындағы акционерлік қоғамның жарғылық қорына ақшалай салымдар. Бақылаушы тікелей инвестициялар деп акциялардың бақылау пакетіне иелікті айтады, яғни дауыс берушінің акциялардың жартысынан астамына иелік етуі.

Қаржылық инвестициялар құрамынан портфельдік инвестицияларды ерекшелейді. Бағалы қағаздарға салым салатын тұлғалар табыстылығын жоғарылатып, тәуекелін төмендету үшін портфель деп аталатын бағалы қағаздардың бірнеше түрлерінің жиынтығын сатып алады. Бұл инвестициялардың атауы осылайша қалыптасқан.

Тәуекелдік деңгейі жоғары инвестициялар венчурлық капитал деп аталады. Ірі венчурлық капитал инвестициялық жобаларға, қызметтің жаңа түрлеріне салынуымен ерекшеленеді. Мұндай капиталдың әрбір салымшысының тәуекелін кеміту үшін көптеген салымшылардың капиталын біріктіріп венчурлық капитал қорын құрады.

Мерзімдері бойынша қысқа мерзімді (бір немесе бірнеше айға) және ұзақ мерзімді (бір немесе бірнеше жылға) салымдар белгілі. Осы мерзімдер ішінде алғашында бейтараптанған салымдар өндірістік факторларға айналып, қайтарым, табыс, пайда өкеле бастайды.

Капитал салымшысы – инвестор деп тек қана өзінің емес, «өзгенің» де ісіне салымдаушы тұлғаларды, мекемелерді, мемлекетті атайды. Әрине, қаражат салынған «өзгенікі» шамалы болса да, «өзінікіне» айналады. Капиталды инвестициялаушыға байланысты мемлекеттік, жекеменшік, шетелдік инвестицияларды ажыратады.

Республикалық бюджет қаражатынан бөлінетін инвестицияларды бюджеттік, ал басқа көздерден тартылатындарды бюджеттік емес инвестициялар деп атайды.

Инвестициялар мемлекеттің, кәсіпорынның, тұрғындардың жинақтары және қорлануымен тығыз байланысты. Мемлекет үшін қорлану, яғни ұлттық табыстың ағымдағы тұтынуына жұмсалмайтын бір бөлігі негізгі ішкі инвестицияның қайнар көзі, бастауы болып табылады. Кәсіпорындар, компаниялар инвестициялық қаражат ретінде пайданың қорлануын жұмсайды. Егер мемлекеттік бюджет үшін инвестицияға айналатын қорлану ауырлау, бірақ қажетті салмақ түсіретін болса, ұйымдар мен компаниялар үшін пайладан алынатын өндірістік инвестициялар өмір сүруі мен өндірісті дамытудың міндетті шарты, ал тұрғындардың жинақтары тікелей инвестициялар емес, оларды шоғырландыратын банктердің ғана бұл жинақтарды инвестиция ретінде пайдалануға мүмкіндіктері бар.

Сонымен, үй шаруашылығының жинақтары да белсенді өндірістік инвестициялар бола алады (мұның өзі, тіпті бастапқы иелерінің ойына келмесе де). Нәтижесінде, экономиканың барша субъектілерінің қорлану қаражаттары мен жинақтары қандай жолмен болмасын инвестицияларға айналады.

Инвестициялық ресурстарды тұтынатын негізгі үш экономикалық субъектілерді бөліп көрсетуге болады. Олар — мемлекеттік басқару органдары түріндегі мемлекеттің өзі, кәсіпорындар мен кәсіпкерлер, сондай-ақ үй шаруашылығы жиынтығы түріндегі тұрғындар.

Қажетті инвестицияларды тарту үшін мемлекет ішкі және сыртқы көздерді пайдаланады. Ішкі қаражаттарға табыстар, салықтан құралатын бюджет қаражаттары, міндетті төлемдер, сыртқы экономикалық қызметтен түсетін пайда жатады. Сыртқы қаражатқа кредит, шетелдік көмек түріндегі инвестициялар жатады.

Мемлекеттің инвестициялық саясаты шетелдік инвестицияларды экономиканың нақты секторына тартуды (келтіруді) көздеуі тиіс. Рыноктық экономикада инвестицияларды тарту мен пайдаланудың негізгі агенті меншіктің әртүрлі формасындағы компаниялар, фирмалар және кәсіпкерлер болып табылады. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің бұл жиынтығы өндірістік капиталға ең мүдделі топ болғандықтан, қажетті инвестициялар тартудың әртүрлі көздерін іздестіреді.

Кәсіпорынды инвестициялық қаржыландырудың көзі ретінде шаруашылық қызметтің барлық түрлерінен алынатын пайда болып табылады. Салықтарды, ренталық төлемдерді жүзеге асырудан және дивидендтерді үлестіргеннен қалған пайданы кәсіпорындар мен кәсіпкерлер өз өндірісіне капитал салымы ретінде пайдалануға толық мүмкіндігі болады. Рентабелділігі жоғары кәсіпорындар үшін бұл өзін-өзі қаржыландыру формасындағы инвестиция тартудың сенімді көзі және ешқандай қарыз міндеттемелері жоқ қаржы болып табылады.

Өндірістік ұйымдарды инвестициялаудың орнықты ішкі көзіне амортизациялық төлемдер жатады. Олар бекітілген нормаларға сәйкес, міндетті түрде өндірісте қолданылатын негізгі құрал-жабдықтардың барлығына есептеледі және өндірістік шығындар (өзіндік күн) құрамына қосылады. Тозған капиталдың, негізгі құрал-жабдықтардың орнын толтыруға жұмсалатындықтан бұл қаражаттың инвестициялық жаратылысы байқалады. Амортизация жабдықтардың нормативті қолданылуы мерзімі бойына бекітілген пайыз мөлшерінде әр жылғы біркелкі есептелуі немесе жеделдетілген амортизация шартына сәйкес жоғары пайызбен есептелуі мүмкін.

Жеделдетілген амортизация құрал-жабдықтарды ұстап тұруға аударылатын қаражат көлемін көбейтеді. Кәсіпорындардың ішкі инвестициялық көздеріне пайларды, құрылтайшы жарналарын, инвестициялық ресурстар санатында пайдаланылатын компания акцияларын жатқызуға болады.

Ақша түріндегі инвестиция тартудың негізгі сыртқы көздерінің бірі банктік кредит болып табылады. Банктік инвестициялық кредит, әдетте, қайтарым кепілдігі, белгіленген уақыт және пайыздық қойылым негізінде жүзеге асады. Кредитті қамтамасыз ету үшін, бәлкім жылжымайтын мүлікті кепілдікке қоюға тура келетін жағдайдағы кредитті ипотекалық деп атайды.

Капиталды тартудың негізгі бір көзі болып отандық және шетелдік банктер, басқа да қаржы-несиелік ұйымдар беретін инвестициялық кредиттер есептеледі. Егер инвестор-банк кәсіпорын-қарыз алушыға кредиттік желі ретінде қайталанатын қаражат түрінде беретін болса, онда бұл кредит түрі қарыз алушының векселдік міндеттемесі, сондай-ақ оның активтері негізінде берілуі мүмкін.

Әрине, инвестицияларды мемлекеттік қаржыландыру туралы да айту қажет. Мемлекеттік инвестициялар кәсіпорындарға пайыздық және пайызсыз, тіпті атаулы субсидиялар, субвенциялар түрінде тегін берілуі де мүмкін.

§2. Инвестицияларды мемлекеттік реттеудің мақсаттары, міндеттері және проблемалары

Инвестициялар және инвестициялық үдерістерді мемлекеттік реттеудің басты мақсаты орта және ұзақ мерзімді перспективада елдің экономикалық өсуін қамтамасыз ету болып табылады. Экономикалық өсудің негізгі факторлары жер, еңбек, капитал екендігі экономикалық теориядан белгілі. Үшінші фактордың шамасын күрделі ресурстарды қалыптастырудың негізін қалайтын инвестициялар анықтайды. Алғашқы екі фактордың да динамикасы табиғи ресурстар мен адам капиталын инвестициялауға тәуелді.

Инвестициялық үдерістерді мемлекеттік реттеудің бірінші дәрежелі міндеттеріне негізгі құрал-жабдықтарды тозудан сақтау шаралары жатады. Негізгі құрал-жабдықтарды жаңалау осы құрал-жабдықтарға капитал салымының көлемі мен динамикасына тәуелді. Бөлінетін және жұмсалатын инвестициялардың жетіспеушілігі өндірістік қуаттарды кемітеді, жабдықтардың сапасы мен өнімділігі азаяды, ғимараттар, құрылғылар, тораптардың істен шығуы, тіпті қирау қауіптері туындайды. Аталған проблемалар қазақстандық экономикаға тән екендігін айту қажеттілігі соңғы 10–15 жыл бойына оларды инвестициялаудың жалпы деңгейі төмендеу үдерісін көрсетіп отырғандығынан туындайды.

Инвестицияларды мемлекеттік реттеудің тағы бір ірі міндетіне ұлттық экономика құрылымы мемлекет дамуының әлеуметтік-экономикалық стратегиясына сәйкестендіру, құрылымдық сая-

сатты қажеттіліктерге, сұранысқа, рыноктық конъюнктураға сай жүргізу жатады. Қазақстан экономикасында құрылымдық-инвестициялық саясат жүргізу барысында инвестицияларды өңдеуші, түпкі өнім шығаратын салаларға бағыттау үмтылысы мен таза рыноктық мақсаттарды шикізаттық, қазба ресурстары салаларын инвестициялау үдерісі арасында қайшылықтар пайда болды. Ал мұның өзі салықалы мемлекеттік реттеу шараларынсыз шешуге болмайтын түйін екендігі даусыз.

Мемлекеттік реттеуді талап ететін тағы бір мәселе ғылыми-техникалық, технологиялық инновацияларды инвестициялық қамтамасыз ету болып табылады. Венчурлық капитал ағынының баяулығы, техникалық-технологиялық жаңаруға мүдделердің кемшіндігі қазақстандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін төмендетпесе, артыра қоймайды.

Сенімді, орнықты өркендеуге қажетті инвестициялар көлемінің қатаң нормативтері жоқ болуына қарамастан экономикаға инвестицияланатын капитал мөлшері жалпы ішкі өнімнің, шамамен алғанда 15–20%-ы құрауы тиіс және бұл мөлшер дағдарыстық құбылыстарды еңсеру проблемасы туындағанда арта түсуі қажет. Жалпы, капиталды тұтыну мен оның қорлануы арасында динамикалық тепе-теңдік орнағаны жөн.

Қазақстандық болмыста бұл талаптар рыноктық реформалардың барлық кезеңдерінде сақтала қойған жоқ. Мемлекеттік инвестициялар үлесі жыл сайын төмендеу үстінде болды. Қаржылық ресурстардың жетіспеушілігі ішкі және сыртқы қарыздар, ағымдағы өткір қажеттіліктер күнделікті тұтынушылықтың басымдығын дәлелдеп тұруы, нәтижесінде инвестицияларды «жеп қою» үрдісі қалыптасты.

Дегенмен, соңғы жылдары Қазақстан экономикасына инвестициялар көлемі арта түскенінің куәсі болудамыз. Соның өзінде инвестициялардың көлемдік өсуі орнықтылықты талап етеді. Ал ол өз кезегінде орнықты экономикалық жоғарылауды және өндірісті жаңартуды қамтамасыз етеді.

Тағы бір айтылатын жайт, рыноктық экономикада инвестициялық салмақ едәуір дәрежеде мемлекеттік бюджет ығынан алынып, шаруашылық жүргізуші субъектілердің ығына салынады десек те, инвестициялық үдерістерді реттеудегі мемлекеттің рөлі сақталады, әрі күшейе түспек. Бұл жағдайда мемлекеттік қаражаттардан инвестициялық ресурстарды бөлу функциясымен қатар инвестициялық үдерістерді толығымен реттеу, басқару, барлық көздерден ел экономикасына инвестициялар тартуда мемлекеттік шаралардың маңыздылығы арта түседі.

Инвестициялық ресурстарды рыноктық бөлуді түзету, дәлдеу іс-әрекеттері де мемлекеттік реттеуді қажетсінеді, себебі инвес-

тициялық ағындар өзінің жаратылысы бойынша әлеуметтік нәтижелер мен ұзақ мерзімді күтулерден тәуелсіз максималды және жедел табыс алу аймақтарына қарай бет түзейді. Сонымен бірге, мемлекет инвестициялық арналарды экономикалық өсуді, өндірісті жандандыруды, дағдарыстық жағдайда оңалуды қамтамасыз ететін экономикалық объектілер бағытына бұруы тиіс.

XI ғасыр басындағы инвестициялық проблемалардың шиеленісе түсуінің тағы бір себебіне өндірістік сфераға капитал салымы деңгейінің негізгі қорлардың ескіруі, тозуы, істен шығуы үдерістерінің орнын толтыра алмай отырғандығы жатады. Мұның өзі елдің өндірістік әлеуетін төмендетеді де, экономикадағы прогрессивті құрылымдық өзгерістерді қиындатады.

Өздерінің капиталын Қазақстан экономикасына орналастыру бағытында шетелдік инвесторлардың мүдделілігі арта түсуде. Осы үрдісті күшейте түсу үшін мықты заңнамалық база, сенімді кепілдіктер, орнықты экономикалық және саяси ахуал қажет.

Қазақстан экономикасына инвестиция келтіру проблемасы шетелдік инвестициялармен шектелмейді. Қаржылық дағдарыс салдарына қарамастан ішкі көздерден тартылатын капитал салымдары пайдаланылмай қалуда. Оларды іске асыру үшін, бір жағынан, қолайлы инвестициялық ахуал жасап, капиталдарды кепілдіктермен қамтамасыз ету керек, ал, екінші жағынан, инвестициялық саясатты жүргізуде мемлекеттің рөлін күшейту қажет.

Жекелеген кәсіпорындар мен объектілердің сырттан инвестициялар алуы, сондай-ақ оларды меншікті табыстар мен жинақтарынан қалыптастыру мүмкіндіктері шектеулі. Оның үстіне инвестициялық ағындарды бөлшектеу инвестицияларды ұсақтап жібереді де, оларды пайдалану тиімділігін төмендетеді. Инвестицияларды басқару мен реттеуді, инвестициялық үдерістерді бақылауды орталықтандыру жоғалатын болса, онда инвестициялық ресурстар азая түседі. Осы жағдайларға байланысты және экономиканы дамытудағы инвестицияның рөлін ескере отырып, инвестицияларды мемлекеттік басқару мен реттеуді объективті қажеттілік деп қарастыру қажет.

§3. Инвестициялық үдерістер белсенділігін арттырудағы мемлекеттің рөлі

Рыноктық қатынастарға негізделген экономикада мемлекет инвестициялық ресурстар мен үдерістерді басқару мен пайдалануда, инвестицияны қалыптастыру мен реттеуде екі бағыттағы шаралар жүйесін қолданады:

1) салалар, аймақтар және бағдарламалар мен жобалар бойынша бастауы мемлекеттік бюджет, жергілікті бюджет, бюджеттен тыс мемлекеттік қорлар, арнайы мемлекеттік даму бюджеті болып табылатын мемлекеттік инвестицияларды қалыптастырып, бөлу жолымен.

2) инвестициялық қызметті құқықтық реттеу, инвестициялық үдерістерді ынталандыру, ел ішінде қолайлы инвестициялық ахуал жасау, шетелдік капиталдың келуіне көмектесу және ішкі инвестициялық көздерді тарту арқылы.

Инвестициялық үдерістерге мемлекеттік әсер етудің бірінші бағыты бойынша бюджетті, бағдарламаларды, инвестициялық жобаларды қалыптастыратын биліктің заң шығарушы және атқарушы органдары анықтаушы рөл атқарады. Бұлар мемлекеттік инвестициялар көлемін, инвестициялық ресурстарды бөлу және қайта бөлуді жүзеге асырады.

Екінші бағытта қаражатты экономикаға, өндіріске, кәсіпкерлікке инвестициялауға отандық және шетелдік инвесторларға (банктер, қаржылық ұйымдар, корпорациялар, тұрғындар) түрткі ретінде мемлекеттің құқықтық және ынталандыру әсері іске қосылды.

Экономика мен әлеуметтік сфераны орталықтандырылған мемлекеттік реттеу бұрын тегін бюджеттік қаржыландыру және кредиттеу түрінде жүргізілетін. Қазақстанда рынок пен рыноктық қатынастардың қалыптасуы жағдайында әлеуметтік сфераны қайтарымсыз мемлекеттік инвестициялаудың үлесі арта түседі де, экономиканың өндірістік секторын инвестициялауды мемлекет қайтарымды несиелік негізде жүзеге асыратын болады. Экономиканың қарымды (нақты) секторына капитал салушы инвесторларға кепілдіктер беруде мемлекеттің рөлі арта түседі. Дегенмен, ірі инвестициялық жобаларды іске асыру бағытындағы отандық және шетелдік инвесторларды мемлекеттік кепілдендіру деңгейінің төмендігі байқалып-ақ қалды.

Жекеменшік, әсіресе, шетелдік капиталды Қазақстан экономикасына тартуды мемлекеттік қолдаудың тиімді формасы ретінде инвестицияларды несиелендіруші банктерге, қаржылық және басқа да ұйымдарға мемлекеттік мүлікті кепілге қоюды атауға болады.

Инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеуде даму қоры деп аталатын мақсатты инвестициялық қорды ерекше атауға болады. Бұл қор инвестициялық жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыру үшін құрылған.

Инвестициялық жобаларды талдап, жасауға және қолдауға мемлекеттің қатысуы ісінде ерекше маңызы бар бағыт ретінде инвестициялық үдерістерді белсендіре түсудегі мемлекеттің әсерін

атап айту керек. Анық арнаулы бағыты бар, экономикалық объектіні тұрғызу мен жаңғыртуға бағдарланған инвестицияларды жобаға салым деп атайды. Бұл жерде «жоба» сөзінің екі түрлі мәні бар. Бір жағынан, бұл сипаттау, есептеу, кескіндеу түріндегі объектінің идеясы, бейнесі. Екінші жағынан, экономикалық мағынасында жоба – іс-әрекет бағдарламасы, нақты әлеуметтік-экономикалық ой-пікірді жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жиынтығы. Экономикалық инвестициялық жобалар ең алдымен объекті құрылысымен, тауарларды өндіріп, сатумен, өндірісті жаңартумен, жаңа технологияларды игерумен, әлеуметтік мәселелерді шешумен, табиғатты қорғаумен, шикізатты шығарумен байланысты.

Түптеп келгенде, барлық экономикалық жобалар мен бағдарламалар инвестициялық болып табылады, өйткені олар салымдарсыз, капитал келтірусіз, инвестицияларды пайдаланусыз жүзеге аспайды.

Сонымен, инвестициялық жоба – инвестициялық кезеңінде табыс, пайда, оңды әлеуметтік әсер әкелетін экономикалық мәселені шешу бағдарламасы болып табылады.

Қазақстандық экономикада қалыптасқан жағдайларда әлеуметтік жобалар мен өндірістік жобаларды мемлекеттік қолдау өте маңызды. Техникалық-экономикалық бағдарланған жобалардың басым бағыттары келесідей:

1) өндірісті технологиялық және материалды-техникалық жаңарту, негізгі қорларды алмастыру, жабдықтарды жаңғырту жобалары; мұның өзі өндірілетін өнім сапасын жоғарылатып, өндіріс тиімділігін арттыру мақсатында қолға алынады;

2) сұранысты мейлінше қанағаттандыру, өткізу рыноктарын кеңейту, табысты көбейту мақсатында өнімнің берілген түрін өндірудің өндіріс көлемі мен номенклатурасын арттыру жобалары;

3) рынокқа кірігу, оның жаңа сегменттерін жасау, тұтыну өзгерістерін қанағаттандыру мақсатында жаңа өнім түрлерін игеру жобалары.

Қазақстанның орасан зор табиғи байлықтары концессиялар жасақтап жалға беру кепілдіктері негізінде сыртқы инвестицияларды тартуға мүмкіндік береді.

Инвестициялық үдерістерді белсендіру мақсатында мемлекеттік органдар мемлекеттік меншік объектілерін жалға концессияға тек ағымдағы табыстылығы үшін ғана емес, бұл объектілерге инвестиция келтіру мақсатында да беруі тиіс.

Инвестицияларды экономикалық өсу әлеуеті мол аймақтарда дамыту жобалары мен объектілерге салу өте маңызды, өйткені олар тізбекті реакция туындатып, өндіріске өртүрлі салалар кәсіпорындары тікелей және жанама технологиялық интеграция бойынша іс-әрекетке тартады. Инвестицияларды «өсу

нүктесі» жобаларына шоғырландыру ішкі және сыртқы рыноктарда төлем қабілеті бар сұранысты қамтамасыз етіп, өнім өндірісін өрлете түседі. Мемлекеттік инвестициялардың шектеулілігін ескеріп, олардың бір бөлігін салым қайтарымдылығы жедел жобаларға салу тиімді болмақ.

Инвестицияларды экономикалық тиімділігі, қайтарым мерзімі, экономикалық өсім көрсеткіштеріне бағдарлап тарту және орналастыру маңызды, бірақ бұны инвестициялық жобалар бойынша шешімдердің жалғыз бағыты деп айтуға болмайды. Инвестицияларды реттеуде максаткерліктің басқа арнасы маңыздырақ болуы әбден мүмкін. Бұл жерде әңгіме инвестициялардың әлеуметтік тиімділігі мен қоғамдық қажеттілігі туралы болып отыр.

Инвестициялардың белгілі бір бөлігі, әсіресе бюджеттен келетін бөлігі әлеуметтік сфераға, инфрақұрылым объектілеріне, қоршаған ортаны қорғауға, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жұмсалыуы тиіс. Бұл инвестициялардың қайтарымы ұзақ уақытқа созылар, бірақ олар міндетті, сондықтан оларды мемлекеттік реттеу қажет-ақ.

Шетелдік инвестицияларға мемлекеттің әсері туралы айтар болсақ, олардың көптеп келуі экономиканы инвестициялау көлемін арттыра түседі, бірақ шетелдік инвестицияға әуестеніп, қызығушылықтың қатерін де есте ұстаған жөн. Біріншіден, шетелдік инвестициялық кредиттер мемлекеттің сыртқы қарыздар көлемін ұлғайтады, оны атқару шығындарын көбейтеді, елдің басқа елдер алдындағы қаржылық тәуелділігін тереңдетеді. Екіншіден, ұлттық өндіріс кұрал-жабдықтарын сатып алуға жұмсалатын шетелдік инвестициялар ұлттық байлықтың бір бөлігіне иелік етіп, мемлекетті өз аумағында «жартылай қожайын» рөліне түсіреді.

Әрине, әлемдік экономиканың жаһандануы жағдайында бұл табиғи үдеріс болып табылады, дегенмен, «сақтансаң, сақтаймын» деген жаратушы. Елге шетелдік инвестицияларды тартуда әрқашан оның артықшылығы мен кемшілігін безбенге салу жөн шығар.

§4. Инновациялық-инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу

Қазіргі әлемде кез келген мемлекет өндірістің ғылыми-техникалық және технологиялық деңгейін жоғарылату проблемасымен бетпе-бет келуі айдан анық. Елдің ғылыми-техникалық әлеуеті оның өндірістік-экономикалық әлеуетінің сипатты көрсеткіші болып табылады.

Сондықтан мемлекет инновация деп аталатын ғылыми зерттеулер мен ізденістерге, оларды өндіріске енгізуге технологиялық жаңалықтарды игеруге тұрақты түрде назар аударуы тиіс.

Инновациялық ғылыми зерттеулердің білім беру мен іргелі ғылымды дамытумен байланысты жақтарын реттеуде мемлекеттің рөлі ерекше. Экономикасы дамыған елдерде іргелі ғылыми зерттеулердің 50%-дан астамын мемлекет қаржыландырады.

Инновациялық қызметтің капитал сыйымдылығының өте жоғары болу себептері:

1) ғылыми зерттеулер мен ізденістер және олардың нәтижелері арасында, яғни экономикада пайдалану арақашықтығы едәуір уақыт кезеңін алады, жылдармен есептелуі мүмкін.

2) инновациялық қызмет зерттеушілердің, жобалаушылардың, конструкторлардың, технологтардың еңбекақысына, сондай-ақ қымбат ғылыми аппаратураға, эксперименттік жабдықтарға едәуір шығындарды талап етеді;

3) инновациялық жобалар тәуекелі жоғары категорияға жатады, себебі жобаға алдын ала артылған үміт ақталмауы мүмкін, есептеулер бойынша әзірлемелердің үштен екі бөлігі практикада қолданыс таппай жатады. Оның үстіне кемшіліктерді кеміту үшін қатарлас ізденістер жүргізуге тура келеді.

Инновациялық қызметті жүргізу үшін едәуір инвестициялардың қажеттілігі оны инновациялық-инвестициялық қызметке айналдырады, яғни өзінің мәні бойынша кез келген инновациялық жоба сонымен бірге инвестициялық болып шығады.

Рыноктық экономикасы бар елдерде инновациялық-инвестициялық қызмет жартылай мемлекеттік қызмет, өйткені оны мемлекет реттейді, қаржыландырады және оған тапсырыс береді. Егер ғылыми зерттеу, ізденіс жұмыстарына мемлекеттің қатысуы әжептәуір болса, ғылыми жетістіктерді қолдануда, олардың рынокқа енуінде мемлекет тікелейден гөрі жанама әсер етеді.

Ғылым-техника-өндіріс тізбегін толықтай өз қарамағына алуға мемлекеттік ресурстар жетіспейді. Дегенмен, мемлекеттің инновациялық-инвестициялық қызметті заңнамалық, құқықтық реттеуге толық мүмкіндігі бар. Ол техникалық-технологиялық прогрестің алдыңғы шебіндегі салаларға «белсенді патронаж» деп аталатын формада жүзеге асады.

Кеңейтілген мағынасында айтқанда, әңгіме экономикада инновациялық факторларды пайдалануды қолдауда мемлекеттік ғылыми-техникалық саясат жүргізу туралы болып отыр. Ғылыми-техникалық саясаттың мақсаты елдің инновациялық өлеуетін қалыптастыру, қолдау және дамыту болып табылады.

Шетелдік озат тәжірибеден үйрену, прогрессивті технологияны қайталау, лицензияларды сатып алу – бұлар әлсіз ғылыми-техникалық стратегия. Ал белсенді стратегия өзіндік ғылыми-техникалық әлеуетке, «өсу нүктелеріндегі» серпіліске, ғылыми-техникалық ұмтылысқа негізделеді.

Өзінің нақты мағынасында мемлекеттік ғылыми-техникалық саясат жекелеген мақсатты бағдарламалар мен инновациялық жобаларды дiттейдi.

Инновациялық-инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеудің негізгі әдістері келесідей:

- іргелі ғылыми зерттеулерге шығынды бюджеттік қаржыландыру және ғылыми-техникалық прогресті қолдау;
- ғылыми-техникалық өнімді мемлекеттік сатып алу;
- мемлекеттік ғылыми-зерттеу ұйымдарын ұстап тұру;
- ғылыми кадрларды даярлауға мемлекеттік қолдау;
- инновациялық-инвестициялық қызметке қатысушыларға салықтық жеңілдіктер беру;
- халықаралық ғылыми-техникалық алмасуларды қолдау;
- зияткерлік меншікті, жаңалықтарды, өнертабыстарын, патенттерді мемлекеттік қорғау;
- қолданбалы зерттеулерді коммерциализациялауға мемлекеттік жәрдем беру;
- отандық инновацияларды әлемдік рынокқа өткізуге көмектесу;
- ғалымдардың еңбегін, қызметін қолдау, насихаттау арқылы танымалдығын арттыру.

Рыноктық реформаларды жүргізу кезінде-ақ Қазақстан 2003–2015 жж. арналған индустриалды-инновациялық даму стратегиясын қабылдаған болатын. Стратегия 2015 жылға дейінгі Қазақстанның мемлекеттік экономикалық саясатын қалыптастырады және экономика салаларын диверсификациялау және дамудың шикізаттық бағытынан арылу жолымен ел дамуын орнықтыруды көздейді.

Мемлекеттік индустриалды-инновациялық саясаттың басты заттық белгісі бәсекеге қабілетті, экспортқа бағдарланған өңдеуші өнеркәсіптік тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсетулерді өндіру болып табылады.

Әлемдік экономиканың жаһандануы жағдайында Қазақстан экономикасы бірқатар проблемалармен бетпе-бет келді. Оның негізгілері: шикізаттық бағдарлану, әлемдік экономикамен шамалы ғана интеграция, ел шілік, салааралық, өңіраралық әлсіз экономикалық интеграция, ішкі рыноктағы тауарлар мен қызмет көрсетулерге тұтынушылық сұраныстың төмендігі (шағын экономика), өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым-

ның нашар дамуы, кәсіпорындардың жалпы техникалық және технологиялық артта қалуы, ғылым мен өндіріс арасындағы байланыстың болмауы, ғылыми-зерттеу және ізденіс-тәжірибелік жұмыстарға қаржы-қаражаттың жетіспеуі, менеджменттің экономиканың жаһандануы үдерісіне және сервистік-технологиялық шаруашылыққа өтуіне сәйкессіздігі болып табылады.

Стратегия бойынша белсенді мемлекеттік ғылыми және инновациялық саясат жүргізілуі тиіс. Ғылым мен инновацияны ынталандыру үшін қаржы рыногын одан әрі дамытып, фискалдық, антимонополдық, инфрақұрылымдық саясатты жетілдіру қажет. Стандарттау саясаты шеңберінде экономиканың барлық салаларында және басқаруда әлемдік стандарттарға қошу іс-қимылдары көзделген.

Стратегияны ойдағыдай жүзеге асыру ел экономикасы құрылымдарын сапалық өзгерістерге әкеліп, оның адами өндіргіш және табиғи капиталын тиімді пайдалану негізінде Қазақстанды әлеуметтік даму мен қоғам құрылысының жаңа деңгейіне шығарады.

Экономиканы мемлекеттік реттеудің әдістері мен механизмін жетілдіру бойынша жекелеген ұсыныстарды негіздеу үшін стратегияның тиісті бөлімдерінде импортты алмастыру және экспортқа бағдарланған саясатты жүзеге асыру туралы шетелдік тәжірибе келтірілген, сондай-ақ әлемдік рынокта бәсекелік артықшылықтарға жетуге көмектесетін экспорттық саясаттың бірқатар түрлері мен кезеңдері көрсетілген.

Толықтай алғанда, стратегияны жүзеге асыру нәтижесінде 2015 жылға қарай Қазақстан экономикасы сервистік-технологиялық даму жолына түсуге әзір болуы тиіс.

Ізденіс сұрақтары:

1. Инвестицияның мәні және түсінігі.
2. Инвестиция бастаулары және оны тұтынушылар.
3. Инвестициялар құрылымы
4. Инвестицияларды мемлекеттік реттеудің мақсаты мен міндеттері.
5. Инвестицияларды мемлекеттік реттеу проблемалары.
6. Инвестициялық үдерістерді мемлекеттік қолдауды белсенділендіру.
7. Инновациялық-инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу.

IX тарау

АЙМАҚТАР ДАМУЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

§1. Өндіргіш күштерді дамыту және орналастыру заңдылықтары

Аумақтық әлеуметтік-экономикалық басқарудың маңызды құрамдас бөлігі ретінде аймақтар дамуын мемлекеттік реттеу өндіргіш күштерді дамыту және орналастырудың арнайы заңдылықтарына негізделеді. Атап айтқанда, өндіргіш күштерді орналастырудың заңдылықтары өндіргіш күштер мен аумақтардың арасындағы мейлінше ортақ қатынастарды анықтайды.

Аумақтық даму мен орналастырудың аймақтарды кешенді дамыту, аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлерін теңдестіру, өздерінің аумақтық шектерінде аймақаралық ұтымды еңбек бөлінісін жүзеге асыру сияқты заңдылықтары ерекше үлкен рөл атқарады.

Аталмыш заңдылықтардың мән-мағынасын ашып көрсететін экономикалық аудандардың шаруашылығын кешенді дамыту – бұл жалпықазақстандық маңызы бар рынок жағдайындағы салаларды аумақ бойынша кешенді толықтыратын салалармен және инфрақұрылыммен үйлестіру. Мұндағы реттеу міндеті салалардың барлық үш тобының пропорционалды дамуын қамтамасыздандыру, олардың өзара байланысын нығайту арқылы әрбір аймақтың аумақтық-өндірістік кешен болып қалыптасуына қол жеткізіп, оларды дамыту барысында аймақ халқын тауарлар және қызмет көрсетулермен мүмкіндігінше толық қамту.

Аймақтардың әлеуметтік және экономикалық даму деңгейлерін теңдестіру аумақтық дамуды мемлекеттік реттеудің тұрақты және перспективалық міндеті болып табылады.

Табиғи-географиялық, тарихи, экономикалық, әлеуметтік-демографиялық және басқа да ерекшеліктері бойынша аймақтар өзін-өзі қамтамасыз етудің әртүрлі шарттарына сәйкес болуы тиіс. Сондықтан мемлекеттің аумақтық дамуын жетілдіруде басты бағдар республикалық құрылымдық, қаржылық, әлеуметтік, сыртқыэкономикалық саясатты жүргізуде аймақтардың ерекшелігін, әсіресе жағдайлары күрделі, күйзелісті

аймақтар үшін арнаны бағдарламаларды талдап, жасап, күнделікті өмірге енгізу қажет.

ҚР Білім және ғылым министрлігі, экономика институтының ғалымдары өздерінің «Қазақстан Республикасы аймақтық саясатты жүзеге асырудың экономикалық механизмі» еңбектерінде ел аймақтарын өндіргіш күштердің даму деңгейі бойынша төрт ірі экономикалық аудандарға бөледі.

Бірінші топқа жоғары ғылыми-өндірістік әлеуеті бар, өнеркәсіп өндірісіне мейлінше маманданған, жоғары технологиялық өндірістерді дамыту үшін қолайлы Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды және Павлодар облыстарын жатқызады.

Екінші топқа стратегиялық сипаттағы минералды ресурстардың бірегей қорлары бар, ғылыми-техникалық әлеуетті серпінді дамытуға резервтері жеткілікті облыстарды шоғырландырған. Олар: Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Қызылорда облыстары.

Үшінші топты Қазақстанның азық-түлік қорын қалыптастыруда қомақты үлесі бар Ақмола, Жамбыл, Қостанай, Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстары құрайды.

Төртінші топ – бұлар топырақ-климаттық, әлеуметтік-экономикалық және технологиялық жағдайлары нашар Қызылорда, бұрынғы Семей, Атырау, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстары.

Мемлекеттік реттеу республиканың әрбір нақты субъектісінің аумақтық даму ерекшеліктерін ескеріп, олардың экономикалық даму деңгейлерін теңестіру үшін шаралар кешенін қолданады.

Аймақтар арасындағы ұтымды аумақтық және ішкі өңірлік еңбек бөлінісі рыноктық экономика жағдайындағы аумақтық дамудың қажетті шарты болып табылады. Аумақтық дамуды мемлекеттік реттеу әрбір аймақтың өзіне тән экономиканың рыноктық мамандануын таңдау мүмкіндігін және экономикалық байланыс негізінде басқа аймақтармен өнім айырбасына шығуы шарттарын ескеруі тиіс. Экономикалық дамудың қазіргі кезеңінде аймақтар арасында еңбек бөлінісін одан әрі жетілдіру маңызды болып табылады. Бұл мақсатқа олардың қызметтерін біріктіру және келістіру, әрбір субъектінің мүддесін мемлекеттік мүддемен дұрыс байланыстыру арқылы қол жеткізіледі. Ал мұны ойдағыдай атқару үшін аумақтық дамуды мемлекеттік реттеудің тиімді әрекеттегі жүйесінің рөлі өте маңызды.

Қазақстан экономикасының түрлаулы дамуының негізгі шарттарының бірі аумақтық диспропорцияларды «тегістеу» болып табылады және мұндағы басты рөлді мемлекеттік реттеу атқаруы тиіс.

Аумақтық дамуды мемлекеттік реттеу жүйесінің әдіснамалық негізін аймақтық саясат қалайды. Рыноктық қатынастардың нығаюы жағдайында өңірлердің ерекшелігін ескеретін, сонымен бірге қазақстандық мүдделерді сақтайтын және жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін дамытатын айқын аймақтық саясат түзілуі қажет.

Рынок жағдайындағы аймақтарға бағытталған саясатты жүргізе отырып, оның Қазақстан экономикасын кеңістік бойынша интеграция мүддесін де қорғауға бағдарлау, яғни мемлекеттік салық саясатын қатаң жүргізу, мемлекет есебінен аймақтардағы бірегей табиғи ресурстарды игеру, маңыздылығы зор аймақтық мақсатты бағдарламаларды құрастыру және жүзеге асыру үшін арнайы мемлекеттік органдар құрылуы тиіс.

Ірі көлемді аймақтық бағдарламаларды мемлекеттік реттеу аймақтық дамудың арнайы қорларын жасауды, отандық және шетелдік инвесторлардың келуін ынталандыруды, салықтық шегерімдер беруді, жалға беру бойынша жеңілдіктер тағайындауды, экологиялық таза өнім үшін қолайлы бағалар енгізуді қарастырады.

Аймақтық бағдарламаларды басқаруды республикалық және аймақтық билік органдары арасындағы өкілеттіктерді шектеу өте маңызды болып табылады. Республикалық органдар пионерлік игеру аудандарында жаңа өндірістерді құру үдерістерін реттеуі, аймақаралық экономикалық байланыстарды ұйымдастыруы тиіс. Басқарудың жергілікті органдары басты назарда шаруашылықтың ұтымды құрылымдарын түзуге, локальды (жергілікті мәні бар) ресурстарды пайдалануға, әлеуметтік-демографиялық және экологиялық проблемаларды шешуге, экономикалық реформалар барысын қадағалауға аударуы қажет. Мемлекеттік реттеу аумақтық дамуды жоспарлау мен болжауға тығыз байланыстырылуы керек. Өндіргіш күштерді дамыту мен орналастыру Қазақстан аймақтарының ұтыма мамандануын, қайта құрылымдануын, жекешелендіру және монополиясыздандыру, әлеуметтік-экономикалық дамуды тұрақтандыру бойынша шараларды, ішкі және әлемдік рыноктардың конъюктурасын (ағымдағы жағдайын) ескере отырып, аймақаралық және сыртқыэкономикалық байланыстарды дамыту шараларын қарастыруы тиіс.

Елдің біртұтас экономикалық кеңістігін нығайту мемлекеттің аймақтық саясатының маңызды міндеті болып табылады. Бұл мәселені капиталдар рыногын құру арқылы, атап айтқанда акционерлік компаниялар, қор биржалары, коммерциялық банктер, тауар және шикізат ресурстары қоры жүйелерін дамыту арқылы шешуге болады. Сонымен бірге халықты қоныстанды-

рудың ұтымды жүйесін қалыптастыру, миграциялық (көші-қон) үдерістерді реттеу шараларын тиімді қолдану, кәсіпкерлікті дамыту маңызды рөл атқарады.

Сонымен, рыноктық қатынастар жағдайындағы Қазақстанның аймақтық саясатының негізгі міндеті әрбір аймақта лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз етіп, әлеуметтік болмыстың шектен тыс айырмашылықтарын еңсеру болып табылады.

§2. Аумақтық дамуды мемлекеттік реттеу

Қазақстанда рыноктық қатынастарды нығайту және экономикалық реформаларды жемісті жүргізу мәселелері жекелеген аймақтардың проблемаларын шешу бойынша басқару органдарының нақты іс-әрекеттеріне тәуелді. Аумақтық дамуды мемлекеттік реттеу аймақтарға унификацияланған (бірізді) тәсілдерді қолдану жарамсыз, аймақтық саясат икемділікті, сонымен бірге бүкіл ел аумағындағы рыноктық қызметтердің жалпы қағидаларының біртұтастығын қалайды.

Аумақтық дамуды реттеудің тетіктеріне бюджеттік және бюджеттік емес қаржыландыру, мемлекеттік, жекеше, шетелдік инвестициялар, аймақтық жеңілдіктер мен дотациялар жатады. Мемлекеттік реттеу республикалық бюджеттен және басқа да көздерден келіп түсетін қаражаттарды қатаң бақылауды қажетсінеді.

Салыстырмалы дамыған аймақтарда республикалық органдар шаруашылық бастамаларды қолдайды және оларды нығайту үшін ынталандыру жүйесін жасайды. Әлсіз аймақтар үшін орталық құрылымдық өзгертулер бойынша, жұмыс орындарын ашу бойынша, тұрғындардың өмірін әлеуметтік стандарттарға сәйкестендіру үшін қаржылық көмек шараларын жүргізу бойынша бағдарламалар жасап, іске асырады.

Мемлекеттік билік органдары қызметінің кез келген сферасы, ол экономикалық сфера немесе әлеуметтік сфера болсын, мүмкін экология немесе елдің қауіпсіздігі болар, міндетті түрде аймақтық мазмұнда болуы тиіс. Аймақтық саясатты мемлекеттік реттеудің объектілеріне көптеген және сапалық жағынан әртүрлі республикалық, аймақтық муниципалдық таксономикалық (бір-біріне тәуелді) бірліктер жатады. Барлық таксономикалық бірліктер шаруашылықты аумақтық ұйымдастырудың біртұтас күрделі жүйесін құрайды.

Сонымен, шаруашылықты аумақтық ұйымдастыру – бұл әртүрлі аумақтық құрылымдардың – экономикалық аудандар, ішкі аймақтық өндірістік кешендер, өнеркәсіптік орталықтар

мен тораптар – біртұтас жүйеде қызмет атқаратын кешендері болып табылады.

Шаруашылықты аумақтық ұйымдастыру ұлттық шаруашылықты аумақтық басқарудың негізі болып табылады, ал оның негізгі буыны республика облыстары. Экономиканы аумақтық дамытуды жетілдірудің басты алғышарты – ол экономикалық аудандастыру. Экономикалық аудандар жүйесі аумақ бойынша материалдық және басқа да баланстарды жасаудың базасын құрайды және оның мемлекеттік реттеуді ұйымдастырудағы маңыздылығы өте жоғары болып табылады.

Заманауи экономикалық аудан – бұл өзінің өндірістік мамандануы, берік экономикалық байланыстары болуымен бірге ұлттық шаруашылықтық толыққанды аумақтық бөлігі.

Экономикалық аудан ішкі аймақтық берік байланыстары бар біртұтас шаруашылық ретінде елдің басқа бөліктерімен қоғамдық-аумақтық еңбек бөлінісі арқылы үзіліссіз байланыста болады. Экономикалық аудандардың болуы – бұл объективті үдеріс және олар аумақтық еңбек бөлінісінің көрінісі ретінде экономикалық, ұлттық және өкімшілік қағидасына негізделеді.

Қазақстан Республикасындағы экономикалық аудандарда аумақтық-өндірістік кешендер сияқты экономикалық және технологиялық өзара байланысты кәсіпорындар жиынтығы қызмет атқарады. Олар әлеуметтік-өндірістік кешендер, еркін экономикалық аймақтар, кластерлік жүйелер т.б. атаулармен белгілі. Бұлар жаңа экономикалық аудандар құрудың перспективалы негізі болып табылады.

Еркін экономикалық аймақтардың аумақтық шаруашылық ұйымдастырудың басқа формаларынан ерекшелігі артықшылықты қаржыландырудан және инфрақұрылым дамуының жоғары деңгейінен көрінеді.

Аймақтардың өзін-өзі басқару деңгейі жоғарылаған сайын олар орталықтан мемлекеттік меншікті аймақтық деңгейге беруді, өз аумағындағы табиғи ресурстарды пайдалану құқығын алуды, экспорттық мүмкіндіктері болуын талап етеді. Сонымен бірге олар орталықтан жеңілдікті қаржыландыруды, транспортқа электр қуатына, байланысқа тарифтерді төмендетуді сұрайды. Бұл ситуацияда мемлекеттің басты міндеті аймақтық және мемлекеттік мүдделер шиеленісін болдырмау, яғни икемді мемлекеттік саясат жүргізу арқылы жершілдікті тыю болып табылады. Мұндай жағдайда аймақтық дамуды мемлекеттік реттеудің рөлі аса құнды болатындығына ешқандай күмән келтіруге болмайды.

Аумақтардың экономикалық дамуын реттеудің қолайлы әдістерін талдап жасау қажеттілігі дер кезінде ұғынылып, тиісті шаралар арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Басқарудың аймақтық органдары алдында келесідей міндеттер тұрады:

- аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы бағдарламасын талдап жасап, жүзеге асыру;
- бағдарламалар мен бюджетті атқару үшін табыс көздерін анықтау;
- қаржылық және инвестициялық саясаттың негізгі бағыттарын талдап жасап, қолданысқа енгізу;
- аймақ халқының әл-ауқатын жақсарту шараларын талдап жасап, қабылдау;
- өндіргіш күштерді ұтымды және пропорционалды орналастыруды қамтамасыз ету.

Орталық пен аймақтардың өзара қатынасын мемлекеттік реттеу, әсіресе, экономикалық реформалар жүргізу кезінде ерекше маңызға ие болады.

Демократиялық реформалардың бастапқы кезеңдерінде орталық пен аймақтар арасындағы өзара қатынастарды реттеудің қажетті деңгейде болмауы және аймақтар жағдайларының теңдестірілмеуі себебінен интеграциялық үрдістердің бұзылуына жол берілді. Сондықтан билік және атқарушы органдар экономикалық реформаларды тереңдетуде орталық пен аймақтардың өзара қатынасын қалыптастырудың басты бағыттарын зерделеп, анықтаған болатын.

Ең бастысы, аймақтық және республикалық билік органдары арасындағы өкілеттіктердің айқын шектерін анықтауға мүмкіндік пен кепілдік беретін еліміздің ата Заңы – Қазақстан Республикасының Конституциясы бар.

Кез келген аймақаралық, сондай-ақ республика мен аймақтар арасында туындайтын әлеуметтік, экономикалық мәселелер Конституция аясында шешіліп, қажетті нормативтік-құқықтық актілер негізінде қажетті механизмдермен қаруланады. Шешімін күткен мәселелерді жүзеге асыру механизмі неғұрлым нақты болса, соғұрлым оның тиімділігі де арта түспек.

§3. Аумақтық дамуды мемлекеттік реттеуді жетілдіру шаралары

Мемлекеттік реттеуді жетілдіру шаралары ең алдымен аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық үдерістердің басқарылу деңгейін жоғарылатуға бағытталуы тиіс. Бұл үшін реформаларды жүргізудің тиімділігіне субъектілердің жауапкершілігін арттыру мақсатында экономикалық және әлеуметтік дамуды реттеу

өкілеттігінің бір бөлігін республикалық деңгейден аймақтық деңгейге беру қажет. Осы мақсатта аумақтардың бюджетін және аймақтық бюджеттен тыс қорлардың көлемін арттыру керек. Орталық пен аймақтардың өкілеттігін бөлу кезінде жергілікті биліктің атқару механизмін түбегейлі талдап жасап, бірлесіп атқарылатын өкілеттіктерді жүзеге асыру, республикалық және аймақтық деңгейлердегі заң шығарушы және атқарушы биліктердің құқықтарын нақты белгілеу мәселелері ойдағыдай орындалуы тиіс.

Қазақстан Республикасы аймақтарының дамуындағы тарихи, табиғи-экономикалық айырмашылықтар олардың ерекшеліктері мен ортақ белгілерін есептей келе типологизациялық модельдерін талдап жасауды талап етеді. Айталық, Қазақстанның аймақтары әртүрлі белгілері бойынша, 2001 жылы қабылданған ҚР аймақтық саясатының Тұжырымдамасына сәйкес, жиынтық аймақтық өнім және жан басына шаққандағы табыс бойынша 6 топқа бөлінеді. Олар: дамыған қаржы секторы және ғылыми-техникалық әлеуеті жоғары Астана мен Алматы қалалары құрайтын бірінші топ. Екінші топқа көмірсутек, минералды ресурстарға бай Маңғыстау және Атырау облыстары, үшінші топқа Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар облыстары сияқты өнеркәсібі дамыған, минералды шикізаттарға бай өңірлер, төртінші топқа табиғи ресурстары мол, сондай-ақ ауыл шаруашылығы алқаптары кең Ақтөбе, Қостанай, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстары, бесінші топқа машина жасау саласы дамыған, ауыл шаруашылығы резервтері бар Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстары және алтыншы топқа негізінен аграрлық өңірлер Алматы, Ақмола, Қызылорда облыстары жа-тады.

Аймақтық дамуды мемлекеттік реттеудің бірінші құрамдас бөлігі өкімшілік және құқықтық болып табылады. Реттеудің аталмыш формасы ағымдағы теңгерімді (балансты) экономиканы тұрақтандыру, өндіріс құлдырауын тоқтату, экономиканы қаржылық сауықтыру сияқты проблемаларды шешуге бағытталады. Аймақтық дамуды реттеуде орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективаға 5–10 жылға арналған құрылымдық бағдарламалар маңызды рөл атқарады. Бағдарламалар бюджеттік мазмұнда болуы тиіс, яғни олар бюджеттен қамтамасыздандырылу шеңберінен артпауы қажет, басқа жағдайда бағдарламаның атқарылуы күмәнді болмақ.

Аймақтық бағдарламаларды мемлекеттік басқарудың негізгі ауыртпашылығы атқарушы билікке түскенімен, реттеуші функциялардың бір бөлігі бағдарламаны тікелей орындаушыға

берілуі тиіс. Бұл үшін келісім негізінде аралас мемлекеттік, жекеше, арнайы, тәуелсіз компаниялар мен агенттіктердің құрылғаны лазым.

Аймақтық дамуды мемлекеттік реттеудің екінші негізгі құрамдас бөлігі экономикалық реттеу болып табылады. Экономикалық реттеу бірінші кезекте өндіргіш күштерді орналастыру және өңірлік дамуды қамтуы тиіс. Экономикалық реттегіштер төрт қағидаға жауап беруі қажет.

Бірінші қағида бойынша реттеуші жүйе шаруашылық қызметтің барлық субъектілеріне түгелдей таратылуы тиіс, маңызды деген бірнеше субъектілерге ерекше жағдай жасалып, олар өз кезегінде басқаларына ықпал етуі қажет.

Екінші қағида экономикалық реттегіштер жүйесінің ынталандырушы сипатта болуын қарастырады.

Үшінші қағиданың мәні аймақтық дамуды реттеу жүйесі мерзімдік шеңбер шектерінде, әсіресе дотациялар мен жеңілдіктерге қатысты, қатаң шектерде болуында жатыр.

Төртінші қағида бойынша аймақтық дамуды мемлекеттік реттеуде аумақтық ерекшеліктер ескеріліп, есептелуі тиіс.

Аймақтық дамуды мемлекеттік реттеуді жетілдіру үшін біртұтас басқару жүйесі қалыптастырылуы қажет. Бұл үшін жалпыға бірдей нормативтік-құқықтық жүйе жасалып, онда бір жағынан конституциялық нормалар мен жалпымемлекеттік заңнама талаптары ескерілетін болса, екінші жағынан республика субъектілерінің құқықтары есепке алынуы тиіс.

Мемлекеттік және өңірлік деңгейдегі көптеген бағдарламалар қажетті дәрежеде жүзеге аспай жататын жағдайлар да баршылық. Күнделікті өмірден оның мысалдарын көптеп келтіруге болады.

Негізгі себептеріне келетін болсақ, бағдарламалардың атқарылуы барысына теріс әсері бар факторлар қатарына мыналар жатады:

- мақсатты мемлекеттік және өңірлік бағдарламаларда тәжірибеден өткен таңдау жүйесінің болмауы;
- салалық мемлекеттік бағдарламаларда өңірлік аспектілердің әлсіз талданып, жасалуы;
- республикалық және өңірлік бағдарламаларды жүзеге асырудың жетілдірілген механизмдерінің болмауы;
- бағдарламалардың атқарылуын жеткіліксіз бақылау мәселелері және т.с.с.

Аймақтық дамуды мемлекеттік реттеуді жетілдіру үшін әкімшілік шешімдерден гөрі экономикалық реттегіштердің маңызы арта түспек. Олардың сипаты жеңілдіктерге емес экономикалық ынталандыруға қарай ойысуы қажет.

Қолдауды қажетсінетін аймақтарды таңдап алуда өңірдегі дағдарыстық құбылыстардың масштабын ескерген жөн. Республикалық бюджеттен арнайы көмекті бағыттау үшін микродеңгейде күйзелісті аудандардың шекараларын белгілеп, дағдарыстың мән-мағынасын сараптау арқылы бірінші кезеңдегі көмекті осы микроаудандарға жіберудің тиімділігі арта түседі. Аймақтарды аудандарға бөліп қарастыру өңірлік дамуды реттеудің маңызды формасы болып табылады.

Аймақтық дамуды мемлекеттік реттеудің тиімді жүйесін қалыптастыру өңірлік экономика мен басқару проблемаларына терең ғылыми зерттеу жүргізу базасында ғана мүмкін болары даусыз.

Ізденіс сұрақтары:

1. Өндіргіш күштерді тиімді орналастырудың мәні мен мақсаты.
2. Аймақтық даму заңдылықтары.
3. Аймақаралық еңбек бөлінісін ұтымды ұйымдастыру.
4. Аймақтық дамуды мемлекеттік реттеудің әдіснамалық негіздері.
5. Шаруашылықты аумақтық ұйымдастыру түсінігі, мақсаттары.
6. Аймақтық дамуды әкімшілік және экономикалық реттеу.
7. Экономикалық реттегіштер қызметінің қағидалары.
8. Мемлекеттік және аймақтық деңгейлердегі бағдарламалардың атқарылу тиімділігі.

X тарау

ӘЛЕУМЕТТІК ҮДЕРІСТЕР МЕН ӘЛЕУМЕТТІК СФЕРАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

§1. Мемлекеттің әлеуметтік үдерістерге қатысуы

Экономиканы мемлекеттік басқару мен реттеудің қазақстандық үлгісі әлеуметтік бағдарланған, өйткені мемлекеттің экономиканы дамыту бойынша шараларын алып қарайтын болсақ олардағы әлеуметтік аспектілердің айқын көріністерін тапқан

болар едік. Мемлекеттік реттеумен әлеуметтік үдерістер және құбылыстар арасындағы терең байланыстар мемлекеттің экономикаға әсерінің мақсаттары, міндеттері және функцияларынан туындайды. Мемлекеттік саясаттың негізгі мақсаты халықтың әл-ауқатын қамтамасыз ету, халықтың өмір сүру деңгейін жоғарылату, қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру болса, онда әлеуметтік мәселелер, әрине, басқару мен реттеудің анықтаушы қағидасы болып қала береді.

Мемлекеттік органдар әрдайым белсенді әлеуметтік саясат жүргізуі тиіс және экономиканы әлеуметтік мәселелерді шешуге тұрақты түрде бағдарлануы қажет.

Заманауи экономикалық ғылым мен теорияда «әлеуметтік бағдарланған экономика», «әлеуметтік бағдарланған рыноктық шаруашылық» деген түсініктер қалыптасып үлгерді.

Ғылыми айналымға соғыстан кейінгі Германия экономикасының реформаторы Людвиг Эрхард өзінің «Әл-ауқаттылық баршаға» (Благосостояние для всех) кітабында көрсеткен бұл категориялар дербес құрылымы, табыстарды бөлу әдісі, мемлекеттік басқарудың мақсатты бағдары бойынша халықтың әл-ауқатын жоғарылатуға, тұрғындардың өмір сүру деңгейін көтеруге қызмет ететін экономиканы сипаттайды.

Қазіргі мемлекеттердің ешқайсысы да халықтың өмір сүру жағдайы, жұмыспен қамтылуы, әлеуметтік сақтандырылуы туралы толық жауапкершілікті өз мойнына алмайды, ол міндетті де емес. Елдегі әлеуметтік болмыс сипаты, әлеуметтік игіліктер және тауарлар мен қызметтер үшін толық жауапкершілікті болатын патерналистік концепцияның (өкелік қамқорлық тұжырымдамасы) негізі жоқ және ешқандай экономикада жүзеге аспайды. Ал рыноктық экономикада бұл концепцияны тіпті де қабылдауға келмейді.

Әлеуметтік сұраныстар мен қажеттіліктер азаматтардың өздерінің, отбасының, үй шаруашылығының, адамдар жұмыс істейтін ұйымдардың, жергілікті билік органдарының, қоғамдық демеуші қорлардың және соның ішінде мемлекеттің қамқорлығы негізінде атқарылуы тиіс.

Мемлекет әлеуметтік үдерістерге әлеуметтік сұраныстарды қанағаттандыруды, мемлекеттік қаржы көздерін пайдалануды, мемлекет функциясынан туындайтын жалпы әлеуметтік саясат жүргізуді өзінің ресурстық мүмкіндіктеріне сәйкестендіреді. Мемлекеттің әлеуметтік экономикаға қатысу деңгейі елдің қоғамдық-саяси құрылысына, мемлекеттің құрылымына және ағымдағы экономикалық жағдайына байланысты.

Айта кететін бір жайт, әлеуметтік үдерістерге мемлекеттің әсері тек қана халықтың аз қорғалған тобын экономикалық

қолдау, әлеуметтік сфера мен әлеуметтік бағдарламаларды мемлекеттік қаржыландырумен бітпейді. Мемлекеттің әлеуметтік саясаты, сонымен бірге ел Конституциясы қолданыстағы заңдардың кепілдігіне сәйкес азаматтардың әлеуметтік құқықтары мен бостандығын қамтамасыздандыру болып табылады.

Әлеуметтік саясатты қалыптастырып, жүзеге асыруға мемлекеттің қатысуы қажеттілігі мемлекеттің әлеуметтік миссиясы (парызы) ғана емес. Мәселе әлеуметтік объектілердің өндірістік, сауда объектілері сияқты табыс, пайда түріндегі экономикалық түсім әкелмейтіндігіне барып тіреледі. Сондықтан әлеуметтік объектілерді коммерциализациялау кәсіпкерлік қызмет аясынан тыс қалады, дегенмен, кейбір жағдайларда әлеуметтік тиімділіктің экономикалық тиімділіктен басым түсіп жататын кездері де аз емес.

Қазіргі Қазақстандық тәжірибеде әлеуметтік жаратылыстағы объектілерді коммерциализациялау мен жекешелендіру оларды табиғатына сай пайдаланбау немесе әлеуметтік өнімге қатардағы тұтынушылардың қолы жете бермейтін жоғары, рыноктық бағалар тағайындау сияқты келеңсіздіктер жиі кездеседі.

Көрсетілген ерекшеліктерге байланысты мемлекет, бір жағынан, әлеуметтік объектілерді реттеуі тиіс және міндетті, екінші жағынан, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік объектілерді тікелей немесе жанама түрде қаржыландырудың едәуір бөлігін өзіне жүктеуге мәжбүр.

Реформалардан кейінгі Қазақстанда рыноктық қатынастар орнығып, мемлекет экономиканы «жоғарыдан төмен, төменнен жоғары» басқарудан қол үзген соң, бағалардың көбісі «өз бетінше» кетіп, мемлекеттің әлеуметтік функциялары әлсіреді. Сондықтан мемлекет қалыптасқан жағдайларға сәйкес әлеуметтік саясат саласында арнайы шаралар жүйесін қолдануы тиіс болды. Олар келесідей:

– әлеуметтік әлсіз, халықтың кедей топтарын мемлекеттік қолдау;

– жұмыссыздық бойынша жәрдемақы жүйесін енгізу;

– міндетті медициналық сақтандыру жүйесін құру;

– әлеуметтік сфера салаларына (мәдениет, білім беру, денсаулық сақтау, спорт т.с.с.) салықтық жеңілдіктер мен артықшылықтар (преференциялар) беру;

– тұрғын үй-коммуналдық реформа жүргізу;

– шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау;

– әлеуметтік бағдарланған мақсатты жобаларды жүзеге асыру;

– әлеуметтік сақтандыру және зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін қайта құру және т.б.

Әлеуметтік үдерістер мен экономика сфераларын мемлекеттік реттеу жүйесін жаңғырту бойынша жоғарыда көрсетілген шараларды талдап жасау мен күнделікті қолданысқа енгізу Қазақстанда үздік-создық жүргізілуде. Қоғамның мемлекетке жүктейтін әлеуметтік тапсырыстары мен оларды қанағаттандыру бойынша мемлекеттің нақты ресурстары арасында алшақтықтар байқалады.

Жаппай мемлекеттік билеп-төстеудің нәтижесі ретіндегі әлеуметтік психология қалыптастырған қоғамдық менталитет (болмыс) жетістікті азаматтардың өзін-өзі ұйымдастырушылық формаларының іс жүзінде болмауы әлі де болса барлық ірі әлеуметтік проблемаларды қазақстандық мемлекет шешуі тиіс және ол соған міндетті деген масылдық көзқарастан арылта қойған жоқ. Екінші жағынан, рыноктық қатынастар жағдайына әлеуметтік бағдарланған Қазақстан экономиканы басқару, реттеу үдерістеріне қанық әлеуметтік рең (түр, сипат, мазмұн деген мағынада) береді деген үміт те жоқ емес. Әрине, «үмітсіз – шайтан», дегенмен рыноктық қатынастар бастамашыл, жігерлі адамдарға көптеген артықшылықтар беретінін де естен шығармаған мақұл.

§2. Мемлекеттің халықты әлеуметтік қолдауы және қорғауы

Мемлекеттің әлеуметтік саясатының негізгі міндеттерінің бірі – ол халықты (жұртшылықты) әлеуметтік қолдау және қорғау болып табылады. Оның мәнісі мемлекеттің әлеуметтік саясатының бірінші кезектегі басымдық ретіндегі міндеті табысы төмен, қамсыздануы кемшін, әлеуметтік жағынан әлжуаз тұрғындардың проблемаларын шешуде болса керек. Әлеуметтік реттеудің басты мақсаты әлеуметтік дағдарыстардың ошағы болып табылатын кедейшілік пен әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу.

Елдің экономикалық жағдайы ауырлаған сайын халықты әлеуметтік қорғауға үндеулер көбейе түседі. Өндіріс өспей, ішкі жалпы өнім төмендеп мемлекеттің экономикалық жағдайы қиындай түскенде халықты әлеуметтік қорғауға қосымша қаражат бөлу қиын, тіпті мүмкін болмай қалады.

Ел экономикасында игіліктер мен қызметтер өндірісі жеткіліксіз жағдайларда, қажетті өнімдерді импорт бойынша сатып алудың қаржылық мүмкіндіктері шектеулі кезеңде мемлекет өмір сүрудің, игіліктер мен қызмет көрсетулерді тұтынудың күтілген деңгейін қамтамасыз ете алмайды. Әрине, осы-

лайша қалыптасқан жағдайларда бүкіл халықты толықтай әлеуметтік қорғаудың өзі де мүмкін емес.

Сондықтан үкімет те, жұртшылық та барша халықты түгелдей мемлекеттік әлеуметтік қорғау мүмкін болмайтындығына түсіністікпен қарауы тиіс. Мұндағы дұрысы мен шынайысы халықтың ең мұқтаж топтарын әлеуметтік қолдау туралы болса керек. Тұрғындардың аталмыш категорияларын әлеуметтік әлжуаз топтар деп атайды. Әлеуметтік әлжуаздар тобына, ең алдымен дербес, өз күшімен әл-ауқатын жақсарта алу мүмкіндіктері жоқ немесе шектеулілерді, өмір сүрудің қажетті шарттарын жүзеге асыра алмайтындарды қосады.

Сөздің кең мағынасында әлеуметтік әлжуаз адамдарға табысы күнкөріс деңгейінен төмен азаматтарды жатқызады.

Әлеуметтік қолдау өртүрлі формада көрініс табады: ақшалай көмек, материалдық игіліктер, тегін тамақ, түнейтін орын, баспана беру түрінде, медициналық, құқықтық, психологиялық жәрдем ретінде жебеуші, қамқоршы, асырап алушы формаларында болуы мүмкін.

Әлеуметтік көмекті кімге, қандай түрде және формада, қаншалықты көлемде көрсету мәселесі әлеуметтік экономиканың ең күрделі сұрақтары болып табылады. Мұндайда бірқатар экономистер мен әлеуметтанушылардың (социологтардың) пікірінше: «Кімде-кімнің өзіне-өзі көмектесуге мүмкіндігі жоқ, соған көмектесу қажет».

Рыноктық қатынастар қалыптасуы кезеңінде халықты бағалардың өсуі (инфляция) мен жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау мәселесі өткір болады. Тауарлар мен қызмет көрсетулер бағасының өсуі тұтынуды апатты жағдайға дейін төмендетпеуі үшін ішінара табыстарды индексациялау әдісі қолданылады, яғни жалақы, зейнетақы, шәкіртақы, табыстардың басқа да түрлері бөлшек бағалар өсуіне сәйкес көбейтіледі.

Жасқа, мүгедектікке, шектеулі еңбек жарамдылығына байланысты заңнама негізінде ұзақ мерзімді немесе тұрақты түрде көмекке құқығы бар тұрғындар категориясына әлеуметтік қамсыздандыру деп аталатын экономиканың әлеуметтік саласының қаражаттарынан мемлекет қаржылық қолдау тағайындайды.

Әлеуметтік қамсыздандырудың көп тараған түріне мемлекеттік зейнетақымен қамтамасыз ету жатады.

Рыноктық экономика жағдайында азаматтар мемлекеттік емес зейнетақы қорлары арқылы жеке-дара әлеуметтік сақтандыру мүмкіндігін алады да, өз уақытында мемлекеттік зейнетақыға салмақ жеңілдейді.

Мемлекеттік және жергілікті бюджет қаражатынан зейнетақыдан басқа халықтың мұқтаж категорияларына өртүрлі жәрде-

мақылар мен төлемдер беріледі. Олар тұрақты, ұзақ мерзімді және уақытша, сондай-ақ бір реттік сипатта болуы мүмкін. Жәрдемақы негізінен балаларды, ауру адамдарды, қарттарды, жұмыссыздарды қолдау үшін тағайындалады.

Әлеуметтік көмектің ерекше түрі – медициналық көмек. Мұндай көмек белгілі дәрежеде тегін көрсетіледі. Дегенмен, тіпті бай елдердің өзі денсаулық сақтауға шығындарды мемлекеттік бюджеттің иығына артып қоймайды, медициналық қызмет көрсетулер мен дәрі-дәрмектердің бір бөлігі ақылы болып келеді.

Қазақстанның рыноктық типті экономикаға өтуіне байланысты тұрғындар мен кәсіпорындардың ақшалай қаражаттарының бір бөлігі ақылы және сақтандыру медицинасы формасында денсаулық сақтау мұқтажықтарына пайдаланылады.

Мемлекеттік сақтандыру медицинасы (әлеуметтік жәрдемнің бұл түрі әзірше Қазақстанда тұралап қалды) кәсіпорындар мен ұйымдардың жалақысынан және басқа да төлемдерінен сақтандыру қорын қалыптастыру жолымен міндетті медициналық сақтандыруды қарастырады.

Мемлекет жұмыссыздарға едәуір көмек қолын созады. Ең алдымен ол ресми тіркелген жұмыссыздарға мемлекеттік жәрдемақы түрінде жүзеге асады. Жұмыстан айырылып қалғандар үшін мұндай жәрдемақы алғашқы айларда соңғы жалақысы көлеміне жақын сомада төленеді. Кейінгі айларда жәрдемақы деңгейі төмендейді. Әдетте, жәрдемақы жұмыстан босап қалған уақыттан соңғы жарты жыл ішінде төленеді.

Қазақстанда мемлекеттік басқарудың демократияландырылуы және либерализациялануына байланысты мемлекеттік әлеуметтік саясаттың бір бағыты ретінде әлеуметтік реабилитация (ақтау) қажеттілігі туындады. Кең мағынасында «реабилитация» абыройын қайтарып алу дегенді білдіреді. Әлеуметтік ақтау, ең алдымен жанышталған әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру. Сондықтан мемлекет кінәсіз зардап шеккендерге қамқорлық көрсетеді. Әсіресе, мемлекеттің билік органдарының заңсыз әрекетінен зобалаңға түскен адамдар алдындағы әлеуметтік жауапкершілігі зор болуы тиіс.

Мемлекеттік билік органдарының әлеуметтік үдерістерді реттеу объектілерінің бірі табиғатты, қоршаған ортаны қорғау болып табылады.

Экономикалық үдерістер мен құбылыстарды адам өмірімен, оның бейнесі және деңгеймен тығыз байланыстыра зерттейтін ғылым – әлеуметтік экономиканың құрамында экологиялық мәселелер де бар. Экология мен адам өмірі тығыз байланыста екендігі даусыз ақиқат. Сондықтан табиғат пен адам арасында

ақылға қонымды тепе-теңдікті сақтау өзекті әлеуметтік мәселе болып табылады.

Экологияның маңыздылығын қоршаған ортаны сақтау және калпына келтіруге бөлінетін мемлекеттік бюджет қаражатының арта түсуінен көруге болады. Сонымен бірге бұл қаражаттар өндірістің экожүйеге бүлдіргіш әрекетін тоқтатуға кемшін болып отыр, нәтижесінде Қазақстанның бірқатар аймақтарында экологиялық жағдай нашарлай түсуде.

Жоғарыда айтылғандар әлеуметтік экономиканың арнайы зерттеу объектілері болып табылады. Ал оларды мемлекеттік реттеу, әрине, әлеуметтік бағдарланған рыноктық экономиканы мемлекеттік реттеудің зерттеу, оқыту пәнінің еншісінде екендігі даусыз.

§3. Әлеуметтік реттеудің формалары, әдістері, құралдары

Әлеуметтік объектілер мен үдерістерді мемлекеттік реттеу формалар мен әдістердің, институттар мен құралдардың кең көлемді жиынтығына сүйенеді. Қайсыбір әдіс-тәсілдерді қолдану реттеу саласына, оның субъектілері мен объектілеріне тәуелді.

Әлеуметтік объектілер мен үдерістерді мемлекеттік реттеудің әмбебап құралына ҚР Конституциясы, Азаматтық Кодексі, Еңбек Кодексі, Бюджет Кодексі, әлеуметтік сфера салалары қызметін реттейтін заңдар жатады. Мемлекет тарапынан әлеуметтік үдерістерді құқықтық реттеу Президент Жарлықтары, Үкімет Қаулылары түріндегі нормативтік-құқықтық актілер арқылы жүзеге асады. Бұл актілерде әлеуметтік жағдайға мемлекеттің әсер ету, экономиканың әлеуметтік сферасы салаларының қызметін реттеу, әлеуметтік жәрдем мен қолдау шаралары көрсетіледі.

Әлеуметтік объектілер мен үдерістерді мемлекеттік реттеудің формаларын, әдістері мен құралдарын жан-жақты қарастырып көрейік.

Әлеуметтік мақсаттар экономиканы мемлекеттік басқарудың бастапқы пункті болып табылады және өзінің көрінісін ұзақ, орта және қысқа мерзімді әлеуметтік мақсатты бағдарларды анықтау мен орнықтырудан табады. Мұның өзі сапалық түрде немесе сандық өлшемдегі көрсеткіштер формасында орын алады.

Стратегиялық аспектіде әлеуметтік мақсаттарды мемлекеттік биліктің жоғары органдары әлеуметтік дамудың ұзақ мерзімді концепциясын талдан жасауда пайдаланады. Стратегияның

әлеуметтік концепциясы қағидалары мемлекеттік әлеуметтік доктринаға негізделеді.

Әзірге Қазақстанда халықтың қолдауына ие болған елдің әлеуметтік доктринасы талдап жасалып, қабылданған жоқ.

Мәселе мемлекеттік бағдар рыноктық экономиканың шведтік моделі деп аталатын, мемлекет тарапынан азаматтардың әлеуметтік қорғалуының ең жоғары деңгейімен сипатталатын модельге бағыт ұстай ма, жоқ, әлде «мемлекеттік әл-ауқаттылық» дейтін қол жетімді ұлттық әл-ауқаттылықты көздейтін германдық модельді қолдай ма, мүмкін, мемлекеттік әлеуметтік кепілдіктермен сипатталатын американдық экономика моделіне бет түзей ме – ол жағы белгісіз. Бәлкім, кейінгі уақыттарда жиі айтылып жүрген әлеуметтік экономиканың қазақстандық үлгісі айқындалып, концепциясы жасалып, бағдарламасы қабылданатын болар.

Орта мерзімді перспективада мемлекеттік әлеуметтік мақсаттар табыс пен тұтынудың әлеуметтік нормативтеріне сүйенеді. Оларға еңбекақы, зейнетақы, жәрдемақы деңгейі, отбасы мүшелерінің жан басына шаққандағы табысы, күнкөріс минимумы, игіліктердің негізгі түрлерін тұтыну көлемі, тұрғын үймен қамтамасыздандырылу сияқты көрсеткіштер жатады.

Қысқа мерзімді әлеуметтік мақсаттар мемлекет кепілдендірген жақын уақыт кезеңіндегі әлеуметтік ілгерілеудің деңгейін көрсетеді.

ЮНЕСКО ұсынған даму индексі бойынша әлеуметтік дамудың әмбебап көрсеткіштер қатары келесідей:

- салыстырмалы бағалар арқылы анықталып, халықтың жан басына шаққандағы табысымен өлшенетін өмір сүру деңгейі;
- өмір сүрудің орташа ұзақтығы;
- халықтың білімділік деңгейі.

Мемлекеттік деңгейдегі әлеуметтік болжау жақын және келешек перспективада елдің және аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының нұскалы болжамдарын талдап жасау түрінде көрініс табады. Әлеуметтік мемлекеттік болжамдар демографиялық ситуацияны, бала тууды, өлім деңгейін, халық санын, тұрғындардың жас-жыныс құрылымын, қалалық және ауылдық тұрғындар құрамын, миграцияны, жұмыспен қамтуды, табыс, баға, инфляция деңгейін, тауарлар, игіліктер, қызмет көрсету түрлерін тұтынуды алдын ала қарастыруды көздейді. Мемлекеттік әлеуметтік реттеудің бір бөлігі ретіндегі әлеуметтік болжау жалпы экономикалық болжаумен тығыз бірлікте жүргізілуі тиіс.

Әлеуметтік болжау жақын және келешек преспективадағы мемлекеттің әлеуметтік даму жоспарлары мен бағдарламаларын ғылыми негіздеудің құралы міндетін атқарады.

Салалар бойынша әлеуметтік болжау әлеуметтік сфераның базалық салаларын қамтиды. Оларға мәдениет, білім беру, денсаулық сақтау, дене шынықтыру, әлеуметтік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, ал аумақтар бойынша аймақтарды әлеуметтік дамыту жатады.

Рыноктық экономика жағдайында мемлекеттік әлеуметтік жоспарлау мемлекет бөлетін әлеуметтік игіліктер мен қызмет көрсетулердің деңгейлері, көлемдері түріндегі әлеуметтік стандарттарды талдап жасау мен қабылдауға бағдарланады.

Мемлекет еңбекақының, зейнетақының, жәрдемақының кепілдендірілген минималды деңгейін минималды күнкөріс деңгейіне қатысты орнықтырып, жоспарлы көрсеткіштерді заңдар, жарлықтар, үкіметтік қаулылар формасында бекітеді. Мемлекеттік әлеуметтік жоспарлау, сондай-ақ әлеуметтік сфера салаларын дамытудың жоспарлы көрсеткіштерін осы мақсаттарға бөлінген мемлекеттік ресурстармен сәйкестендіре орнықтырады.

Мемлекеттік әлеуметтік жоспар құрамында оның магистралды (негізгі) тармағы мемлекеттік әлеуметтік болжау ерекше орын алады. Рыноктық жағдайлардағы бұл маңызды мемлекеттік реттеу формасы мемлекеттік мақсатты және аймақтық әлеуметтік бағдарламаларды қамтиды және бір-екі жылдан он-он бес жылға дейін созылады.

Мемлекеттік әлеуметтік бағдарламалар дегеніміз уақыт пен кеңістік, атқарушылар мен ресурстар бойынша үйлестірілген, жалпымемлекеттік, салалық және аймақтық көлемде біртұтас ірі әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталған шаралар жиынтығы болып табылады.

Экономиканы мемлекеттік реттеудің кез келген саласы сияқты мемлекеттік әлеуметтік реттеуде ұйымдастыру, ынталандыру, жедел реттеу, есеп, бақылау сияқты функцияларға едәуір назар аударылады. Аталған типтік функцияларды атқару өздерінің формасы, әдістері бойынша экономиканың басқа салаларын мемлекеттік реттеуде қолданылатын құралдардан айырмашылығы жоқ.

Сонымен бірге мемлекеттік әлеуметтік реттеудің заңдарды сақтауға, кеңсешілдік (бюрократизм) көріністеріне, мемлекеттік шенеуніктердің жемқорлығына өте сезімталдығын баса айту керек. Мұндай сезімталдықтың негізгі себебі мемлекеттік әлеуметтік реттеуде жіберілген олқылықтар мен нормадан ауытқулар адамдарға, азаматтарға теріс әсер етеді, олардың әлеуметтік көңіл-күйі мен моральдық жағдайына зиянын тигізеді.

§4. Еңбек және жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеу

Экономикалық үдерістер жүйесін мемлекеттік реттеуде өзінің маңыздылығы бойынша еңбек үдерістерін реттеудің орны ерекше болып табылады. Еңбек өндірістің анықтаушы факторы болғандықтан мемлекет оның өнімділігіне, қайтарымдылығына мүдделі, өйткені аталмыш көрсеткіштер өндірілген жалпы ішкі өнім шамасына тікелей әсер етеді. Мемлекет жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге мүдделі және жұмыссыздықты жоюға ынталы. Сондықтан мемлекет еңбек рыногын реттеуі жұмысшы күшіне сұраныс пен ұсынысқа әсер етуі, еңбекақы төлеу проблемасын көз алдында ұстауы тиіс.

Еңбек үдерістері мен жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеу еңбекке, еңбек рыногына, еңбекақыға, еңбек қатынастарына олардың нәтижелілігін арттыру, еңбек жағдайын жақсарту, еңбекке қажеттілікті қанағаттандыру, жұмыссыздықты шектеп, жұмыссыздарды әлеуметтік қолдау мақсатында әдістер мен құралдардың кеңейтілген спектрі әсерін қолдану болып табылады. Мемлекеттің еңбек пен жұмыспен қамтуды реттеу тәсілдері мен механизмі елдің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық сипатына, рыноктық қатынастардың жағдайы мен дамуына, олардың еңбекке әсеріне тәуелді.

Еңбектің мәні, оның қоғам дамуындағы рөлі әмбебап (универсалды) сипатта болғанымен, рыноктық экономикаға өту кезінде еңбек қатынастары, еңбекті басқару, еңбекті пайдалану түбегейлі өзгерістерге ұшырайды. Егер рыноктық қатынастар еңбек әлеуетін тиімді пайдалануға радикалды (батыл) түрде әсер етпеген болса, онда рыноктық экономика өзінің негізгі артықшылықтарын жоғалтқан болар еді.

Айталық, кеңестік экономикада марксизмді догматтық (сірескен) түрде түсініп, адамдардың іс-әрекеті күн жасайтын материалдық игіліктерді өндіруге бағытталған жағдайда ғана еңбек болатынын дәлелдеп бақты. Содан өндірістік емес сферадағы адамдардың еңбегіне сенімсіздік қалыптасты.

Сондықтан рыноктық экономиканың кеңестік экономикадан түбегейлі айырмашылығы адамдардың кез келген мақсатты іс-әрекеті еңбек болып саналады. Осылайша қоғам еңбек деп танытын іс-әрекет түрлері де кеңейе түсті.

Рыноктық экономикада төленетін еңбектің жұмысшы күшін тауар ретінде сату-сатып алу актісі арқылы жүзеге асатындығы анық көрінеді. Сонысымен еңбектің мотиві (ішкі себебі) жұмсалған күш-қайраттың ақшалай төлемін алуға мүдделілік болып табылады.

Рыноктық экономиканың басты ерекшелігінің бірі еркін еңбек рыногының қалыптасуы болса керек. Рыноктық экономика жағдайында еңбекке мемлекеттік мәжбүрлеу, жұмысшы күшін белгілі бір орында, белгілі бір сипатта қолдануға мемлекеттік күштеу әрекеттерінің жоқ болуы қағидасы маңызды болып табылады.

Бірақ бұл рыноктық экономикада еңбек әлеуетін ұдайы өндіру мен еңбек ресурстары қозғалысы үдерістерін мемлекеттік реттеу жоқ дегенді білдірмейді.

Рыноктық қатынастар жағдайында еңбек туралы заңнамамен қатар еңбек үдерістерін өзін-өзі реттеу жүйесі әрекет етеді.

Жұмыспен қамтудың заманауи концепциясы келесі факторлардан құралады, олар: қамтылу еркіндігі, еңбек рыногының икемділігі және жұмысшы күшінің мобильділігі (жинақылығы), «табиғи» жұмыссыздықтың болуы, әлеуметтік әріптестіктің қажеттілігі, еңбек рыногының реттелуі.

Мемлекет еңбек рыногын тікелей және жанама әдістерді пайдалану арқылы реттейді, соның ішінде нормативтік-заңнамалық, салықтық, кредиттік, бюджеттік әдістер бар. Еңбек рыногын мемлекеттік реттеудің ең маңызды қағидалары:

- әлеуметтік еңбек қатынастары сипатының экономика дамуы қажеттіліктері мен тиімділіктің артуына сәйкестігі;

- технологиялық, ақпараттық жүйелер прогресі талаптарына сай жұмысшы күшінің сапалық сипаттарының өзгеруі;

- жұмыскерлердің ең әлжуаз, бәсекеге қабілеті әлсіз категорияларын әлеуметтік қорғау;

- еңбек пен жұмыспен қамтудың орталықтандырылған салалық және аймақтық бағдарламаларын сәйкестендіру, жұмыс орындарын ашу және жабу;

- еңбек рыногын реттеу арқылы экономикалық, әлеуметтік және саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету.

Еңбек рыногы рыноктық экономикадағы ең күрделі элементтердің бірі болып табылады. Еңбек рыногын жұмысшы күшін меншіктеушілер мен өндіріс құрал-жабдықтарын иемденушілер арасында жұмысшы күшін қоғамдық өндіріске тартуға байланысты туындайтын әлеуметтік-экономикалық қатынастар жүйесі деп анықтауға болады. Бұл рынок жұмыс берушілердің жұмыс орындарын ұсынуы мен жұмыс күшін меншіктеушілердің жұмыс орындарына сұрануын бір уақытта, қатар жүргізеді.

Жұмыспен қамту концепциясы келесі қағидаларға негізделеді:

1. Өндіргіш, шығармашылық еңбекке қабілеттілік құқықтарын азаматтардың ерікті пайдалануы.

2. Азаматтардың еңбекке құқығын жүзеге асыруға мемлекеттің жауапкершілігі және қолдауы.

Экономикада еңбек секторын қалыптастырудың рыноктық бастаулары мемлекеттік реттеумен тығыз түрде сәйкесті байланыста болады. Адамдардың жеке қалауымен қатар, олардың таңдауларынан тәуелсіз объективті жағдайлар мен шарттылықтар да орын алады. Қоғамдық қажеттіліктерді, шынайы мүмкіндіктерді, өндірістің қалыптасқан құрылымын, белгілі бір жұмыс күшіне деген сұранысты ескермеуге болмайды. Қызметкердің сұранысы мен оның жеке басының қасиеттері арасындағы алшақтықтар да байқалып тұрады.

Негізсіз еңбек талаптары ең демократиялық деген елдерде де қанағаттандырылмайды және рыноктық экономика бұл мәселеде қалыс қалмайды. Ол ол ма, рыноктық экономикада біліктілігі төмен адамдар табысты еңбек объектілеріне тартылмайды, бірақ бұл мемлекеттің адамдарды жұмысқа орналастыру, қызметпен қамту бойынша қамқорлығына күмән келтірмейді.

Қазақстанда әлеуметтік еңбек қатынастарының жаңа типінің қалыптасуы, жұмыссыздықтың әлеуметтік қауіптілігі, еңбекке сұраныс пен ұсыныстың тербелісі мемлекетті еңбек рыногында белсенді саясат жүргізуге мәжбүрлейді. Мемлекеттік белсенді саясаттың негізгі мақсаты жұмыссыздарды жұмыспен қамтамасыздандыру болып табылады. Бұл мақсатты жүзеге асыру келесі кешенді шараларды қарастырады:

1) мемлекеттік және коммерциялық мекемелер арқылы жұмысқа орналасуға көмектесу (соңғыларының қызметі лицензиялау негізінде мемлекеттің реттеуі мен бақылауында болады);

2) кәсіби даярлау және қайта даярлау жүйесін дамыту; мұның өзі жұмыс берушілерді кәсіби даярлау және қайта даярлау бағдарламаларына қатысуын ынталандыру арқылы, мысалы, салықтық жеңілдіктер беру, компанияның оқыту мен жұмыс орындарына бөлетін қаржылық ресурстарын квоталау т.с.с. шаралар негізінде;

3) қала құрылысы мен абаттандыру, жерді қорғау, аурулар мен қарттарға қарау сияқты қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру;

4) кредиттер мен субсидиялар беру арқылы өзін-өзі қамту мен кәсіпкерлікті жандандыру, жаңа құрылған компанияларға салықтық жеңілдіктер беру, кәсіпкерлерге кеңес беру және оқыту;

5) халықтың әлеуметтік жағынан қорғалмаған топтарына (әйелдер, жастар, мүгедектер, қарттар, ұзақ уақыт жұмыссыз

жүргендер) қайта оқуға жолдама беру, жұмыс орындарын максатты квоталау және бекіту (бронирование), жалдау және босату кезінде қосымша кепілдіктер бөлу т.с.с.

Еңбек рыногындағы осындай саясат арқасында жұмыссыздардың жұмыс іздеуге белсенділігі артып қана қоймайды, сонымен бірге жұмыс іздеуге байланысты материалдық, жүйке-психологиялық шығындары кемиді. Мемлекеттің белсенді саясаты қоғамдық еңбек тиімділігінің жоғарылауына және әлеуметтік кернеуді азайтуға көмектеседі.

Толық жұмыспен қамту туралы түсінікті де өзгертуге тура келеді. Жұмысқа жарамды халықты қоғамдық еңбекке максималды, толық тарту концепциясы жұмыспен ұтымды (рационалды) қамту қағидасына орын береді. Ал толық қамтуға келетін болсақ, оны «жаппай», «бас-басына» жұмыс беру деп емес, жұмысқа қол жетімділік деп қабылдау керек. Басқаша айтқанда, егер әрбір үміткер төленетін жұмыс орнын алғысы келсе, өзінің кәсіби мүмкіндіктеріне сай қамтылуына алғышарттын болуын жұмыспен толық қамту деуге болады.

Жоғарыда айтылғандай рыноктық экономикаға жұмыссыздық тән. Бұл құбылыс, әсіресе, жұмыссыздықтың шамасы шекті деңгей деп анықталған 10%-дан асып кетсе, әдетте өте ауыр қабылданады. Мемлекет жұмыссыздықты төмендетіп, оның әлеуметтік салдарын жұмсарту үшін едәуір күш салады.

Мемлекеттің алдына жұмыссыздықты толық жою туралы мәселе қою орынсыз. Сондықтан жұмыссыздықты рыноктық реттегіш механизмінің жетілмегендігінің салдарынан туындайтын әлеуметтік қатер ретінде түсіну керек. Іс жүзінде әңгіме жұмыссыздықты жоюдың мүмкін болар шараларын қолдану туралы болса керек. Егер бұл шаралар жетістікке жеткізбесе, онда іске жұмыссыздарды әлеуметтік қолдау мен қорғау шаралары қосылуы тиіс.

Қорыта жинақтағанда, еңбек және жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеу келесі бағыттарда жүзеге асырылады:

- еңбекті еркін таңдау жүйесін қалыптастыру;
- еңбекақының минималды мөлшерін тағайындау және қамтамасыз ету;
- мемлекеттік жұмыспен қамту мекемелерінің тиімді қызмет етуін ұйымдастыру;
- әлеуметтік әлжуаз топтар үшін жұмыс орындарын ашуға көмектесу;
- жұмыссыздық бойынша мемлекеттік жәрдемақы төлеу;
- даярлау, қайта даярлау, біліктілікті арттыру ісіне мемлекеттің қатысуы және т.б.

Жоғарыда сипатталған функциялардан басқа мемлекет әлеуметтік әріптестік жүйесінде жалдамалы жұмыскерлер мен жалдаушылар арасында ерекше делдалдық функция да атқарады. Әлеуметтік әріптестік – ортақ мүдделерді мейлінше қанағаттандыру және әлеуметтік-еңбек шиеленістерінің алдын алу үшін ынтымақтастық қағидасына негізделген, жұмыс берушілердің жұмыскерлермен өзара әрекетінің ерекше формасы.

Әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу тәсілі және механизмі ретіндегі әлеуметтік әріптестікті жүзеге асырудың нақты формасы ұжымдық келісімдер мен ұнқатысулар болып табылады. Бұл құжаттарда еңбекақы мөлшері және төлеу тәсілдері, жалақыны реттеу, жұмыс күні мен аптасының ұзақтығы, еңбек жағдайлары және оны қорғау, әкімшілік пен жұмыскерлердің міндеттері көрсетіледі.

Әлеуметтік әріптестік жүйесіндегі мемлекеттің рөлі ұжымдық келісімдерге қол қою ережелерін жасап, олардың жүзеге асуын қадағалау болып табылады. Мемлекеттік билік органдары келіссөздер үдерісінде туындайтын қайшылықтарды басып, реттейді. Қазақстан мемлекетінің әлеуметтік әріптестік жүйесіне қатысуы белгілі бір дәрежеде жұмысшылардың мүддесін қорғаушы кәсіподақтар қауқарсыздығының орнын толтырады.

Ізденіс сұрақтары:

1. Мемлекеттің әлеуметтік үдерістерге қатысу қажеттілігі.
2. Патерналистік концепциясы және рынок талаптары.
3. Халықты әлеуметтік қорғау және қолдау міндеттері.
4. Табыстарды индексациялаудың мақсаттары.
5. Мемлекеттік зейнетақы қорларының функциясы.
6. Мемлекеттік әлеуметтік реттеудің әдістері мен құралдары.
7. Еңбек және жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеу.
8. Еңбек рыногын мемлекеттік реттеу қағидалары.
9. Әлеуметтік әріптестік жүйесіндегі мемлекеттің рөлі.

XI тарау

ЭКОНОМИКАНЫ БЮДЖЕТТІК РЕТТЕУ

§1. Мемлекеттік бюджеттің мәні, түсінігі, қызметі

Экономикаға мемлекеттік әсер етудің қуатты құралдарының қатарында бюджеттік реттеуді ерекше атау қажет. Мемлекеттік бюджет жүйесі экономиканы мемлекеттік реттеудің дербес институты болып табылады.

Мемлекеттік бюджет – белгілі бір мерзімге мемлекеттің кірістері мен шығыстары көрсетіліп, заңнамалық түрде бекітілетін негізгі қаржылық құжаты.

Бюджет терминін «ақшалы қалта», ақшаны салатын, сақтайтын, алатын әмиян деп қарапайым анықтаудың ішкі мәніне үңілсек, онда бұл түсініктің күрделі, көпқырлы екендігіне көз жеткізуге болады. Бір жағынан, бұл – мемлекет болсын, аумақ, ұйым, отбасы болсын, кез келген экономикалық субъектінің қолында бар қаржылық ресурстардың жиынтығы. Екінші жағынан, бюджет – экономикалық субъектінің кірістері мен шығыстарының арақатынасы, оның ақшалай қаражатының балансы, тепе-теңдігі. Үшінші жағынан, бюджет ақша қаражатын иемденушінің қаржылық әрекеті мен саясатын анықтап, оның кірістер мен шығыстарды теңдестіру, қаржылық ресурстарды бөлу және жұмсау іскерлігін көрсетеді.

Мемлекеттік бюджет бір жыл ішіндегі немесе басқа бюджеттік кезеңдегі алынатын және жұмсалатын мемлекеттік ақша қаражатын жинақтауды ғана білдірмейді, сонымен бірге ол қаржы ресурстары мен ақша ағындарын бақылауда ұстап, әлеуметтік-экономикалық үдерістерге толықтай әсер етеді. Инфляция, мемлекеттік қарыз, әлеуметтік-экономикалық бағдарламалар, бюджеттік ұйымдарды қаржыландыру, әлеуметтік жәрдемақылар мен төлемдер мемлекеттік бюджетпен байланысты және оған тәуелді.

Мемлекеттік реттеу формасы ретінде бюджеттеуге мыналар кіреді:

– мемлекеттің ақшалай кірісінің көлемдері мен құрылымын, бюджеттік кезең ішіндегі кіріс көздерін айқындау;

– құрылымы мен көлемін қалыптастыру және бюджеттік кезең ішіндегі мемлекеттік шығындардың бағытын анықтау;

– бюджеттік кезең ішіндегі мемлекеттің ақшалай кірістері мен шығыстарының белгілі бір деңгейдегі теңдестірілуіне қол жеткізу;

– мемлекеттің ақшалай қаражатын жұмсаудың басым бағыттарын көрсету және оларды кепілдендіру (мемлекеттік бюджеттің қорғалған баптары);

– бюджетті мемлекеттік экономикалық және әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттарымен үйлестіру;

– мемлекеттік резервтер жасау, ішкі және сыртқы мемлекеттік қарыздарды реттеу.

Сонымен, формалды түрде заңнамалық бекітілген мемлекеттік кірістер мен шығыстар жазбасы іс жүзінде экономиканы мемлекеттік реттеудің қаржылық негізі болып табылады.

Орталықтандырылған экономикада бюджет мемлекеттің экономикалық жоспарына тәуелді және ешқандай маңызды дербестігі жоқ болатын. Бұл тәжірибе жоспарлы экономикада басты рөл материалдық-заттай факторларға беріліп, қаржылық фактор екінші рөлдерде қалған уақыттарға тән еді.

Рыноктық экономикасы бар елдерде мемлекеттік бюджетті қалыптастыруға, бекітуге, атқаруға үлкен мән беріледі. Мемлекеттік деңгейдегі бюджеттер қаржылық жоспарлаудың жетекші, анықтаушы формасы болып табылады. Ал мұның өзі рыноктық экономика жағдайында орталықтандырылған мемлекеттік жоспарлауға орын жоқ деген қағиданы терістейді. Рыноктық экономикасы бар елдерде бюджеттік-қаржылық жоспарлау, шаруашылықты дәстүрлі жоспарлы жүйе бойынша жүргізетін елдермен салыстырғанда анағұрлым жақсы жолға қойылған.

Дамыған елдерде мемлекеттік бюджетті қабылдауда демократиялық процедуралар қатаң сақталады. Парламенттер және олардың комиссиялары бюджеттің әрбір бабына дейін тиянақты дәлдейді, өзгерістер мен қосымшалар енгізеді.

Шаруашылықтың рыноктық жүйесі қалыптасқан елдерде мемлекеттің бюджеттік реттеу функциясы жеткілікті дәрежеде және өсе түсу үрдісін байқатады. Бюджеттің көмегімен мемлекет тауар өндірушілерге реттеуші әсер етеді және солар арқылы тауарлар мен қызмет көрсетулер, капитал, жұмысшы күші рыноктарын реттейді.

Елде пайдаланылатын бюджеттер жиынтығы бюджеттік жүйе деп аталады. Қазақстан сияқты мемлекеттік құрылысы унитарлы елдерде мұндай жүйе, әдетте, екі деңгейлі бюджеттерден құралады. Олар: республикалық және жергілікті бюджеттер.

Мемлекеттік бюджеттің құрылысы және қызметі келесі қағидаларды басшылыққа алады:

1. Бюджеттік жүйенің біртұтастығы қағидасы құқықтық негіздің бірлігін, бюджеттік құжаттар мен жіктеулердің бір сипаттылығын, барлық деңгейдегі бюджеттердің кіріс және шығыс бөліктерін құрудың ортақ ережесін, олардың карама-қайшылықсыз екендігін көрсетеді.

2. Бюджеттердің дербестік қағидасы бюджетті жасау мен қолданудағы заң шығарушы және атқарушы биліктердің құқықтық дербестігін білдіреді.

3. Толықтық қағидасы бюджеттің кіріс, шығыстарын барлық түсім көздерін және бюджеттен қаржыландырылатын шығындарды барлық баптар бойынша толық көлемде анықтауды талап етеді.

4. Тенгерімділік қағидасы бюджеттің кірістері мен шығыстарының сәйкестігін қажетсінеді.

5. Жариялылық (ашықтық) қағидасы бюджетті қарастыру және қабылдау процедураларын бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялауды қалайды.

6. Бюджеттік қаражаттардың арнаулы және мақсатты болуы қағидасы бұл қаражаттардың нақты алушыларын және нақты мақсатқа жұмсалатындығын көздейді.

Мемлекеттік бюджет мемлекеттің қаржылық функцияларын жүзеге асырады. Бюджеттік қатынастар арқылы мемлекеттің қолында ақшалай қаражаттар жинақталады және олар мемлекеттік бюджеттік реттеудің жиынтық функциясын құрайды.

Фискалдық функция мемлекеттік бюджеттің көмегімен мемлекет қызметінің қаржылық негізін құрайды, мемлекеттік шығындарды салықтық және басқа да түсімдер есебінен қаржыландыруды жүзеге асырады.

Бюджеттің бөлу функциясы мемлекетте шоғырланған ақшалай қаражаттарды қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру, экономикалық саясатты жүргізу, салалар мен аймақтарды қаржылық қолдау кезінде көрінеді.

Бақылау функциясы қаржылық ресурстардың мемлекеттің қарамағына өтуін, қаражаттарды бөлудегі пропорциялардың сақталуын және бюджеттік қаражаттардың қалайша пайдаланылуын қадағалайды.

Мемлекеттік бюджет экономиканың құрылымдық буындарында жүріп жатқан экономикалық үдерістерді анықтай отырып, ақшалай қаражаттардың қайда, қашан және қандай көлемде түсіп жатқанын көрсетеді.

Мемлекеттік бюджет қызметтері бюджеттік механизмді, яғни бюджеттік саясаттың нақты жүзеге асуын, оның экономика-

лық және әлеуметтік мәселелерді шешудегі максаткерлігін айқындайды. Мемлекеттік бюджет қолда бар ақшаны жөнімен пайдалану арқылы экономиканы реттейді. Реттеу формаларына өндірісті субсидиялау және қаржыландыру, мемлекеттік инвестицияларды жүзеге асыру, әлеуметтік сфераны қаржыландыру жатады.

§2. Мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстарын реттеу

Мемлекеттік бюджеттің кірістері мемлекеттің бюджеттік қорын қалыптастыруға бағытталған салықтар мен алымдар түріндегі заңды және жеке тұлғалардан алынатын төлемдер есебінен құралады.

Рыноктық экономика кірістерді қалыптастырудың негізгі көзі ретінде салықтарды пайдалану қажеттілігін қарастырады. Салықтық түсімдермен қатар бюджеттің салықтық емес кірістері мемлекеттік мүлікті сатудан, жекешелендіруден, жалға беруден, концессиядан, кәсіпкерлік пен сыртқыэкономикалық қызметтен, жиындар мен баждан, айыппұлдардан және басқа да ақшалай алымдардан қалыптасады.

Бюджет кірістері өзіндік және реттеуші болып бөлінеді. Өзіндік кірістер елдің заңнамасына сәйкес толықтай немесе бөлшек түрінде тиісті бюджетке тұрақты негізде бекітіледі. Реттеуші кірістер – республикалық, аймақтық төлемдер. Олар бойынша жергілікті бюджеттерге пайыздық төлемдер нормативтері орнықтырылады.

Мемлекеттік бюджетті жұмсау бюджеттік қаражаттарды шаруашылық қажеттіліктеріне және мемлекеттік функцияларды атқару мақсатындағы бөлу үдерісінде жүзеге асады. Қазақстанның Бюджет Кодексіне сәйкес бюджет шығыстары инновациялық және инвестициялық қамтамасыздандырылатын капиталды (күрделі) және бюджеттік ұйымдардың билік органдарының қызметін қамтамасыз етуші ағымдағы шығыстардан тұрады.

Үкіметтің шығындарын жалпы алғанда тауарларды, қызмет көрсетулерді үкіметтік сатып алушылар мен трансферттік төлемдер түрінде көруге болады. Трансферттік төлемдер – бұл салық төлеушілерден алынған салықтық кірістерді қайта бөлу жөніндегі төлемдер болып табылады. Олар тұрғындардың белгілі бір топтарына жұмыссыздық бойынша жәрдемақы, әлеуметтік сақтандыру бойынша төлемдер формасында болады.

Егер үкіметтік сатып алулар арқылы қоғам ресурстарды жеке тұтырудан қоғамдық тұтынуға қарай қайта бөлетін болса, транс-

ферттер арқылы үкімет жеке секторда тұтынылатын тауарлар құрылымын өзгертіп қана қояды да, қоғамдық тұтынудың жеке тұтыну есебінен көбеюіне әсер етпейді. Атап айтқанда, мемлекеттің экономикаға осылайша араласуы нәтижесінде трансферттерге қарағанда үкіметтік сатып алулар көлемінің өзгерістері анағұрлым тиімді болып келеді.

Бюджеттік шығындарды әртүрлі қағидалар бойынша жіктеуге болады: олардың ұдайы өндірістегі рөлі бойынша (материалдық өндіріс сферасына және әлеуметтік қызметтер сферасына бағытталған шығындар), салалар бойынша (өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, транспорт, байланыс, білім беру, денсаулық сақтау т.б.), мақсатты белгісі бойынша (инвестициялар, дотациялар, жалақы, зейнетақы т.б.), әлеуметтік бағыты бойынша шығындардың қоғамдық белгілеріне қарай бюджеттік қаражат бүкіл шаруашылық қажеттіліктеріне, әлеуметтік-мәдени шараларға, қорғанысқа, басқаруға бөлінеді.

Шаруашылыққа шығындардың жалпы сомасында бюджеттен едәуір көлемде ең маңызды және ірі республикалық, аймақтық әлеуметтік-экономикалық бағдарламалар қаржыландырылады. Айталық, бюджет қаражаттары есебінен экономиканың шешуші салаларын дамытуға бағдарланған маңызды әлеуметтік-экономикалық проблемаларға арналған, шеткері, күйзелісті аймақтарды қолдауға, өндірістік және әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымға бағытталған басым бағдарламалар қаржыландырылады.

Әлеуметтік-мәдени шараларды жүзеге асыруға жұмсалатын бюджеттік қаражаттардың едәуір бөлігі білім беруді дамытуға, мәдениетті қолдауға, халыққа медициналық көмек көрсетуді қамтамасыздандыруға және тұрғындардың мұқтаж топтарын әлеуметтік қамсыздандыру деңгейін жоғарылатуға бағытталады.

Қорғанысқа арналған едәуір бюджеттік қаражатта негізгі үлес қару-жарақ пен әскери техниканы сатып алуға, қарулы күштерді ұстап тұруға ағымдағы шығындарға, ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарға, әскери құрылысқа тиеді.

Басқаруға шығындардың қажеттілігі мемлекеттің маңызды шаруашылық-ұйымдастырушылық қызметтерді атқаруымен, сондай-ақ оларды реттеу қызметін қамтамасыз етуімен байланысты.

Рыноктық қатынастарға негізделген экономика жағдайында әуелгіден шығынды және төмен рентабелді (пайдалылығы төмен) мемлекеттік және мемлекеттік емес кәсіпорындарда бюджеттік қолдауды қысқарту шаралары қолданылады, кеңестік экономикада орын алған жаппай экономикалық потернализм (әкөсіндей қамқорлық жасау) әдістерінен бас тартылады. Бюджеттік ассигнациялау (қаржы бөлу) негізінен мемлекеттік

бағдарламаларды, мемлекеттің өзіндік шығындарын қаржыландыруға бағытталады.

Бюджетті қалыптастыру, оны талқылау, бекіту, бюджеттік қаражаттарды пайдалану біртұтас бюджеттік үдеріс деп аталады. Бүкіл бюджеттік үдеріс бюджетті қалыптастыру, бекіту және пайдалану туралы заңмен айқындалады. Бұл үдерісте маңызды орынды ақшалай-қаржылық ресурстарды әртүрлі бюджеттер арасында қайта бөлуді жүзеге асыратын бюджеттік реттеу алады.

Кезекті жылға бюджетті талдап жасауда елдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамы пайдаланылады, қаржы ресурстарының жинақ балансы құрастырылады және бюджеттік саясаттың негізгі бағыттары анықталады. Осы ретте алдағы жылдың бақылаушы көрсеткіш сандары есептеп шығарылады.

Бюджетті жасау барысында, әдетте оған көптеген өзгертулер мен толықтырулар енгізіледі. Бекітілген бюджетте ағымдағы шығындар мен даму бюджеті сомаларының жоғарғы шектері көрсетілуі тиіс. Мәселе мынада, егер бюджет қаражаттарына қосымша қажеттілік туындаған жағдайда ең алдымен ағымдағы шығындар қамтамасыздандырылуы қажет, ал даму бюджеті бастапқыда бекітілген сомамен шектелуі тиіс. Егер Президент бюджет жобасымен келіспеген болса, онда бұл бюджет жобасы Парламентке қайтарылады, яғни елбасы оған (немесе оның жекелеген баптарына) вето қояды.

Мемлекеттік бюджеттің ағымдағы жағдайы мен атқарылу барысын Парламент жанындағы Есеп комитеті жүзеге асырады. Есеп комитеті өз әрекеттерінде Парламенттен де, Президент әкімшілігінен де тәуелсіз.

Қаржылық органдар бюджеттің атқарылуын қадағалайды. Бюджет тапшылығы шекті деңгейден артып кеткен және түсімдер едәуір азайған жағдайда шығындарды секвестрлеу (қысқарту) механизмі іске қосылады. Дегенмен, бюджеттің қорғалған дейтін баптары секвестрлеуге жатпайды. Олар: жалақыға, зейнетақыға, шәкіртақыға, дәрі-дәрмекке, тамаққа және т.б арналған шығындар.

Төтенше жағдайлар кезінде ел ішінде қаражатты жұмсаудың төтенше бюджеттік режимі (тәртібі) енгізіледі. Төтенше шараларды енгізу үшін арнайы заң қабылдау қарастырылған.

Мемлекеттік деңгейдегі бюджеттік қызмет экономиканы реттеудің негізгі буындарының бірі болып табылады. Ол мемлекеттің қаржылық саясатымен бірге әлеуметтік-экономикалық саясатын да айқындап, мемлекеттің реттегіш қабілетін арттыра түседі. Қазіргі қаржылық дағдарыс жағдайының мемлекеттің экономиканы реттеу базасын кеңейту мен жетілдіруді талап етуі соның айғағы болса керек.

§3. Бюджет тапшылығы және мемлекеттік қарызды реттеу

Қолда бар табыс қажетті шығындарды жүзеге асыруға жетіспейтін жағдайда бюджет тапшылығы туындайды.

Бюджет тапшылығы – бұл бюджеттің шығыс бөлігінің кіріс бөлігінен артып кетуі. Бюджеттік тапшылық жағдайында мемлекетке өзінің функцияларын қалыпты атқаруға қаражат жетіспейді де, ішкі және сыртқы қарыздарға жүгінуге тура келеді. Мұның өзі, ең алдымен, кредиттік жүйе ұйымдарына бүкіл ақша айналымының орнықтылығына теріс әсер етіп, инфляцияның, қаржылық дағдарыстың себебіне айналады. Бюджет тапшылығы міндетті түрде ел экономикасында төтенше жағдайдың қалыптасуын көрсетпейді. Оның экономика дамуына ірі мемлекеттік салымдарды жүзеге асыру негізінде пайда болуы мүмкін. Төтенше жағдайлар, әскери қақтығыстар, стихиялық апаттармен байланысты алдын ала жоспарланбаған, бірақ шығындарды қажетсінетін жағдайларда туындауы ықтимал. Сондықтан шектеулі бюджеттік тапшылықтан емес, қайтарымы қиын, өсе түсу үдерісі бар тапшылықтан сақтану қажет.

Егер енсеру перспективасы бар бюджеттік тапшылық туындаса және ол жалпы ішкі өнім мөлшеріне қатысты үлес салмағы шамалы болса, мұны шектен тыс оқиға ретінде қарастырудың қажеті жоқ. Бірақ бюджет тапшылығы тереңдеп, экономикадағы дағдарыстық құбылыстарды – күйзеліс, қаржы жүйесінің тиімсіздігі сияқты оқиғаларды көрсететін болса, онда бұл құбылыстар мен табыстар арасындағы едәуір айырмашылықты енсеру үшін түбегейлі шаралар қолдану керек. Әдетте, кірістер сомасының 10%-ына дейінгі бюджет тапшылығы шыдауға болатын құбылыс ретінде саналса, 20%-дан астам тапшылық қауіпті деп есептеледі.

Бюджет тапшылығының негізгі себептеріне өндіріс тиімділігінің төмендігі, едәуір әлеуметтік шығындар, бюджеттік механизмнің әлсіздігі, салықтан жалтару, сондай-ақ шаруашылық байланыстары мен халықаралық экономикалық интеграцияның осалдықтары жатады.

Қазақстан Республикасында орын алған өткен ғасырдың 90-жылдарындағы бюджеттік дефицит, ХХІ ғасырдың бірінші онжылдығындағы бюджеттік профицитке (кірістің шығыстан артуы) ұласты.

Бюджеттік тапшылықты қысқарту үшін әртүрлі формадағы ішкі және сыртқы мемлекеттік кредит пайдаланылады. Бірақ Ұлттық Банктің кредиттерін шамадан тыс пайдалану, оның үстіне банкте қосымша ақша басып шығарудан басқа кредит-

теу ресурсы болмаса, онда инфляция күшейеді. Кредит түрінде тұрғындардың, кәсіпорындардың банктердің ақшалай қаражатын мемлекеттік облигацияларға анырбастап алу (сатып алу) тұйықтыққа тіреуі мүмкін, себебі облигацияларды өтеу және пайыздарды төлеу онсыз да едәуір тапшылықты ұлғайта түседі де, мемлекеттік борышты арттырады.

Мемлекеттік қарыз екі құрамдас бөліктен қалыптасады: қатері кемшін ішкі қарыздар мен артар жүгі ауыр сыртқы қарыздардың айырмашылығы, сонда егер біріншісін өтеу немесе қайта құрылымдау туралы ішкі кредиторлармен келісу оңайырақ болса, атқарылуы сыртқы кредиторларға байланысты сыртқы қарыз қиындықтар туғызады.

Мемлекеттік борыш экономиканың бір қалыпты қызметін күрделендіре түсетін ауырталық болып табылады. Мемлекеттік борыштың өсуі экономикадағы капитал қорын қысқартады, өйткені жинақты иемденуші оны экономикаға инвестициялаудың орнына мемлекеттік облигацияларды сатып алып мемлекетті қаржыландырады. Сондықтан мемлекеттік борыштың болуы акционерлік капиталдың үлесін оның әлеуетті мүмкіндігіне қатысты төмендетеді. Жинақтардың кемуі инвестициялардың кемуіне әкеледі де, өндірістің көлемін қысқартады.

Бюджет тапшылығын еңсеру ең алдымен өндірісті дамытуға, меншіктің барлық формасындағы кәсіпорындар мен шаруашылық салаларының орнықтылығын қамтамасыз етуге, кәсіпкерлікті жандандыруға байланысты.

Бюджеттің шығындарын төмендетуге бюджеттік қаражаттарды инвестициялау бағыттарын өзгерту арқылы, әртүрлі өндірушілердің шартты жағдайын ескеретін максатты қаржылық жеңілдіктер мен санкцияларды пайдалану арқылы қол жеткізіледі. Шығындарды кемітудің маңызды жолдары артық әскери және басқа да шығындарды азайту, тек аса маңызды әлеуметтік-экономикалық мемлекеттік бағдарламаларды ғана қаржыландыру, нақты қаржылық базасы жоқ шараларды бюджет есебінен жүзеге асыруға тыйым салу болып табылады.

Мемлекеттік және жергілікті бюджеттермен қатар мемлекеттік ақшалай ресурстарды пайдаланудың басқа да формалары қолданылады. Солардың бірі – жеке табыстар есебінен құралатын, салыстырмалы дербес қаржылық ресурстар түріндегі бюджеттен тыс қорларды құру. Мемлекеттік бюджет көбінесе қаражаттың жинақылығын қамтамасыздандырады, қажетті жағдайда оларды әртүрлі шығындар үшін қайта бөлуге болады. Қаражатты осылайша қайта бөлу кезінде әлеуметтік қажеттіліктер қағажу қалмас үшін мемлекет арнаулы бюджеттік емес қорлар құрады.

Бюджеттен тыс қорлар мемлекеттік билік органдары қарамағында болады, оларды қалыптастыруды және қызметін мемлекет реттейді. Қазіргі жағдайларда бюджеттен тыс негізгі әлеуметтік қорларға мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, зейнетақы қоры, міндетті медициналық сақтандыру қоры жатады.

Экономиканың орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатында арнайы орнықтырушы (тұрақтандырушы) қор құрылады. Қазақстанда мұндай қор ұлттық қор деп аталады.

Әлемдік тәжірибеде мемлекеттік бюджетті пайдалану мен қозғалысын реттеу туралы әртүрлі концепциялар бар.

Айталық, теңдестірілген бейтарап (нейтралды) бюджет концепциясы ұдайы өндірістік-экономикалық проблемалардың бар, жоғынан тәуелсіз кірістер мен шығыстардың тепе-теңдігі жағдайында тапшылықсыз мемлекеттік бюджет негізіндегі экономиканың орнықты қаржылық ортаны ұстап тұру қағидасына негізделеді. Мұндай енжар (пассивті) концепция шеңберінде мемлекеттік бюджет қаражаттарды жинақтау және соған сәйкес тек қана мемлекеттік мұқтаждықтарға жұмсау міндеттерін атқаруға арналған.

Экономикаға мемлекеттің әсері туралы кейінгі доктринаға сәйкес келетін концепция бойынша, яғни экономиканы бюджеттік орнықтыру (тұрақтандыру) концепциясы экономиканың орнықты қызметі бұзылған жағдайда немесе дағдарыстық жағдайдың болуы немесе күтілуі кезінде мемлекет тапшылыққа қарамастан бюджеттік қарыздануға дейін барып инфляцияны, жұмыссыздықты, тауарлар мен қызмет көрсетулерге енжарлықты еңсеру үшін қаржылық ресурстарды жұмсауға құқылы. Бұл жағдайда, әрине, мемлекеттік бюджет өзінің тепе-теңдігін жоғалтады, бірақ экономиканы тұрақтандыру үшін бюджеттің өзін белсендіреді.

Мемлекеттік бюджеттің ұтымдылығын жоғарылату критерийлеріне:

- елдің жалпы ішкі өнімінің өсу қарқыны;
- бюджеттегі даму қорының үлесі;
- бюджеттік тапшылық;
- жинақталған мемлекеттік қарыз (ішкі және сыртқы);
- инфляция деңгейі;
- жұмыссыздық деңгейі жатады.

Мемлекеттік бюджеттің тиімділігі туралы байламды жоғарыдағы көрсеткіштерді олардың динамикасында қарастыру негізінде айтуға болады.

Ізденіс сұрақтары:

1. Мемлекеттік бюджеттің мәні, түсінігі.
2. Мемлекеттік бюджеттің қызметтері.
3. Бюджеттеу – мемлекеттік реттеу формасы ретінде.
4. Мемлекеттік бюджет құрылуының принциптері.
5. Бюджеттің кірістері мен шығыстарын реттеу.
6. Бюджеттік үдеріс тізбегі және тәртібі.
7. Бюджет тапшылығы және мемлекеттік қарызды реттеу шаралары.

XII тарау

САЛЫҚ САЛУ ЖӘНЕ САЛЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

§1. Салықтар және мемлекеттің салық жүйесі

Салықтар адамдарға тарту-таралғы, алым, берешек формасында ежелден белгілі. Салықтар билік органдарын, мемлекетті ұстап тұру қажеттілігіне байланысты пайда болған. Олардың айқын, шарасыз міндеттілігі туралы, сірә, АҚШ-тың тәуелсіздігі туралы Декларация авторларының бірі Бенджамин Франклиннен артық айтуға болмас. Ол сонау 1789 жылы «Бұл жалғанда өлім мен салықтан басқаға сенім жоқ» деп жазған болатын.

Салықтар және салықтық жүйе – бұл тек қана бюджеттік түсімдер көзі емес, рыноктық типтегі экономиканың ең маңызды деген құрылымдық элементтерінің бірі. Кәсіпкерлік қызметті тұншықтырмайтын ұтымды салық жүйесі ғана тиімді бюджеттік саясат жүргізіп, экономиканы толыққанды әрекетке бастайды.

Салықтар – мемлекеттік биліктің орталық және жергілікті органдары заңды және жеке тұлғалардан алатын және бюджетке түсетін міндетті төлемдер. Мемлекеттің өміршеңдігін экономикалық ақтау бар болса, салықтардың да өміршеңдігін экономикалық ақтау бар. Салықтар – мемлекеттік аппаратты, әскерді, әлеуметтік сфераны ұстап тұрудың экономикалық базасы болып табылады.

Салықтарды мәжбүрлеу арқылы жинақтау деп қарастыру орын алған. Расында, әрбір салық қаражатты иесінен алып, мемлекетке өткізу болып табылады. Дегенмен, салықтар фис-

калдык және басқа да экономиканы мемлекеттік реттеуге байланысты функцияларды атқарады. Өзінің экономикалық мәні бойынша салықтар мемлекеттің фискалдык (бюджеттік) саясатының құралы, сондай-ақ бөлу және қайта бөлу үдерістерінің жанама реттеушісі болып табылады. Осыған сәйкес мемлекеттің салықтық қызметінің екі бағыты ерекшеленеді.

1. Мемлекеттің фискалдык салықтық қызметі салықтық төлемдерді алып, топтастырып, осы негізде мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік саясаты міндеттерін орындау мақсатында бюджеттің кіріс бөлігін қалыптастыру болып табылады. Бұл функция ұйымдардан кәсіпкерлерден, азаматтардан мәжбүрлі түрде алу арқылы жүзеге асады. Мемлекет бұл функцияны салықтық заңнамаға сәйкес жүргізеді.

2. Мемлекеттің реттеуші функциясы салықтар, салық салу объектілері, салықтық қойылымдар, салықтық жеңілдіктер сияқты салықтық тетіктер арқылы өндірісті, айырбасты, тұтынуды ынталандыру болып табылады.

Салық салу әдістері мен құралдары, салықты алу және салықтар арқылы шаруашылық жүргізуші субъектілердің салық төлеушілердің қызметін реттеу салықтық механизм деп аталады.

Мемлекет алатын салықтар жиынтығы, салық салу ережелері және салықтық функцияларды жүзеге асырушы органдар мемлекеттің салықтық жүйесін құрайды. Бұл түсініктің құрамына салық салу тәртібі мен ережелерін анықтайтын заңдар жиыны, мемлекеттік салықтық органдардың құрылымы мен өкілеттігі енгізіліп, елдің Салық Кодексін құрайды. Белгілі бір салық түрлерін қалыптастыру және алудың нақты әдістерін салық элементтері деп атайды. Салық жүйесіне Қаржы министрлігі Салық комитеті, салықтарды жинау және жиналуын қадағалайтын органдар кіреді.

Салықтық жүйеге тән негізгі түсініктерге қысқаша сипаттама берейік.

Салық салу субъектісі (салық төлеуші) – салық төлеуге міндетті заңды немесе жеке тұлға.

Салық салу объектісі – салық салынатын табыс, пайда, мүлік, тауарлар мен қызмет көрсетулер бағасы, қосылған құн.

Салық салынатын база – салық салынатын объектінің көлемі (шамасы).

Салық төленетін негіз – салық төленетін ақшалай қаражаттың көзі. Ескеретіні салық төлеу көзі салық салу объектісімен сәйкес келе бермейді, салық төлеуші басқа көздерден де төлеуі мүмкін.

Салықтық қойылым (салық салу нормасы) – салық салу объектісінің бірлігіне қатысты салық мөлшері салықтық қойылым салық салу базасына пайыз түрінде орнықтырылады.

Салықтық жеңілдік – салықтың барлық немесе кейбір түрлерінен салық төлеушілердің белгілі бір топтарын толықтай немесе жартылай босату.

Салықтық режім (тәртіп) – салықтық қойылымдар мен жеңілдіктер жиынтығы.

Салықтар көптеген белгілері бойынша әртүрлі топтарға бөлінеді. Салықтарды келесі критериилер бойынша жіктеу кеңінен тараған:

– салықты алу сипаты бойынша (тікелей және жанама салықтар);

– мемлекеттік реттеу деңгейлері бойынша (республикалық және жергілікті);

– салық салу субъектісінің белгісі бойынша (заңды және жеке тұлғалардан);

– салық қойылымдарын өзгерту сипаты бойынша (пропорционалды, прогрессивті, регрессивті);

– салықтың мақсатты белгісі бойынша (жалпы, бюджетке төленетін, белгілі бір мақсаттар мен міндеттер үшін).

Әлемнің бірде-бір мемлекеті салықтың толықтай, жүз пайыздық жиналымын қамтамасыз ете алмайды, себебі табыстарды жасыру негізінде салықтан жалтару немесе тікелей төлемей қою жаппай кездесетін құбылыс. Салық жүйесінің ұйымдас-тырылу деңгейі жоғары елдерде салықтың жиналымы шамамен 80–85%-ды құрайды, Қазақстанда бұл көрсеткіш 60–70% деңгейінде. Салық салу типін таңдауда мемлекеттік пайымдаулар әртүрлі болып келеді. Салықтардың санын қысқартып, біртекті жасау әзірше жемісті болмай тұр. Тарихтан американдық ғалым Генри Джордждың бір ғана салық – жер салығын алу туралы ұсынысы белгілі, бірақ салық түрлері көбеймесе, азайған жоқ. Мүмкін мұның астарында үлкен бір салықтан гөрі, халықтың сезінуіне жеңіл бірқатар кішігірім салықтарды жинау үкіметтерге қолайлы болуы жатқан шығар.

Қазақстанда қолданылатын салықтар жиынтығы да әртүрлі және олардың ондаған атаулары бар. Салықтар мен алымдар түрлері кезең-кезеңімен жаңаланып тұрады, әрбір салықтың қойылымы да динамикалы сипатта; мұндай өзгерістер мемлекеттің салықтық саясатының трансформациясы арқылы салық жүйесінің тиімділігін арттыруға құлшынысын байқатады; көздеген мақсат белгілі: салықтық жүйенің фискалдық және ынталандырушы функцияларының тиімділігін меілінше жоғарылату.

Корпоративті табыс салығы және жанама салықтар өндіріс пен экономикалық үдерістерге әрқилы әсер етеді. Қосылған құнға салық, акциздер, яғни тұтынушылық салықтар халық-

тың аз қорғалған топтарына салықтық ауыртпалықты күшейте түседі. Сонымен бірге табыс салығымен салыстырғанда «әділеттірек» көрінуі мүмкін, себебі табыс салығы белгілі бір жағдайларда жұмыскерлер табысының азаюына байланысты жинақтауы мен еңбекке құлшынысына кедергі болуы мүмкін.

Жанама салықтардың ойластырылған жүйесін енгізу төлем балансы жағдайын жақсартады, бүкіл қаржы жүйесінің икемділігін арттырады. Басты мәселе салықтарды енгізуде терең ұйымдастырушылық – техникалық дайындықтың қажеттілігінде болса керек. Басқа жағдайларда салықтық түсімдердің азаюына жол беріледі. Айталық, тұтынуға салықтар Батыс Еуропада негізгі салықтар қатарына жатады, ал американдықтар корпорациялар табысына салықты қосылған құнға алмастыру туралы пікірталастан әрі жылжи қойған жоқ.

§2. Салық салу қағидалары және салықтық реттеу

Міндетті төлемдердің баршасын салық деп есептеуге болмайды. Салықтардың ерекшелігі олардың белгілі бір принциптерге сәйкестігінде болса керек. Салық салудың принциптері туралы ең алғаш өзінің «Халықтар байлығының жаратылысы мен себептері» (1776 ж.) еңбегінде Адам Смит жазған болатын.

Ол салықтық үш бастауын қарастыруды ұсынды: рента, пайда және жалақы. А.Смиттің бұл проблемаға көзқарасы күні бүгінге дейін өзекті, сондықтан оларды келтірейік:

«1. Мемлекеттің азаматтары мүмкіндігінше, қабілеттері мен күштеріне сәйкес үкіметті ұстап тұруға қатысуы қажет, яғни мемлекеттің қамқорлығы мен қорғауына байланысты алған табыстарымен салық төлеуі тиіс. Қандай болмасын салық соңғы есепте жоғарыда көрсетілгеннің бірінен (рента, пайда, жалақы) алынатын болғандықтан міндетті түрде теңсіздік болып табылады, себебі ол қалған екеуіне қатысты емес.

2. Әрбір жеке тұлға төлеуге міндеттелген салық өз еркінше емес, дәл анықталуы тиіс. Төлеу мерзімі, төлеу әдісі, төлем сомасы – мұның барлығы төлеуші үшін де, басқаға да анық және белгілі болуы тиіс.

3. Әрбір салық төлеуші үшін ыңғайлы уақыт пен әдіс бойынша алынуы тиіс.

4. Халықтың қалтасынан алынатын әрбір салықтың мемлекет қазынасына артық түсімдерден мүмкіндігінше кем болуын қарастыра отырып белгіленуін көздеу қажет». Келтірілген мәтіннен А.Смиттің келесі қағидаларды ұстанғанын көреміз:

– біркелкілік, яғни мемлекеттің салық төлеушілерге талабының ұқсастығы, салықтық ережелердің жалпыға бірдейлігі;

– анықтық, яғни салық жүйесінің негізгі сипаттарының айқын, түсінікті, орнықты болуы, олардың уақыттың ұзақ кезеңі бойынша өзгермеуі;

– оңайлығы және ыңғайлылығы, осы сөздердің тікелей мағынасында;

– ауыр болмауы, яғни салықтың төлеушіге үлкен ауыртпалық түсірмеуі.

Салық салудың ұтымды құрылған жүйесі үшін бұл ережелерді сақтау өзінен-өзі түсінікті, бірақ тәжірибеде соңғы екі қағида жүзеге аса бермейді. Себебі салықтар экономикалық және құрылымдық саясаттың құралы ретінде болғандықтан салықтық ауыртпалық деңгейі мемлекеттік реттеудің нақты міндеттеріне байланысты тағайындалады.

Салықтар кез келген қоғамда, кез келген мемлекетте міндетті сипатта болғанымен, салықтық құралдарды біржақты мемлекеттің билік, әкімшілік өкілеттігінің тікелей туындысы ретінде қарастыру жеткіліксіз болар еді. Салықтық жүйенің қалыптасуы рыноктық және әкімшілік механизмдердің түйіскен жерінде орын алады. Сондықтан, бір жағынан, салықты тағайындау және алу биліктің прерогативасы (құзыры), ал, екінші жағынан, салықтардың саны мен салықтық ауыртпалықтың деңгейін анықтау рыноктың шарттары мен экономика дамуының деңгейіне байланысты. Жоғарыда көрсетілген тарихи қалыптасқан қағидаларды қазіргі салық салуға да қолдануға болады екен. Сонымен бірге, заман талаптары келесі қағидаларды да есепке алады:

– жалпыға бірдейлігі – табыс алатын экономикалық субъектілерді салықпен толықтай қамту;

– тұрақтылық – салық түрлері мен салықтық қойылымдардың уақыт бойынша орнықтылығы;

– төлем қабілеттілігі – салықты барлығына бірдей қойылыммен алу, салыстырмалы салықтық жүктеменің табыстылық деңгейі әртүрлі субъектілер үшін теңдей болуы;

– міндеттілігі – салықтық мәжбүрлеу, төлемнің болмай қалмауы;

– әлеуметтік әділеттілік – салықтық жүктемеге қатысты барлығының шамамен бірдей болуы.

Көріп отырғанымыздай, салық салудың ежелгі қағидаларымен қатар оларды модернизациялау (жаңғырту) талпыныстары да жоқ емес. Сонымен бірге келесі шараларды да ақылға қонымды деп қабылдау қажет. Олар, біріншіден, салықтар ұжым мен жұмыскерлердің табыс, пайда табуға ынтасын

кемітпеуі тиіс, екіншіден, салықтар және басқа да бюджеттік түсімдерге мемлекеттік шығындар сөйкестенуі тиіс, кері жағдайда оларды (мемлекеттік шығындарды) кеміту қажет, үшіншіден, салық салу азаматтардың табысын күнкөріс деңгейінен төмендетпеуі тиіс.

Әрине, салық салу жүйесін келтірілген қағидалардың барлығына жауап беретіндей құру оңай емес. Олардың көптеген талаптары қарама-қайшылықты, орындалуы күрделі және қиын. Бәлкім, қазақстандық салық жүйесінің, салықтық заңнаманың тұрақсыздық себептері осында болар.

Салықтардың динамикалығы мемлекеттік жүйелердің көбісіне дерлік тән құбылыс болып табылады. Мәселе, салықтардың мемлекеттік салық саясатының тамыры да, діңгегі де, өскіні де, сондай-ақ салықтық саясаттың өзі экономикалық саясат пен әлеуметтік-саяси бағыттың (курстың) бір бөлігі болуында шығар. Сондықтан саяси, экономикалық, әлеуметтік курстардың тербелісі салық салу жүйесіне де өзгерістер әкелуі әбден мүмкін. Бұған қоса мемлекеттік бюджет кірістерінің 90%-дан астамы салықтардың үлесіне тиетіндігін ескерсек, онда ең алдымен бюджеттік тапшылықтың туындауымен, күшеюімен немесе әлсізденуімен байланысты бюджетті күрделі реттеу шаралары салықтарға әсер етпей қалмайды.

Мемлекеттік салық жүйесін құру және қызметін реттеу қағидаларының қатарына салықтардың қайтарымының қағидаларын қосуға болар еді. Оның мәнісі, мемлекет халыққа салықтардың қайтарымын ақшалай төлемдер, әлеуметтік игіліктер, мемлекеттік қызмет көрсетулер түрінде өтеуге міндеттеме алуы тиіс. Мұндай міндеттеме тікелей әрбір салық төлеушіге заңсыз алынған салықты қайтару түрінде қабылдануы мүмкін. Дегенмен, салық төлеушілердің біртұтас әлеуметтік топ ретінде мемлекеттен салықтық түсімдердің ортақ игілік үшін жұмсалғаны туралы дәлел талап етуге құқығы бар.

Осы мағынада қоғам игілігі үшін жұмсалған салықтар үлесінің көрсеткішін тағайындау салық салу жүйесінің әлеуметтік бағдарлануының критерийі қызметін атқарған болар еді.

§3. Мемлекеттік салықтық реттеу

Салықтық саясатты қалыптастыру және жүргізу әрқашанда әлеуметтік-экономикалық сфераны мемлекеттік реттеудің негізгі әдістерінің бірі болып саналады. Салықтық реттеудің максаттары мен міндеттерінің әртүрлі кезендердегі өзгерістеріне сәйкес салықтық саясаттың бағыты мен нәтижесі де өзгерістерге

ұшырайды, дегенмен, салықтық жүйенің функциялары және оның мәні өзгеріссіз қала береді. Салықтық реттеу әдістерінің мүмкіндіктерін мейлінше тиімді пайдалану үшін салықтық құралдар көмегімен фискалдық міндеттерді, сондай-ақ экономикалық қызметті мемлекеттік реттеу мәселелерін шешуде ұтымды байланыстыру қажет.

Рыноктық экономикасы бар дамыған елдерде салық жүйелерін құру және қызметінің тәжірибесі салық жүйесінің мемлекеттік реттеу әдістерінің ішіндегі орны мен рөлін анықтайтын екі келіс ерекшелуге мүмкіндік береді. Бірінші келіс, Дж.М. Кейнстің мемлекеттік реттеу концепциясына (тұжырымдамасына) негізделген және екінші келіс неоклассикалық постулаттарға (дәлелсіз ақиқат) сүйенеді.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін 80-жылдардың басына дейін кейнсиандық келіс үстемдік құрды.

Кейнстің концепциясына сәйкес салықтық шаралар арқылы экономиканы мемлекеттік реттеу өндіріс пен өсуді ынталандырушы барлық факторларды пайдалануды қамтамасыз етуге, сондай-ақ өндіріс көлемі мен төлем қабілеті бар сұраныс арасында туындайтын диспропорцияларды алып тастауға бағытталуы тиіс. Мемлекеттік реттеу жиынтық сұраныс шамасына (мөлшеріне) әсер етуі тиіс, ал мұндай әсердің құралы салықтардан пайда болатын — мемлекеттік бюджет.

Кейнс бойынша өрлеу жағдайында салықтарды көбейту, ал дағдарыстық ситуацияда кеміту қажет. Салықтарды қысқарту, ең алдымен, жаңа өрлеудің базалық негізін құрайтын экономика салаларының кәсіпорындары мен кәсіпкерлері үшін салықтық жеңілдіктер аясын кеңейту есебінен жүргізілуі тиіс. Табыс салығына автоматты тұрақтандырушы рөлі жүктеледі, себебі теңдестірілген өсу жағдайларында табыс салығы арту үстіндегі табыстардың едәуір бөлігін бюджетке алуды қамтамасыздандырады (сонысымен сұранысты шектейді), ал дағдарыс кезінде табыс салығы кірістер деңгейінің төмендеуін есепке алады. Автоматты салықтық тұрақтандырушының әрекеті қолданыстағы салықтардың қойылымын өзгерту, салықтық жеңілдіктер санын көбейту немесе қысқарту сияқты мемлекеттік салықтық шаралармен толықтырылады.

Кейнстік концепция шеңберінде салық салу жүйесі прогрессивті қағида бойынша — салықтық шкала қозғалысының салыстырмалы жиілігімен және жоғары шекті қойылымдарымен, сондай-ақ инвестициялық белсенділікті ынталандырушы салықтық жеңілдіктердің едәуір санымен сипатталады.

XX ғасырдың 70—80 жж. шектерінде бірқатар батыс елдерінде ұдайы өндірістің жағдайлары нашарлап, инфляциялық үдерістер

күшейе түсті. Сондықтан 80-жылдары мемлекеттік реттеудің кейінгі концепциясынан бас тартулар байқалды. Сонымен бірге дамушы елдердің салықтық-қаржылық стратегиясында мемлекеттік сектор үлесінің кемуіне және мемлекеттің экономикаға араласу аясының тарылуына байланысты мемлекеттік реттеудің кейінгі концепциясынан шегіну басталды.

Мемлекеттік әрекет сферасы бірте-бірте әсер етудің жанама әдістеріне қарай ойысты. Мемлекеттік реттеудің кейінгі қағидаларынан бас тарту сұранысты антициклдық реттеуден инвестициялық белсенділіктің ұзақ мерзімді өсуін ынталандыру, диспропорцияларды жою, экономиканы қайта құрылымдау бағытына шығудан көрінді. Толық қамту саясатынан аулақтап, екпін инфляциямен күрес жағына қарап ауды.

Экономикасы дамыған елдердің үкіметтері жүргізген салықтық саясаттың теориялық базасы неоконсерватизм болды, оның негізгі постулаты: «Барлығын мемлекет емес, рынок шешеді». Мұның расында постулат, яғни дәлелсіз ақиқат екендігін қазіргі әлемдік қаржылық дағдарыс дәлелдеп отыр. Неоконсерватизм шеңберіндегі ең ірі ағымдар монетаризм (ақшаның сандық теориясына негізделген) және ұсыныс экономикасының теориясы болып отыр. Бұлар көптеген елдердегі консерваторлардың салықтық саясатының әдіснамалық негізі ретінде қызмет атқарауда.

Айталық, ұсыныс теориясына сәйкес салықтарды мақсатты және кең көлемде төмендету арқылы өндіріске тікелей әсер ету қажет. Салықтық реттеу жинақтау мен инвестициялауды ынталандыруы тиіс. Осы жақын уақыттарға дейін салық салудың жоғары деңгейі және прогрессивті шкаланың едәуір дәрежесі экономика мен әлеуметтік инфрақұрылымның жоғары даму деңгейіне сәйкес келеді деп есептелді. Салықтық қойылымдары жоғары елдер тек қана еңбек өнімділігі және экономикалық өсу қарқыны бойынша емес, сонымен бірге тұрғындардың әлеуметтік қорғалу деңгейі бойынша да лидерлер қатарында болды.

XX ғасырдың 90-жылдары корпорациялар мен жеке тұлғалардың табысына салықтық ауыртпалықтың жеңілдеуі үрдісі байқалды. Пайдаға салық салу деңгейін төмендету салық салу базасын кеңейтумен бір уақытта жүре бастады.

Толықтай алғанда мемлекеттік салықтық реттеудің міндеті салық төлеуші – тауар өндірушілерге, табыс алушыларға салықтық жүктеменің оңтайлы (оптималды) мөлшерін іздестіріп, енгізу болып табылады.

Салықтық жүктеме микроэкономикалық және макроэкономикалық көлемдерде әрбір салық төлеушіге ұйымға, салаға,

аймаққа және толықтай ел экономикасына есептеледі. Салықтық жүктеме салық түрінде алынатын салық төлеуші табысының пайыздық үлесі болып табылады. Салықтың әрбір түріне салықтық жүктеме пайыздық қойылым түрінде, ал салықтар жиынтығына қатысты салық салу базасын ескере отырып есептелген жалпы орташа салықтық қойылым сипатында көрінеді.

Нақты салықтық жүктемеге салықтық ауыртпалықты төмендету мақсатында қолданылатын салықтық жеңілдіктер едәуір әсер етеді. Бірақ салықтық жеңілдіктер жекелеген салық төлеушілерге берілетіндіктен, жеңілдіктерді пайдаланбайтындар өздеріне қосымша салықтық ауыртпалық алуға мәжбүр болады.

Мәселенің мәні салық салу қойылымдары ағымдағы экономикалық жағдайға тәуелді болғандықтан күрделене түседі. Таңдауға тура келеді: не осы кезеңнің фискалдық мәселелерін шешу керек, немесе экономикалық өсуді ынталандыру үшін салықтық түсімдерді қайсыбір дәрежеде төмендету қажет.

Салықтық қойылымдардың жоғарылауы өндірушілердің қарсылығына тап болса, төмендеуі өндірістің жедел өсуіне әкеледі деген тұжырым да дәлелдеуді қажетсінеді. Салық ауыртпалығына жауап ретінде салық төлеушілер табысты, мүлікті жасыру, сөйтіп салықты толықтай төлемеу жолдарын іздестіреді. Нәтижесінде нақты салықтық қойылымдар өзін-өзі реттеу арқылы, мемлекет пен салық төлеушілер арасындағы үнсіз келісімпаздық (компромисс) негізінде де өз шамасын тауып жатады. Ақиқатын айту керек, 2000-жылдары қазақстандық заң шығарушылар салықтық ауыртпалықты жұмсартып, жеңілдетуге бағыт алды.

Салықтың жаңа түрлерін енгізу, салықтық қойылымдарды жоғарылату салдарының әртүрлі боларын да ескерген абзал.

Тауар өндірушілерге салықты жоғарылату кезінде мемлекет олардың салықтық жүктемесінің «артығын» сөйкесінше тауар бағасына қосып тұтынушыларға арта салуға даяр тұратындығын қаперден шығармауы тиіс.

Мемлекеттік салықтық реттеу өзінің мақсатын тек салықтық жүктеменің онтайлы мөлшерін іздестіруден ғана емес, сонымен бірге бюджетті ағымдағы толықтыру мүдделерін қорғай отырып, перспективалық мүдделерге де тұрақты назар аударғаны жөн.

Тауарлардың экспорты мен импортынан салықтардың қойылымын өзгерту арқылы, кедендік бажды алу тәртібін жетілдіру негізінде мемлекет сыртқы сауда айналымын реттейді, протекциялық (қамқорлық) саясат жүргізу арқылы отандық тауар өндірушілердің мүддесін қорғайды.

Мемлекеттің тарапынан салықтық реттеу инвестициялық белсенділікті арттыруға қызмет етеді, қолайлы салықтық ахуал жасау жолымен техникалық-технологиялық инновацияларды пайдалануға мүмкіндіктер табады.

Экономиканы мемлекеттік реттеудің салықтық механизмдерін қолдана отырып, олардың әрекетінің аса сезімталдық сипатын, реттеуші іс-қимылдар салдарының болжануы қиындығын ескеруі қажет, өйткені салықтар экономикалық қызметтің әртүрлі мотивтері (күлшыныс) мен факторларына тікелей немесе жанама түрде әсер етеді, әлеуметтік оңды немесе теріс жаңғырықтар туындауына себепші болады.

Ізденіс сұрақтары:

1. Салықтардың пайда болу себептері.
2. Салықтың мәні және түсінігі.
3. Салықтың функциялары.
4. Салық жүйесі және элементтері.
5. Салық салу қағидалары.
6. Салықтық саясат негіздері.
7. Салықтық ауыртпалықтар және жеңілдіктер.
8. Салық қойылымдары және олардың реттеу сипаттары.
9. Мемлекеттік салықтық реттеудің мақсаттары мен міндеттері.

XIII тарау

ЭКОНОМИКАНЫ ҚАРЖЫЛЫҚ РЕТТЕУ

§1. Қаржының мәні және оны мемлекеттік реттеу

«Қаржы» түсінігі іргелі, жинақтаушы, алуан түрлі мәнді экономикалық категория ретінде мемлекеттік қаражаттың жинақталуын, бөлінуін, пайдаланылуын, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалардың табыстары, шығындары, жинақтары қалыптасуы барысында туындайтын ақшалай қатынастарды сипаттайды. Оған қоса қаржы – экономика мен қоғамның трансформациясы, дамуы бойынша белгілі бір өзгерістерге ұшырайтын тарихи категория.

Орталықтан басқарылатын экономикада басты рөлді мемлекеттік қаржы, мемлекеттік бюджет атқарады. Рыноктық экономикада да мемлекеттік қаржының мемлекеттің кірісі мен шығысын бюджеттеу үдерісінде алатын орны ерекше. Дегенмен, қаржылық қызметтің бағыты қаржы ресурстарын орталықтан бөлуден тауарлар мен қызмет көрсетулердің еркін рыногының орнықты қызметін қамтамасыздандыруға қарай ойысады. Сондай-ақ мемлекеттің рыноктық қатынастарды реттеуі салықтар, баждар, есептік қойылымдар, субсидиялар, субвенциялар, квоталар сияқты қаржылық рычагтар (тетіктер) арқылы жүзеге асады. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы ресурстарын дербес пайдалану мүмкіндіктері де арта түседі. Бұл жерде біз мемлекеттік емес кәсіпорындар, коммерциялық фирмалар, компаниялар, банктер, жеке кәсіпкерлер туралы айтып отырмыз.

Әлем елдерінің көпшілігінде орталықтан басқарумен қатар, еркін рыноктық экономика белгілерін біріктіретін аралас экономика әрекет етеді. Қаржылық жүйелерінде де осындай құбылыс байқалады. Мұның өзі орталықтандырылған экономикадан рыноктық типтегі аралас экономикаға өткен Қазақстанға да тән.

Қаржының болмысы мен қызметінің нақты әмбебап формалары және қаржылық іс-әрекетті жүзеге асыру табыстар, шығындар, төлемдер, аударымдар (бөлінулер), ақшалай қаражат жинақтары, ақшалай қорлардың құрылуы, бюджетті қалыптастыру және бюджеттік қаржыландыру, инвестициялау, қаржылық қолдау және қаржылық жеңілдіктер сияқты категориялар арқылы айқындалады. Бұл категориялардың мемлекеттік және мемлекетаралық, сондай-ақ республикалық және аймақтық, заңды және жеке тұлғалар деңгейлеріндегі өзара байланысы мен өзара әрекеті қаржының және қаржылық үдерістердің мәнін айғақтайды.

Мемлекеттің қолындағы қаржы экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешудің, тұрақтылықты қамтамасыз етудің, дағдарыстық ситуацияға қарсылықтың, экономикалық өсу мен рыноктық қатынастарды дамытудың маңызды құралына айналады. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қолындағы қаржы өндірісті, кәсіпкерлікті, инновацияларды дамыту, шығынсыз, рентабельді (пайдалы) қызметті қамтамасыздандыру, рыноктық бәсекеге төтеп беру қаруы болып табылады. Сонымен бірге қаржы экономикалық стратегияны, қаржылық саясатты табиғи-экологиялық, экономикалық факторларды ескере отырып, біртұтас экономикалық стратегия бағдарламасы шеңберінде пайдалану жағдайында ғана өз жемісін береді. Қарсы жағдайларда қаржы тек қана қаржылық емес, сонымен бірге

экономикалық, саяси түйткілдер мен шиеленістер ошағына айналуы өбден мүмкін.

Мемлекеттік қаржы ресурстары негізінен салықтардан, кедендік баждардан, арнайы төлемдерден, мемлекеттік мүлікті сатудан, мемлекеттік меншікті жекешелендіруден, алтын қорын сатудан түскен қаражаттан, мемлекеттік бағалы қағаздарды шығарып, сатудан, сыртқы және ішкі қарыз алулардан, резервтік және сақтандыру қорларынан құралады.

Мемлекеттік қаржы ресурстары мемлекеттік инвестициялауға, мемлекеттік аппаратты ұстауға, мемлекеттік тапсырыстарды төлеуге, мемлекеттік ұйымдар мен мекемелерді бюджеттік қаржыландыруға, ішкі, сыртқы қарыздарды өтеуге, мемлекеттік дотация, субсидия, субвенцияларға, халықаралық ұйымдар үшін жарналарға, шетелдік мемлекеттерге көмекке жұмсалады.

Елдің қаржылық жүйесі – бұл қаржы қызметі мен оны жүзеге асырушы қаржы институттары мен құралдарын қоса есептегендегі өзара байланысты және өзара әрекеттегі бөлімдер, буындар, элементтер жиынтығы. Өртүрлі елдердің қаржылық жүйесінің құрылымы, функциялары, элементтерінің өзара байланысы белгілі бір ерекшеліктермен сипатталады және мемлекеттің экономикалық, саяси құрылысына тәуелді болып келеді. Өртүрлі елдер экономикасының интеграциясы, әлемдік шаруашылық байланыстарының дамуы әлемдік қаржы жүйесін қалыптастырады.

Қаржылық жүйе қолма-қол ақша, есепшоттағы ақша, бағалы қағаздар сияқты ақша агрегаттарының барлығын біріктіретін алуан сипатты қаржылық құралдармен, ақшалай қаражаттармен операциялар атқарады.

Қаржылық жүйеге қатысушыларға Қаржы министрлігі, қазынашылық, Ұлттық Банк, салық инспекциясы, қаржы полициясы, коммерциялық банктер, қор және валюта биржалары, қаржылық-кредиттік мекемелер жатады.

Қаржылық жүйемен кредиттік жүйе тығыз өзара әрекетте болады. Дегенмен, кредиттік жүйенің қаржылық жүйеден айырмашылығы, ол тек қана қайтарымды ақшалай қаражаттармен операциялар жүргізеді.

Қаржылық жүйе, оны құрайтын субъектілері, құрамы және функцияларымен ғана сипатталмайды, сонымен бірге қаржы ресурстары қозғалысымен де ерекшеленеді. Қаржылық жүйенің тікелей және кері қаржылық ағындар түріндегі дамыған сыртқы байланыстары да болады.

Сонымен, жоғарыда көрсетілген «қаржы», «қаржы ресурстары», «қаржылық жүйе» анықтауыш түсініктер негізінде «қаржыны реттеу» терминіне анықтама бере аламыз.

Қаржыны реттеу – бұл тепе-теңдікке қол жеткізу және оны ұстап тұру, қаржылық және экономикалық жүйені орнықтыру, табыс, пайда алу, экономикалық және өлеуметтік түйткілдері шешуді қамтамасыздандыру мақсатында басқару органдарының елдің, аймақтардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысына, сондай-ақ қаржылық үдерістер, қаржылық қызмет, қаржы ресурстарына саналы әсері. Тиісінше, қаржыны мемлекеттік реттеу мемлекеттің қарамағындағы қаржыны мемлекеттік органдар тарапынан басқарып, реттеу болып табылады. Мұнда реттеу объектілеріне мемлекеттік, аймақтық, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысын реттеу жатады.

Реттеу субъектілері ретінде қаржы туралы заңдар қабылдайтын заң шығарушы органдар, мемлекеттік, аймақтық, жергілікті деңгейде қаржылық үдерістерді бағыттаушы, реттейтін, қадағалайтын атқарушы органдар саналады.

ҚР қаржыны реттеуші мемлекеттік атқару органдарына Қаржы министрлігі және оның аймақтық органдары, мемлекеттік салық қызметі, мемлекеттік бюджет атқарылуын қадағалау қызметі, кеден қызметі, қаржы, бағалы қағаздар рыноктарын бақылаушы қызметтер, мемлекеттік қазынашылық жатады.

Қаржыны мемлекеттік реттеудің мазмұны оның функцияларын атқаратын реттеу түрлері арқылы ашылады.

Қаржы-шаруашылық қызметті сараптау қаржы саласында қажетті шешімдер қабылдау үшін қажетті ақпаратты қалыптастырады. Сараптама бюджеттік, баланстық, бухгалтерлік, статистикалық және ағымдағы құжаттарға негізделеді. Қаржылық сараптау барысында аудит әдістері кеңінен қолданылады.

Қаржылық болжау қаржы ресурстарына қажеттілікті, қаржылық үрдістерді, мемлекеттің қаржылық саясатын жүргізудің ықтимал үрдістері мен нұсқаларының келешекте күтілетін жағдайын ашып көрсетеді.

Қаржылық ресурстар мен қаржылық қызметті жоспарлау мемлекеттік қаржы жүйесінің алдағы жағдайының параметрлерін, қаржы ресурстарын алу көлемі мен көздерін және оны жұмсау арналарын, түсімдер мен шығындардың сәйкестігі деңгейін, ресурстар тапшылығы дәрежесін анықтайды.

Қаржыны ағымдағы (оперативті) реттеу қалыптасқан ситуацияны қаперге алу, бюджетті түзету, баланстар мен қаржылық жоспарларды дәлдеу, сондай-ақ қайта бөлу мақсатында жүргізіледі.

Қаржы жағдайын бақылау мен қадағалай реттеу тізбегіндегі кері байланыс буыны қызметін атқарады, яғни заңдық

ережелердің, нормалардың сақталуы туралы ақпаратты жеткізеді. Қаржылық бақылаудың негізгі элементі аудиторлық тексеру болып табылады.

Қаржы ресурстарының есебі олардың жағдайын, есепшоттағы санын, олардың сақталуы мен өзгеріс динамикасын, сондай-ақ қолда бар резервтерді ашып көрсетеді.

Қаржыны реттеу кредитті (несиені) реттеумен және банктік жүйенің қызметімен тығыз байланысты, өйткені кредит қаржы ресурстарының өте маңызды көзі болып табылады.

Әлемдік шаруашылық жүйесінің дамуы дүниежүзілік қаржы жүйесін қалыптастырады, нәтижесінде халықаралық қаржыны реттеу қажеттілігі туындайды. Бұл функцияны Біріккен Ұлттар Ұйымы, Халықаралық Валюта Қоры және басқа да халықаралық қаржылық ұйымдар атқарады.

§2. Қаржы ағындарын реттеу

Қаржылық жүйенің әрекеті оның құрамдас бөліктерінің өзара іс-қимылдарынан көрініс табады. Қаржыға қатысты жүйенің қызметі қаржылық қатынастар агенттері арасындағы қаржылық ресурстар мен ақшалай қаражаттар ағыны арқылы жүзеге асады. Ақшалай қаражаттардың қаржы жүйесіндегі ауыспалы айналымы адам ағзасындағы қан айналымы тәрізді экономикалық өміршеңдіктің белгісі болып табылады. Қаржы ағындары экономикалық қызмет өнімдерін, бөлу, айырбастау бойынша экономикалық үдерістерге қатысушылар арасындағы қатынастарды айқындайды.

Қаржы ағындарын мемлекеттік реттеу өзінің түпкі мәні бойынша қаржы ағындары мен ақшалай қаражат жинақтарын басқару болып табылады. Қаржылық байланыстар мен қатынастарда қаржы жүйесінің негізгі бес агенті (қатысушысы) әрекет етеді. Олар: мемлекет, ұйымдар, үй шаруашылығы, ұлттық банк (кейбір елдерде орталық банк) және коммерциялық банктер.

Мемлекеттің шаруашылық жүргізуші субъектілермен (кәсіпорындар, ұйымдар, кәсіпкерлер) қаржылық қатынастары салықтар, баждар, төлемдер түрінде жүзеге асады, мысалы табиғи ресурстар үшін төлемдер, мемлекеттік меншікті жалға беру ақысы, сондай-ақ мемлекеттік органдардың қызмет көрсетулері үшін төлемдер. Салықтардың түрлері мен салық салу қойылымдарын, тарифтер мен преискуранттарды (қызмет көрсету бағаларын) өзгерту арқылы мемлекет бюджетке түсетін қаржы ағындарын реттейді.

Мемлекеттен шаруашылық жүргізуші субъектілерге қарай қаржы ағынына мемлекеттік сатып алулар төлемі, яғни кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттің тапсырысы бойынша дайындаған тауарлары мен орындаған қызметтері үшін бюджеттен төлемдері жатады. Мемлекет шаруашылық жүргізуші субъектілерді қайтарымды және қайтарымсыз формада ақшалай ассигнациялауға (қаржы бөлуге), оларға дотация беруге, салықтар мен төлемдер бойынша жеңілдіктер тағайындауға хақылы.

Белгілі бір тапсырыс көлемін ұсыну, тапсырысқа баға белгілеу, мемлекеттік жеңілдіктердің артықшылықтарын пайдалану арқылы мемлекет шаруашылық жүргізуші субъектілерге берілетін қазыналық ақшалай қаражаттардың ағынына реттегіш әсер ету мүмкіндіктеріне ие болады. Мемлекет пен жеке тұлғалардың табыстары мен мүлкіне салық салу, тұрғындарға ақылы мемлекеттік қызмет көрсету, сондай-ақ мемлекеттің кредиттік пайыздар арқылы өзінің қаржылық ресурстарын жарым-жартылай толықтырып отырады. Үй шаруашылығынан мемлекетке қарай ақша ағындары өртүрлі төлемдер, алымдар, лотерея өткізу, мемлекеттік бағалы қағаздарды сату есебінен де қалыптасады.

Мемлекеттен тұрғындарға ақшалай қаражаттың қарқынды ағынына жәрдемақы, зейнетақы, шәкіртақы түріндегі мемлекеттік трансферттер жатады. Мемлекет, сондай-ақ тұрғындарға кредиттер береді, мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша пайыздар төлейді, лотерея ұтыстарын қамтамасыз етеді, айналым мерзімі таусылған бағалы қағаздарды қайта сатып алады.

Қағидатты негізде мемлекеттен жұртшылыққа қарай қаржы ағындарына мемлекеттік қызметкерлерге, бюджеттік сфера қызметкерлеріне жалақы төлеуді де жатқызуға болар еді. Бірақ бұл төлем шаруашылық жүргізуші субъектілер мен заңды тұлғалар қатарына жататын мемлекеттік ұйымдармен атқарылатындықтан оны мемлекеттік тапсырыстың қайтарымы деп те қарастыруға әбден болады. Сонымен бірге мемлекеттік аппарат, мемлекеттік басқару органдары қызметкерлеріне төленетін жалақы мемлекеттен жұртшылыққа түсетін ақшалай қаражат болып табылады.

Бюджет қаражатынан және бюджеттік емес мемлекеттік көздерден төленетін мемлекеттік қызметкерлердің жалақысын және оның шамасын, зейнетақы, жәрдемақы, шәкіртақы мөлшерінің деңгейлерін реттей отырып, мемлекет тұрғындарға арналған ақша ағынын кеңейту немесе келіту мүмкіндігіне ие болады. Осыған ұқсас түрде салық түрлері мен қойылымдарына, төлемдерге, мемлекеттік қызмет көрсету тарифтеріне әсер ету арқылы мемлекетке бағытталған ақша ағындарын да реттейді.

Қаржылық байланыстар мен қатынастардың барлық негізгі субъектілері сыртқы қаржылық байланыстарға қатысады, яғни олар қаржы ағындары арқылы басқа елдермен қатынасады. Тұтастай алғанда мұндай ағындар ақшалай қаражатты шетелге шығару және олардың келуін көрсетеді.

Сыртқы қаржылық, валюталық ағындардың келесідей экономикалық жаратылысын көруге болады:

1) шетелден сатып алынған тауарлардың (импорт) төлемі және шетелге сатылған тауарлардан (экспорт) түсімдер және валюталық түсімдер;

2) шетелден кредиттер алу немесе басқа елдерге кредиттер беру, кредиттерді атқаруға байланысты қаражатты аудару;

3) мемлекеттің, шаруашылық жүргізуші субъектілердің, азаматтардың ақшалай қаражаттарын шетелдік банктерге орналас-тыру, банктік пайыздар алу;

4) шетелден сатып алынған немесе шетелге сатылған бағалы қағаздар мен мүліктік құндылықтардың төлемі ретінде ақшалай қаражатты аудару;

5) ақшалай көмек, қамқорлық түріндегі ақшалай трансферттерді тегін қолдан-қолға өткізу.

Мемлекет өзі иелік ететін және тікелей алушы болып табылатын ақшалай қаражаттардың ғана сыртқы ағындарын толықтай реттейді. Мемлекеттің, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектілердің, коммерциялық банктердің, жұртшылықтың дербес бастамаларымен жүзеге асатын сыртқы ақшалай ағындарын реттеу мүмкіндіктері бар.

Капиталдардың, ақшалай қаражаттардың еркін рыногы жағдайында қаражатты жіберушілер мен алушылар заңды тікелей бұзған жағдайда ғана сыртқы қаржылық ағындар қаражаттарын мемлекеттің шектеуі немесе оларға тыйым салуы мүмкін. Қазақстанда көрсетілген ақшалай ағындарды реттеу кедендік шаралар қолдану, шаруашылық жүргізуші субъектілердің валюталық түсімдерінің бір бөлігін Ұлттық Банкке сатуға мәжбүрлеу, валютаны шетелге шығаруды шектеу арқылы жүзеге асады.

§3. Қаржы-несиелік және банктік қызметті мемлекеттік реттеу

Қаржыны реттеу қызметінің дербес тармағы – несиені және несиелік қатынастарды реттеу болып табылады. Несие – бір тұлғаның екінші бір тұлғаға уақытша, қайтарымдылық шартымен беретін ақшалай қаражаттары. Несиелік қатынастар дегеніміз – қарызға берумен және қайтарумен ақша есептеулерін

ұйымдастырумен, ақша белгілерін және бағалы қағаздарды эмиссиялаумен, сондай-ақ несиені инвестиция көзі ретінде пайдаланумен байланысты ақшалай қатынастар.

Қаржы-несие операцияларын жүзеге асырушы негізгі агент банктер болып табылады, дегенмен мұндай операцияларды тек қана банктер емес, сонымен қатар басқа да қаржылық-кредиттік институттар жүргізеді және оларға ақша қаражаттарын несиеге пайызбен беретін кез келген ұйымдар жатқызылады.

Қазіргі әлемдік шаруашылықта қолма-қол ақшалай есептеулерді банктер арқылы қолма-қол емес есептеулермен алмастыратын прогрессивті үрдіс үстемдік етеді. Ал мұның өзі мемлекет пен муниципалдық органдар, шаруашылық жүргізуші субъектілер, үй шаруашылықтары арасында айналыста жүрген ақшалай қаражаттардың негізгі массасы банктер арқылы аткарылады деген сөз. Осыған байланысты мемлекеттің экономикадағы қаржы ағындарын қадағалап, бақылау мүмкіндіктері артады, сөйтіп заңсыз, көлеңкелі қаржылық операцияларға тосқауыл күшейе түседі. Қаржылық ағындардың «мөлдірлігі» (прозрачность), транспаренттілігі (ашықтығы) деңгейі жоғарылайды.

Банктерге қаржылық қатынастарға қаржы-несие ұйымы ретінде ғана емес, сонымен бірге, мысалы, акционерлік қоғамдардың акцияларын иемденіп, солардан дивиденд алатын шаруашылық жүргізуші субъекті рөлі де тән. Қаржылық-өнеркәсіптік топтарға мүше болу, немесе, тіпті басшы ұйым ретінде де банктер шаруашылық жүргізуші субъектілерге айналады.

Рыноктық экономикасы бар елдерде банктер мен банктік мекемелер екі деңгейлі жүйені құрайды және оның негізгі буыны, демек, жүйенің ұшар басы ұлттық банк (орталық банк) болып табылады.

Орталық ұлттық банктер көбінесе мемлекеттік банк болып келеді. Дегенмен, кейбір елдерде ол негізгі акционері мемлекет болып табылатын коммерциялық (мысалы, инвестиция банкі), акционерлік банк болып қалыптасады. Федералдық резервтік жүйе (FRS) деп аталатын АҚШ-тың Орталық банкінің құрылымы ерекше. Ол 12 штаттың орталық банктерінен құралады. Қазақстан Ұлттық Банкі – мемлекеттік болып табылады.

Ұлттық Банк айналымдағы ақша массасының көлемі мен құрылымын реттейді. Бұл функция банктерге берілетін несиелік ресурстардың көлемін өзгерту ашық рыноктағы операциялар ретінде бағалы қағаздар мен шетелдік валютаны сатып алу-сату арқылы іске асырады. Коммерциялық банктер ұстауға тиісті

міндетті резервтер нормасын тағайындау мен өзгерту Ұлттық Банктің құзырында.

Ұлттық Банк өз несиелері үшін есептік қойылымдарды (ставка, қайта қаржыландыру қойылымдары) орнықтыру арқылы кредиттер бойынша банктік пайыздық қойылымдарға реттеуші әсер етеді.

Ақша белгілерін айналымға шығару және айналымнан алу құқығы да толықтай Ұлттық Банктің құзырындағы функция болып табылады.

Коммерциялық банктердің қызметін реттеу және бақылау үдерісін лицензия беруден бастап, оның күшін жоюға дейін Ұлттық Банк жүзеге асырады. Коммерциялық банктердің қызметіне бірқатар міндетті нормативтер енгізе отырып, Ұлттық Банк кредиторлардың мүдделерін қорғайды. Мұндай нормативтер қатарына жарғылық капиталдың минималды мөлшері, өзіндік қаражаттар мен активтер сомасының шекті арақатынасы, өтімділік көрсеткіші сияқты нормативтер жатады.

Резервтер нормасын реттеу саясаты мемлекеттің ұлттық банк арқылы банктік депозиттер мен жиынтық кредиттік ақша массасын бақылау құралы болып табылады.

Егер елдегі жағдай күйзелісті (депрессиялық) кезенге түсіп, мемлекет кәсіпкерлік қызметті жандандыруға мүдделі болса, онда ұлттық банк өзінің кредиттері бойынша пайыздық қойылымдары мен коммерциялық банктер үшін міндетті резервтер нормасын төмендетуді қолға алады.

Ақша массасын реттеудің тағы бір құралы – Ұлттық Банктің «ашық рыноктағы» операциялары болып табылады. Мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу немесе сату арқылы Ұлттық Банк коммерциялық банктердің кредиттік ресурстарын «түсайды» немесе босатады. Егер мемлекет инфляцияны төмендетіп, ақша массасын қысқартқысы келсе, онда Ұлттық Банк мемлекеттік облигациялардың белгілі бір мөлшерін ашық рынокқа «лақтырады».

Ұлттық Банк жүргізетін операциялар шеңберіне үкіметке (Қаржы министрлігіне) мерзімділік, ақылық, қайтарымдылық қағидалары негізінде кредит береді, үнқатысу (соглашение) негізінде банктерді несиелейді, бағалы қағаздарды, шетелдік валютаны сатады, сатып алады, отандық және шетелдік кәсіпорындарды инвестициялайды, шетелдік ақша бірліктеріне қатысты теңгенің ресми бағамын тағайындайды, мемлекетке коммерциялық банктерге есептеу және қасалық қызметтерін көрсетеді.

Осы операциялардың барлығы Ұлттық Банктің мемлекеттік эмиссиялық, кредиттік және есептеу қызметін куәландырады.

Коммерциялық банктердің міндетіне қасалық, төлем инвестициялық және сақтандыру қызметтерін көрсету жатады.

Мемлекеттік бағалы қағаздар рыногы – мемлекеттің қаржылық саясатының маңызды құралы болып табылады.

Оның атқаратын негізгі функциялары:

1. Әртүрлі деңгейдегі билік органдары бюджеттерінің тапшылығын қаржыландыру. Мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару және оны ашық рынокта сату нәтижесінде үкімет ақша қаражаттарын алып, оларды мемлекеттік бюджет тапшылығын жабуға жұмсайды.

2. Нақты жобаларды қаржыландыру. Әдетте, нақты жобалар үшін бағалы қағаздарды шығару әдісін муниципалдық (қалалық, жергілікті) билік органдары қолданады. Максатты бағалы қағаздарды рынокқа шығару арқылы олар тұрғындар мен ұйымдардың уақытша бос ақша қаражаттарын қажетті жобаларға тартады.

3. Айналымдағы ақша массасы көлемін реттеу. Бұл функцияны, әдетте, Ұлттық Банк жүзеге асырады. Банктің мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуы айналымдағы ақша массасын көбейтеді, ал оларды сату, керісінше ақша массасын кемітеді.

4. Қаржы-несие жүйесінің өтімділігін (ликвидность) қолдау. Ұлттық Банктің бұл маңызды функциясы мемлекеттік облигациялар рыногы арқылы жүзеге асады. Өтімділікті ұстап тұру үшін сыйымды, айналым қорларын «жұтып» қоятын банктердің және активтерді тиімді айналдыратын өтімді рыноктың болуы қажет.

Жазылғанды жинақтап қорытындыласақ, рыноктық қатынастар жағдайларында қаржыны мемлекеттік реттеу көпқырлы және көпфункционалы қызмет болып табылады.

Қаржыны мемлекеттік реттеу функцияларын тиімді қолдану жүйені тікелей басқару мен жанама реттеуге мүмкіндіктер береді.

Ізденіс сұрақтары:

1. Қаржының мәні, түсінігі.
2. Қаржының реттеу құралдары.
3. Қаржы ағындарын мемлекеттік реттеу.
4. Қаржы-несиелік қызметті мемлекеттік реттеу.
5. Банктік қызметті мемлекеттік реттеу.
6. Ұлттық банктің реттеуші іс-қимылдары.
7. Мемлекеттік бағалы қағаздар рыногы – мемлекеттік қаржылық саясаттың құралы ретінде.

XIV тарау

МЕНШІК ОБЪЕКТІЛЕРІ МЕН ҚАТЫНАСТАРЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

§1. Меншікті мемлекеттік реттеу түрлері және әдістері

Мемлекеттік реттеу құзырына жататын меншік объектілерінің үш түрін бөліп көрсетуге болады:

1) иемдену және пайдалану құқығындағы меншік иесі ретінде мемлекетке тиесілі меншік объектілері;

2) мемлекетке жарым-жартылай тиесілі аралас меншік объектілері;

3) мемлекетке тиесілі емес (жеке меншік, кооперативтік, өзіндік) меншік объектілер.

Бірінші топ объектілеріне қатысты мемлекет басқарудың толықтай өкілеттігін атқарады, пайдалану бойынша билікті толыққанды жүзеге асырады.

Екінші топқа қатысты мемлекет шектеулі мүмкіндіктермен пайдаланады, жарым-жартылай иелік етеді және мүлктік объектілерді пайдалануды басқа меншік иелерімен қатар жүргізеді.

Мемлекеттік емес объектілерге мемлекеттік ықпал жанама сипатта болады, сондықтан мұны тікелей басқарудан гөрі пайдалану бойынша реттеу қызметіне жатқызады.

Мемлекет заң шығарушы ретінде кез келген меншік формасындағы мүлктік объектіні сату, сатып алу, беру (өткізу), пайдалану ережелері мен нормаларын орнықтырады. Қазақстанда бұл ережелер ҚР Азаматтық Кодексінде көрсетілген. Мемлекет, сондай-ақ, меншікті басқару үрдістерін реттеуге, бақылап, қадағалауға, меншікке салық салуға құқылы.

Мемлекеттік меншік объектілерін реттеуді екі тармаққа бөліп қарастыруға болады:

1) меншік формасы мен қатынастарын өзгерту арқылы реттеу;

2) қолда бар меншіктің меншік формасын өзгертпестен оның қызметін, пайдалану үдерісін реттеу.

Көрсетілген реттеудің бірінші түріне мемлекеттік меншікті муниципалдық, жергілікті меншікке беру, мемлекеттік меншік

объектілерін аукциондар, конкурстар арқылы рынокта сату, мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру және ұлттан-дыру, объектілерді мемлекетаралық немесе мемлекетішілік ай-ырбастау, объектіні басқа меншік иесіне сот шешімінің негізінде беру, жана меншікті мемлекеттің қатысуымен бөлу т.с.с жатады.

Бұл өзгертулердің басты белгісі мемлекеттік құқық пен мемлекеттік мүдделерді сақтап қалу болып табылады.

Мемлекеттік меншік объектілерінің қызметін және тиімді пайдалануын реттеу іс-қимылдарына мыналар жатады:

- объектілерді мақсатты пайдалану;
- объектілердің үзіліссіз қызметін қамтамасыздандыру;
- объектілерді жалға, концессияға, лизингке беру;
- мемлекеттік мүлікті кепілдікке қою;
- мүлікті сенімді басқаруға беру;
- мемлекеттік объектілерді тегін пайдалануға беру.

Мемлекеттік меншікті реттеудің ең маңызды, көлемді, құнды объектілерінің бірі ретінде жылжымайтын мүлікті атауға бола-ды. Жылжымайтын мүлік – жермен берік байланыстағы эконо-микалық объектілердің, кәсіпорындардың, тұрғын үйлердің құрамдас бөліктері.

Жылжымайтын мүлік объектілерін мемлекеттік реттеу тиісті деңгейдегі өкілетті органдармен жүзеге асырылады және келесі қызметтерден құралады:

- жылжымайтын мүлікті сатып алу, сату, айырбастау, объектілерді сенімді басқаруға беру;
- мүліктердің сақталуын қамтамасыз ету;
- жылжымайтын мүліктің мақсатты пайдаланылуын қадағалау;
- жылжымайтын мүлікті тиісті, жұмысқа қабілетті жағдайда ұстау, объектіні жаңғырту, ұтымды қолдану.

Меншік формалары мен қатынастарындағы жаңартулар және шаруашылық жүргізудің рыноктық әдістеріне көшу, Қазақстан-да көптеген акционерлік қоғамдардың пайда болуы мемлекеттік акциялар пакеттерін, шаруашылықтардың жарғылық капита-лындағы мемлекеттік үлесті, сондай-ақ, меншік объектілеріндегі мемлекеттік пайларды реттеу қажеттілігін туындатты. Акционерлік қоғамдардың толыққанды қатысушысы болу үшін мемлекет өзінің өкілетті органдары арқылы мемлекеттік мүлікті жарғылық капиталға салым ретінде немесе қосымша орналас-тырылған акциялардың төлемі ретінде пайдаланады.

Мемлекет, бағалы қағаздар рыногының қатысушысы ретінде акцияларды, үлестерді сатады және сатып алады. Акциялар мен үлестерді иемденуші ретінде мемлекет өзінің атқарушы орган-дарын тағайындайды, алмастырады, мемлекеттік мүддені қорғай-тын өкілдерінің міндеттерін орнықтырады.

Мемлекет, сондай-ақ, тиесілі акциялары мен үлестерін сенімді басқаруға, алынған кредиттер мен заемдар үшін кепілдікке қоюға құқылы.

Меншікті реттеу меншік статистикасын қалыптастырумен тығыз байланысты. Меншіктің материалдық, заттай есебін алу олардың қолда барын және жағдайын баланста көрсету арқылы есептеу қолданылып жүрген дәстүрлі форма болып табылады. Дегенмен, меншік плюрализмі (көптүрлілігі) жағдайларында статистиканың жаңа тармағы пайда болды. Мұнда объектінің белгілі бір меншік формасына тиесілі ғана емес, сонымен бірге меншік объектісінің қызмет етуін, пайдаланылуын сипаттайтын бірқатар сапалық параметрлер мен көрсеткіштер қолданылады. Сондықтан меншіктің статистикалық көрсеткіштер жүйесі құрылады да, меншік объектілерін жіктеу негізінде оларды иемденушілердің, қолданушылар мен пайдаланушылардың есептерін ұйымдастыру қызметі орын алады.

Меншік объектілерін инвентаризациялау, жылжымайтын мүліктің реестрлерін (тізбесін) жасау және оларды біртұтас кадастрға (тізімдеуге) біріктіру ақпаратты өңдеудің жаңа, тиімділігі жоғары технологияларын қолдануды талап етеді.

Меншікті мемлекеттік реттеудің маңызды шарты – объектілер туралы мәліметтің автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жасау болып табылады. Мұның өзі меншікті мемлекеттік реттеуді жаңа сапалық деңгейге жоғарылатады.

Елдің меншікті мемлекеттік реттеудің арнайы функцияларының қазақстандық трансформациялық экономикада қалайша жүзеге асырылып жатқандығы туралы жалпылама айтып өтейік.

Бүкіл әлемге кең тараған кәсіпорындарды мемлекеттің иелігінен алудың ең қарапайым формасы оларды коммерциализациялау (саудалау) болып табылады.

Коммерциализациялау бұқаралық құқық негізінде қызмет атқаратын мемлекеттік кәсіпорын мәртебесін жеке құқық мәртебесіне айналдыруды білдіреді.

Қазақстанда мемлекеттік кәсіпорындарды коммерциализациялау ҚР Азаматтық Кодексінде бекітілген коммерциялық ұйымдар формасындағы мемлекеттік және муниципалдық унитарлық кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық формасы түрінде көрінеді.

Мемлекеттік кәсіпорындарды коммерциализациялау олардың алатын табысының сату көлемі мен ақшалай түсімге тәуелділігін күшейтеді. Ал жоғары пайда табу, ең алдымен, капиталды орналастыру мен пайдалануға, рынокка икемді қосылуға байланысты болса керек.

§2. Мемлекеттік кәсіпорындарды жалға, концессияға беру және жекешелендіру мен жекешеден алу

Өзінің жалпы мағынасында жалға беру дегеніміз – мүлік иесінің (жалға беруші) басқа тұлғаларға (жалға алушыға) келісім негізінде жерді, өндіріс құрал-жабдықтарын, мүлікті уақытша пайдалануға беруі.

Мемлекеттік органдар мен жеке фирмалар арасында жалдық қатынастардың орнығуы ғылыми әдебиетте басқаруды жекешелендіру деп аталады. Мұндай жағдайлар мемлекет жекеше фирмаларға өзіне тиесілі кәсіпорындарды басқару құқығын берген кезде орын алады. Жалға алушылар ауқымы еңбек ұжымы шеңберінен кеңірек болады. Мысалы, жалға беруші кәсіпорынды жалға беру туралы шешім қабылдағанда оған еңбек ұжымынан басқа үміткерлер қатыса алады.

Қазақстандық тәжірибеде жалға беру туралы келісім жалға алынған мүлікті ақылы пайдалануды білдіреді, бірақ жалға беруші болашақтағы табыстары жөнінде сенімді бола алмайды. Жалгерлік субъектілерінің қатынастары, яғни мемлекет пен жалға алушы кәсіпорын еңбек ұжымы арасындағы қатынастар міндеттемелері бойынша өз мүлкімен жауап беретін меншік иелері арасындағы қатынастар сияқты емес, еңбек келісімшартының бір түрі ретінде құрылады.

Еңбек ұжымының кәсіпорындарды жалға алуын жеке меншік және мемлекеттік капиталдың кәсіпкерлікке қатысу формаларының бірі ретінде қарастыруға болады. Негізгі көлемінде мемлекеттік меншік пен жал меншігінің элементтерін біріктіру өзінің мәні бойынша аралас меншікке негізделген кәсіпорынды құру болып табылады. Бірте-бірте сатып алу құқығы бар жал да жалға алушы мемлекеттік меншікті ұжымдық меншікке айналдырады.

Мемлекеттік мүлікті басқару функциясын жеке тұлғаға берудің мысалы ретінде бірте-бірте сатып алуға құқығы жоқ жалды және кәсіпорынды трасттық (сенімді) басқаруға беруді келтіруге болады. Мұның өзі кепілдікпен қамтамасыз етілген жағдайда едәуір экономикалық еркіндік пен менеджмент тәуелсіздігіне қол жеткізеді.

Мемлекеттік кәсіпорындарда оның еңбек ұжымының жалға алу тәжірибесінен бөлек, Қазақстанда мемлекеттік (муниципалдық) мүлікті, жер телімдерін, жылжымайтын мүлікті, қорақойманы коммерциялық, кәсіпкерлік құрылымдардың жалға алу көріністері меншікті жатсындыру іс-қимылын қарастырмайды, бұл, бір жағынан, кәсіпкерлікке жәрдемдесу болса,

екінші жағынан, аймақтық және жергілікті бюджеттерге түсетін табыс табуға бағытталған шаралар болып табылады.

Мемлекеттік және муниципалдық меншікті жалға беру ауыр экономикалық жағдайға тап болған көптеген қазақстандық мәдениет, ғылым, білім беру, денсаулық сақтау мемлекеттік мекемелері үшін құтқарушы рөлін атқарғаны ақиқат. Аталмыш мекемелер ашық немесе жартылай жасырын түрде өздерінің бөлмелері мен қора-қопсыларын табыс алу мақсатында коммерциялық ұйымдарға жалға бере бастады. Ал мұның өзі бюджеттік қаржыландыру жетімсіздігінің орнын толтыру әрекеті демесе шара жоқ.

Қазақстанда бүкіл әлемдегі сияқты мемлекеттік концессиялар үдерісі қолға алыну үстінде. Концессия жалгерлікке ұқсас, бірақ жалға беру объектісі мен жалгерлік келісімнің айғақты ерекшеліктері бар. Жалпы алғанда мемлекеттік концессия – бұл мемлекеттің өзінің мүліктік құқықтары мен шаруашылық қызметінің жекелеген түрлерін концессиялық келісімде анықталып, белгілі бір мерзімге белгіленген шарттар бойынша мемлекеттік емес компанияларға беруі. Мемлекет, оның атынан немесе тапсырмасы бойынша әрекет ететін мемлекеттік мекеме немесе мемлекеттік компания концедент рөлін атқарады да, мемлекеттік активтер мен құқықтарды уақытша пайдалануға алған заңды тұлға жалдаушы-концессионер рөлін атқарады. Мемлекеттік концессия объектісі ретінде, әдетте табиғи байлық көздері, шаруашылық объектілері, шаруашылық жүргізудің белгілі бір түрлері, мысалы, қоғамдық көлік, коммуналдық қызмет көрсетулер қарастырылады.

Қазақстанда қалыптасқан меншік формалары мен қатынастарын өзгертудің негізгі формасы мемлекеттік және муниципалдық меншікті жекешелендіру болғаны даусыз. Жекешелендірудің негізгі белгілері келесідей:

– мемлекеттік меншік құқығының жеке тұлғаларға (жеке секторға) өтуі немесе мемлекеттік меншіктің жеке меншікке ауысуы;

- мемлекеттік кәсіпорынға мүлікті пайдалану құқығын беру;
- мемлекеттік кәсіпорынды жеке тұлғаларға толықтай сату;
- мемлекеттік кәсіпорын активтерінің бір бөлшегін сату.

Тәжірибе көрсеткеніндей мемлекеттік меншік иесін ауыстырудың зор маңыздылығын ескергеннің өзінде меншіктің мемлекеттің қарамағынан ұжымның және жекешенің қарамағына өтуі өздігінен тиімді рыноктық экономика құру мәселесін шеше алмайды екен. Жаңа меншік иелерінің өндірісті ұйымдастырып, басқара білуі, біліктілігі мен мүдделілігі болуы қажет

екен. Басқа жағдайда меншік формасын өзгерту өз жемісін бере алмайтындығы белгілі болды.

Мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру, әдетте өндіріс тиімділігін арттыруды қамтамасыздандырады, жекешенің экономикалық белсенділігін жандандырады. Кәсіпорындарды жекешелендірудің басқа себебіне мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіруден түскен түсімдердің бюджетті қаржыландыруында болса керек. Сонымен бірге мемлекеттік бюджет табысыз кәсіпорындарды қаржыландыру бойынша шығындардан құтылады. Жекешелендіру түсімдері мемлекеттік капиталды пайдалырақ салаларға диверсификациялау (капиталды жаңа, тиімді бағыттарда өрістету) мүмкіндігін береді де, бюджет түсімдерінің болашақ тұрақты көздерін ашады. Бұдан басқа кәсіпорындарды жекешелендіру және олардың тиімділігін арттыру нәтижесінде салықтық базаны кеңейту мүмкіндігі туындап, мемлекеттік бюджетке салықтық түсімдер көлемі арта түседі.

Сонымен кәсіпорындарды жекешелендіру өндіріс тиімділігін арттыру, қаржылық жағдайды сауықтыру, айталық бюджет тапшылығын қысқарту, қоғамдық секторды қаржыландырудағы мемлекеттік шығындарды төмендету, сондай-ақ антимонополиялық реттеу үшін пайдаланылады.

Қазақстандағы экономикалық реформалардың бастапқы кезеңінде меншік формасын өзгерту бірбағытты сипатта жүргізіліп, мемлекеттік және муниципалдық объектілерді жекешелендіруге ғана негізделді. Мұндай бірбағыттылық тәсіл бірқатар жағдайларда мемлекетке, аймақтарға зиянды болып, тек қана жекелеген компаниялар мен тұлғалардың мүдделерін қанағаттандырады. Жекешелендіру қорытындылары объектіні пайдалану тиімділігінің төмендеп, әлеуметтік мәнінің жоғалуына әкеліп соқты. Бұдан жекешелендіруді мемлекеттендірумен, ұлттандырумен (национализация) ұтымды астастыру қажеттілігі туындады.

Жалпы айтқанда, ұлттандыру меншікті түбегейлі трансформациялау әдісі ретінде жеке және заңды тұлғалардың меншігінде болған мүлікті мемлекеттік меншікке айналдыру болып табылады.

Меншік объектілерін ұлттандырудың қозғаушы себептері келесідей:

- мемлекет пен халық мүддесі үшін мемлекеттік емес жеке меншік объектісін мемлекеттік органдар арқылы басқару, пайдалану қажеттілігі;

- беймемлекеттік формадағы меншік иелерінің объектілерді тиімсіз, икемсіз қолдануы себебінен ұлттық байлықтың шығындануы, объектілердің тозуы, жойылуы;

меншік объектілерін мақсатқа сай пайдаланбау, мемлекет қоғам мүдделеріне зиян келтіру, сондай-ақ объектіні пайдаланудың заңға қайшылығы;

Мәжбүрлеу арқылы ұлттандыру заң бұзушылық орын алғанда қолданылады. Ұлттандырудың басқа мүмкіндіктері келесідей:

- мүлікті меншік иелерінің келісімімен сатып алу;
- сот тәртібімен (сотқа берумен) жекешелендіру туралы келісімді бұзу;
- мемлекет бюджет алдындағы қарызды өтеу үшін жеке меншік объектісін мемлекеттік объектіге қайта рәсімдеу;
- банкроттық процедурасы арқылы жекешелендірілген кәсіпорын мүліктерін мемлекеттік меншікке қайтарып алып, оған қаржылық қолдау көрсету.

§3. Мемлекеттік меншік объектілерінің қызметін реттеу

Меншікті мемлекеттік реттеудің анық әлеуметтік бағдары болуы тиіс. Бұл маңызды ұстаным, меншікті басқарудың негізгі мақсаты – тұрғындардың әлеуметтік сұранысын мүмкіндігінше қанағаттандыру және әлеуметтік шиеленістердің алдын алу болып табылады. Қолға алынған қандай да болмасын меншік формалары мен қатынастарын өзгерту шаралары келесі ережені ұстануы тиіс: «Меншік формалары мен қатынастарын өзгертумен байланысты бірде-бір ірі шешім оның әлеуметтік салдарын сараптау және есептеусіз қабылданбауы қажет».

Біз бұған дейін меншік формалары мен қатынастарын реттеу туралы әңгімеледік. Мұндай өзгертулер негізінен экономикалық үдерістердің белгілі бір кезеңдеріне, стадияларына тән, бірақ меншік қатынастарын мемлекеттік реттеу онымен аяқталмайды. Бұл ретте меншік объектілерінің қызметін реттеу мәселесі маңызды рөл атқарады.

Меншік объектілері үздіксіз өміршеңдігі, қойылған мақсаты орындауы, белгілі бір функцияларды атқаруы арқылы ресурстарды сіңіреді, нәтижелер береді, физикалық және моральдық тозады, ескіреді. Реттеуші субъектілердің күнделікті, жан-жақты әсерінен меншік объектілері бет алысындағы өзгерістерді объектілердің қызметі деп атайды. Түпкі есепте меншікті реформалаудың өзі меншік объектілерінің тиімді қызметін қамтамасыздандыру болса керек, яғни ұзақ уақыт бойынша реттеуші субъекті қажетсінетін экономикалық және әлеуметтік тиімділік, нәтижелілік болуы тиіс. Мемлекеттік меншік объектілері

мемлекеттің өз функцияларын атқаруын қамтамасыздандыруы қажет.

Меншік объектілерінің қызметін, ағымдағы жағдайын, іс-әрекетін, нәтижелілігін реттеу өзінің белгілері мен қасиеттері тұрғысынан көпқырлы, көпсипатты болып келеді.

Егер мемлекеттік меншік объектілеріне қатысты мемлекеттік билік органдарының тікелей және жанама әсер етуі әдістерін қарастыратын болсақ, онда келесі қызметтерді ашып көрсету керек.

Мемлекет унитарлық (бірыңғай) кәсіпорындар қызметін реттеуде билік орындары (меншік иесі) мен кәсіпорын басшылары арасындағы қатынастар келісімшарт қағидалары негізінде құрылады. Мемлекеттік билік органдары унитарлы кәсіпорындар мен келісімдік қатынастар орнату барысында оларға өзін-өзі басқару құқықтарын бере отырып, мемлекеттік мүлікті тиімді қолдануды, өзін-өзі өтеу мен өзін-өзі қаржыландыруды, бюджеттік тиімділікті, объектілерді ұтымды пайдалануды талап етеді.

Әлемдік тәжірибеде мемлекеттік кәсіпорындарды 100%-дық мемлекеттік капиталмен немесе акциялардың бақылаушы пакетімен қайта құру орын алған. Сондықтан мемлекеттік органдар унитарлы кәсіпорындарды мемлекеттік тапсырыстармен қамтамасыз етіп, олар алатын кредиттерге кепілдік беруге мүдделі болады.

Рыноктық өзгертулердің алғашқы кезеңінде жүргізілген реформалар мемлекеттің қарамағында қалған мемлекеттік ұйымдар мен мекемелердің меншігін реттеу бойынша проблемалар туындатты. Бұл, бірінші кезекте, орта білім беру, жоғары білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, ғылым, жобалау-конструкторлық мекемелері сияқты мемлекеттік меншік объектілеріне қатысты болды.

Бұл мүліктерді реттеу ережелері мен нормалары ҚР Азаматтық Кодексінде қарастырылған.

Мемлекетке тиесілі, жалға, концессияға берілетін жылжымайтын мүлік объектілерін реттеудегі туындайтын негізгі мәселелер бұл объектілерді ұстап тұруға жұмсалған мемлекеттік шығындардың орнын толтыру, сондай-ақ оларды амортизациялау және қосымша табыс табу, мемлекеттік емес меншік иесінен объектілерді пайдаланғаны үшін рента алу болып табылады. Аталмыш жағдайлар жалдық төлем мен мемлекеттік концессия бағасын тағайындауда ескерілуі тиіс.

Мемлекет өзіне тиесілі акционерлік капиталдың акциялар пакеті түрінде, ортақ меншіктегі мемлекеттік мүліктен үлес түріндегі табыс алуды қадағалайды.

Мемлекеттік меншіктің тиімді пайдаланылуы деңгейі, оны кәсіпкерлікті белсендіру құралы ретінде қолдану, кез келген меншік формасындағы кәсіпорындар өндірісінің жоғарылауы көрсеткіштерінен байқалуы тиіс. Мұның өзі экономиканың орнықтылығын күшейтіп қана қоймайды, сонымен бірге қазынаға салықтық түсімдердің неғұрлым көбірек түсуіне көмектеседі.

Мемлекеттік меншік объектілері қызметін пайдаланылуын реттеудің міндетіне, сондай-ақ объектілердің сақталуы, жұмыс бабында ұсталуы, функционалдық қолданылуы жатады.

Меншікті мемлекеттік реттеу үдерістері әлеуметтік міндеттер мен проблемаларға тығыз байланысты. Бұл, бірінші кезекте, табиғи байлықтарды пайдалану, жер қатынастары мен тұрғын үй кешендерін басқару мәселелеріне тән. Меншікті реттеудің аймақтық әлеуметтік аспектілері меншіктің әскери объектілері мен ерекше қолданыстағы объектілердің бар болуы және олардың да түбегейлі өзгерістер орбитасы шеңберінде айналуында болса керек. Бұл объектілерді конверсиялау (азаматтық өнімдер шығаруға икемдеу) немесе жою, қызметін тоқтату, жұмыспен қамту, көші-қон, тұрмыстық және коммуналдық қызмет көрсету, қоршаған ортаның ласлануы, техногендік мәселелердің туындауы сияқты әлеуметтік проблемаларды асқынтады. Сондықтан мемлекеттік меншік қызметін реттеу функциялары аталмыш мәселелерді де қамтиды.

Ізденіс сұрақтары:

1. Мемлекеттік меншікті реттеу түрлері мен тәсілдері.
2. Мемлекеттік меншік қызметін және оларды пайдалануды реттеу.
3. Жылжымайтын мүлік объектілерін мемлекеттік реттеу.
4. Мемлекеттік акция пакеттерін, мемлекеттік үлестерді реттеу.
5. Мемлекеттік кәсіпорындарды коммерциализациялау.
6. Мемлекеттік меншікті жалға, концессияға беру.
7. Мемлекеттік меншікті жекешелендіру.
8. Меншікті ұлттандыру, жекешеден алу.

XV тарау

СЫРТҚЫЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

§1. Сыртқыэкономикалық қызметті реттеудің мақсаттары мен міндеттері

Кез келген елдің сыртқыэкономикалық байланыстарына мемлекеттік әсердің болуы табиғи құбылыс. Орталықтандырылған экономикада сыртқыэкономикалық қызмет ерекше басқаруда, мемлекеттік органдардың қатаң бақылауында болады. Сыртқы сауда мемлекеттің монополиясында болып, оны бұзушылық қылмыс ретінде қарастырылады. Ал рыноктық экономикасы бар елдерде сыртқыэкономикалық қатынастарды мемлекеттік реттеу жүзеге асырылады. Мемлекеттің сыртқыэкономикалық функциясы оның ішкіэкономикалық функциясының жалғасы болып табылады, бірақ басқа әдістер арқылы жүргізіледі.

Мемлекеттің сыртқыэкономикалық қызметке әсерінің негізгі мақсаты елдің экономикалық және саяси мүдделерін қамтамасыздандыру болып табылады. Сонымен бірге мемлекеттің өзі де табыс әкелетін және мемлекеттің қатысуын талап ететін бірқатар сыртқыэкономикалық қызметтерге қатысады.

Мемлекет әрқилы әдістер арқылы халықаралық экономикалық байланыстардың барлық сферасын іс жүзінде реттейді, ынталандырады немесе шектейді. Мемлекеттік реттеу сыртқы сауданы, капиталдың халықаралық қозғалысын, валюталық және кредиттік қатынастарды, ғылыми-техникалық алмасуды, жұмысшы күшінің халықаралық ауысуын қамтиды.

Сыртқыэкономикалық байланыстарды мемлекеттік реттеудің қазіргі тәжірибесіне тән құбылыс құқықтық құжаттармен рәсімделген мемлекеттік ұстанымдар мен осы қызметке қатысушы шаруашылық жүргізуші субъектілердің белгілі дәрежеде дербестігін, бастамашылдығын, еркіндігін үйлестіру болып табылады.

Сыртқыэкономикалық қызметті мемлекет тарапынан тікелей және жанама реттеудің басты мақсатты ұстанымы басқа елдермен іскерлік ынтымақтастық пен тиімді айырбас негізінде ел үшін пайдалы экономикалық жетістіктерге қол жеткізу болып табылады.

Сыртқыэкономикалық қызметті реттеу келесі міндеттерді шешуге көмектеседі:

1) импорт арқылы елде жетіспейтін тауарлар мен қызмет көрсетулерді алу;

2) сыртқы рыноктарды экспортталатын тауарлар мен қызмет түрлерін сату үшін пайдалану;

3) әлемдік интеграциялық экономикалық үдерістерге қатысу;

4) ғылыми-техникалық және ынтымақтастықты дамыту;

5) әлемдік озық тәжірибені үйрену;

6) шетелдік кредиттер, инвестицияларды пайдалану;

7) елдің төлем балансын ұстап тұру.

Қазақстан Республикасында 1995 жылы қабылданған «Сыртқы сауда қызметін мемлекеттік реттеу туралы» Заң мемлекеттің бұл саладағы реттеуші міндеттерін анықтап берді:

– сыртқы сауда байланыстарының концепциясы (тұжырымдамасы) мен стратегиясын қалыптастыруда елдің сыртқы сауда саясаты принциптеріне сәйкес құру;

– мемлекеттің, оның субъектілерінің экономикалық егемендігі мен мүдделерін қорғау, экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

– сыртқы сауда қызметін құрайтын үдерістер жиынтығын мемлекеттік реттеу;

– экспортталатын және импортталатын тауарларды сертификациялау, қауіпсіздік және зиянсыздық критерийлерін орнықтыру;

– қару-жарақты, қауіпті материалдар мен заттарды, қымбат бағалы металдар мен тастарды әкелу мен өкетудің тәртібін анықтау;

– елдің төлем балансын талдап жасау;

– шетелдік мемлекеттерге мемлекеттік кредиттер беру және экономикалық көмек көрсету;

– шетелдік кредиттерді тарту;

– мемлекеттің сыртқы қарызын басқару;

– сыртқыэкономикалық келісімдер жасау.

Сыртқы сауданы мемлекеттік реттеу міндеттерінің молдығына қарамастан сыртқыэкономикалық байланыстарды мемлекеттік реттеу аталмыш міндеттер шеңберінің шектерінен де ұзап кетеді. Ондағы басым рөлді экономикалық интеграция, сыртқыэкономикалық ынтымақтастық, біріккен бағдарламаларды іске асыру, халықаралық экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыздандыру үдерістері атқарады.

Сыртқыэкономикалық қызметті мемлекеттік реттеуге экономикалық үдерістердің жаһандануы терең әсер етеді. Оның салдарынан елдің сыртқыэкономикалық факторлары ішкіэкономикалық факторларға айнала бастайды.

Сыртқыэкономикалық қызметті мемлекеттік реттеудің қыруар міндеттері мемлекеттік басқару органдарынан өздеріне тиісті функцияларын өз дәрежесінде атқаруды талап етеді.

Сыртқыэкономикалық қызметті реттеу сыртқыэкономикалық саясатты басқаратын, сыртқыэкономикалық қызмет туралы стратегиялық шешімдер қабылдайтын, басқа елдердің жоғары мемлекеттік билік органдарымен экономикалық қатынастар мәселесі бойынша ынтымақтастық орнататын заң шығарушы және атқарушы билік органдарының құзырындағы қызмет болып табылады. Елдің заң шығарушы органдары сыртқыэкономикалық қызметті реттейтін заңдарды қабылдайды, толықтырады, өзгертеді, құқықтық нормаларды бекітеді.

Қазақстанның сыртқыэкономикалық қызметін реттеумен Индустрия және сауда министрлігі, республикалық кеден комитеті, Қаржы министрлігі, Ұлттық Банк, Сыртқы істер министрлігі шұғылданады.

Жергілікті өзін-өзі басқару қатынастарының дами түсуі, аймақтардың құқықтары мен өкілеттігінің кеңеюі негізінде сыртқыэкономикалық қызметті мемлекеттік реттеудің көптеген мәселелері республикалық деңгейден аймақтық деңгейге өтіп, құрамында сыртқыэкономикалық департаменттері (басқармалары) бар аймақтық әкімшілік құзырына беріледі.

§2. Сыртқыэкономикалық қызметті мемлекеттік реттеу әдістері

Сыртқыэкономикалық қызмет мақсаттарына жету және реттеу мәселелерін шешу үшін қазіргі мемлекеттердің қолында әртүрлі әдістер мен едәуір мүмкіндіктер бар. Өзінің мазмұны бойынша сыртқыэкономикалық қатынастарды мемлекеттік реттеу әдістері мемлекеттік органдар мен институттар ұлттық мүдделерге сай қолданатын құралдар мен тәсілдер жиынтығынан тұрады. Мемлекеттің реттегіш және нұсқаулық әсері заңдарды және басқа да мемлекеттік актілерді қабылдау, үкіметтің қаулылары мен шешімдері арқылы жүзеге асады.

Үкімет реттейтін басты объект ретіндегі халықаралық саудаға қатысты кедендік тариф, салықтар, шектеу шарттары, мемлекетаралық келісімдер мен ұнқатысулар, экспорт пен импорты ынталандыру бойынша шаралар сияқты құралдар мен амалдар қолданылады.

Тарихтан үкіметтің сыртқыэкономикалық саясатының негізгі екі бағыты белгілі. Олар: протекционизм (қамқорлық) және фритрейдерлік (еркін сауда).

Протекционизм саясаты отандық өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын ішкі рыноктағы шетелдік бәсекеден қорғауға бағытталған. Протекционизм үшін жоғары кедендік тарифтер, импортты шектеу, отандық рынокқа шетелдік компаниялардың кірігуін бәсеңсіту, өзіміздің тауар өндірушілер үшін шетелдік бәсекені жұмсарту әрекеттері тән.

Фритрейдерлік – бұл еркін сауда саясаты. Бұл жағдайда кедендік органдар тек қана тіркеу функцияларын атқарады да, экспорттық немесе импорттық баждар алынбайды, сыртқы сауда айналымына қандай да болмасын шектеулер қойылмайды. Еркін сауда қағидасы XIX ғасырдағы Англияның ресми экономикалық саясаты болды және оның негізін Д. Рикардоның салыстырмалы шығындар теориясы құрады. Мұндай саясатты тиімділігі жоғары ұлттық экономикасы бар елдер ғана жүргізе алады. Тиімді отандық экономика ғана шетелдік бәсекеге төтеп бере алады және әлемдік рынокқа белсенді түрде кірігеді.

Нақты тәжірибеде сыртқыэкономикалық қызметті реттеуде мемлекет екі бағытты үйлестіре қолданып, қай-қайсысына басымдықты ел экономикасы жағдайына сәйкес, оның бәсекелік мүмкіндіктерін ескере отырып, ішкі және сыртқы рыноктардағы бағалар арақатынасын сараптау негізінде береді.

Сыртқыэкономикалық қызметті мемлекеттік реттеу үдерісінде мемлекеттер реттеудің формалды, кейбір жағдайларда формалды емес институттарына сүйенеді.

Сыртқыэкономикалық қызметті реттеудің құқықтық институттары ретінде мемлекет халықаралық және елшілік ережелерді, ұнқатысуларды, нормаларды, кодекстерді, заңдарды және басқа да құқықтық актілерді пайдаланады.

Меншік институттар қызметін мемлекет мүлікті сату, сатып алу үдерісінің басқа мемлекеттермен байланыс кезінде ұлттық байлық элементтерін шетелдіктерге жалға, концессияға бергенде немесе шетелдік мүлікті жалға, лизингке (құрал-жабдықтардың төлемін төлеу мерзімін ұзартып сатып алу) алғанда пайдаланады.

Мемлекет басқа елдермен экономикалық қатынастарда халықаралық және ұлттық банктер, ақша және бағалы қағаздар рыногы, әлемдік бағалар сияқты қаржылық және қаржы-кредиттік институттарды пайдаланады.

Сыртқыэкономикалық қатынастарды мемлекеттік реттеуде келісімдер, сауда келісімшарттары түріндегі ұнқатысулардың мол жиынтығы едәуір рөл атқарады.

Сыртқыэкономикалық қызметін реттеу құралдары кешені де бірқатар. Олардың ішінде бірінші кезекте мемлекет енгізетін тарифтік және бейтарифтік шектеулерді атау қажет.

Кедендік тариф – елге әкелінетін және елден әкетілетін кейбір тауарларға үкімет салатын баждар тізімі. Кедендік тарифтер арқылы мемлекет тауарлардың әкелінуі мен әкетілуін оңайлатып немесе қиындатып экспорт пен импортқа әсер етеді.

Кедендік баждар – мемлекет шекарасы арқылы тауарларды, мүліктерді, құндылықтарды өткізгені үшін алынатын салықтар. Алыну объектісі бойынша экспорттық, импорттық және транзиттік (ел аумағы арқылы тасымал) баждарды ажыратады. Алу әдісі бойынша олар адвалорлық (тауар бағасынан), арнайы (салмағынан, көлемінен, тауар санынан) және аралас болып бөлінеді.

Баждар тауар бағасын арттырады, сөйтіп тауар жеткізілетін рыноктағы оның бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді. Егер мемлекет басқа елдің тауары бәсекелік күресте отандық ұқсас тауарды тықсырмасын десе ондай тауарды елге әкелу баждарын жоғарылатады. Бұл жағдайда баждар ішкі рынокты импорттық тауарлардан қорғаушы сипатында болады.

Баждар табыс алу мақсатымен де енгізілуі мүмкін. Фискальдық баждар табыс алу арқылы бюджетті толықтыру үшін әрекет етеді.

Сандық немесе бейтарифтік деп аталатын шектеулер мемлекет тағайындайтын әкелуге немесе әкетуге рұқсат берілген тауарлардың саны мен номенклатурасын (атаулар тізімін) анықтайтын тікелей әкімшілік нормалар болып табылады. Тауарлардың түрлері мен санынан басқа кейбір жағдайларда бұл тауарлар әкелінетін елдердің де шеңберін тарылтады. Сандық шектеулер сауда дисбалансын болдырмау немесе басқа елдердің дискриминациялық (алалау) әрекетіне жауап шаралар ретінде де қолданылады.

Сандық шектеулер түрлеріне контингенттеу және квоталау жатады. Контингенттеу – экспорт пен импортты белгілі бір көлемде немесе сомада (контингентте) қабылданған уақыт мерзіміне шектеуді білдіреді. Квоталау – бұл тауарлардың белгілі бір атауларының экспорты немесе импортының санын (квотасын) шектеу.

Лицензиялау жолымен мемлекеттік билік лицензиясыз еркін әкелу мен әкетуге тыйым салады. Лицензия тауардың белгілі бір санына беріледі және ол лицензияда көрсетілген кезең ішінде ғана жарамды. Әдетте, экспорт пен импортқа лицензиялар кәсіпорындарға, фирмаларға арнайы өкілеттігі бар мемлекеттік органдармен беріледі.

Тауарларды басқа елдердің рыноктарында ішкі рынокпен салыстырғанда төмендеу бағаға сату демпинг деп аталады. Мұндай жағдайда тауарлар көбінесе өндіріс шығындарынан

төмен бағаға өткізіледі. Демпингті пайдалану арқылы экспорттаушылар рынокқа еніп, сатылым көлемін көбейтіп, бәсекелестерді рыноктан ығыстыруға тырысады. Бұл құбылыспен күресу үшін көптеген елдерде антидемпингтік заңнамалар талдап жасалған. Демпингтік бағалар жағдайында импорттаушы ел нақты тауарға әдеттегі баждан бөлек антидемпингтік салық салу арқылы бағалар айырмашылығын азайтады немесе жояды.

§3. Сыртқыэкономикалық қызметті мемлекеттік қолдау және ынталандыру

Мемлекет сыртқыэкономикалық қызметті реттеу үдерісінде елде өндірілетін тауарлардың экспортын қолдауға ерекше мән береді, өйткені валюталық түсімдер, тапшылықсыз сауда балансы, отандық тауар өндірушілердің өнімін рыноктық өткізу мүмкіндіктерін кеңейту экспорт арқылы жүзеге асады. Мемлекеттің экспортты қолдау және ынталандыру шаралары келесідей:

- кредиттеу және субсидиялау;
- экспортты сақтандыру;
- салықтық жеңілдіктер, соның ішінде өндірілген өнімді экспорттаушы өндірушілерден алынған кейбір салықтарды қайтару;
- экспортты жеңілдететін инфрақұрылымды жасау;
- экспорттық мүмкіндіктерді іздестіруде ақпараттық көмек көрсету.

Мемлекет экспортты дамыту мен кеңейтуге өте мүдделі болған кезде оны тікелей субсидиялайды. Бұл әсіресе өндіруші-экспорттаушылар өнімінің өзіндік құны әлемдік рынок бағасынан артып кеткен жағдайда іске қосылады. Сөйтіп, мемлекет экспорттаушыларды шығынданудан құтқарады.

Экспортты осылайша тікелей субсидиялау негізінен халықаралық сауданың белгілі бір секторларында жүзеге асады. Ол, бірінші кезекте, ауыл шаруашылығы және өнеркәсіптік тауарларды өткізуді ынталандыру үшін қолданылады. Себебі олардың өндірісі ірі қаржы ресурстарын шығындауды талап етеді.

Айта кететіні, халықаралық сауда ұйымдары, мысалы, Бүкіләлемдік Сауда Ұйымы (БСҰ) тауардың ұқсас түрін шығаратын басқа елдердің өндірушілерін дискриминацияламау мақсатында мемлекеттердің өз экспорттаушыларын субсидиялауына қарсылық білдіреді.

Тауарларды әлемдік рынокта өткізуге мемлекеттік қолдаудың заманауи кешенді жүйесіне экспортты экономикалық ын-

таландыру, өнімді сыртқа шығаруға өкімшілік шаралар арқылы әсер ету, сондай-ақ экспорттаушыларды моральдық қолдау тәсілдерін пайдалану жатады. Бұл жүйедегі негізгі рөлді кредиттік және қаржылық құралдар атқарады.

Экспортты жеделдету мақсатында қолданылатын кредиттік қаражаттар негізінен екі формада жүзеге асады: экспорттық кредиттерді қолайлы шарттармен беру және экспорттық операцияларды сақтандыру.

Мемлекеттің ұзақ және қысқа мерзімді кредиттер берудегі белсенділігі қаражатты ұзақ уақыт бойына салымдау және едәуір тәуекелдікпен байланысты болғандықтан осылайша қаржыландыруға коммерциялық банктер аса мүдделі емес.

Экспортты сақтандырудың мемлекеттік жүйесін кеңейту негізінде саяси және экономикалық тұрақсыздық жатыр. Бұл жүйе белгілі бір шамада компанияларды сатып алушылардың төлем қабілетсіздігіне, бағалардың инфляциялық өсуіне байланысты тәуекелдерден сақтандырады. Экспортты мемлекеттік сақтандырудың міндеті тауарларды сыртқа шығаруды мейлінше қауіпсіздендіру және арзандату болса, онда компаниялардың сыртқыэкономикалық қызметін барынша мүдделендіру сақтандырудың басты мақсаты болып табылады.

Экспортты жеделдетудің маңызды қаржылық құралдарына салықтық жеңілдіктер жатады. Экспорттаушы кәсіпорындар үшін салықтық жеңілдіктердің негізгі формаларына әртүрлі сипаттағы орнын толтырулар (компенсация), салық салудың жеңілдікті тәртібі тарайтын тауарлар шеңберін кеңейту, салық төлеуді кейінге шегеру сияқты шаралар жатады. Өнім экспорттаушы компанияларға мемлекет салық салынбайтын ақша қорларын жасауға рұқсат береді.

Жоғарыда айтылғандай, мемлекет өндіріс технологиясын жетілдіру, өндірістік қуаттардың ұтымды құрылымын құру шараларына қолдау көрсету арқылы компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға едәуір үлес қосады. Өндірістік шығындардың баға деңгейіне қолайсыз әсерін төмендету үшін үкімет субсидияларды пайдаланады.

Өндірісті жетілдіру шараларына қарағанда субсидияның тиімділігі оны қолдану кезеңдерімен шектеледі. Түпкі есепте мемлекеттік қолдаудың бұл формасы кейбір жағдайларда оны пайдаланушы компанияларға кері (теріс) әсерін тигізеді. Экспорттаушы фирмалар өздерінің шығындарын алдын ала, үкімет беретін жеңілдіктерді ескере отырып есептейді. Ал субсидия сомасы азайса, компанияның бәсекеге қабілеттілігі төмендейді. Сөйтіп, компания үкіметтік қолдауға тәуелді болып, оның сүйемелдеуіңіз бәсекелік күреске шыдас бермейтін халге ұшырайды.

Отандық экспорттаушыларды моральдық ынталандыру, психологиялық қолдау мақсатында мемлекет экспорттық тауарлардың халықаралық және ұлттық көрмелерін ұйымдастырады, оған қатысады, конкурстар өткізіп, жеңімпаздарды марапаттайды.

Ізденіс сұрақтары:

1. Сыртқыэкономикалық қызметті мемлекеттік реттеудің мақсаттары мен міндеттері.
2. Экономикалық үдерістерді интеграциялау, сондай-ақ олардың жаһандануының мемлекеттік реттеуге әсері.
3. Сыртқыэкономикалық қызметті мемлекеттік реттеу әдістері.
4. Сыртқыэкономикалық қызметті мемлекеттік реттеудің құқықтық, меншік, қаржылық институттары.
5. Сыртқыэкономикалық қызметті мемлекеттік реттеу құралдары.
6. Экспорт пен импортқа бейтарифтік шектеулер.
7. Экспортты қолдау шаралары.
8. Мемлекеттік қолдаудың қаржылық құралдары.

XVI тарау

ЭКОНОМИКАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

§1. Мемлекеттің экономикадағы рөлі: американдық тәжірибе

Қазіргі кезеңнің тұрақты түрде қызу пікірталас туындататын қағидатты мәселелерінің бірі – рыноктық күштер мен мемлекеттік реттеудің арақатынасы туралы болып отыр. ХХІ ғасырдың бастапқы кезеңінде ол, тіпті, орнықты рыноктық құрылымы, жеке меншіктің мызғымас институттары, сондай-ақ мемлекеттік реттеудің дамыған жүйесі бар елдер үшін де өзекті мәселеге айналды.

Капитализмнің дамуы рыноктық бәсекелі механизмнің күшейген кезеңдерінің экономиканы мемлекеттік реттеу басымдығы кезеңдерімен алмасуы тәжірибесін көрсетті. Соған сәйкес

алдыңғы шепке (сахнаның қас бетіне) бірде экономикалық үдерістердегі мемлекет рөлінің күшеюін қолдайтын концепциялар шыкса (бірінші кезекте ХХ ғасырдың 70-жылдарының соңына дейін экономикалық теорияда да, шаруашылықты реттеу тәжірибесінде де үстемдік еткен кейінстік), бірде экономикадағы рыноктық күштерге, кәсіпкерлікке және осы күштерді мемлекеттің қолдауына сүйенген концепциялар (монетаризм, ұсыныс экономикасы, неолиберализм және басқа да 80–90-жылдары ерекше ескіріп алған экономикалық теориялар) шықты.

Өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап рыноктық экономикадағы мемлекеттік рөлі мен орны айқындала түсіп, оның рыноктық механизм негіздерін, бәсекелікті, тауар өндірушілердің дербестігін, қорлану мен тұтыну арасалмағын бұзбастан «кетігін тауып қалану» арқылы максималды тиімділігін қамтамасыз ететін функциялары анықталған болатын. Мәселе мынада, экономиканың мемлекеттік және жеке меншік секторларының оптималды арақатысы қандай болуы тиіс? Қазіргі экономика мен қоғам алдындағы мемлекеттің рөлі, негізгісі, жауапкершілігі қандай? Бұлар теориялық мәселелер болуымен қатар ХХІ ғасырдың басында АҚШ-та және басқа да дамыған елдердегі өткір пікірталастардың көзіне айналып отыр.

Жекешелендірудің қажеттілігін және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық функцияларын шектеудің теориялық негізін 1962 жылы жарияланған М.Фридмэннің «Капитализм, бостандық және демократия» классикалық еңбегі қалаған еді. Онда М.Фридмэн қоғамдық игіліктердің ерекше табиғатын және оларды қамтамасыздандырудағы мемлекеттің жауапкершілігін мойындай отырып, мемлекет өзінің міндеттемелерін жеке меншік институттардың көмегімен рыноктық механизмдер арқылы атқаруы тиіс дейді. М. Фридмэннің мемлекеттің рөлі туралы теориялық түсініктері жұртшылықтың ілтипатына бөленіп, практикалық жүзеге асуы 70-жылдардың соңы мен 80-жылдарға тап келеді.

АҚШ-қа қатысты, 30-жылдардан бастап мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық сфераға кірігуін ұлы депрессияға және рыноктың көзге көрінген кемшіліктеріне мәжбүрлі прагматикалық реакциясы деп түсінеміз бе, жоқ, әлде қоғамдық институттар мен өндіргіш күштер дамуының объективті үдерісінің қажетті құрамдасы ретінде танымыз ба?

Осыған байланысты теорияларды бірнеше негізі бағыттар бойынша топтастырып қарастырып көрейік.

Теориялардың бірінші тобы мемлекет рөлінің артуын қоғамда пайда болған қыр көрсетулермен (вызовы) байланыстырады (Мысалы, техникалық прогреспен, демографиялық жылжулар-

мен, экономикалық жүйедегі өзгерістермен). Осы мектептің жетекші өкілдерінің бірі американдық экономист М.Олсон жалпыға бірдей берекелі мемлекет идеясының дамуы және оны практикалық жүзеге асыру әрекеттері уақыт талаптарына қажетті жауап болған еді дейді. Мысалы, демографиялық жылжулар (халық санының өсуі, урбанизация) әлеуметтік саясатты күшейтуді, денсаулық сақтауға мемлекеттік қызмет көрсетуді, қалалық өмірді реттеуді, қоршаған ортаны қорғауды және т.с.с талап етті. Барлық типтегі технологиялық жетістіктер мемлекеттен ғылым мен білім сферасына инвестицияларды көбейтуді, патенттік қызметті ұйымдастыруды т.с.с. талап етеді.

Басқа ғылыми бағыт қоғамдық орта маңыздылығын терістемей, мемлекет рөлінің күшеюін ішкі саяси үдерістердің әсерімен түсіндіреді. Бұл мектептің ғалымдары саяси мәдениеттің маңыздылығы мен заңдарға көзқарастардың өзгерістерін және мемлекеттік функциялар мен әрекеттердің негізділігін атап көрсетеді. Олардың пікірінше заңнаманың басым болуы әртүрлі қоғамдық топтардың мүдделерін білдіруші және үйлестіруші ретіндегі мемлекеттің рөлін сөзсіз күшейтеді. Бұған әртүрлі әлеуметтік-экономикалық көзқарастағы саяси партиялардың, кәсіподақтардың және басқа да қоғамдық ұйымдардың саяси ықпалын қосуға болады.

Тағы бір ғылыми бағыт мемлекет рөлінің күшеюін оның экономикалық дамуды қамтамасыздандыру функциясымен байланыстырады. Айталық, экономика тарихын зерттеуші американдық ғалым Ф.Гершенкорннің пікірінше, индустрияландыру немесе басқа да масштабты технологиялық және экономикалық жаңғыртулар жолына өзгелерден кейінірек түскен елдерде, әдетте мемлекеттік сектордың үлесі жоғары және даму үстіндегі экономиканы мемлекеттік реттеу басымдық алады.

Бұл жағдайларда мемлекет жаңғыртулардың локомотиві ретінде көрініп, салаларды техникалық қайта жарактандыруға, ғылыми бағдарламаларға, инвестицияның өсуіне, құрылымдық саясатқа күш-қуатын бағыттайды. Мұндай жолды соғыстан кейінгі Франция және Германия, Жапония және КСРО жүріп өткен болатын. Бұл мысалдар рыноктың кемшіліктері туралы тезисті дәлелдей түседі. Жедел технологиялық жаңғыртуға мемлекеттің көмегімен қол жеткізу «көрінбейтін қолға» қарағанда анағұрлым ұтымды болуы әбден мүмкін.

Кейбір батыстық теоретиктер мемлекет әсерінің функциялық кеңеюін оның ішкі жаратылыс табиғатымен және дамуының ішкі динамикасымен түсіндіреді. Кез келген ұйым сияқты мемлекет те өзінің институттары арқылы өзін-өзі ұдайы өндіреді, қадағалайды және өз-өзіне шектеулер қоймайды.

Қоғамдық таңдау деп аталатын теорияның жақтастары мемлекеттің іс-әрекетін рыноктағы кез келген басқа да монополия сияқты монополистік сипаттан ада емес деп сынайды.

Өздерінің айырмашылықтарына қарамастан аталған теориялар мемлекеттің рөлі мен функцияларының универсалды (әмбебап) сипатта кеңейе түскенін қағидатты түрде мойындайды және қолдайды. Қалай болғанда да мемлекеттің экономикаға әсер етуінің шектері елде орын алған нақты әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайға, дәстүрлерге, түсініктерге, сондай-ақ жұртшылықтың талап-тілектеріне сай болса керек.

Өткен ғасырдың 80-жылдарында АҚШ-тағы мемлекеттік функциялардың бағажы тым жеңіл еді. Сондықтан да неолибералды тұрпаттағы (американдық терминология бойынша консервативті) революция орын алып, өзінің негізгі көріністері бойынша республикалықтардың ғана емес, сонымен бірге демократтардың да қолдауына ие болды.

АҚШ-та XX ғасырдың 90-жылдарында экономикалық өсуге жұмсалған мемлекеттік шығындардың үлесі азая түсті. Мұның өзі, бір жағынан, экономикадағы рыноктық күштердің күшеюімен байланысты болса, екінші жағынан, «қырғи қабақ соғыстың» аяқталғанымен байланысты болған еді. Бұл жағдайда АҚШ-тың мемлекеттік секторы өзінің салалық құрылымының сипаты бойынша әскери-күштік бағытпен бірге инфрақұрылымдық салаларға (транспорт торабы – көпірлер, жолдар, құбырлар; энергетиканың жекелеген түрлері – атом электростанциялары; ғылым. Сондай-ақ жұмысшы күшін ұдайы өндіретін салаларға – білім беру және денсаулық сақтау) жұмылдырылды.

Толықтан алғанда АҚШ-та мемлекеттің экономикаға араласуының бірнеше бағыттарын атап өтуге болады. Солардың ішінде мемлекеттің шүбәсіз прерогативасы ретіндегі ақша эмиссиясы және ақшалық реттеу; жеке меншік және тұтынушылар құқығын заңнамалық қорғауды қосқандағы рыноктық қатынастардың құқықтық базасын жасап, оны қолдау; бәсекелік ортаны қолдау және экономиканы монополизациялауға жол бермейтін шараларды талдап жасау; қоғамдық игіліктер өндірісі, білім беру қызметтері, іргелі ғылымдар, қорғаныс, құқық қорғау мәселелері, рыноктық қызметтің келеңсіз әсерлерін кеміту, атап айтқанда қоршаған ортаны қорғау, қоғамдағы әлеуметтік дифференциацияны (жіктелуді) еңсеру, тұрғындардың әлеуметтік әлжуаз топтарын қолдау. Қазіргі кезде АҚШ-та ұлттық басымдылықтарды жүзеге асыруды қамтамасыздандыру үшін мемлекеттің қатысуы өзекті болып отыр.

XXI ғасыр басындағы АҚШ үшін басымдықтардың негізгілерін атайық:

Біріншіден, бұл экономикалық өсуді тұрақтандыру, экологиялық және әлеуметтік талаптарды есептей отырып, орнықты дамуға қол жеткізу мақсатында теңдестірілген макроэкономикалық саясатты талдап жасау.

Екіншіден, инновациялық саясатты жүзеге асыру арқылы еңбек өнімділігін арттыра түсу.

Үшіншіден, білім беруді және жұмыс күшінің біліктілігін жоғарылату арқылы олардың экономикалық өсу мен американдықтардың өмір сүру деңгейіне әсерін күшейтеу.

Төртіншіден, зейнетақы және медициналық сақтандыруды дамыта отырып, отбасылық құндылықтарды дәріптеу.

Бесіншіден, американдық экономикада жаһандандудың оңды әсерлерін оңтайлы жүзеге асыру.

Алтыншыдан, табиғи ортаны жақсарту, экологиялық реттеушілерді жетілдіру, әлемдік климаттың өзгеруіне сәйкес тиісті саясатты талдап жасау.

Қазіргі кезде мемлекеттік бюджеттегі адам капиталына инвестициялық салымдардың басымдылығына едәуір көңіл бөлінеді, яғни білім беруге, кәсіби оқыту мен қайта оқытуға, сондай-ақ денсаулық сақтауға салымдар арта түсуде.

Жинақтай қорытындыласак, АҚШ-тың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы мемлекет рөлінің эволюциясы американдық капитализмнің ХХІ ғасыр басына дейінгі жүріп өткен жолынан бірқатар тағылым алуға болатынын көрсетеді. АҚШ-тың тәжірибесі американдық экономиканың заманауи моделінің перспективасы бар ерешеліктеріне назар аударуды талап етеді.

Олар: дамудың әлеуметтік экономикалық басымдылықтарын анықтау механизмін жасау, экономикалық және әлеуметтік реттегіштерді таңдап, тиімділігін арттыру, қоғамдық болмыстағы экономиканы мемлекеттік реттеудің рөлі мен орнын дәлдеп, тиімді пайдалану.

§2. Швециялық әлеуметтік модель: басқару және дамыту

Қазіргі кезде қоғамды ұйымдастырудың шведтік моделі ең алдымен рыноктық экономикасы бар мемлекеттер үшін қолайлы деген пікірлер көптеп кездеседі. Аталмыш модельдің мән, мағынасы неде?

Қазақстан, сондай-ақ Орталық және Шығыс Еуропа елдерінде мемлекеттік сектор үлкен рөл атқарады. Дәл осыны экономиканы басқару мен халықты әлеуметтік қорғаудағы мемлекеттің рөлі туралы да айтуға болады.

Есте ұстайтын бір жайт, шведтік модель рыноктық экономика негізінде жұмыс істейді. Бұл елдегі кәсіпорындардың 95%-ы жеке меншікте және аталған сектор Швецияның экономикалық дамуының кепілі болып табылады. Дегенмен, Швецияның өзіндік монополистері де баршылық. Оларға электр желілерінің біртұтас мемлекеттік жүйелері, темір жолдар, ядролық энергетика, телекоммуникация және т.б. жатады.

Мемлекеттің билігіндегі ірі сектор – әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау және білім беру. Мұның барлығы ірі бюджеттік шығындарды талап етеді, сондықтан салықтар мен әлеуметтік төлемдер едәуір жоғары шамамен жалпы ішкі өнімнің 60%-ын құрайды. Жақын уақыттарға дейін денсаулық сақтау мен білім беру абсолютті тегін болып келді. Қазіргі кезде білім беру, жоғары білімді қосқанда сол қалпында қалды да, медицина жарым-жартылай ақылы қызмет көрсетуге көшті.

Шведтік модельдің бастауларын 1929–1933 жж. әлемдік экономикалық дағдарыстан кейін билікке келген социал-демократтық үкіметтің іс-қимылдарынан іздеу керек. Сол кездердің өзінде үкімет қоғамдық өндірістің үздіксіз үдерісін қалыптастыру үшін шаруа (крестьянский) партиясымен экономиканы мемлекеттік реттеу туралы келісімге келген болатын. Бұл шешімнің негізгі мақсаты тиімді сұранысты қолдау және халықты жұмыспен қамту еді.

Шведтік модельдің маңызды элементі – еңбек рыногындағы саясат. Оны жүргізудің жалпы жауапкершілігі парламент пен үкіметке артылған, атап айтқанда еңбек министрлігі бұл іске тікелей жауапты. Бұл жүйеде 400-ге жуық жұмыспен қамтудың мемлекеттік қызмет көрсетулері жүзеге асырылады. Дегенмен, соңғы кездерде жұмысқа орналастырудың жеке меншік агенттіктеріне де рұқсат берілген. Бірақ заң бойынша жұмыс берушілер пайда болған вакансияларды жұмыспен қамтудың мемлекеттік мекемелерінде тіркеуге міндеттелген.

Шведтік қоғамда экономикалық үдерістерді мемлекеттік реттеудің негізгі әдістері – құқықтық және экономикалық. Мемлекет қандай болмасын саланың дамуына көмектесетін қажетті заңнамалық нормаларды таллап жасайды, перспективалық бағыттарға жеңілдіктер береді. Ал мұндай саясатты жүргізудің басты құралы болып мемлекеттік бюджет саналады.

Құрамында ұлттық үкімет пен жергілікті өзін-өзі басқару органдары бар мемлекеттік сектордың өкілеттік шеңбері айтарлықтай кеңейтілген. Оған білім беру, жұмысқа орналастыру және өнеркәсіп саясаты, әлеуметтік қамсыздандыру, қоршаған ортаны қорғау және т.б. қамтылған. Аталмыш өкілеттіктерді жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдар жалпы

ұлттық ресурстардың бір бөлігін қажетсінеді. Олар салық түрінде жинақталады. Алайда жиналған қаражаттың негізгі бөлігі салық төлеушілерге әртүрлі төлемдер және қызмет көрсетулер түрінде қайтарылады.

Экономиканы мемлекеттік реттеудің басты бағыттарының бірі – еңбек рыногы үшін әртүрлі бағдарламаларды талдап жасап, жүзеге асыру болып табылады. Айталық, жұмыспен қамтуды және жұмысшы күшіне сұранысты ынталандыру үшін жасалған бағдарламалардың өзі оннан асады. Мақсат еңбекке сұранысты оның құлдырау шағында ынталандыру болып табылады. Бұдан басқа, бағдарлама жұмыссыздарға өндірістік өтіл (стаж) жинақтауға мүмкіндік береді. Мұның өзі ашық еңбек рыногынан өз орнын табуды жеңілдетеді, сондай-ақ жаңа кәсіпті таңдау негізін қалайды.

Әлемде тұрғындарды әлеуметтік сақтандырудың шведтік моделі кеңінен танымал. Оның негізгі белгісі – әмбебаптығы, яғни әлеуметтік сақтандыру орбитасына кәсібінен, жалақы алуы-алмауынан тәуелсіз елдің әрбір тұрғыны тартылады. Бұл Швецияда әмбебап (универсалды) әлеуметтік саясат деп аталады.

Швеция экономикасын басқару механизміндегі маңызды өзгерістер өткен ғасырдың 80-жылдары басталды. Сарапшылардың анықтауы бойынша сол кездегі экономикалық өсудің бәсеңдеуі прогрессивті салық деп аталатын салық салу әдісінің кемшіліктеріне байланысты болған, себебі жұмыскерлердің жоғары жалақыға ұмтылысы пайдасыз болып қалған, өйткені төмен табыстардан салық 20% көлемінде, ал жоғары табыстардан 86% көлемінде алынған.

Қазіргі кезде жеке тұлғалар табыс салығын 25% көлемінде төлейтін болса, заңды тұлғалардың салық төлеу деңгейі 28%-дан аспайды. Үкімет пен парламент салықтық ауыртпалықты жеңілдетуге арналған жаңа заңнаманы талдап жасау үстінде. Басты мәселенің бірі елден жеңіл кетіп қалуға мүмкіндіктері бар капиталға салық қойылымдарын түзету болып отыр.

§3. Қытай экономикасын реформалау мен дамытудағы мемлекеттік реттеудің рөлі

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының соңынан бастап Қытай өзінің шаруашылық жүйесін рыноктық бағытта реформалауға кірісті. Соңғы онжылдықта жалпы ішкі өнімнің орташа жылдық өсімі 10%-ға жетіп, мемлекеттің қуаты, сондай-ақ халықтың өмір сүру деңгейі едәуір күшейіп, өсті. Бұл жетістіктердің негізінде экономиканы мемлекеттік реттеудің зор үлесі жатыр.

Қытайдағы шаруашылық жүргізудің социалистік рыноктық жүйесінде мемлекеттік функциялар макроэкономикалық реттеу саясатынан көрінеді. Бұнын бірқатар себептері де бар.

Біріншіден, рыноктың әлсіздіктері мен кемшіліктерінің орнын толтыру қажеттілігі. Капитализм жағдайында сияқты социализм жағдайында да көптеген өмірлік маңызы бар мәселелерді шешуде рынок ешқашан бесаспап бола алмайды. Атап айтсақ, экологияға, әлеуметтік әділеттілікке, білім беруге жеке тұлғаның жан-жақты дамуына келгенде рынок әлсіздік танытады. Себебі аталмыш сфералардағы жетістіктер жалпы-қоғамдық мүдделерге қызмет етеді, сондықтан жеке тұлға немесе кәсіпорын бұл мүдделерді қамтамасыздандыруда шарасыздық көрсетеді. Бұдан басқа, экономиканың қарқынды дамуы мен құрылымын бағалар арқылы рыноктық реттеу әдетте баяу және стихиялы түрде жүзеге асады. Оның үстіне кәсіпорын мен жеке тұлға көбінесе толық ақпаратқа ие болмауы нәтижесінде микроэкономикалық саясат белгілі бір деңгейде жоспарсыздықпен ерекшеленеді. Бұл, әсіресе, өндірістік циклы ұзақ салаларда ерекше көрінеді (ауылшарушылығы, тау-кен және т.б. салалар). Сондықтан байлықты тиімді бөлумен қатар сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдігін ұстап тұру және орнықты өсуді қамтамасыз етуде қиыншылықтар туындайды. Тек қана рыноктық механизмдерге сүйену арқылы табысты әділетті бөлуге қол жеткізу мүмкін емес. Рыноктық айырбас эквиваленттік (сәйкестік) қағидасы бойынша жүргенімен адамдардың мүмкіндіктері әртүрлі, сондықтан олардың табысы да едәуір ерекшеленеді. Рыноктық механизмдердің шексіз әрекеті әлеуметтік алшақтауға, жұмыссыздыққа және әлеуметтік шиеленістерге бастайды.

Екіншіден, макро және микроэкономика, бүтін мен бөлшек, орталық пен жергілікті мүдделер арасындағы қатынастарды реттеу қажеттілігі. Жекелеген кәсіпорынның, саланың немесе аймақтың экономикалық қызметі жауапкершілікті бөліп беру, шаруашылық жүргізудегі дербестік және өзін-өзі өтеу қағидасы бойынша жүргізіледі. Әрбір кәсіпорын, сала және аймақтың өзіндік, нақты мүдделері бар, сондықтан олардың іс-әрекеті белгілі бір дәрежеде стихиялық, эгоистік сипатта болады және қысқа мерзімді нәтижеге қол жеткізуді мақсат тұтады. Сонымен бірге кәсіпорындар бәсекелік қатынастарда болады, ал кәсіпорын мен мемлекет арасында бүтін мен бөлшек мүдделерінің қарама-қайшылығы орын алады.

Ұлттық экономика көпдеңгейлі, көпмақсатты және көпқызметті организм болып табылады, ондағы әртүрлі салалар, аймақтар және кәсіпорындардың өзіндік ерекшеліктері бар.

Тек қана рыноктық механизмдер арқылы олардың дамуын ортақ мақсатқа бағыттау мүмкін емес.

Үшіншіден, өтпелі типтегі экономикаға макроэкономикалық бақылауды күшейту қажеттілігі. Жоспарлы шаруашылықтан рыноктық экономикаға өту кезінде Қытай экономикасында келесі белгілер білінді:

- Жаңа және ескі экономикалық жүйелердің қатар өмір сүруі;

- Экономиканың жедел өсуімен инфляцияның бірге өршуі;
- Циклдық тербелістердің жалғасуы;
- Даму қарқыны жедел, бірақ экономикалық тиімділіктің салыстырмалы төмендеуі;
- Макроэкономикалық дамуға басқарушы қызметкерлердің біліктілігі деңгейінің ілеспей қалуы.

Мемлекеттік реттеудің құрамына макроэкономикалық реттеу жүйесін жасап нығайту, оның мақсаттарын, әдістері мен саясатын анықтау іс-қимылдары кіреді. Мұның өзі мемлекеттің экономикалық функцияларының шоғырланған көрінісі және рынокқа өту кезеңінің объективті қажеттілігі болып табылады. Макрореттеудің рыноктық ресурстарды бөлудегі рөлін анықтаумен қатар жүзеге асуы социалистік рыноктық экономиканың қызметін ұғынықты, келісімді және үйлесімді етіп халық шаруашылығын дамытуды ұзақ, жедел және қалыпты жағдайға келтіреді.

Макрореттеу мақсаттарын экономикалық өсу, экономикалық тұрақтылық және экономикалық әділеттілік анықтайды. Сонымен, макрореттеудің қытайлық үлгісінің мазмұны:

1. Ұтымды өсу қарқыны. Шамадан тыс жоғары өсу қарқыны тепе-теңдікті бұзып, тиімділіктің құлдырауына және бағалардың өсуіне әкелуі мүмкін.

2. Қорланудың (күрделі қаржының) және құрылыс көлемінің ақылға қонымды коэффициенті.

3. Ақылға қонымды валюта ұсынысы және қалыпты баға деңгейін қамтамасыз ету. Бағаны бақылауда ұстау – реттеу саясатының ең маңызды мақсаттарының бірі.

4. Қаржылық түсімдер мен шығындар. Шығындардың өсу қарқыны түсімдерден артылуы тиіс.

5. Экспорт және импорт көлемі мен құрылымы. Соңғы онжылдықтарда Қытайдың экспорты экономикалық өсу қарқынынан шамамен 4–5% артық болды.

Қытай экономикасын мемлекеттік реттеудің негізгі құралы ретінде жанама реттеу әдістері қабылданды. Бұл халық шаруашылығы көрсеткіштері мен олардың динамикасын экономикалық әдістер және тетіктер арқылы реттеу мен бақылау дегенді білдіреді.

Реттеу қалыпты бәсекені құқықтық және әкімшілік әдістер, монополизмге қарсы әрекет, экономикалық дамуды үкімет белгілеген көрсеткіштер шеңберінде ұстап тұру арқылы жүргізілді.

Реттеудің жанама әдістерін қолдану келесі өзгерістерге алып келеді:

- кәсіпорындар мен салаларды тікелей (директивті) басқарудан жанама әдістерге көшу;
- микро деңгейдегі басқарудан макро басқаруға өту;
- құрылыс объектілерін, даму бағыттары мен жоспарларды талдап жасау және олардың атқарылуын қадағалау.

Экономиканы мемлекеттік реттеудің қытайлық құралдары мен әдістері тұрақты түрде жетілдіріліп келеді. Бұл салада белгілі бір тәжірибе жинақталды.

Біріншіден, реттеудің әрекеттілігі мен шарттарына кепілдік беру, яғни «мүкият реттеуге» ерекше назар аударылуы тиіс; екіншіден, басымдық реттеудің экономикалық әдістеріне берілуі қажет; үшіншіден, мемлекеттік реттеу саясаты мен реформа барысы үйлесімді болуы керек; төртіншіден, реттелу саясаты экономикалық дамуды ынталандыруы тиіс.

2010 жылға дейінгі реформаның барысында қытайлық мемлекеттік реттеу саясатының негізгі сипаттары келесідей болмақ:

1. Ұзақ мерзімді тұрақтылықты қолдап, циклдық төбелістердің негативті салдарын жұмсарту.

2. Мемлекеттік реттеу саясатының мазмұны мен негізгі бағыттарын елдің экономикалық жағдайына сәйкестігін қамтамасыз ету.

3. Мемлекеттік реттеудегі экономикалық әдістердің басымдығы.

Толықтай алғанда экономикалық құрылымды қайта құруда Қытай қазірдің өзінде мемлекеттік реттеу саясатының негізгі құралдарын меңгерді, және, тіпті оларды жүргізуде белгілі бір жетістіктерге де жетті. Бірақ қытайлық маман экономистердің айтуынша, бұл салада әлі де көптеген проблемалар бар және олар дамудың келесі кезеңдерінде шешілуі тиіс.

§4. Экономиканы мемлекеттік реттеудегі Корея Республикасының тәжірибесі

Мемлекеттік реттеуді жетілдіру – Корея Республикасының экономикалық тарихының өзекті мәселесі. Мемлекеттің ел экономикасы құрылымына кірігуі соншалықты, мемлекеттік ме-

ханизм функцияларындағы өзгертулер бүкіл шаруашылық жүйесінің өміршеңдігіне тікелей әсер еткен болар еді. Сонымен бірге мемлекет пен жеке бастаманың байланыстары тарихи қалыптасқан, оларды бұзу өте қиын және ауыр сипат алып, едәуір мәселелер туғызуы әбден мүмкін.

Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін Оңтүстік Кореяда қанат жайған капиталистік модернизация өзінің басталуында-ақ мемлекеттік реттеу жүйесін қалыптастырып, жетілдірумен байланысты болды.

Корея Республикасы ұлттық шаруашылықты демократияландыру жолымен қаншалықты алға жылжыды? Бұл сұраққа жауап беру үшін мемлекеттің экономикаға араласуының негізгі әдістері мен формаларын қарастырайық. Оңтүстіккореялық мемлекеттік сектордың тағдыры толықтай алғанда Батыс Еуропа елдеріндегі ұқсас үдерістерімен сипаттас келеді. Бұрынғы жапондық және компрадорлық мүлікті тәркілеу нәтижесінде пайда болып, инфрақұрылым және ауыр индустрия кәсіпорындары объектілерінің құрылысы негізінде кеңейтіле түскен мемлекеттік сектор шетелдік көмек есебінен өзінің көлемін өткен ғасырдың 80-жылдарына дейін өсіріп, қалыптастырған еді. Аталмыш кезеңде оңтүстіккореялық ең ірі қаржы-өнеркәсіп конгломераттары – Чэболи жетіліп, экономикалық жағынан күшейе түсті.

Соңғы 20 жыл ішінде мемлекеттік кәсіпкерлік қызметтің басымдықтары едәуір өзгерістерге ұшырады. Өндірістік инфрақұрылымға күрделі салымдардан бастаған мемлекет одан кейінгі уақыттарда жаңа өнеркәсіп салаларының базалық кешенін құра отырып, тікелей өндірістік сфераға әсер ету мүмкіндіктеріне ие болды. Ал қазіргі кезеңде мемлекет өзінің бастапқы, табиғи функцияларына өнеркәсіптік өндірісті арттырып, жетілдіру үшін оңтайлы жағдайлар жасауды қамтамасыз етуге көшті.

Мемлекеттің тікелей кәсіпкерлік қызметтен біртіндеп бас тартуымен қатар оның қаржылық бақылауды функциясының күшейе түсуі үрдісі анық байқалды. Дамудың постиндустриялды кезеңіне аяқ басқан мемлекеттің экономикалық саясаты дәл осы бағытта айқын көрініс берді.

Мемлекет қаржылық институттарға бақылауды күшейту арқылы мемлекеттің экономикалық стратегиясын жүзеге асырды. Экономикалық және қаржылық либерализациялауға қатысты барлық өзгерістерді мемлекет талдап жасады және қабылдады. Эволюциялық сипаттағы бұл өзгерістермен қатар көптеген ескертулер мен түзетулер бірге жүрді. Сондықтан да шығар, Корея Республикасына қайсыбір жағдайларда шаруашылық қызметтерін асыра мемлекеттендіру жалпы экономикалық болмысты бюрократизациялау сияқты кінәлар тағумен қатар жүреді.

Сонымен бірге, Батыс елдері мамандарының пікірі бойынша оңтүстіккореялық экономикалық саясат жеткілікті дәрежеде ашық емес, оны жасау мен қабылдау үдерісі бұрынғыша анық болмай отыр. Мұның өзін бұл елдегі мемлекеттік сектордың экономикадағы рөлінің басымдығымен және іскерлік белсенділіктің көптеген салаларының мемлекеттік қатаң бақылауда қала беруімен түсіндіруге болады.

Халықаралық менеджмент және даму институты дайындаған баяндама бойынша өндірістік өнімдердің әлемдік рыноктағы бәсекеге қабілеттігі көрсеткіші бойынша Корея Республикасы 31-орында тұр. Баяндама авторларының қорытындысы — мемлекеттік сектор елдің бәсекеге қабілеттілігінің жалпы деңгейін төмендетіп отырған жайы бар.

Өткен ғасырдың 90-жылдарында Оңтүстік Корея экономикалық құлдырау кезеңін бастан кешірді. Мұның басты себебі ірі конгломераттардың қызметтері сферасының шектен тыс өсіп кетуі және олардың қаржылық осалдығы негізінде экономикалық тиімділігінің төмендеуінде еді. Жалпы, Корея Республикасының ірі капиталды мемлекеттік реттеуге көзқарасы екі сипатта болып отыр: бір жағынан, ол өзінің іс-әрекетіне мемлекеттің араласуына қарсылық білдіреді, (атап айтқанда, өзара қатынастарға ашықтық беру талаптарын пайдаланып), екінші жағынан, бұрынғысынша дербес жобалар бойынша мемлекеттік қолдауға мүдделі.

Көптеген оңтүстіккореялық экономистердің пікірі бойынша мемлекеттің шаруашылық өмірге тікелей араласуы бұрынғысынша сақталып отыр, бірақ тиімділігінің төмендеуі себебінен экономиканы сауықтыруға күш-қуаты жетпейді. Бұл жағдайларда оңтүстіктің экономикалық топтары мемлекеттің монополиялармен ынтымақтастығы проблемасын келесі мәселелер бойынша шешуді ұсынады:

1. Экономика үшін не тиімдірек: бизнесті диверсификациялау немесе мамандандыру: мемлекет тәуекелдікті кепілдендіретін бизнес пе, жоқ, әлде дербес бизнес пе? Компания иемденушінің өзі басқаратын жүйе ме, жоқ, әлде кәсіпқой менеджерлер басқаратын жүйе ме?

2. Монополиялардың іс-әрекеттің жаңа сфераларына кірігуіне шектеулер қажет пе, әлде жоқ па?

Оңтүстіккореялық қоғам мемлекет өзінің функцияларын қайта қарауы тиіс дейтін көзқарасқа қолдау көрсетіп келеді. Мемлекеттің рөлі бюрократтық (кеңселік) және бақылаушы басқарушы бағыттан экономикалық өсуге, жауапкершілікті орталық және жергілікті билік органдары арасында тиімді және әділетті бөлуге бағдарланған көмекші бағытқа қарай ойысуы

кажет. Жаңа міндеттерге сәйкес мемлекет жекешелендірудің барысы мен көлемін, сондай-ақ мемлекеттік сектор аясындағы кәсіпорындарды ұйымдастыру және менеджмент жүйесін реформалайтын болады. Мемлекеттік реттеуді осылайша реформалау қоғамдағы жемқорлықты кемітеді деген де үміт бар.

Бірінші кезектегі міндеттер ішінде экономиканы басқарудағы үкіметтік әдістерді өзгерту, ұлттық шаруашылықтың барлық салаларында еркін сауда тәжірибесін қалыптастыру, банк жүйесін реформалау, атап айтқанда, ірі корпорациялардың банктермен «ынтымақтасуы» практикасын жою; шағын және орта бизнесті кредиттеуді кеңейту; қоғамдық, мемлекеттік инфрақұрылым жүйесін жақсарту; жұмысшы күшін бөлудің қалыптасқан жүйесін қайта қарау; техникалық және гуманитарлық кадрлар даярлаудың теңдестігіне жету мақсатында білім беру жүйесін реформалау және т.б.

Өткен ғасырдың соңғы жылдарында экономиканы басқарудың рыноктық жүйесінің кеңейе түсуі жағдайында мемлекеттік реттеудің оңтүстіккореялық концепциясы тек қана тиімділігі бойынша емес, сонымен қатар өміршеңдігі бойынша да қатал сыннан өтті. Бір топ Оңтүстік Шығыс Азия елдерінде кенеттен болған қаржылық дағдарыс Корея Республикасының экстривертті (сыртқа бағдарланған) экономикасына тікелей әсер етті.

Экспорт (ұлттық экономика өсуінің негізгі қозғаушы күші) тиімділігінің төмендеуі проблемасына өз өнімдеріне сыртқы және ішкі рыноктарда төлем қабілеттері бар сұраныстың құлдырауы жағдайына төтеп бере алмаған бірқатар ірі монополиялардың күйреуі қосылды.

Өнімді артық өндіру мәселесі бірқатар заманауи өндірістерде (автомобиль жасау, кеме жасау, электрондық өнеркәсіп және т.б.) тауарлардың жатып қалуына, өте қажетті айналмалы құралдарға сұраныс төмендеп, оларды пайдалану қысқарды. Қаржылық жүйе едәуір дәрежеде мемлекеттің бақылауында болғандықтан рыноктық қатынастар ашық сұраныс және ұсыныс үдерісіне еркін кіріге алған жоқ. Өндіріс үшін қажетті қаражатты алудың қиындығы мен қымбаттылығы бүкіл экономиканы тығырыққа тірегендей болды.

Сондықтан жеке капиталдың үкімет алдына қойған рыноктық күштерді тиімдірек ынталандыру, елдің қаржы жүйесін тұрақтандыру, ірі қаржылық – өнеркәсіптік құрылымдарды күйреуден сақтандыру бойынша талаптары кездейсоқтық емес еді.

Корея Республикасының үкіметі бұл талаптарға түсіністік танытып, экономиканы мемлекеттік реттеуді жетілдіру мақсатында бірқатар шаралар жиынтығын қабылдады.

Олар:

✓ шетелдік компаниялар акцияларын иемдену деңгейін жоғарылату;

✓ құнды қағаздармен операцияларға салық салуды алып тастау немесе қойылымын төмендету;

✓ пайдадан түсетін табысқа салықты жою немесе төмендету;

✓ жаңа көмекші қорларды ашып, олардың қызметін жандандыру;

✓ бағалы қағаздардың ішкі рыногы қызметінің тиімділігін арттыру және т.б.

Белгілі болғанындай Корея ұлттық экономикасын мемлекеттік реттеу мемлекеттің экономикаға баса-көктеп кіруі емес, керісінше, белгілі бір максаттарды көздейтін макроэкономиканың ең маңызды салаларына бағыттала отырып, тәртіптілік пен бақылауды тиімді жүзеге асыру болып табылады.

Ізденіс сұрақтары:

1. Экономиканы реттеудегі рынок пен мемлекеттің ара салмағы.
2. Экономиканы мемлекеттік реттеудің американдық тәжірибесі.
3. Мемлекеттің экономикадағы рөлі туралы теориялар.
4. Швециялық әлеуметтік модель.
5. Қытай экономикасын дамытудағы мемлекеттің орны мен рөлі.
6. Экономиканы мемлекеттік реттеудегі Корея Республикасының іс-тәжірибесі.

Глоссарий

1 **Аралас экономика** – негізін рыноктық қатынастар, жеке кәсіпкерлік, сондай-ақ басқа да институттар (қаржы-өнеркәсіп топтары, трансұлттық компаниялар) құрайтын экономикалық жүйе. Бұл жүйеде шаруашылықтың маңызды үдерістері мен сфераларын мемлекет реттейді.

2 **Экономиканы мемлекеттік реттеу** – рыноктық қатынастарды тиімді қалыптастыруды қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік-экономикалық үдерістерге қажетті әдістер мен құралдарды қолдану негізінде мемлекеттің ел экономикасы болмысына қатысуы.

3 **Экономиканы мемлекеттік реттеу объектілері** – ұлттық экономиканың тиімді қызметі үшін мемлекеттің бүкіл реттеуші іс-әрекеті бағытталған сфералар, салалар, өнімдер, әлеуметтік-экономикалық үдерістер.

4 **Экономиканы мемлекеттік реттеу субъектілері** – мемлекеттің заң шығарушы, атқарушы және сот органдары.

5 **Экономиканы мемлекеттік реттеу формалары** – индикативтік жоспарлау, стратегиялық жоспарлау, бағдарламалар мен болжамдар жасау.

6 **Индикативтік жоспарлау** – ұлттық шаруашылықтың дамуына бағыт-бағдар беру және соған жұмылдыру, шаруашылық жүргізуші субъектілердің мүдделер мен іс-әрекетін үйлестіру.

7 **Стратегиялық жоспарлау** – кешенді сараптау негізінде ұлттық экономика дамуының басты басымдықтарын таңдау.

8 **Мемлекеттік тапсырыс** – рыноктық экономиканы реттеудің маңызды құралдарының бірі. Мұнда мемлекет өнімдерге, жұмыстарға және қызмет көрсетулерге тікелей тапсырыс беруші ретінде көрінеді.

9 **Бағдарлама** – экономиканы мемлекеттік реттеу формасы ретінде елдің әлеуметтік экономикалық мақсаттарына сәйкес даму бағыттарының перспективасы.

10 **Болжау** – елдің әлеуметтік экономикалық дамуының қайсыбір бағыттары туралы ғылыми негізделген түсініктер жүйесі.

11 **Экономиканы мемлекеттік реттеудің жалпы әдісі** – бұл реттеу методологиясы, яғни таным әдістері, жүйелілік әдісі, қоғамдық ұдайы өндіріс әдістері және т.б.

12. **Экономиканы мемлекеттік реттеудің жекеленген әдістері** – статистикалық, экономикалық-математикалық т.б. әдістер.

13. **Экономиканы мемлекеттік реттеудің арнайы әдістері** – баланстық, мақсатты-бағдарламалық, және нормативтік әдістер.

14. **Мемлекеттік реттеудің тікелей әдістері** – мақсаттарды анықтау, тапсырыстар беру, келісімшарттар жасау, құқықтық-әкімшілік шектеулер қою, тыйым салу, қадағалау әдістері.

15. **Мемлекеттік реттеудің жанама әдістері** – тауар-ақша тетіктері арқылы рыноктық шаруашылықтың «ойын ережелерін» жүзеге асыру (салық салу, бағаларды реттеу, жеңілдіктер, пайыздық қойылымдар және т.б.).

16. **Экономиканы басқару және реттеу** – басқару субъектісінің объекті іс-әрекетін субъектіге қажетті арнаға бағыттау болса, реттеу – басқару бағыт беретін экономикалық объектінің, қызметін түзету, дәлдеу, икемдеу және т.б.

17. **Экономикалық өсу** – жалпы ұлттық өнім (ЖҮӨ), жалпы ішкі өнім (ЖІӨ), ұлттық табыс т.б. сияқты макроэкономикалық көрсеткіштер динамикасы сипаттайтын ұлттық шаруашылық дамуындағы оңды қозғалысты көрсететін сандық сипаттағы категория.

18. **Экономикалық даму** – ел экономикасын негізінен сапалық тұрғыдан сипаттап, оны жан басына шаққандағы ұлттық табыс өндірісімен анықтайды.

19. **Экономикалық саясат** – мемлекет, ел үкіметі жүргізетін экономикалық іс-әрекеттердің басты желісі.

20. **Мемлекеттік экономикалық саясаттың әмбебап мақсаты** – бүкіл ұлттық шаруашылық көлемінде әлеуметтік-экономикалық тиімділіктің жоғары деңгейіне жетуді қамтамасыздандыру.

21. **Фискальдық экономикалық саясат** – мемлекетке қажетті ақша қаражаттарын жинақтау, бөлу және көзделген шараларға жұмсау іс-әрекеттері.

22. **Монетарлық экономикалық саясат** – мемлекеттің тікелей немесе ұлттық банк арқылы ел аумағындағы ақша массасы мен ақша айналымын реттеу.

23. **Экономиканың функционалдық құралымы** – ағымдағы қажеттіліктерді, қажетті дамуды ұстап тұру және жоғарылатуды, тауарлар мен қызмет көрсетулердің таза экспортын көрсетеді.

24. **Экономиканың салалық құралымы** – саланың жалпы ішкі өнімдегі, негізгі өндірістік қорларда, жұмыспен қамтылғандар санындағы үлесін анықтайды.

25. **Экономиканың технологиялық құрылымы** – өндірістің технологиялық базасын анықтайтын біртекті технологиялық жиынтықтар заттардың, энергияның, ақпараттың өңделу деңгейін анықтайды.

26. **Өңірлік құрылым** – өндіргіш күштерді орналастыру дәреже, деңгейін анықтайтын құрылым.

27. **Әлеуметтік-экономикалық құрылым** – меншік формасына тәуелді құрылым. Рыноктық экономика шарттары бойынша меншік формаларының көптүрлілігі мемлекеттік және жеке меншік арасалмағын түбегейлі өзгертті.

28. **Капиталды шоғырландыру, кооперациялау және орталықтандыру үрдісін көрсететін құрылым немесе көлемдік құрылым** – өндірістің жалпы көлеміндегі шағын, орта, ірі кәсіпорындардың, қаржылық-өнеркәсіптік топтардың үлесін сипаттайды.

29. **Материалдық өндіріс сферасын реттеу** – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын, сыртқыэкономикалық байланыстар мен әлемдік шаруашылықтағы өзгерістерді кезең-кезеңімен дәлдеу және нақтылау.

30. **Өндірісті диверсификациялау** – түпкі өнімге деген сұранысқа байланысты өнеркәсіптік өндірісті әртараптандыру.

31. **Мемлекеттің өнеркәсіптік саясаты** – тұрлаулы экономикалық өсудің инновациялық-инвестициялық мәселелерін шешу.

32. **Агроөнеркәсіпті мемлекеттік реттеу** – ауыл шаруашылығы өнімдерін, шикізатты және азық-түлікті өндіру, өңдеу және өткізу бойынша, сондай-ақ аграрлық секторды материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша мемлекеттің экономикалық әдістері.

33. **Антимонополиялық саясат** – монополистер қызметіне тыйым салу, оларды рыноктан ығыстыру, ірі компанияларды мәжбүрлеу негізінде ұсақтау арқылы монополиялық үрдістерді жан-жақты шектеуге бағытталған саясат.

34. **Табиғи монополиялар** – объективті себептер бойынша рыноктық бәсеке әрекеті аумағынан тыс экономикалық қызмет сферасы.

35. **Елдің бәсекеге қабілеттілігі** – осы елдің тауарлары өткізілетін ішкі және сыртқы рыноктардағы үлесін ұстап тұруы мен кеңейтуі мақсатында басқа елдермен тайталасып, күресу қабілеттілігінің мүмкіндіктері.

36. **Инвестициялар** – бұл болашақтағы қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған кез келген қаражат.

37. **Инвестициялық үдерістерді мемлекеттік реттеу** – орта және ұзақ мерзімді перспективада елдің экономикалық өсуін қамтамасыз ету.

38. **Өндіргіш күштерді орналастыру** – елдің өндіргіш күштерін, яғни адамдар мен материалдық игіліктер өндірісін аумақтар мен аймақтар арасында ұтымды еңбек бөлінісі талаптарына сәйкес орналастыру.

39. **Аймақтардың өндіргіш күштерін мемлекеттік реттеу** – Республиканың әрбір нақты субъектісінің аумақтық даму ерекшеліктерін ескеріп, олардың даму деңгейін теңестіру үшін қолданылатын шаралар жиынтығы.

40. **Әлеуметтік реттеу** – уақыт пен кеңістік, атқарушылар мен ресурстар бойынша үйлестірілген жалпымемлекеттік, салалық және аймақтық дәрежеде әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған шаралар жиынтығы.

41. **Жұмыспен қамту концепциясы** – өндіргіш, шығармашылық еңбекке азаматтардың қабілеті мен құқығын ерікті түрде пайдалануын мемлекеттік қолдау.

42. **Бюджеттік реттеу** – заңнамалық түрде бекітілген мемлекеттік кірістер мен шығыстардың көлемі мен құрылымын анықтау, жұмсалы бағыттарын көрсету, олардың белгілі бір деңгейдегі теңдестірілуіне қол жеткізу.

43. **Салықтық реттеу** – салық төлеушілер үшін салықтық жүктеменің оңтайлы мөлшерін іздестіріп, енгізу.

44. **Қаржылық реттеу** – басқару органдарының елдің, аймақтардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысына, сондай-ақ қаржылық үдерістерге, қаржылық қызметтерге, қаржы ресурстарына саналы әсері болып табылады.

45. **Мемлекеттік меншікті реттеу** – мемлекеттік меншікті муниципалдық, жергілікті меншікке беру, меншік объектілерін аукциондар, конкурстар арқылы рынокта сату, жекешелендіру және ұлттандыру, айырбастау мен бөлу іс-шаралары.

46. **Сыртқыэкономикалық қызметті реттеу** – басқа елдермен іскерлік ынтымақтастық және тиімді айырбас негізінде ел үшін пайдалы экономикалық жетістіктерге қол жеткізу болып табылады.

Әдебиеттер

- 1 *Авеков В.В.* и др. Аренда объектов государственной и муниципальной собственности. М.: Мамармен, 2001.
- 2 Антикризисное управление Учебник/Под ред. Э.М. Короткова. М.: Инфра-М, 2000.
- 3 *Бибатырова Г.А., Кекілов Б.Ж.* Ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеу: Оқу құралы. Алматы: Қазак университеті, 2007
- 4 *Бибатырова И.А.* Государственное регулирование национальной экономики: Учебное пособие Алматы, 2008.
- 5 Государственное регулирование рыночной экономики: Учебник/Под ред. В.И. Кушлина, Н.А. Волгина. М.: Экономика, 2001.
- 6 *Лексин В.Н., Швецов А.Н.* Государство и регионы. М.: УРРС, 1997.
- 7 *Норт Д.* Институты, постинституциональные изменения и функционирование экономики. М.: Фонд экологической книги «Начала», 1997.
- 8 *Мамыров Н., Ихданов Ж.* Государственное регулирование экономики в условиях Казахстана Алматы Экономика, 1998.
- 9 *Орешин В.П.* Государственное регулирование национальной экономики: Учебное пособие. М.: Юристъ, 1999.
- 10 *Орешин В.П., Потапов Л.В.* Управление региональной экономикой Учебное пособие М.: ТЭИС, 2003.
11. Стратегия индустриально-инновационного развития РК на 2003–2015 гг. Астана, 2003.
- 12 *Фатхутдинов Р.А.* Конкурентоспособность: экономика, стратегия, управление: Учебное пособие. М.: Инфра-А, 2000.
13. *Шамхалов Ф.* Государство и экономика: основы взаимодействия Учебник М.: Экономика, 2000.
14. *Шарп У., Александер Г., Бейли Дж.* Инвестиции. М.: Инфра-А, 1997.
15. *Эрхард Л.* Благополучие для всех. М.: Начала-Пресс, 1991

Тест тапсырмалары

№ 1 аралық бақылау I-вариант

- 1. Экономиканы мемлекеттік реттеу қажеттігі мынаған байланысты:**
 - А) рыноктың механизмі шеше алмайтын өзгермелі жағдайды тұрақтандыру;
 - В) ұлттық қаржылық капиталдың экономикалық мақсаттарымен;
 - С) ӘӨК мүддесімен;
 - Д) мемлекеттік бюрократиялық аппарат мүддесімен;
 - Е) барлық жауаптар дұрыс.
- 2. Көрсетілген мәселелердің қайсысы мемлекеттік реттеу нәтижесінде шешіледі?**
 - А) барлық жауаптар дұрыс;
 - В) экономикалық өсуді жеделдету;
 - С) мемлекеттік облигациялардың курсын анықтау;
 - Д) елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
 - Е) толық жұмыспен қамтуға жету
- 3. Кім үшін өндіру мәселесін шешуде мемлекеттің ролі маңызды, егер ол:**
 - А) экономиканың тиімді өсуін тұрақтандырса,
 - В) қоғамдағы тепе-теңдіктің нығаюына мүмкіндік туғызса;
 - С) өзінің экономикасын шектеуге көмектесе;
 - Д) ӘӨК-ні кеңейтуге көмек көрсетсе;
 - Е) өндірістік ресурстарды кеңірек қолдануға бағыттаса.
- 4. Мемлекеттік реттеудің өкімшілік әдістерін қолдану қандай міндетпен сәйкес келеді?**
 - А) рыноктық механизмді экономикалық құралдармен түзетуге болмайтын жерде түзетуге;
 - В) өндірістің жоғары өсу қарқынын қамтамасыз етуге;
 - С) ұлттық валютаны нығайтуға;
 - Д) мемлекеттік бағдарламаның орта мерзімді орындалуын күзеге асыруға;
 - Е) ел экономикасының салааралық және аймақтық құрылымындағы диспропорцияны жою.
- 5. Көрсетілгендердің қайсысы мемлекеттің экономикалық қызметіне жатпайды?**
 - А) сұраныс пен ұсыныс арақатынасына негізделген еркін баға белгілеу қызметі;

- В) бөсекені ынталандыру және қорғау қызметі,
 С) қоғамдық-экономикалық сферада құқық кеңістігін құрумен байланысты заңдық қызмет;
 D) экономиканың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
 E) барлық экономикалық субъектілердің ақпараттық қызметтерге теңдей қол жеткізуін қамтамасыз ететін ақпараттық қызметі.
- 6. Болжаудың қандай тәсілінде әрбір құбылыс өткен шақтағы түрлерімен байланыстырылады?**
- A) тарихи;
 B) кешенді;
 C) генетикалық;
 D) телеологиялық;
 E) дұрыс жауап жоқ.
- 7. Болжаудың қандай тәсілі объектінің алғашқы тарихын талдап, оның негізін қалаушы факторларын және даму ерекшеліктерін тіркейді және осының негізінде ол объектінің болашағы туралы қорытынды жасалады?**
- A) генетикалық;
 B) тарихи;
 C) кешенді;
 D) телеологиялық;
 E) дұрыс жауап жоқ.
- 8. Ұлттық табыс ЖҰО-ден келесі шамаға аз:**
- A) жанама салық пен амортизацияға;
 B) трансферттік төлемдерге;
 C) жанама салықтарға;
 D) амортизацияға;
 E) трансферттік төлемдер мен жанама салықтарға.
- 9. Стратегиялық жоспарлаудың қағидалары:**
- A) мемлекет мүддесімен басқа шаруашылық субъектілерінің мүдделерін ескеру және сәйкестендіру;
 B) мемлекеттік, салалық, аймақтық басымдықтарды ғылыми негіздеу;
 C) ұзақмерзімді, ортамерзімді, қысқамерзімді және ағымдағы жоспарлаудың үздіксіздігі;
 D) кешенділік;
 E) аталғандардың барлығы.
- 10. Қазіргі экономикалық теорияда экономиканың циклі дамуы:**
- A) үнемі қайталанатын объективті шындық;
 B) конъюнктураға әсер ететін кездейсоқ факторлардың нәтижесі;
 C) сұраныс пен ұсыныс тепе-теңдігі теориясына қайшы келетін құбылыс;
 D) эволюциялық экономиканың негізі;
 E) мемлекет іс-әрекетінің теңсіздігінің нәтижесі.
- 11. Егер мемлекет қоршаған ортаны қорғауға қойылатын талапты қатаңдатса, онда:**
- A) оның бірлігіне оңдіріс шығынының өсуі және жиынтық ұсынысының қысқаруы;

- В) өнім бірлігі өндіріс шығынының өсуі және жиынтық ұсыныстың ұлғаюы;
- С) өнім бірлігі шығынының өсуі және жиынтық сұраныстың қысқаруы;
- Д) өнім бірлігіне өндіріс шығынының өсуі және жиынтық сұраныстың өсуі;
- Е) өнім бірлігіне өндіріс шығынының азаюы және жиынтық сұраныстың қысқаруы.

12. Рыноктық экономиканың тұтыну сферасында мемлекет қандай мәселелермен айналысуы тиіс?

- А) қандай да бір топтың бағалауына тәуелсіз қоғамның мұқтаж тауарлары мен қызмет көрсетулерін анықтаумен;
- В) қоғамда ақшалай табысты бөлумен;
- С) рационалды пайдалану қабілетін анықтай отырып, табысы шектелген нақты тұтынушыға көмек көрсетумен;
- Д) жеке ресурстар өндірісінің көлемін және тұтыну деңгейін анықтаумен;
- Е) тұтынылатын тауарлардың баға деңгейін белгілеумен.

13. Әкімшілік экономиканың тұтыну сферасында мемлекет қандай мәселелермен айналысуы қажет?

- А) тұтынылатын тауарлардың баға деңгейін анықтаумен;
- В) игіліктердің пайдалылығын анықтаумен;
- С) рационалды пайдалану қабілетін анықтай отырып, табысы шектелген нақты тұтынушыға көмек көрсетумен;
- Д) қолда бар ресурстар өндірісінің көлемін анықтаумен;
- Е) қандай да бір топтардың мұқтаж тауарлары мен қызмет көрсету құрамын анықтаумен

14. Көрсетілген сипаттамалардың қайсысы рыноктық экономикаға жатпайды:

- А) орталықтандырылған жоспарлау;
- В) бәсекелестік;
- С) жеке меншік;
- Д) кәсіпкерлік қызметті таңдаудың еркіндігі;
- Е) тұтынушылар таңдауының еркіндігі.

15. Мемлекеттің орталықтандырылған басқару өдісіне негізделген экономикалық жүйе:

- А) әміршілдік экономика;
- В) рыноктық жүйе;
- С) дәстүрлі қоғам;
- Д) аралас экономика;
- Е) капитализм.

1. Экономиканы мемлекеттік реттеудің кейінгі және неоклассикалық теорияларының өзіндік ерекшеліктері

**Экономиканы мемлекеттік реттеу пәні бойынша № 1 аралық бақылау
2-вариант**

1. Аталған субъектінің қайсысы толық экономикалық ақпаратты иемденуші?
- А) экономикалық субъектілердің ешқайсысы;

- В) тұтынушы;
С) мемлекет;
D) өндіруші;
E) экономиканың барлық субъектілері.
2. Егер өндірілген ЖІӨ нақты көлемі тепе-теңдіктен аз болса, онда өндірушілер:
- A) өндіріс қорларды қысқартады және өнімді ұлғайтады;
B) өндіріс қорларын молайтады және өндірісті кеңейтеді;
C) өндіріс қорларын және өндірісті де қысқартады;
D) өндіріс қорларын ұлғайтады және өндірісті қысқартады;
E) өздерінің өндірістік бағытын өзгертпейді.
3. Егер мемлекет қоршаған ортаны қорғауға қойылатын таланты қатаңдатылса, онда:
- A) өнім бірлігіне өндіріс шығыны өседі және жиынтық ұсыныс қысқарады;
B) өнім бірлігі өндіріс шығыны өседі және жиынтық ұсыныс ұлғаяды;
C) өнім бірлігі шығыны өседі және жиынтық сұраныс қысқарады;
D) өнім бірлігіне өндіріс шығыны және жиынтық сұраныс өседі;
E) өнім бірлігіне өндіріс шығыны және жиынтық сұраныс қысқарады.
4. Нақты ЖІӨ қандай бағада есептеледі:
- A) базалық бағада,
B) экспорттық бағада;
C) дұрыс жауабы жоқ;
D) ағымдағы бағада;
E) әлемдік бағада.
5. Көрсетілгендердің қайсысы мемлекеттің экономикалық қызметіне жатпайды?
- A) сұраныс пен ұсыныс арақатынасына негізделген еркін баға белгілеу қызметі,
B) босекені ынталандыру және қорғау қызметі;
C) қоғамдық-экономикалық сферада құқық кеңістігін құрумен байланысты заңдық қызмет;
D) экономиканың қауіпсіздігін қамтамасыз ету,
E) барлық экономикалық субъектілердің ақпаратқа теңдей қол жеткізуін қамтамасыз ету.
6. Болжаудың қандай тәсілінде әрбір құбылысты қарастырғанда оның барлық өткен шақтағы түрлерімен байланыстырылады?
- A) тарихи;
B) кешенді;
C) генетикалық;
D) теологиялық;
E) дұрыс жауап жоқ.
7. Қазіргі экономикадағы мемлекеттік сектордың тиімділігі:
- A) жеке игіліктерді қоғамдық игіліктермен оптималды алмастыруға байланысты;
B) мемлекеттік сектордың мөлшеріне байланысты,
C) мемлекеттік кәсіпорындардың санына байланысты;

- D) ерікті ұйымдардың деңгейіне байланысты;
- E) мемлекеттік меншік үлесінің төмендеуіне байланысты.

8. Дж.М. Кеннің пайымдауы бойынша, елде тұтыну шығындарының көлемі ең алдымен неге байланысты?

- A) орналастырылған табыстың деңгейіне;
- B) тұтынушының тұратын жеріне,
- C) отбасы мүшелерінің жасына;
- D) экономикадағы ақша ұсынысы өсімінің қарқынына;
- E) ұлттық табыстың деңгейіне.

9. Рыноктың қабілетсіздігі:

- A) барлық жауаптар дұрыс;
- B) табысты әділетті және тең бөлуге қабілетсіздігі;
- C) экологиялық мәселелерді тиімді шешуге қабілетсіздігі;
- D) монополизм;
- E) шаруашылық субъектілерді қажетті ақпараттармен қамтамасыз етуге қабілетсіздігі

10. Экономикада мемлекеттің белсенді ролін жақтаушы:

- A) Джон Кеннет Гэлбрейт;
- B) Милтон Фридмен;
- C) Фридрих фон Хайек;
- D) Альфред Маршалл;
- E) Анна Шварц.

11. Экономикалық дамудың жанама реттеушісіне жатпайды:

- A) айыппұл;
- B) салықтар,
- C) келендік баж;
- D) баға;
- E) трансферттер.

12. Мемлекеттің қызметтері:

- A) аталғандардың бәрі дұрыс;
- B) құқықтық және әлеуметтік қорғау;
- C) бәсекелестікті қолдау, бизнесті реттеу;
- D) табыстарды қайта бөлу;
- E) қоғамдық игіліктерді өндіру, құқықтық және әлеуметтік қорғау.

13. Экономиканың цикльдік дамуы саяси факторлардың әрекетінен болатындығы туралы теория мынадан туындайды:

- A) барлық жауап дұрыс;
- B) антиинфляциялық шаралар үкімет деңгейінде қабылданады;
- C) жоғарғы мемлекеттік билік органдарынан сайлаудан кейінгі жыл көбінесе қатаң экономикалық шараларды жүзеге асырумен байланысты;
- D) сайлау жиілігі экономикалық циклдердің жиілігіне әсер етуі мүмкін;
- E) әлеуметтік салаға шығындардың көп жұмсалыуымен байланысты

14. Теріс сыртқы әсер болғанда:

- A) тауарлар аз көлемде өндіріледі және оған жоғары баға тағайындалады;
- B) тауарлар шамадан тыс көп көлемде өндіріледі және оған жоғары баға тағайындалады;
- C) тауарлар өндірісі тоқтайды;
- D) аз көлемде өндіріледі және оған өте төмен баға тағайындалады;
- E) шамадан тыс көп өндіріледі және өте төмен баға тағайындалады.

15. Өкімшілік экономиканың тікелей өндіріс сферасында мемлекет қандай мәселелермен айналысады?

- A) қоғамдық өндірісті орталықтан жоспарлау;
- B) шектелген ресурстар қағидасымен өндіріс көлемін анықтау;
- C) қоғамдық игілік өндірісінің көлемін анықтау;
- D) жеке игіліктер өндірісінің көлемін белгілеу;
- E) еркін кәсіпкерлік сферасын ұлғайту.

1. Экономиканы мемлекеттік реттеу нысандары, тетіктері, қолдану жағдайлары**Экономиканы мемлекеттік реттеу пәні бойынша № 1 аралық бақылау
3-вариант****1. Экономиканы мемлекеттік реттеу теориясының негізін қалаушы кім болып табылады?**

- A) Джон М. Кейнс;
- B) Милтон Фридмен;
- C) Фридрих фон Хайек;
- D) Альфред Маршалл;
- E) Пол Самуэльсон.

2. Мемлекеттік реттеудің объектісіне жатпайды:

- A) капитал және еңбек қозғалысы;
- B) қоғамдағы әлеуметтік қатынас;
- C) ақша айналысы;
- D) монополия;
- E) аймақтарды кешенді дамыту.

3. Кейнс былай деп есептейді:

- A) жұмыссыздықты төмендету үшін үкімет мемлекеттік салық пен сатып алуларды қолдануы тиіс;
- B) рыноқтық жүйеде қысқа мерзімде жұмысбастылықтың жоғары деңгейін дербес қамтамасыз ететін механизм бар;
- C) экономика орталықтандырылған жоспарлау негізінде дамуы қажет;
- D) экономиканы жоғары делиберализациялау қажет;
- E) Үкімет экономиканы тұрақтандыру үшін тек монетарлық саясаттың құралдарын қолдану қажет.

4. Кейнстің пікірінше мемлекеттік реттеудің объектісі:

- A) жиынтық сұраныс;
- B) салық қойылымы;

- C) ақша массасының көлемі;
 - D) пайыз қойылымы;
 - E) әлеуметтік сала.
5. Рыноктық экономикадағы мемлекеттің экономикалық қызметіне жатпайды:
- A) жалпы жұмысбастылықты қамтамасыз ету;
 - B) шаруашылық заң шығарушылықпен айналысу;
 - C) экономиканы үнемі демонополизациялау;
 - D) инфляцияға қарсы сауықтыру;
 - E) мемлекеттік қаржылар жүйесінің оптималды көлемін қолдау.
6. Мемлекеттік сектордың үлесі жоғары экономика саласы:
- A) ғарышты игеру;
 - B) бөлшек сауда;
 - C) қонақ үй шаруашылығы және қоғамдық тамақтандыру;
 - D) ауыл шаруашылығы;
 - E) киім және аяқ киім өндірісі.
7. Болжаудың қандай тәсілі объектінің алғашқы тарихын талдап, оның негізін қалаушы факторлары мен даму ерекшеліктерін тіркейді және осының негізінде ол объектінің болашағы туралы қорытынды шығарады:
- A) генетикалық;
 - B) тарихи;
 - C) кешенді;
 - D) телеологиялық;
 - E) дұрыс жауап жоқ.
8. Көрсетілген белгілердің қайсысы рыноктық экономикаға тән емес:
- A) бәсекелестік;
 - B) директивті жоспарлау;
 - C) жеке меншік;
 - D) еркін кәсіпкерлік;
 - E) еркін сауда.
9. Стратегиялық жоспарлаудың қағидалары:
- A) мемлекет мүддесімен басқа шаруашылық субъектілерінің мүдделерін ескеру және сәйкестендіру;
 - B) мемлекеттік, салалық, аймақтық басымдықтарды ғылыми негіздеу;
 - C) ұзақ, орта, қысқа мерзімді және ағымдағы жоспарлаудың үздіксіздігі;
 - D) кешенділік;
 - E) аталғандардың барлығы.
10. Рыноктық экономиканың нақты өндіріс сферасында мемлекет қандай мәселелермен айналысуы тиіс?
- A) қоғамдық игіліктер өндірісінің көлемін анықтаумен;
 - B) қолда бар ресурстар өндірісінің көлемін анықтаумен;
 - C) жеке игіліктердің өндіріс көлемін белгілеумен;
 - D) мемлекеттің өндіріс сферасын әкімшілік жолмен кеңейтумен;
 - E) қоғамдық өндірісті орталықтандырылған жоспарлаумен.

11. Қандай баға инфляцияны сипаттайды:
- A) сұраныстың ұсыныстан артық болуынан туындайтын баға;
 - B) өндірістің шикілік өсуінен туындайтын баға;
 - C) тауар құнының өсуінен туындайтын баға;
 - D) жекелеген тауарларға сұраныстың егіншіліктің төмен болуымен байланысты ұсыныстан жоғары болуынан туындайтын баға;
 - E) өндірушілердің монополиясы үстемдігінен туындайтын баға.
12. Экономикалық дамудың жанама реттеушісіне жатпайды:
- A) айыппұл;
 - B) салықтар;
 - C) кедендік баж;
 - D) баға;
 - E) трансферттер.
13. Номиналды ЖІӨ қандай бағада есептеледі:
- A) ағымдағы баға;
 - B) экспортты баға;
 - C) базалық баға;
 - D) дұрыс жауабы жоқ;
 - E) әлемдік баға.
14. Қандай экономикалық салаларда мемлекеттік сектор жиі болады:
- A) инфрақұрылымда;
 - B) бөлшек саудада;
 - C) ауыл шаруашылығында;
 - D) қоғамдық тамақтануда;
 - E) тұтынушылар игілігін өндіруде.
15. Индикативті жоспардың директивті жоспардан айырмашылығы:
- A) қарастырылатын негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер мөлшері әртүрлі;
 - B) сандық көрсеткіш пен тапсырмалардың жоқтығымен, сонымен қатар рыноктан тыс секторды қамтуымен;
 - C) жалпылама көрсеткіштердің сандары әртүрлі;
 - D) міндетті еместігімен,
 - E) ұзақ мерзімді даму стратегиясына бағытталуымен.

1. Жоспарлаудың мәні, түрлері, өдістері

Экономиканы мемлекеттік реттеу пәні бойынша № 1 аралық бақылау 4-вариант

1. Экономика мен мемлекеттің қарым-қатынасының қандай үлгісінде мемлекеттің шаруашылық өмірдегі минималды қатысуы туралы айтылады?
- A) неоклассикалық үлгі;
 - B) маркстік үлгі;
 - C) аралас экономикалық үлгі,

- D) өтпелі экономикалық үлгі;
E) кейінгі үлгі.
2. Экономика мен мемлекеттің қарым-қатынасының қандай үлгісінде мемлекеттің шаруашылық өмірді басқару үдерісіндегі басты ролі туралы айтылады?
- A) маркстік үлгі;
B) аралас экономикалық үлгі;
C) өтпелі экономикалық үлгі;
D) кейінгі үлгі;
E) классикалық үлгі.
3. Қазіргі неоклассикалық теорияға сөйкес нарықтық механизмнің тиімді дамуын қамтамасыз етеді:
- A) толық бәсекелестік экономика жағдайы,
B) тек қана мемлекеттің белсенді қолдауы;
C) экономикада үлкен кәсіпорындардың басым болуы;
D) экономикада кіші кәсіпорындардың басым болуы;
E) монополиялық сектор
4. Төменде көрсетілген теориялардың қайсысы экономиканың циклдік дамуын ақша ағымының өзгеруінің ерекшелігімен байланыстырады?
- A) монетарлық саясат;
B) маркстік,
C) неоклассикалық теория;
D) толық тұтынбау теория;
E) кейінгі теория.
5. Қазіргі экономикадағы мемлекеттік сектордың тиімділігі:
- A) жеке игіліктерді қоғамдық игіліктермен оптималды алмастыруға байланысты;
B) мемлекеттік сектордың мөлшеріне байланысты;
C) мемлекеттік кәсіпорындардың санына байланысты,
D) ерікті ұйымдардың деңгейіне байланысты;
E) мемлекеттік меншік үлесінің төмендеуіне байланысты.
6. Мемлекеттік реттеу әдісін таңдау кезінде қандай экономикалық заңдар ескеріледі?
- A) кемімелі қайтарымдылық заңы;
B) сұраныс және ұсыныс заңы;
C) кемімелі шекті өнімділік заңы;
D) экономикалық тепе-теңдік заңы;
E) аталғандардың барлығы дұрыс.
7. Индикативті жоспардың директивті жоспардан айырмашылығы:
- A) қарастырылатын негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер мөлшері әртүрлі,
B) сандық көрсеткіш пен тапсырмалардың жоқтығымен, сонымен қатар рыноктан тыс секторды қамтуымен;
C) жалпылама көрсеткіштердің сандары әртүрлі;
D) міндетті еместігімен;
E) ұзақ мерзімді даму стратегиясына бағытталуымен.

8. Рыноктық экономикада мемлекеттік бағдарламалар қандай қызмет атқарады?
- A) әлеуметтік-экономикалық дамудың стратегиялық бағыттарына ресурстарды шоғырландырады;
 - B) барлық экономикалық сектордың дамуын анықтайды,
 - C) жеке секторға бағытталады;
 - D) қоғамдық сектордағы кәсіпорындарға бағытталады;
 - E) қоғамдық ұйымдарға бағытталады.
9. Болжаудың қай тәсілі объектінің басқа үдерістермен және құбылыстармен байланысын қарастырады?
- A) тарихи;
 - B) кешенді;
 - C) генетикалық;
 - D) телеологиялық;
 - E) дұрыс жауап жоқ;
10. Болжау әдісіне жатпайды:
- A) эксперттік бағалау әдісі;
 - B) формалды логика әдісі;
 - C) экстраполяция әдісі;
 - D) Дельфи әдісі;
 - E) экономикалық-математикалық модельдеу.
11. Қазіргі экономикалық теорияда кейінтік бағыт нені негіздейді?
- A) рыноктық экономикада мемлекеттік реттеудің қажеттігі;
 - B) қоғамның дамуын тежеуші экономиканы мемлекеттік реттеуді жою;
 - C) барлық әлеуметтік мәселелерді еркін бәсекелестік арқылы шешу;
 - D) ақша сферасын мемлекеттік реттеудің қажеттігі;
 - E) қатаң орталықтандырылған жоспардың қажеттігі.
12. Жиынтық ұсыныс қисығындағы классикалық үзінді:
- A) тік сызық;
 - B) оң бағытталған;
 - C) теріс бағытталған;
 - D) көлденең сызық;
 - E) аталғанның барлығы.
13. Экономикалық жағдай жиынтық ұсыныс қисығының кейінтік үлгісіне сәйкес келгенде, жиынтық сұраныстың өсуі:
- A) нақты ЖҮӨ өсіреді, бірақ бағаға әсері жоқ;
 - B) бағаны өсіреді, бірақ нақты ЖҮӨ-ге әсері жоқ;
 - C) баға деңгейін де, нақты ЖҮӨ деңгейін де арттырады;
 - D) бағаны өсіреді, нақты ЖҮӨ-ні өсіреді;
 - E) аталғанның барлығы.
14. Мемлекеттің кемшілігі:
- A) ақпараттардың теңсіздігі;
 - B) бағаның икемсіздігі;
 - C) қоғамдық игіліктерді өндірудің қажеттігі;

- D) экстреналииді реттеудің қажеттігі;
- E) халықты әлеуметтік қорғаудың қажеттігі.

15. Шектеулі ресурстарды тиімді пайдалану жоспарлаудың қандай қағидасымен байланысты?

- A) басымдылық;
- B) ғылымилық;
- C) әлеуметтік бағыттылық;
- D) кешенділік;
- E) жалпылық.

№ 2 аралық бақылау I-вариант

1. Аймақтық әлеуметті экономикалық бағдарламаны жасау және жүзеге асырудың мақсаты:

- A) барлық жауап дұрыс;
- B) аймақтың дағдарыстан шығуы;
- C) аймақ экономикасының өрлеуін қамтамасыз ету;
- D) аймақ халқының сүру деңгейін жоғарылату;
- E) аймақтық экологиялық жағдайдың жақсаруы.

2. Салық саясаты мемлекеттік реттеудің қандай формасына жатады?

- A) қаржылық;
- B) заңды-құқықтық;
- C) несиелік;
- D) әкімшілік;
- E) әлеуметтік.

3. Экономикалық дамудың тікелей реттеушісіне жатпайды:

- A) келендік баж;
- B) заңдар;
- C) жарғылар;
- D) шектеулер;
- E) эмбарго.

4. Егер мемлекет салық түсімін өзгертпей (тұтынуға шекті бейімділік 0,75-ке тең, ал импортқа шекті бейімділік 0,25-ке тең) өзінің сатып алуларын 2 млрд. теңгеге көбейтетін болса, тепе-тең ЖІӨ қалай өзгереді?

- A) 4 млрд теңгеге көбейеді;
- B) 6 млрд теңгеге көбейеді;
- C) 4 млрд теңгеге азаяды;
- D) 2 млрд теңгеге көбейеді;
- E) 8 млрд теңгеге көбейеді.

5. Мемлекеттік шығындардың өсуі ЖІӨ-ні мынадай жағдайда арттырады, егер:

- A) мемлекет шығындары тауарлар мен қызметтерді сатып алуға бағытталса;
- B) мемлекеттік шығындар ақшаға ұсыныстың өсуіне алып келсе;
- C) мемлекеттік шығындар мемлекеттік емес секторды ірі көлемде ығыстыра алмайды;

- D) мемлекеттік шығындар мемлекеттік бағалы қағаздар шығару есебінен қаржыландырылады;
- E) мемлекеттік шығындар ақша ұсыныстарын қысқартуға алып келеді.
- 6. Мемлекеттік бюджет тапшылығы мынандай жағдайда орын алады:**
- A) мемлекет шығыстарының сомасы салықтық түсімдердің сомасынан асып түсуі;
- B) салықтық түсім сомасының азаюы;
- C) мемлекет активтерінің сомасы оның міндеттемелерінің көлемінен асып түседі;
- D) мемлекет шығыстары азаяды;
- E) мемлекет міндеттемелерінің оның активтерінен асып түсуі.
- 7. Мемлекеттік қарыздың нақты мәселелерінің бірі:**
- A) ұлттық өнімнің бір бөлігі елдің сыртына кетеді,
- B) табыстар теңсіздігі қысқарады,
- C) өндіріс тиімділігін арттыруға ынта жоғарылайды,
- D) мемлекет шығысы азаяды;
- E) мемлекет міндеттемесі оның активтерінен артық болады.
- 8. Амортизациялық саясат мемлекеттік реттеудің қандай формасына жатады?**
- A) қаржылық-несиелік;
- B) заңды-кұқықтық;
- C) әкімшілік;
- D) ұйымдық;
- E) әлеуметтік.
- 9. ДЖ. Кейнстің айтуынша, елдегі тұтынушылар шығындарының көлемі, ең алдымен, байланысты:**
- A) қолдағы табыстың деңгейіне;
- B) тұтынушының тұрған жеріне;
- C) елдің ұлттық ерекшеліктеріне;
- D) ақша ұсынысы қарқынының өсуіне;
- E) ұлттық табыс деңгейіне.
- 10. Егер Ұлттық банк ЖІӨ көлемін ұлғайтуға тырысатын болса төмендегі шаралардың қайсысын қолданбауы тиіс?**
- A) қолма-қол ақшасы бар адамдарға несиені тиімді ету үшін пайыздық ставканы жоғарылату;
- B) жалпы шығыстың деңгейін көтеру үшін инвестициялық шығысты арттыру;
- C) банктердің ақшалай емес активтерін арттыруды ынталандыру үшін банктік резервтерді көбейту;
- D) ағымдағы шоттағы қаражатты ұлғайту;
- E) несиені алуды жеңілдету.
- 11. «Ашық рыноктағы операция» термині нені білдіреді:**
- A) ҰБ құнды қағаздарды сатып алу және сату қызметі;
- B) ҰБ коммерциялық банктерге қарыз беру қызметі;

- C) коммерциялық банктердің фирмалар мен халықты несиелеу қызметі;
D) коммерциялық банктердің ағымдағы шотын арттыруға немесе азайтуға алып келетін ҰБ операциялары;
E) коммерциялық банктердің ағымдағы шотын арттыру немесе азайту арқылы пайыздық ставка деңгейіне әсер ету.
- 12. Жоғары экономикалық тиімділікке қандай жағдайда қол жеткізіледі?**
A) таза бәсекелестік;
B) таза монополия;
C) монополиялық бәсекелестік;
D) олигополия,
E) рыноктың барлық типі.
- 13. Марксизм еңбек ақыны қалай анықтайды?**
A) жұмыс күшінің бағасы;
B) еңбек құны;
C) жұмыс күшінің құны;
D) еңбек бағасы;
E) еңбек өнімінің шегі.
- 14. Кейіншіл экономикалық саясаттың басты мақсаты:**
A) жұмыспен қамтудың жоғары деңгейіне қол жеткізу мен өндірістің ең жоғарғы қарқынды өсуін қамтамасыз ету;
B) жұмыспен қамтудың жоғары деңгейіне жету,
C) баға тұрақтылығын қамтамасыз ету;
D) ақша бірлігінің тұрақтылығын қамтамасыз ету;
E) кәсіпкерлікпен еркін айналысуды қамтамасыз ету.
- 15. Көптеген экономистер қысқа мерзімдегі жұмыс бастылық деңгейі және онім көлемі келесі көрсеткіш арқылы анықталады деп есептейді:**
A) жиынтық шығынның деңгейімен;
B) баға деңгейімен,
C) жұмыс күшінің санымен;
D) капиталдың ұлттық қорымен;
E) өндірістік функциялардың маңызымен.
- 16. Жұмыссыздық әлеуметтік-экономикалық салдарына жатпайды:**
A) инфляция деңгейінің өсуі;
B) ЖҰӨ-нің толық өндірілмеуі;
C) жұмысшылардың біліктілігінен айырылуы;
D) тұлғаның күйзеліске ұшырауы;
E) жұмыссыздық шығындарының тенсіз бөлінуі
- 17. Кейіншіліктер бойынша жұмыссыздықтың негізгі себебі:**
A) сұраныстың жеткіліксіздігі;
B) жалақының шамадан тыс жоғары болуы;
C) жұмыс күші қорының қажеттілігі;
D) еңбек рыногының икемсіздігі;
E) саяси тұрақсыздық

18. Мемлекеттің қандай концепциясында трансферттік мемлекет қағидасын толықтай бейнелейді:

- A) әлеуметтік-рыноктық шаруашылық теориясы;
- B) қоғамдық әл-ауқат теориясы;
- C) мемлекеттің жалпыға бірдей әл-ауқат теориясы;
- D) Дж.М. Кейнс теориясы;
- E) монетаризм теориясы.

19. Мемлекеттің қандай концепциясында гармониялық төртінгі қамтамасыз ету керек.

- A) әлеуметтік-рыноктық шаруашылық теориясы,
- B) қоғамдық әл-ауқаттылық теориясы;
- C) мемлекеттің барлық қоғамдық әл-ауқаттылық теориясы;
- D) Дж.М.Кейнс теориясы;
- E) монетаризм теориясы.

20. Валюта бағамы дегеніміз:

- A) басқа елдің валюта бағасымен бейнеленген бір елдің валютасының бағасы;
- B) Ұлттық валютаның алтындық құрамы;
- C) әлемдік рыноктағы валютаға сұраныс;
- D) әлемдік рыноктағы валютаға ұсыныс;
- E) валютаны тауарлық қамтамасыз ету.

21. Тауарды экспорттаумен байланысты салынатын салық:

- A) кедендік баж;
- B) табыс салығы;
- C) мүлік салығы;
- D) мұрагерлік салық;
- E) бағалы қағаздар операциясынан алынатын табысқа салық.

№ 2 аралық бақылау 2-вариант

1. Төмендегілердің қайсысы аймақты кешенді дамытуды болжау қағидасына жатпайды?

- A) иерархиялық;
- B) жүйелілік;
- C) айқындылық;
- D) негізділік;
- E) үздіксіздік

2. Акционерлік қоғамды басқаратын жоғарғы орган:

- A) директорлар кеңесі;
- B) өкілдер жиналысы,
- C) акционерлердің жалпы жиналысы;
- D) артықшылығы бар акция иелерінің жиналысы;
- E) акционерлік қоғамның атқарушы органы

3. Жерге салынатын салықты жоғарылатудың тікелей салдары:

- A) жаңа объектілердің құрылысын қысқарту,

- В) ауылшаруашылығында жұмыспен қамтуды қысқарту;
- С) фермерлердің табысының азаюы;
- Д) ауылшаруашылық өнімінің бағасының жоғарылауы;
- Е) аталғандардың барлығы.

4. Мемлекеттік қарыз:

- А) бюджет тапшылығының;
- В) мемлекеттік шығындардың;
- С) қорғанысқа жұмсалатын шығындардың;
- Д) шетелдік қарыз алушыларға төлемдердің;
- Е) мемлекеттік қарыз бойынша төлемдердің сомасының нәтижесінде болады.

5. Қосымша құн салығы:

- А) тауарларға салық;
- В) прогрессивті табыс салығы;
- С) мүлікке салық;
- Д) корпорация табысына салық;
- Е) мұрагерлікке салынатын салыққа жатады

6. Цикл негізіндегі теңестірілген бюджет келесінің салдарынан пайда болады:

- А) экономикалық құлдырау кезеңіндегі салықтардың төмендеуі мен мемлекеттік шығыстардың өсуімен,
- В) экономикалық құлдырау кезеңіндегі мемлекеттік шығыстардың қысқаруы мен салықтардың өсуімен;
- С) инфляцияның өсуі кезінде мемлекеттік шығыстардың өсуі мен салықтардың төмендеуімен;
- Д) инфляцияның өсуі кезінде мемлекеттік шығыстардың өсуі мен салық қойылымының тұрақтылығынан,
- Е) экономикалық құлдырау кезінде мемлекеттік шығыстардың қысқаруы мен салықтардың төмендеуімен

7. Мемлекеттік бюджет тапшылығын қаржыландыру тәсілдері:

- А) ақша-несие эмиссиясы, салықтық түсімдерді арттыру және заемдар шығару;
- В) ақша-несие эмиссиясы, салықтық түсімдерді арттыру және заемдар бойынша төлем жасау;
- С) салықтық түсімдерді арттыру және заем бойынша төлем жасау;
- Д) дұрыс жауап жоқ;
- Е) ақша-несие эмиссиясы және заемдар шығару.

8. Инфляцияның шарықтауында қаржы-экономикалық тұрақтандырылуына қол жеткізу үшін қандай шаралар қолдану қажет?

- А) еңбекақы өсуін және халықтың басқа да ақшалай табыстарын тежеу,
- В) бағаға мемлекеттік бақылаудың күшін жою,
- С) жеке кәсіпкерлікке жол ашу;
- Д) сыртқы экономикалық қызметке мемлекеттік монополияны жою;
- Е) аталғандардың барлығы

9. Инфляцияның шарықтау шегінде өтпелі экономикадағы қаржы-экономикалық тұрақтандырылуына қол жеткізу үшін ең алдымен қандай шара қолдану қажет?

- A) мемлекеттік бюджет тапшылығын қысқарту;
- B) бағаға мемлекеттік бақылаудың күшін жою;
- C) еңбекақы өсуін және халықтың басқа да ақшалай табыстарын төлеу;
- D) сыртқы экономикалық қызметке мемлекеттік монополияны жою;
- E) жеке кәсіпкерлік қызмет еркіндігі.

10. Ақша-несие саясатын жүзеге асыратын негізгі институт:

- A) орталық банк;
- B) үкімет;
- C) қор биржасы;
- D) қаржы министрлігі;
- E) екінші деңгейлі банктер.

11. Әскерге шығыстар мен әлеуметтік бағдарламалардың өсуі нәтижесінде пайда болады:

- A) сұраныс инфляциясы;
- B) шығын инфляциясы;
- C) құрылымдық инфляция;
- D) басыңқы инфляция;
- E) аталғанның барлығы.

12. Төмендегі пайымдаулардың қайсысы монополияның теріс жағына жатпайды?

- A) масштаб әсері;
- B) әлеуметтік ауыртпалықтың күшеюі;
- C) рынок тепігінің өзгеруі;
- D) ресурстардың тиімсіз бөлінуі;
- E) табысты әділетсіз бөлу.

13. Осы пайымдаулардың қайсысы монополияның оң әсеріне жатады?

- A) әлеуметтік қиыншылықтардың күшеюі;
- B) масштаб әсері;
- C) салааралық бәсекелестіктің дамуы;
- D) ФТП дамуы;
- E) барлығы да жатады.

14. Дж. Кейнстік теорияны жақтаушылардың пікірі бойынша өндіріс пен жұмыс-бастылық деңгейі анықталады:

- A) жиынтық сұраныс деңгейімен;
- B) Ж.Б. Сэй заңы бойынша;
- C) экономикадағы толық жұмысбастылықты қамтамасыз ететін экономикалық тұрақтылықпен;
- D) сұранысты қалыптастыратын ұсыныспен;
- E) аалақы мен бағаның икемділігімен.

15. Төмендегі құбылыстардың қайсысы экономикалық құлдырау кезеңіне сәйкес емес:

- A) жұмыссыздық бойынша жәрдемақы көлемінің азаюы;

- В) ұзақ мерзімді қызмет ететін құрал-жабдықтарға инвестицияның төмендеуі;
- С) еңбекке сұраныстың төмендеуі;
- Д) салық түсімдердің қысқаруы;
- Е) корпорация пайдасының төмендеуі.
- 16. Жиынтық сұраныс жеткіліксіз болған жағдайда:**
- А) циклдық жұмыссыздықты өсіреді;
- В) фриktionдық жұмыссыздықты өсіреді;
- С) құрылымдық жұмыссыздықты өсіреді;
- Д) жасырын жұмыссыздықты өсіреді;
- Е) жұмыспен қамту деңгейін өзгертпейді.
- 17. Толық жұмысбастылық:**
- А) фриktionдық және құрылымдық жұмыссыздықтың болуы;
- В) 100% жұмыс күшінің жұмыспен қамтылуы;
- С) циклдық жұмыссыздықтың болуы;
- Д) фриktionдық жұмыссыздықтың болуы;
- Е) құрылымдық жұмыссыздықтың болуы.
- 18. Тұтынылатын тауарлар өндірісі өсуі үшін не маңызды болып табылады?**
- А) өткізу көлемін өсіруде салықтық ынталандыру;
- В) пайда салығының ставкасын азайту;
- С) халықтың өмір сүру деңгейін жоғарылату;
- Д) өндірістік инвестициялық пайдаға салынатын салықтан босату;
- Е) табыс салығының ставкасын төмендету.
- 19. Егер тепе-тең ЖІӨ көлемі оның әлеуметтік деңгейінен көп болса, онда:**
- А) баға деңгейі көтеріледі;
- В) жұмыссыздық деңгейі көтеріледі;
- С) сұраныс жиынтығы артады;
- Д) жиынтық ұсынымы артады;
- Е) бюджет тапшылығы пайда болады.
- 20. Егер елдің сауда балансы оң болса, онда :**
- А) ұлттық валюта бағамы артады;
- В) ұлттық валюта бағамы төмендейді;
- С) валюта бағамы өзгермейді;
- Д) инфляция қарқыны өседі;
- Е) жұмыссыздық азаяды.
- 21. Шетел инвестициясының кері салдары:**
- А) алдыңғы тәжірибені қолдану мүмкіндігі;
- В) жетілген технологияны қолдану;
- С) экономиканың бір жақты дамуы;
- Д) қолданылатын капиталдың артуы;
- Е) басқарудың соңғы әдісін қолдану.

№ 2 аралық бақылау
3-вариант

1. Аймаққа бөрудің қағидаларын көрсетіңіз:
 - A) ұдайы өндіріс үдерісінің бірлігі және жабықтығы;
 - B) географиялық қағида;
 - C) пассионарлық қағидасы;
 - D) өкімшілік қағидасы;
 - E) барлық жауаптар дұрыс.
2. Қазақстанда шағын бизнесті дамыту үшін қандай жағдай жасалуы тиіс?
 - A) жеңілдікпен несиелеу;
 - B) салық жеңілдіктерін беру;
 - C) арнайы бағдарламалар жасау және қолдау қорларын құру;
 - D) құқықтық қорғау;
 - E) жоғарыдағылардың барлығы.
3. Кәсіпкерлік фирманы экономикалық субъект ретінде сипаттайтын негізгі белгі:
 - A) меншік нысаны;
 - B) қызмет ету еркіндігі;
 - C) мүлктік жауапкершілігі;
 - D) фирманың көлемі;
 - E) жоғарыдағы белгілердің барлығы.
4. Мемлекеттік шығындардың өсуі мынаған апарарды:
 - A) ақталмаған эмиссияның есебінен инфляцияның күшеюі;
 - B) халықтың нақты табысының төмендеуі;
 - C) елдің өндірістік мүмкіндігінің қысқаруы;
 - D) мемлекеттің инвестициялық қызметінің ұлғаюы;
 - E) барлық жауап дұрыс.
5. Төмендегі көрсетілген салықтардың қайсысы соңғы тұтынушыға аударылады?
 - A) акциздер;
 - B) корпорацияның табыс салығы;
 - C) жеке табыс салығы;
 - D) әлеуметтік жарна;
 - E) мұраға салық.
6. Мемлекеттік бюджет тапшылығының түрлері:
 - A) құрылымдық және нақты;
 - B) цикльдық және құрылымдық;
 - C) нақты және цикльдық;
 - D) нақты және номиналды;
 - E) аталғанның барлығы
7. Лаффер қисығы:
 - A) бюджетке түсетін салық көлемінің салық қойылымына тәуелділігі;
 - B) салықтардың бөлінуі;
 - C) табыстардың бөлінуі;

- D) мемлекеттік бюджет тапшылығының деңгейі;
- E) инфляция деңгейі.

8. Рыноктық баға деңгейін өзгерту:

- A) фискальдық саясатты төмендетеді;
- B) фискальдық саясат нәтижесінде көрінбейді;
- C) фискальдық шара әсерін күшейтеді;
- D) фискальдық саясат жүргізуде іс жүзінде болмайды;
- E) мемлекеттік шығындар мен салықтардың мультипликациялық әсерін арттырады.

9. Болжанбаған инфляцияның тәуекелін сақтандыру құралы ретінде:

- A) ұзақ мерзімді кезеңде еңбек ақыны индексстеу пунктiсін еңбек келiсiм-шартына қосу;
- B) салым бойынша ставканы индексстеу;
- C) банктің пайыздық ставкасынан төмен ставка бойынша қарызды басқа бір тұлғаға ұсыну.
- D) банктен несие алу негiзiнде бизнес ашу;
- E) барлық жауап дұрыс.

10. Инфляция кезiнде:

- A) нақты ЖҮӨ-ге қарағанда номиналды ЖҮӨ жылдам өседi;
- B) номиналды ЖҮӨ мен нақты ЖҮӨ-нiң өсуi бiрдей;
- C) номиналды ЖҮӨ де, нақты ЖҮӨ де өспейдi;
- D) олардың өсуi бiр-бiрiне байланыссыз;
- E) олардың өсуi бiр-бiрiне байланысты.

11. Таза рыноктық бөсекеңiң элементтерi:

- A) стандартталған өнiм өткiзушi фирма санының көптiгi, рынокка еркiн кiруi;
- B) стандартталған өнiм өткiзушi үлкен фирмалар санының аздығы;
- C) дифференциалданған өнiм өткiзушi ұсақ фирмалардың салыстырмалы көптiгi, рынокка салыстырмалы еркiн кiруi;
- D) жалғыз сатушы рынокка кiру қиындатылған;
- E) барлық жауап дұрыс

12. Аталған рыноктардың қайсысы жетiлген бөсеке жағдайына анағұрлым сөйкес келедi?

- A) шаштараздарда көрсетiлетiн қызметтер;
- B) болат;
- C) автомобильдер;
- D) акциялар мен облигациялар;
- E) бензин.

13. Бөсекеден заңды шектеулер (патенттер, лицензиялар) арқылы қорғалатын фирма:

- A) жабық монополия;
- B) табиғи монополия;
- C) ашық монополия;

- D) бөсекелес фирма;
E) табиғи мемлекеттік монополия.
- 14. Елдегі жұмыссыздықты сипаттайтын көрсеткіштер:**
A) жұмыссыздық деңгейі мен оның орташа ұзақтығы.
B) жұмыссыздық деңгейі;
C) экономика құрылымының өзгерісі;
D) жұмыссыздықтың орташа ұзақтығы;
E) барлығының жиынтығы.
- 15. Жұмыссыздықтың оң жақтары:**
A) жұмысбастылардың еңбек ету тәртібін күшейтеді;
B) біліктілікті төмендетеді;
C) экономикалық әлеует толық пайдаланбайды;
D) әлеуметтік сақтандыру деңгейін төмендетеді;
E) халықтың, отбасының өмір сүру деңгейін төмендейді.
- 16. Қоғамдық игілік жеке игіліктен былайша ерекшеленеді:**
A) бөлінбейді және жеке пайдаланылмайды;
B) бөлінеді;
C) жеке пайдаланылады;
D) бөлінеді және қоғамдық түрде пайдаланылады;
E) бөлінбейді және жеке пайдаланылады.
- 17. Парето оптималдылығының барлық жағдайлары сақталады:**
A) жетілген бөсекеде;
B) реттелетін монополияда;
C) монополиялық бөсекеде;
D) олигополияда;
E) монополияда
- 18. Кедейшілік деңгейі мына негізде анықталады:**
A) күнкөрістің ең төменгі деңгейі;
B) нақты еңбекақы;
C) орташа еңбекақы;
D) ең төменгі еңбекақы;
E) аталғанның барлығы.
- 19. Халықтың өмір сүру деңгейін сипаттамайтын көрсеткіш:**
A) әскери техниканың өндірісі;
B) нақты жалақы динамикасы;
C) тұрғын үймен қамтылуы;
D) білім берудің жеткіліктілігі;
E) жан басына шаққанда иелгілі тамақ өнімдерін тұтыну.
- 20. Импортталатын тауарға кеден салығын алып тастау неге алып келеді:**
A) ішкі баға төмендейді;
B) осы тауарды тұтыну артады;
C) ел ішінде осы тауарды өндіру төмендейді;

- D) бюджетке зиян келеді;
- E) барлық жауап дұрыс.

21. Сыртқы экономикалық қызметті шектеудің тарифтік өлісіне не жатады?

- A) кедендік баж салығы;
- B) экспортты субсидиялау;
- C) экспорттық несиені сақтандыру;
- D) импорттық квота;
- E) валюталық курсты реттеу.

№ 2 аралық бақылау 4-вариант

1. Автоматты тұрақтандырушылар:

- A) ұлттық табыстың ауытқу тереңдігін төмендетеді;
- B) уақыт лағы мәселесін шиеленістіреді;
- C) толық жұмысбастылық кезінде бюджеттің теңдігіне әкелетін салықтық қойылымдарды орнатады;
- D) нақты мемлекеттік бюджеттің теңдігіне әкелетін салықтық қойылымдарды орнатады;
- E) аталғанның барлығы

2. Рынок жағдайында төмендегі салалардың қайсысында коммерциялық қызмет болуы мүмкін емес:

- A) жеке секторда;
- B) мемлекеттік кәсіпорында;
- C) акционерлік қоғамда;
- D) біріккен кәсіпорында;
- E) кәсіпкерліктің барлық типтерінде болуы мүмкін

3. Шағын бизнес қандай экономикалық мәселелерді шешеді?

- A) кәсіпкерлік қабілетті іске асырады;
- B) бәсекені қолдайды;
- C) жұмыс орындарын ашып, жұмыссыздық мәселесін жеңілдетеді;
- D) рынокты тауарлар және қызметтермен толтырады;
- E) жоғарыда аталған мәселелердің барлығы.

4. Ұсыныс теориясы бойынша бюджеттік экспансия саясатының сипаты келесідей:

- A) салықтың төмендеуінің маңыздылығы;
- B) салық өсуінің маңыздылығы;
- C) бюджет тапшылығы мен салықтың аз көлемде өсуі;
- D) бюджет артықшылығы мен салықтың аз көлемде өсуі;
- E) аталғанның барлығы.

5. Мемлекеттік шығындардың өсу кезіндегі (мысалы 100 млрд теңгеге) және осындай көлемде жеке салықтың төмендеуі жағдайында мультипликатор өсері арасындағы айырмашылық аз. Ол төмендегілердің салдарынан болады:

- A) жеке салықтың 10 млрд-қа төмендеуі, тұтынушылар шығынын осындай көлемде өсірмейді, ішінара өскен табыс жинақталады;

- B) өндірістік іс-әрекеттің табысын өсіре отырып, сонымен қоса тұтынушылар шығыстарын өсіреді;
 - C) салықтың 10 млрд-қа төмендеуі, мемлекеттік шығындардың осы көлемде өсуіне карағанда мемлекеттік әсері жоғары;
 - D) салықтардың төмендеуі, тұтынудың шығыстары мен кірістеріне өсер етеді және мемлекеттік шығыстардың өсуі оларға жанама өсер етеді;
 - E) аталғанның барлығы
6. Егер номиналды табыс 8%-ға, ал баға 10%-ға өссе, онда нақты табыс:
- A) 2%-ға өседі;
 - B) 18%-ға өседі;
 - C) 2%-ға төмендейді;
 - D) 18%-ға төмендейді;
 - E) өзгеріссіз қалады.
7. Жанама салықтың түрі:
- A) қосылған құнға салық;
 - B) бағалы қағаздармен жасалынатын операцияларға салық;
 - C) корпорацияның пайдасына салық;
 - D) заңды және жеке тұлғалардың табысына салық;
 - E) мүлік салығы.
8. Ақшаға ұсыныс артады, егер:
- A) ақша базасы артса;
 - B) міндетті резервтеу нормасы артса;
 - C) қолма-қол депозиттердің қатынасы өссе;
 - D) ақша мультипликаторы төмен болса;
 - E) ақша айналымының жылдамдығы артса.
9. Ақшаға ұсыныс артады, егер:
- A) ұлттық банк ашық рыноктардан мемлекеттік облигацияларды сатып алса;
 - B) ұлттық банк коммерциялық банктерге берілетін ссудасының есептік пайыз ставкасын жоғарылатса;
 - C) ұлттық банк міндеттелген қор жинау нормасын жоғарылатса;
 - D) ұлттық банк халыққа және коммерциялық банктерге облигация сатса;
 - E) ақша бірлігінің айналым жылдамдығы артса.
10. Тұтытуда бәсекенің болмауы қандай тауарға тән:
- A) қоғамдық тауар;
 - B) барлық тауарлар мен қызметтер;
 - C) жетіспейтін тауарлар;
 - D) өндірістік ресурстар;
 - E) қалыпты тауарлар.
11. Монополистік бәсекелестік түсінігі нені көрсетеді?
- A) бағасыз бәсекелестік;
 - B) стандартталған өнімдерді өткізетін фирмалар санының көптігі;
 - C) сараланған өнімнің өткізуші фирмалардың салыстырмалы санының көптігі;

- D) аталған рыноктағы бір ғана сатушы;
E) салаға еркін кіру.
12. Жалғыз өнімді жеткізуші болып табылатын, бірақ бөсекеден арнайы қорғалмайтын фирма қалай аталады?
- A) ашық монополия,
B) жабық монополия;
C) табиғи монополия;
D) бөсекелес фирма;
E) аталғанның барлығы.
13. Заңды монополия кезінде салаға енуі шектеудің мәні неде?
- A) мемлекеттік тыйым салумен байланысты;
B) саладағы еркіндік жағдайында бөсекелестердің іс-әрекеті тиімсіз,
C) капиталдың шоғырлануы өскен сайын бөсекелестер үшін өндірістің же-
келенген жағдайларына қол жеткізу мүмкін емес;
D) өнімнің дифференциясының болуы;
E) монополист-кәсіпорынның бір немесе бірнеше бағыттағы жетекші
жетістіктерімен байланысты.
14. Сұраныс пен ұсыныстың теңсіздігінен туындайтын жұмыссыздық:
- A) құрылымдық;
B) фриксиондық;
C) жасырын;
D) циклдық;
E) ерікті.
15. Дағдарыс пен күйзеліс кезіндегі өндірістің құлдырауы салдарынан болатын жұмыссыздық:
- A) циклдық;
B) құрылымдық;
C) фриксиондық;
D) институционалдық;
E) ерікті.
16. Экономика Парето оптималдық жағдайында болады, егер:
- A) ешкім басқа біреудің жағдайын нашарлатпай, өзінің жағдайын жақсарт-
п алмайды;
B) жаңа технологиялар пайдаланылады;
C) шектелген табыс шектелген шығындарға тең;
D) барлық қанағаттандырарлық табыстарды бөлуге жетсе;
E) қоғамдық игіліктің жеке игілікке трансформациялану нормасы бірге тең.
17. Өлеуметтік-экономикалық дамудың мақсатты бағыты болып табылады:
- A) халықтың әл-ауқатын көтеру;
B) басқарушы таптардың әл-ауқатын көтеру;
C) халықтың ақшалай табыстарының деңгейін көтеру;
D) монетарлық әдіс арқылы инфляциямен күрес;
E) еңбек өнімділігінің өсуі болып табылады.

18. Табыстарды қоллау жүйесіне жатады:
- A) барлық жауап дұрыс;
 - B) өлеуметтік сақтандыру бағдарламасы;
 - C) жұмыссыздық бойынша жәрдем ақы;
 - D) өлеуметтік қамтамасыз ету;
 - E) қайырымдылық бағдарламалар.
19. Экономикалық өсу теориясын жақтаушылардың көзқарастарына қайшы пікір:
- A) ЖҰӨ-нің нақты көлемінің өсуі мен қоршаған ортаны сауықтыру арасында тікелей байланыс бар;
 - B) экономикалық өсу өмір сүру деңгейін арттыруға әкеледі;
 - C) экономика тиімді дамыған кезде кедейшілікпен күресу оңай;
 - D) экономикалық өсу білім деңгейін арттырудың алғышарттарын қалыптастырады;
 - E) экономикалық өсу елдің қорғаныс қабілеттілігін нығайтады.
20. Доллар бағамының төмендеуі АҚШ-тың экспорт пен импорт көлемдеріне қалай әсер етеді?
- A) экспорт өседі, импорт төмендейді;
 - B) экспорт пен импорт өседі;
 - C) экспорт пен импорт төмендейді;
 - D) экспорт төмендейді, импорт өседі;
 - E) импорт та, экспорт та өзгермейді.
21. Интенсивті экономикалық өсудің маңызды факторы:
- A) ғылыми-техникалық прогресс;
 - B) жұмыс күшінің санының өсуі;
 - C) капиталдың өсуі;
 - D) табиғи ресурстардың өсуі;
 - E) қолданылатын факторлардың санының өсуі.

№ 2 аралық бақылау
5-вариант

1. Егер көсіпкерлікке салынатын салық көбейсе, онда:
- A) AS қысқарады, ал AD көлемі өзгермейді;
 - B) AD қысқарады, ал AS көлемі өзгермейді;
 - C) AD де, AS те қысқарады;
 - D) AD де, AS те өседі;
 - E) AD де, AS те өзгермейді.
2. Көсіпкерлік мақсатта капиталды шетелге шығару кезіндегі экспорттаушылардың өрекеті:
- A) өз елінде жұмысбастылықты өсірмейді;
 - B) кедендік кедергілерден өту мүмкіншіліктерін алмайды;
 - C) аса арзан жұмыс күшін пайдалану мүмкіншілігін алмайды;
 - D) сыйымды өткізу рыноктарын таба алмайды;
 - E) капиталды төмен пайдамен пайдаланады.

3. Келтірілген кәсіпорын үлгілерінің қайсысы экономиканың қоғамдық саласына жатады?
- A) мемлекеттік кәсіпорын;
 - B) кооператив;
 - C) жеке акционерлік кәсіпорын;
 - D) жеке меншік қожалық;
 - E) жауапкершілігі шектеулі серіктестік
4. Шығындар мен салық салу саласындағы үкімет саясаты қалай аталады?
- A) фискальды саясат;
 - B) ақшаның сандық теориясына негізделген саясат;
 - C) жұмыс циклімен;
 - D) табысты болу саясаты;
 - E) монетарлық саясат.
5. Баланстың бюджеттік мультипликатор концепциясына сай мемлекеттік сатып алулар мен салықтың бірден қысқаруы:
- A) алдын ала балансталған бюджеттің тапшылығы жағдайына жылжытуға әкеледі;
 - B) ұлттық табыс пен өндірістің деңгейін өзгертпейді,
 - C) жеке инвестициялардың ығысуына әсер етеді;
 - D) ұлттық табыс пен өндірістің тепе-теңдік деңгейін өсіреді;
 - E) ұлттық табыс пен өндірістің тепе-теңдік деңгейін төмендетеді.
6. Қазіргі экономикалық теорияда монетаристік бағыт нені негіздейді?
- A) ақша сферасын мемлекеттік реттеудің қажеттілігі;
 - B) рыноктық экономикада мемлекеттік реттеудің қажеттілігі;
 - C) қоғамның дамуын тежеуші экономиканы реттеуді жою;
 - D) рыноктың өзін-өзі реттеудің абсолюттендірілуі;
 - E) қатаң орталықтандырылған жоспардың қажеттілігі.
7. Ақша саясатының құралдарын көрсетіңіз:
- A) ашық рыноктағы операция, есеп ставкасы мен міндетті резервтер нормасын өзгерту;
 - B) есептік ставка саясаты және заттандыру;
 - C) заңда бекітілген міндетті резервтер нормасын өзгерту және заттандыру;
 - D) ашық рыноктағы операция;
 - E) міндетті резервтер нормасын өзгерту, тұтынушылық және ипотекалық несиені таңдаулы бақылау.
8. Олигополияның ерекше белгілері:
- A) рынокта басымдығы бар аздаған ірі фирмалар саны,
 - B) рыноктағы көптеген ұсақ фирмалардың саны;
 - C) бәсекелес-фирмалар арасында айқын көрінетін өзара тәуелділік;
 - D) салаға еркін кіру;
 - E) рынокта қызмет ету жағдайы туралы келісімге қол жеткізу мүмкіншілігі.
9. Табиғи монополиялардың мысалы болып:
- A) метрополитен,

- В) супермаркет;
 - С) ірі машина жасау зауыты;
 - Д) аймақтағы бір ғана мұнай өңдейтін зауыт;
 - Е) фармацевтік кәсіпорындарды біріктіру болып табылады.
- 10. Заңды монополияның мысалы бола алады:**
- А) ашылған жаңалықтарды патенттеу арқылы пайда болатын монополия;
 - В) халыққа коммуналды қызмет көрсету аясындағы монополия;
 - С) мұнай, мұнай өнімдері және газды тасымалдаумен байланысты монополия;
 - Д) тамақ өнеркәсібі аясындағы монополия;
 - Е) Microsoft компаниясы.
- 11. Қазіргі Қазақстан экономикасындағы көптеген рыноктар:**
- А) бәсекелік және монополистік элементтердің жиынтығынан тұрады;
 - В) жетілген бәсеке;
 - С) реттелмейтін монополия;
 - Д) реттелетін монополия;
 - Е) табиғи монополия
- 12. Жұмыссыздықтың қай түрі ерікті жұмыс іздеумен және күтумен байланысты**
- А) фриക്ഷиондық жұмыссыздық;
 - В) циклдық жұмыссыздық;
 - С) құрылымдық жұмыссыздық;
 - Д) мәжбүрлік жұмыссыздық;
 - Е) технологиялық жұмыссыздық.
- 13. Жұмыссыздықтың қай түрі өндірістің құлдырауымен байланысты?**
- А) циклдық;
 - В) құрылымдық;
 - С) фриക്ഷиондық;
 - Д) институционалдық;
 - Е) технологиялық.
- 14. Жедел инфляция жағдайында қандай әлеуметтік топтарды мемлекеттік қолдау қажет?**
- А) номиналдық табысы бекітілген тұлға;
 - В) номиналдық табысының өсуі баға өсуінен артта қалған тұлға;
 - С) шағын бизнес өкілдері;
 - Д) жинақты иемденетін тұлға;
 - Е) ресми емес бизнестің қатысушылары.
- 15. Әлеуметтік серіктестік пайда болу үшін қандай шарт анықтаушы болып есептеледі?**
- А) жалдамалы жұмысшылар мен жұмыс беруші арасындағы салыстырмалы тепе-теңдік күшінің болуы;
 - В) мемлекеттің әлеуметтік ролінің күшеюі;
 - С) кәсіподақтардың белсенді қызметі;
 - Д) азаматтық қоғамның институттарының құрылуы;
 - Е) барлық жауап дұрыс

16. Шетелдік инвестицияның жағымсыз салдары:
- A) экономиканың бір жақты дамуы;
 - B) алдыңғы қатарлы (үздік) тәжірибені тартуға мүмкіндік;
 - C) жетілген технологияны көбірек пайдалану;
 - D) пайдаланылатын капиталдың артуы.
 - E) басқарудың жаңа әдісін қолдану.
17. Ұлттық валюта курсының төмендеуі кім үшін тиімді болады?
- A) экспортерлер үшін;
 - B) импортерлер үшін,
 - C) тұтынушылар үшін;
 - D) тұрақты табыс алатын тұлғалар үшін;
 - E) өндірушілер үшін.
18. Экономикалық өсудің жаңа сапасы ұғымына қатысы жоқ:
- A) табиғи ресурстардың сарқылуы;
 - B) бос уақыттың өсуі;
 - C) әлеуметтік инфрақұрылымның дамуы;
 - D) адам капиталына инвестицияның өсуі;
 - E) еңбекке қабілетсіз адамдарды әлеуметтік қорғау.
19. Дамыған елдердегі экономикалық өсудің маңызды факторлары:
- A) технологиялық өзгерістер,
 - B) жұмыс уақытының өсуі;
 - C) қолданылатын капитал көлемінің өсуі;
 - D) жұмыс күшінің біліктілігінің өсуі;
 - E) өндіріске қосымша шикізат ресурстарын тарту.
20. Төменде көрсетілгендердің қайсысы Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігінің басым индикаторы болып табылады?
- A) ішкі тұтындағы импорт үлесі;
 - B) инвестицияның ЖІӨ-ге қатысты пайыздық көлемі;
 - C) күнкөрістің ең төменгі деңгейінен де төмен табысты халық үлесі;
 - D) жұмыссыздық деңгейі;
 - E) ЖІӨ ішкі қарыздың пайыздық көлемі.
21. Шетел капиталын тартудың қаржылық емес әдісіне не жатады?
- A) тікелей салық жеңілдіктерін белгілеу;
 - B) субсидия;
 - C) әдел амортизация;
 - D) қолайлы инвестициялық климатпен заңды түрде қамтамасыз ету;
 - E) құрал-жабдықтар импортын кеден төлемдерінен босату.

№ 2 аралық бақылау
6-вариант

1. Кәсіпкерлік формадағы экспортердің капиталды тарту кезінде:
- A) өз еліндегі жұмысбастылық өспейді;
 - B) кедендік кедергіні жою мүмкіндігін алмайды,

- C) арзан жұмыс күшін қолдана алмайды;
- D) кең көлемді өткізу рыногын таба алмайды;
- E) пайдасы аз капиталды қолдану.

2. Өндірісті интенсивтендіру:

- A) аса тиімді және қазіргі өндірістік факторларды пайдалану;
- B) өндіріс құралдарын арттыру;
- C) табиғи ресурстарды игеру;
- D) жаңа жұмысшыларды жалдау және толық жұмысбастылықты қамтамасыз ету;
- E) бұрынғы технологияны пайдалану.

3. Клейтон заңы:

- A) акция сатып алу арқылы қосылуды шектейді;
- B) кәсіпорынның барлық активтерін сатып алу арқылы қосылуды шектейді;
- C) барлық тауарлардың бағасын белгілеуге қарсы емес;
- D) субститут тауарлардың бағасын белгілеуге қарсы емес;
- E) жасанды субсидиялауға қарсы емес.

4. Төменде келтірілгендердің біреуінен басқасының бәрі “қор” категориясына жатады:

- A) мемлекеттік бюджет тапшылығы;
- B) тұтынушылардың жинақталған қоры;
- D) жұмыссыздар саны;
- C) табиғи ресурстар;
- E) экономикадағы капитал қоры.

5. Егер мемлекет мемлекеттік сатып алуларды өзгертпестен (тұтынуға шекті бейімділік 0,75-ке тең, ал импортқа шекті бейімділік 0-ге) салықты 2 млрд теңгеге төмендететін болса ІСС қалай өзгереді?

- A) 6 млрд теңгеге көбейеді;
- B) 4 млрд теңгеге азаяды;
- C) 2 млрд теңгеге көбейеді;
- D) 8 млрд теңгеге көбейеді;
- E) 4 млрд теңгеге көбейеді.

6. Егер ҰБ есептік ставканы жоғарылатса, ақша саясатының бөлігі болып табылатын бұл шара басқа да шаралар сияқты... бағытталады:

- A) коммерциялық банктердің резервтерінің жалпы көлемін азайтуға;
- B) халық жинағының көлемін көбейтуге ынталандыруға;
- C) ҰБ коммерциялық банктерге беретін қарыздарының көлемін көбейту үшін мүмкіндік беруге;
- D) коммерциялық банктер резервтерінің жалпы көлемін көбейтуге;
- E) басқа да мақсаттарға жетуге.

7. Ақша саясатының құралы ретінде қолданылатын есеп ставкасын төмендету шектеулі әсерге алып келеді, өйткені:

- A) ҰБ коммерциялық банктерге берілетін несиенің көлемін тікелей бақылай алмайды;

- B) ҰБ ақша массасын көбейте алғанымен, адамдарды ақшаны көп жұмсауға мәжбүрлей алмайды;
 - C) ҰБ есептік ставканы үлкен көлемде өзгертуге құқығы жоқ;
 - D) бұл коммерциялық банктердің резервтерін ұлғайту арқылы өтеледі, соның нәтижесінде есептік ставканы төмендету әсері жойылады;
 - E) бұл акция мен облигация курсының төмендеуіне алып келеді.
- 8. Егер мемлекет пайыз қойылымының жоғарғы шегін тепе-теңдік деңгейден төмен қойса, онда:**
- A) ақша сұранысы көлемі ақша ұсынысына қарағанда жоғары болады;
 - B) ақша сұранысы көлемі ақша ұсынысына қарағанда төмен болады;
 - C) ақша ұсынысы көлемі өсе бастайды, ал ақша сұранысының көлемі қысқарады;
 - D) ақша сұранысының көлемі өседі, ұсыныс қысқарады;
 - E) ақша сұранысының көлемі және ақша ұсыныс көлемі артады
- 9. Міндетті қорлардың нормасын Ұлттық банк жүргізеді:**
- A) ақша массасына шек қоюдың құралы ретінде;
 - B) салымдарды арудан сақтайтын құрал ретінде;
 - C) халықтың ақшаға қажеттілігін қанағаттандыру үшін,
 - D) қазір жүргізілмейді;
 - E) аталғандардың барлығы
- 10. Монополистің сипатына төмендегілердің қайсысы жатады?**
- A) өнімнің нақты түріне бір ғана сатушының болуы;
 - B) салада басымдыққа ие бір ғана фирма;
 - C) сараланған өнім шығарушы фирма;
 - D) жергілікті рыноктағы бірнеше ірі фирмалар;
 - E) стандартталған өнім өндіруші бірнеше фирмалар.
- 11. Шекті шығындар мен шекті табыстардың тепе-теңдігі:**
- A) рыноктың барлық типіне;
 - B) таза бәсекелестікке;
 - C) таза монополияға;
 - D) монополистік бәсекелестікке;
 - E) олигополияға тән.
- 12. Табиғи монополия кезінде салаға енуді шектеудің мәні неле?**
- A) саладағы еркіндік жағдайында бәсекелестердің іс-әрекеті тиімсіз;
 - B) капиталдың шоғырлануы өскен сайын бәсекелестер үшін өндірістің жекеденген жағдайларына қол жеткізу мүмкін емес;
 - C) өнім дифференциациясының болуы;
 - D) мемлекеттік тыйым салумен байланысты;
 - E) монополистік-кәсіпорынның бір немесе бірнеше бағыттағы жетекші жетістіктерімен байланысты.
- 13. Маркстік теорияда еңбек рыногында қандай тауар сатылады?**
- A) жұмыс күші;
 - B) еңбек;

- С) еңбек қызметтері;
D) жұмысшы;
E) жұмыс орны.
14. Жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың сапалық сәйкессіздігі мына жұмыссыздықтан көрінеді:
A) құрылымдық;
B) циклдық;
C) фриксиондық.
D) институционалдық;
E) ерікті.
15. Жұмысбастандар саны – 90 млн адам, жұмыссыздар саны – 10 млн адам, жұмыссыздық деңгейі қанша?
A) 10%;
B) 11,1%;
C) 0,9%;
D) 0,1%;
E) 1,172%.
16. Әл-ауқаттың Пигу бойынша анықтамасы:
A) мемлекеттің табысты бөлудегі теңсіздікті жоюы,
B) игілікті өндірудегі мемлекеттік талғамдарды абсолюттендіру;
C) Парето-оптималдылық принципімен;
D) адам капиталына инвестициялаумен;
E) жеке және қоғамдық игіліктерді тұтынудағы жеке талғамдармен.
17. Мемлекеттің қандай концепциясы шеңберінде жеке тұлғаның талғамдарын шектеуге құқығы бар?
A) қоғамдық әл-ауқат теориясы;
B) әлеуметтік-рыноктық шаруашылық теориясы;
C) мемлекеттің жалпыға бірдей әл-ауқат теориясы;
D) Дж.М. Кейнстің теориясы;
E) монстаризм теориясы
18. Берілген елдің шетелге төлейтін және белгілі бір уақыт аралығында шетелден түсетін түсімдер арасындағы қатынас қалай анықталады?
A) төлем балансы;
B) сауда балансы;
C) мемлекеттік бюджет;
D) бюджет кірістері;
E) бюджет шығыстары.
19. Егер елдер арасындағы айырмашылық жұмыс күшінің білім деңгейіне байланысты болса, онда:
A) бір жұмысшыға келетін табыс деңгейінің өсу жылдамдығы әртүрлі;
B) жалпы өндіріс көлемі әртүрлі,
C) капиталдың шекті өнімі әртүрлі;

- D) өндірістік факторлар деңгейі өртүрлі;
- E) халық саны өртүрлі

20. Интенсивті экономикалық осу жүзеге асырылады:

- A) жетілген өндіріс факторлары мен технологияны, яғни ФТП-ні пайдалану арқылы;
- B) қосымша өндіріс факторларын пайдалану арқылы,
- C) халықаралық сауданы дамыту арқылы;
- D) ұлттық валютаны еркін айырбасталатын валюта мәртебесіне жеткізу арқылы;
- E) циклдык экономикалық ауытқуларды жою.

21. Елдің өндірістік өлеуетін ұлғайту үшін:

- A) таза инвестициялар амортизация мөлшерінен артық болуы керек;
- B) ЖҮӨ ТҮӨ-ден амортизация мөлшеріне артық болуы керек;
- C) ҮТ үй шаруашылығы мен мемлекеттің тұтыну шығыстарынан артық болуы керек,
- D) ТҮӨ ҮТ-дан артық болуы керек;
- E) ҮТ үй шаруашылығының қолдағы табысынан артық болуы керек.

М А З М Ұ Н Ы

Кіріспе	3
I ТАРАУ. Мемлекет пен экономиканың өзара қатынастарының тарихи сипаты	
§1. Мемлекеттің экономикадағы ролі туралы теориялар	5
§2. Рыноктық жүйенің сипаты – аралас экономика	10
§3. Аралас экономикадағы мемлекеттің негізгі функциялары	16
§4. Мемлекеттік реттеудің объектілері мен субъектілері	21
II ТАРАУ. Экономиканы мемлекеттік реттеудің формалары мен әдістері	
§1. Мемлекеттік реттеу формалары	25
§2. Экономиканы мемлекеттік реттеу әдістері	30
§3. Мемлекеттік басқару және мемлекеттік реттеу	37
III ТАРАУ. Өсудің экономикалық факторлары және оны тұрақтандырушы мемлекеттік шаралар жүйесі	
§1. Экономикалық өсудің негізгі факторлары және құралдары	40
§2. Экономикалық өсу теориялары және модельдері	45
§3. Экономикалық өсудің интенсивті типіне өтуді мемлекеттік реттеу	50
IV ТАРАУ. Мемлекеттік экономикалық саясат	
§1. Экономикалық саясаттың мәні	55
§2. Мемлекеттік экономикалық саясаттың мақсаттары	58
§3. Фискальдық экономикалық саясат	61
§4. Монетарлық экономикалық саясат	64
V ТАРАУ. Индустриалды-инновациялық даму – мемлекеттік экономикалық саясаттың негізі	
§1. Экономиканың негізгі құрылымдары және оны қайта құру мәселелері	68
§2. Материалдық өндірісті дамытуды мемлекеттік реттеу	72
§3. Мемлекеттің өнеркәсіптік саясаты	79
VI ТАРАУ. Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу	
§1. Агроөнеркәсіптік кешеннің құрамы, мақсаттары мен міндеттері	86
§2. Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеудің бағыты, әдістері және нақты механизмдері	90
VII ТАРАУ. Мемлекеттік антимонополиялық реттеу	
§1. Бәсекелі және монополды рыноктар. Мемлекеттің монополизмге қарсы әрекеті	94
§2. Бәсекелік органы қалыптастыру және дамыту бойынша мемлекеттік шаралар	98

§3. Табиғи монополияны мемлекеттік реттеу	102
§4. Отандық тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін мемлекеттік қолдау	104
VIII ТАРАУ. Инвестициялар мен инновацияларды мемлекеттік реттеу	
§1. Инвестициялар мен инновациялық үдерістердің мәні, бастаулары және оларды тұтынушылар	108
§2. Инвестицияларды мемлекеттік реттеудің мақсаттары, міндеттері және проблемалары	113
§3. Инвестициялық үдерістер белсенділігін арттырудағы мемлекеттің рөлі	115
§4. Инновациялық-инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу	118
IX ТАРАУ. Аймақтар дамуын мемлекеттік реттеу	
§1. Өндіргіш күштерді дамыту және орналастыру заңдылықтары	122
§2. Аумақтық дамуды мемлекеттік реттеу	125
§3. Аумақтық дамуды мемлекеттік реттеуді жетілдіру шаралары	127
X ТАРАУ. Әлеуметтік үдерістер мен әлеуметтік сфераны мемлекеттік реттеу	
§1. Мемлекеттің әлеуметтік үдерістерге қатысуы	130
§2. Мемлекеттің халықты әлеуметтік қолдауы және қорғауы	133
§3. Әлеуметтік реттеудің формалары, әдістері, құралдары	136
§4. Еңбек және жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеу	139
XI ТАРАУ. Экономиканы бюджеттік реттеу	
§1. Мемлекеттік бюджеттің мәні, түсінігі, қызметі	144
§2. Мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстарын реттеу	147
§3. Бюджет тапшылығы және мемлекеттік қарызды реттеу	150
XII ТАРАУ. Салық салу және салықтық реттеу	
§1. Салықтар және мемлекеттің салық жүйесі	153
§2. Салық салу қағидалары және салықтық реттеу	156
§3. Мемлекеттік салықтық реттеу	158
XIII ТАРАУ. Экономиканы қаржылық реттеу	
§1. Қаржының мәні және оны мемлекеттік реттеу	162
§2. Қаржы ағындарын реттеу	166
§3. Қаржы-несиелік және банктік қызметті мемлекеттік реттеу	168
XIV ТАРАУ. Меншік объектілері мен қатынастарын мемлекеттік реттеу	
§1. Меншікті мемлекеттік реттеу түрлері және әдістері	172
§2. Мемлекеттік кәсіпорындарды жалға, концессияға беру және жекешелендіру мен жекешеден алу	175
§3. Мемлекеттік меншік объектілерінің қызметін реттеу	178

XV ТАРАУ. Сыртқыэкономикалық қызметті мемлекеттік реттеу

- §1. Сыртқыэкономикалық қызметті реттеудің мақсаттары мен міндеттері 181
- §2. Сыртқыэкономикалық қызметті мемлекеттік реттеу әдістері 183
- §3. Сыртқыэкономикалық қызметті мемлекеттік қолдау және ынталандыру 186

XVI ТАРАУ. Экономиканы мемлекеттік реттеудің шетелдік тәжірибесі

- §1. Мемлекеттің экономикадағы ролі: американдық тәжірибе 188
- §2. Швециялық әлеуметтік модель: басқару және дамыту 192
- §3. Қытай экономикасын реформалау мен дамытудағы мемлекеттік реттеудің ролі 194
- §4. Экономиканы мемлекеттік реттеудегі Корея Республикасының тәжірибесі 197

Глоссарий	202
Әдебиеттер	206
Тест тапсырмалары	207

*Экономикалық әдебиет***Байгісіев Майдан-Әли Кадырханұлы****ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ
МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ**

Бас директор *З. Тен*
 Редактор *Б. Кошым-Ногай*
 Дизайн *А. Бегалиева*
 Техникалық редактор *О. Пегова*
 Компьютерде беттеген *Р. Баязитова*
 Корректор *С. Ыбраева*

Басуға 27.09.10 қол қойылды. Қалпы 60x84 1/8^н.
 Қағазы офсетті. Қарп түрі «Таймс». Баспа табағы 15,0. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 4641.

«Раритет» баспа компаниясы
 050022, Алматы қ., Масаңчи к. 98
 Тел./факс 8(727) 260-67-08, 292-88-36

Тапсырыс берушінің файлдаырынан Қазақстан Республикасы
 «Полиграфкомбинат» ЖШС-де басылды
 050002, Алматы қ., Мақатаев к., 41